

БЕКТҮРСЫН  
МҰХАМЕДҚӘРІМ  
САЛКЕНҰЛЫ

# Ұлы жердің Ұлы адамдары



# Великие люди Великой Степи



**М.С. БЕКТҰРСЫН**

**ҰЛЫ ЖЕРДІҢ  
ҰЛЫ АДАМДАРЫ**

**Қарағанды 2010**

УДК 01:94(574)  
ББК 63.3(5Каз)+78  
Б 40

## РЕЦЕНЗЕНТЫ:

**Ысқақова К.Ы.** – ф.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ң Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры.

**Амалбекова М.Б.** – к.ф.н., доцент кафедры общего языкознания и теории перевода Евразийского национального университета им. Л.Гумилева.

**Б 40 Бектұрсын М.С. Ұлы жердің ұлы адамдары: Биографиялық жинақ – Қарағанды: Қазақстан – Ресей Университеті баспасы, 2010. – 250 б.**

**Бектұрсын М.С. Великие люди великой степи: Биографический сборник – Караганда, Издательско-Полиграфический Центр Казахстанско-Российского университета - 2010. - 250 с.**

ISBN 9965-455-33-3

Жинаққа тарихи қайраткерлер, жалпы қазақ халқы жайында мағлұмат беретін 400-ден астам портреттік сипаттама енді.

Көпшілік оқырмандар назарына ұсынылады.

Сборник содержит более 400 портретных характеристик, дающих представление как о том или ином историческом деятеле, так и в целом о казахском народе.

Адресован широкому кругу читателей.

УДК 01:94(574)  
ББК 63.3(5Каз)+78

Б 0503020905  
00(05)-10

ISBN 9965-455-33-3

© Бектұрсын М.С., 2010



*Қарындасы.п*

*АЖАР ОМАР ҚЫЗЫ ТҒЫЛ*

*жарқын бейнесін есте қалдыруға*

*арналады*

*Светлой*

*памяти моей племянницы*

*АЖАР ОМАР ҚЫЗЫ*

*посвящается*





«Біз бұл өлкеде бүгін, немесе кездейсоқтан пайда болып, осы күнімізге бүгін қол жеткізген жоқпыз, осынау жерді, алқантай қорғаған адамдар, жырлап, толғаған ақындар мен философтар болған. Бейбарыс, Абылай хан, Әбілқайыр, Әл-Фараби және басқа тұлғалардың есімдерін біз және бізден кейінгі ұрпақтар жадында ұстауы керек. Қазақтарды, олардың шығу тегін, олардың мықтылығын және мығым болып қалайтынын әлем білуі қажет»

*Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті*





### Жинақтаушы-автордан

«Қазақстанды адамзат тарихынан алып тастамақ түгілі, адамзат тарихын қазақ даласында болған оқиғаларсыз түсіну мүмкін емес». Танымал қазақ жазушысы І.Есенберлиннің айтқан осынау сөздері отандық тарихымыздың көптеген «ақ таңдақтарына» шындап ой жүгіртуге итермеледі. География ілімі тәрізді ол да түбегейлі зерттеуді қажет ететіні, құпияның ерте ме кеш пе жарыққа шығатыны бесенеден белгілі жайт.

Аңы болса да шындық сол, менің замандас қатарластарым кеңес заманында туып өсті. Біз, қазақтар және супердержаваны мекендеген өзге де ұлттар, шыққан тегімізді атауға, ана тілімізде сөйлеуге қысылып, сорақысы сол, өзімізді кеңес өкіметінің адамдары деп мақтанышпен атадық, туғаннан өле-өлгенше орыс тілін, орыс әдебиетін, орыс тарихын оқып, оны ұлы, әрі құдыретті тіл санап, ұлы орыс халқының ұлы тарихын майын тамызып тұрып әңгіме етіп тануға құштар болдық. Осының бәріне біз имандай сеніп, солай болатынына күмән келтірмедік. Сонымен қатар, қарабайыр орыстар қазақтарды «қалбит»-десе, қарабайыр қазақтар орыстарды «шабатшы»-деп атады, ал қалғандарын қысық көз, азиаттар, бабайлар, балашка, неміс-перец, жидтер, шөрке, бульбаш, ит жегіштер, қитұрқылар, қаралар және т.б. деп жіктей берді. «Халықтар достығының зертханасында» осылайша ұлттық ерекшелігі бойынша жиеркеніш оты тұтана бастады. Ал түпкі себебі Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы құлағаннан кейін белгілі болғандай, барлық жерде бірдей тарихты бұрмалау, халықтың абыройын түсірін, тексіз бұқараны басқаруға жеңіл болу үшін «үлкен аға» формуласын санаға күштеп сіңіруге талпыну еді. Орталыққа, КСРО халықтарының кеудемсоқтық мінез білдірмеуі үшін революцияға дейінгі даңқты тарихының болғаны қажет емес еді. Өйткені Одақтың құлдырауы анағұрлым ертеден басталатындығын коммунистік идеология таптаурындарын бұқара халықтың арасына енгізуде тамаша жетістіктерге қол жеткізе білген, сол заманның идеологтарының бірі Суслов\* тәрізділер әріден түсіне білді.

Ол заманда қазақ тарихын кеңінен, шындап зерттеуге тыйым салынды, тіл алмағандар ұлтшылдар болып аталып, сотталып, өзге де қуғын-сүргін амалдарына ұшырады (Е.Бекмақанов, М.Тынышбаев, С.Асфендияров).

Әдебиет, бейнелеу өнері, театр және т.б. шығармаларында қазақ халқының өткені мен кеңес заманындағы элеуметтік-саяси ахуалын ашып көрсетуге жол берілмеді. Ал оны көрсетуге ұмтылыс жасағандарға да ұлтшылдық таңбасы жағылып қуғындалды (А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Әуезов және басқалары).

Сонымен қатар, дарынды мемлекет қайраткерлерін (хандар, билер, батырлар және т.б.), қазақ ұлттық демократиясының өкілдерін, ұлт азаттық қозғалыстарының көшбасшыларын, қазақ халқының өзге де ұлттық батырларын бұқара көпшілік алдында жаппай реакционерлер мен ұлтшылдар ретінде көрсетуге итермеледі.

Қазақ елінің рухани және тұрмыстық мәдениетін оқып білу бертінге дейін арнайы зерттелмеді. Қазақтардың сазгерлік және ақындық дарыны, халық ауыз әдебиеті шығармашылығы, суырып салма ақындар жекелеген сәулет ескерткіштері туралы мардымсыз мәліметтер болды.

---

\*Сулов Михаил Андреевич (1902-82) – кеңестік мемлекеттік және саяси қайраткер. Саяси бюро мүшесі, КОКП ОК идеология жөніндегі хатшысы.



Ежелден қазақтың ата-бабалары бірнеше рет ұлы империялар құрған. Осыны халық жадынан шығару, ұлттық сана-сезімінен шеттету-Қазақстан және өзге де Кеңес Одағы халықтарына қатысты Мәскеудің ұстанған қиырқы саясатының басты мақсаты болды.

Ал бүгінгі жағдай қалай? Қазіргі заманғы Қазақстан ұлттық өрлеу үстінде.

Өткен тұжырымдаманы қайта қарау, ұмытылған немесе атауға тыйым салынған есімдерді қайта жаңғырту – бүгінгі мәдени өмірімізге тән құбылыс.

Соңғы жүз жылдықта әркім өз қалауына, материалдық мүмкіншілігі мен ниеті болып тұрса ойындағысын жазып, жарыққа шығара алады. Мазмұндалу деңгейі, орындалу сапасы әрқилы, кәсіби шеберлер, сондай-ақ жазуға құмартқан әуесқойлар жазған тарихи шығармалар легі көрініс бере бастады. Осының өзі халықтың өз тарихына қызығушылық танытуының жарқын, әрі шынайы көзқарасы болып табылады.

Мен үшін кәсіби тарихшы, не әдебиетші болмағандықтан, іргелі жаңалық ашу менің қолымнан келмейді. Әйтседе, өз тарапымнан жақын, таныстарыма, қазақтардың ұлт ретіндегі асқан ұлылығын жария етіп, үндеу тастап, оған бір сәтте қысылмайтынды айтудан жалықпаймын. Жерінің аумақтық көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орын алып, ешкімге ұқсамайтын мәдениеті мен даңқты тарихы бар ел, «ҰЛЫ ХАЛЫҚ» деген атақтан басқаға лайық емес екендігіне менің таласым бар. Қазақтар Еуразия құрылығын жаулап алушы жиһангерлердің ұрпақтары, өз бабаларының рухани байлығының мұрагерлері. Ресей империясының үш ғасырлық езгісінде қалып, кеңес кезеңінде генацид пен қуғын-сүргінге, өз елінде саны жағынан ашылыққа ұшырап, ана тілінен айрылудың аз-ақ алдында қалса да, қазақтар рухани тәуелсіздік құндылықтарына қол созуын жоғалтқан емес. Патриоттық пен елі үшін жанкештілік, біздерден кейінгілерді де таңқалдыратын ерлік үлгісін көрсеткен батырларға қазақтың кең даласы кенде болмағандығын мақтанышпен айта аламыз. Қазақ халқынан шыққан жария түрде отыздан астам есімі аталып жүрген батырлардың саны анағұрлым көп. Алайда, қазақтың бетке ұстар тұлғаларын идеология қамытына бастарын сидыру Ресейдің колониялық саясатын белсенді ұстанушы – Жәңгірхан тұсында көрініс берді. 2001 жылы Бөкей ордасының құрылуының 200 жылдығы тойланды, көптеген басылымдарда аталған хан, шындыққа жанаспайтын көрнекті реформатор, халық қамқоршысы ретінде көрсетілген.

Бүгінгі күні Қазақстан тәуелсіздігінің соңғы екі он жылдықта үкімет басында болған адамдардың қайраткерлігінің нәтижесінде орын алғандығына кейбіреулер сендіргілері келеді. Осынау тұлғалардың тізімі қатарынан артып кетіп жатса, кейде олардың саны біреуге дейін кеміп кетеді. Бұл жай ғана қателік емес, тарихи шындықты бұрмалау мен көзбояушылық. Мұндайды елестету үшін есуас болу керек шығар. Біздің бүгінгі жеткен жетістіктеріміз бен қателіктеріміз өткен ұрпақтың өмірі мен қайраткерлігінің жемісі, олардың ұзақ толғанып, қызу талқылауларының нәтижесі. Біздің тәуелсіздігіміздің тарихын Абайдың өлеңдері, алашордалықтардың, ұлтжанды жазушылардың, ақындардың, сазгерлердің, суретшілердің, режиссерлердің, тарихшылардың, сталин заманындағы философтардың, «Жас Тұлпар» интеллектуалдық клубы ішіндегі сөзжарыстарда, желтоқсандықтардың жалынды үндеулері мен қаламдарынан шыққан еңбектерінде жарқырай көріңді.

Осынау жинақты әзірлеу туралы ой, өткен ғасырдың 90-шы жылдары, Мәскеудің «Вече» басылымы «ұлы жүздік» кітаптар сериясын шығара бастағанда туындаған еді. Атақты адамдар, басқарушылар, жаулап алушы жиһангерлер, әскербасылар және т.б. туралы көбірек білуге мүмкіншілік туды. Бұл кітаптардың танымдық құндылығының зор екендігі даусыз, әрине. Алайда, келе келе осы сериялардан адам санасына сыйғысыз кітаптар шыға бастады – «100 ұлы махаббат



құмар ерлер», немесе «100 ұлы махаббат құмар әйелдер» және т.б. Сансыз басылымдардың мазмұнымен танысу барысында бірде бір қазақ туралы сөйлем оқи алмадым. «100 орыстың ұлы княздары», «100 ұлы еврей», «100 ұлы казак», «100 ұлы украин» кітаптарының жаңа серияларының басылымнан шыққанын көргеннен кейін, өзім үшін ұлы қазақтар жайында кітап шығаруды басты мақсат етіп алдым. Маған белгілі болғандай, Қазақстан тарихы жөніндегі көптеген кітаптардың авторы Қалибек Данияровта атақты қазақтардың тізімін жасақтауға бел бұған екен.

Жинақ шығаруды қолға алу жұмысы барысында жекелеген авторлармен баспагерлердің түсініксіз позицияларына тап болдым. Мысалы, кейбір жинақтарда әлемнің ұлы адамдары санатына көпшілікке мәлім тирандар мен адамзатқа зұлымдық жасаған қаныпезерлер Гитлер, Гиммлер, Геринг, Геббельс тәрізділер және басқалары енгізілген. «2000 ұлы адамдар, персоналдар кіші энциклопедиясында» (құрастырушылар: А.К.Золотко, С.А. Кондратюк) 100 крепостной шаруаны азаптаған және өзі өлім жазасына кесілген, Мәскеу губерниясының Подольск уезінің әйгілі Салтычиха-помещицасының есімі жазылған. Менің наразылығымды тугызған, басылымда американдық боксер Майк Тайсонның, амеркиандық актриса Шэрон Стоун, американдық попдива Мадонна, бразилиялық футболшы Гарринча, канадалық хоккейші Бобби Орт және т.б. ұлы болып танылғандығы.

Ресейдің 2001 жылғы биографиялық сөздігінде, әр елдің және әлем халықтарының 7 мыңдай тарихи қайраткерлері арасында 14 қазақтың ғана есімі жазылған екен. Осыған ұқсас 2007 жылғы басылымда қазақ халқының даңқты ұлдарының бірі Талғат Бигелдинов ресейдің әскери қолбасшысы ретінде көрсетілген. Қазақтың алғашқы ғалымы Шоқан Уәлиханов ресей ағартушысы, саяхатшысы, этнограф, фальклорист, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы және мәдениеті жөніндегі маман болып аталған. Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров кеңес ғарышкері деп көрсетілген. Ресейлік жазушы Н.Кузьмин қазақ халқының ұлы перзенттерінің бірі Бауыржан Момышұлын қаһарман орыс офицері деп атаған. Шынында да таңқаларлық жағдай емес пе, құрметті оқырман?!

Ағылшынның ертеден келе жатқан және әлемге әйгілі «Британика» энциклопедиясында: Назарбаев, Алматы, қазақ, Қазақстан, Арал теңізі, жалпы Қазақстан жайында баяндаған мақалалары бар. Оған белгісіз себептермен Абай, Құрманғазы, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Қ.И.Сәтбаев сынды атақты тарихи тұлғалар енбей қалған. «Британика» және осы тәрізді батыстық энциклопедиялық басылымдарының әлі күнге дейін европоцентристік принцип ұстанатынына, яғни өзгелердің тарихы мен мәдениетіне менсінбеушілікпен қарау ұстанымына зор өкініш білдіргеннен басқа қайран жоқ.

1991 жылы АҚШ-та баспадан жарық көрген және аса құрметті ғалымдар, әлемнің саяси және мемлекеттік қайраткерлері туралы мәліметтер жазылған «Кімнің кім екенін білу» атты кітабында, тек 5 ғана қазақстандықтың есімі келтірілген.

1890 жылдан бастап жарыққа шыға бастаған «Әйгілі адамдар өмірінен» атты атақты ресей сериясында атақты қазақтар: Абай, С.Сейфуллин, Қ.Сәтбаев, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Н.Төреқұлов, және Хан Кене жайында барлығы 7 биографиялық кітап шығарылған. Менің ойымша бұл өте аз.

Оқырмандарымның назарын фашистік Германияға қарсы Кеңестер Одағы жүргізген Ұлы Отан соғысында Жеңіске жету үшін жанын қиған отандастарымның есімдеріне аударғым келеді. Сан түрлі, белгісіз субъективті себептерге байланысты олардың есімдері көпшілік назарынан тыс қала берген. Айтар болсақ, жаужүрек батыр Александр Матросов жайында елдің бәрі біледі, бірақ, сол есімі аталған адамның ерлігін одан бұрын минометші Боран Нысанбаев жасағанын және жеті қазақ сарбазының қайталағанын ешкім білмейді. Бұрынғы одақ төңірегінде Кеңес



Одагының батыры Николай Гастеллоны, оның жасаған ерлігін білмейтін адам кемде кем шығар, алайда, дәл солай, жанған ұшағын отты жебедей жау техникасына бағыттаған қазақ ұшқыштары Нұркен Әбдіров, Бақтыораз Бейсекбаев жайында өзге жұрттың білетіндігіне күмәнім бар. Одан әрі, Жеңіс туын рейхстагқа бірінші болып тіккен болып Михайл Егоров пен Мелитон Кантария саналады. Ал шындығында, есімдері осы уақытқа дейін ұмыт болған қазақ Рақымжан Қошқарбаев пен Геннадий Болатовтар Жеңіс жалауын алғашқы болып жау бекінісіне бекіткенінен көпшілік бейхабар. Жыл сайын Волгоград қаласында, Мамай қорғанында жаудың 225 жауынгерінің көзін жойған, аты аңызға айналған мерген Василий Зайцевтің есімі зор құрметпен аталады. Алайда, қанішер жауды бұдан да көп жойған қазақ мергендері Ибраһим Сүлейменов пен Төлеуғали Әбдібековтердің есімдері атаусыз қалуда. Міне, тізе берсе мұндай келеңсіз жайттар аз емес. Тарихты қайтадан жазу туралы ой ағаттық болар әрине, бірақ атаусыз қалғандар тұңғышына еш себепсіз батырылған батыр ағаларымыздың есімін жаңғырту, болашақ үшін жасаған олардың ерлігі алдындағы біздің қасиетті борышымыз.

Осы жинақты құрастыру барысында қазақ халқының барша әйгілі өкілдері туралы мәліметтердің басын тоғыстыруды негізгі мақсат етіп алмаған едім. Ол мүмкін де емес еді, өйткені олардың саны әлде қайда өте көп. Сондықтан жинаққа есімдері әйгілі тұлғалар ғана іріктеліп алынды.

Қазақстанда кеңес өкіметін орнатуға қатысқан кейбір белсенді күрескерлердің қазақ тарихындағы алар орны жайында осы күнге дейін дау туындап отырғандығын ескеріп, Әліби Жангелдин, Тоқаш Бокин, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Ходжанов, Сейітқали Мендешев, Ораз Жандосов, Жалау Мыңбаев және т.б. есімдерін жинаққа енгізбеді жән көрдім. Олардың ұрпақтары маған кешіріммен қарайды деп ойлаймын.

Қолдарыңызға тиген кітап 400-ден астам биографиялық анықтаманы қамтиды. Мұрағат құжаттарына, анықтамалы-энциклопедиялық әдебиетке негізделген мәліметтер қазақ халқының аса көрнекті өкілдері және олардың даңқты бабалары туралы жеткілікті мағлұмат береді. Қазақ халқына зұлымдық жасаған адамдар туралы жеке тарау әңгімелейді. Сонымен бірге, кітапта қазақ жері мен мәдениеті құндылықтарын зерттеушілер мен насихат жүргізуші атақты тұлғалар туралы мәліметтер келтірілген. Хронологиялық ретпен құрастырылған «Қазақтардың ұлы бабалары», «Даңққа бөленген қазақ хандары», «Қазақтардың еркіндік пен тәуелсіздік үшін күресі» тарауларынан басқа бөлігінде мақалалардың атаулары алфавиттік ретпен баяндалған. Әдетте олардың бас жағында фамилиялар жазылған (Әбдіров Нұркен, Аймауытов Жүсіпбек), алайда, қалыптасқан дәстүр бойынша кейбір тұлғалар үшін тарауда (Мәди Бәпиұлы, Дәулеткерей Шығайұлы) есімдері берілген. «Олар алдыңғы сапта» тарауы алфавиттік ретсіз баяндалған.

Сөз арасында тағы бір айтқым келгені, христиан дінінде иіркеу, патша немесе Отан үшін құрбан болған, қандай да бір азап көргенді әулиелер қатарына жатқызатын жақсы дәстүр бар. Егер де осындай салт мұсылмандарда да болған жағдайда, осы кітапта есімдері аталған адамдардың көпшілігінің әулиелер қатарынан орын алатындығы сөзсіз еді. Сондай-ақ, құдыреттілігі Әмір Темірден, Иван Грозныйдан, бірінші Петрден кем емес, есімдері аңызға айналған бабаларымызға ескерткіш орнату жөніндегі академик М.Зимановтың бастамасы құптауға тұрарлық. Қазақ ұлтының тарихына барша даңқты бабаларымыз, бізге дейін солардың соңынан ерген ұрпақтар, бүгінгі ұрпақ біз бәріміз, сонымен бірге, осы жерде алдағы жүз жылдықтарда қазақ тілінде сөйлеп, тіршілік ететін болашақ ұрпақ тегіс енеді. Осынау жүз жылдықтардың көп болатынына зор сенім артамын.

Құрметпен,  
М.Бектұрсын.

## ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҰЛЫ БАБАЛАРЫ

### **Заратуштра (Зороастра)**

Адамзат тарихындағы алғашқы пайғамбар, ақын. Шамамен 3500 жыл бұрын Ұлы Тұран жерінде, Волга жағалауынан шығысқа қарай орналасқан (бүгінгі Қазақстан аумағында), арий тайпасының спитама руынан шыққан көшпенді-бақташы отбасында дүниеге келген. Ол Буддаға дейінгі 10 ғасыр, Христиан дініне дейін 15 ғасыр, Мұхаммедке (с.ғ.с.) дейін 20 ғасыр бұрын бір Құдайға бас ию және Құдайдың алдында барша адамзаттың теңдігі туралы айтып, аталған діндердің пайда болуына идеологиялық негіз қалап кеткен. Заратуштраның діни уағыздары, елен жолдарымен жазылған құлшылықтары бірнеше ғасыр өткеннен кейін Иранда ежелгі парсы тілінде «Авеста» кітабы болып жарыққа шығарылды.

### **Алаша хан**

Бүгінгі қазақтардың генеалогиялық ұстанымы бойынша – арғы бабамыз, қазақ халқы, қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаушы. Көптеген аңыз әңгімелердің тууына арқау болған тұлға. Зерттеушілердің еңбектерінде Алаша хан Ной-Яфет пайғамбардың алтыншы буынындағы ұрпағы, біздің заманымызға дейінгі III-II мың ғасырларда өмір сүрген. Туып, өскен отбасынан кетіп, хан болып таққа отырғанға дейін жер жаһанды аралаған. Ол таққа отырғанға дейін қазақ біртұтас халық не мемлекет болмаған. «Алаш» сөзі «қазақ» сөзінің синониміне айналды. Алаша ханның кесенесі Сарыарқа жүрегі Ұлытау тауларында орналасқан.

### **Алпамыс батыр (б.з.д.110-50)**

Әскери қолбасшы. Сыртқы жаулармен соғыстарда көзге түскен. Б.з.д. 97 жылы сарбаздарымен қантөгіс ұрыста қытай жасақтарын қиратты. Ол туралы аңыздар біздің дәуірімізге дейін жетті.

### **Уыз хан (Оғыз хан)**

Қазақтан шыққан алғашқы ел билеушілердің бірі. Б.з.д. 1 мың, біздің дәуіріміздің 1 мың жылдығында өмір сүрген. Уыз хан Ной пайғамбардың оныншы буынындағы ұрпағы. Ол көптеген елді тізе бүктіріп, көшпенділер арасында жаңа дін – тәңіріге табынушылықты таратты, дәстүр, салт-жоралғылар қалыптастырып, бірінші киіз үй тікті, 9 санын қасиетті сан деп танытты. Уыз ханның, оның бабаларымен ұрпақтарының мекен еткен жері – Сарыарқаның кең жазығы.

### **Тарғытай**

Сақтардың бірінші патшасы. Шамамен б.з.д.1500 жыл бұрын өмір сүрген. Тарғытай арий тайпаларының басын біріктірген дарынды тұлға. Ғалымдар Тарбағатай тауларын оның есімімен байланыстырады. Тарғытайдың – сақтардың бастары біріккен үш тайпасына билік жүргізген Липоксай, Арпоксай, Колаксай есімді үш ұлы болған.

### **Ишпақай**

Сақтардың көсемі. Біздің дәуірімізге дейін шамамен 600 жыл бұрын өмір сүрген. Тәуелсіздік үшін алып ассирия державасымен соғысып, тайпаластарының еркіндігі үшін ұрыста қаза тапты.

### **Алып Ер Тона (Ер Тонға, Афросиаб)**

Әйгілі тарихи тұлға, Тұранды билеуші. Б.з.д. шамамен IV-VI ғасырларда ғұмыр кешкен. Сақтардың көшбасшысы. Бұқара қаласының қамалдары жанында жерленген.



## **Атей**

Сақ патшасы, қолбасшы. Б.з.д. IV ғасырда өмір сүрген. Азов теңізінен бастап Дунай өзеніне дейінгі кең алқапты мекендеген тарау-тарау сақ тайпаларының басын біріктіріп, әлемдік цивилизацияға ықпалдық жасаған күшті сақ мемлекетін құрды. Б.з.д. 339 жылы патша Филипп II басқарған грек-македония әскерімен ұрыс кезінде қаза тапты.

## **Тұмар (Томирис)**

Массагеттердің әйгілі әйел патшасы. Б.з.д. шамамен 570-520 жылдары өмір сүрген. Оның есімі грек тіліне қарағанда түрік тілінде Том-Ырыс болып өзгеше аталады. «Том», «үлкен»-деген мағына берсе, «Ырыс», «байлық»- деген мағынаны береді. Патша бейбіт уақытта халқына берекелі, көркем тұрмыс орнатып, соғыс уақытында қорған бола біліп, ерлігімен даңққа бөленді. Қанды ұрыстарда парсы патшалары Дарии мен Кирге қарсы соғыстарда жеңіске жетуге қол жеткізді. Бүгінгі күндері қазақтар қыздарын даңқты «Томирис» есімімен атауға құмар.

## **Шырақ**

Сақтан шыққан жауынгер-бақташы. Б.з.д. 518-517 жылдарда сақтарға қарсы парсы патшасы I Дариидің алғашқы жаулап алу мақсатымен жүргізген соғысында ерлігімен көзге түскен. Ол жалған жол көрсетуші ретінде парсы әскерін сусыз шөлейтке әкеліп, қырылуға ұшыратты. Шырақтың ерлігі көпшілікке танымал Иван Сусанин\* қайталағаннан бұрын болған. Ол: «Адамға өмір бір рет беріледі, ажал ерте ме, кеш пе бәрібір келеді. Сені туған жері мен өз елі үшін жанын қиған адам ретінде келер ұрпақтың еске алғанынан артық не бар! Борышымды өтеймін», -деген.

## **Анарыс (Анахарис)**

Сақтан шыққан ғалым-философ, ақын. Б.з.д. VII-IV ғасырларда өмір сүрген. Ғалымдық және ораторлық қабілетінің арқасында ежелгі грек ғалымдары арасында әйгілі атаққа ие болды. Платон\*\* оны «әлемдегі ежелгі ұлы грек ғалымдарының бірі» ретінде атаған. Нақ осы Анарыс зәкірді ойлап тапқан деп саналады.

## **Тоқсары (Тоқсарис)**

Ежелгі цивилизация тарихында айрықша із қалдырған Сақ оқымыстысы. Білім іздеп Элладаға сапар шегіп, сақ даласына қайтып оралмай, Афиныда қайтыс болды. Ежелгі грек жазушысы Лукиананың куәлік етуі бойынша Эллада тұрғындары жыл сайын Тоқсарыны еске алу асын беріп отырған.

## **Сыпатай (Спитамен)**

Әскери қолбасшы. Оның қолбасшылығымен Сақ жауынгерлері (б.з.д.329-328 жылдары) бірнеше жылдар бойы, Сырдария өзені бойындағы жерлер мен қалаларға шабуыл жасаған Ескендір Зұлқарнайынның\*\*\* (Александр Македонский) ұрыста жеңіліп көрмеген әскеріне қарсы қорғаныс соғысын жүргізді. Бұл текетіресте Сыпатай сарбаздарымен егемендіктерін сақтап, бірқатар шешуші жеңістерге жетіп, Е.Зұлқарнайынға әскерін кейін қайтаруға мәжбүр етті.

---

\*Сусанин Иван Осипович-Кострома уезінің шаруасы. 1613 жылы қыста поляк шляхтасының жасағына жол көрсетуші болып алынып, оларды батпаққа батырып, интервенттердің көзін жойған.

\*\*Платон (б.з.д. 428/348)-ежелгі грек философы.

\*\*\*Александр Македонский (б.з.д. 356-323) Македония патшасы, атакты әскери қолбасшы, ежелгі әлемде ірі мемлекет құрушы

### **Иданбарыс (Иданфирис)**

Сақ патшасы. Парсы патшасы Дарии 2-нің б.з.д. 512 жылы сақтарға қарсы жаугершілік екінші соғысында, жаудың 700 мыңнан астам әскеріне тойтарыс беріп пешуші шайқаста жеңіске жеткен.

### **Мәди хан (Мөде қаған, Мао Дунь, Мете)**

Алғашқы көшпелі ғұн империясының негізін қалаушылардың бірі. Әйгілі ел билеуші, реформатор. Адамзат тарихындағы жаулап алу соғыстарын жүргізуде атағы шыққан қолбасшы. Б.з.д. 240-174 жылдары аралығында өмір сүрген. Ол шамадан тыс тылсым күшті алдын-ала көретін, зор зияткерлік пен ұйымдастырушылық қабілетке ие тұлға болған. Мәди хан ешбір шайқаста жеңіліп көрмеген жарты миллионға тарта тұрақты әскер құрып, көптеген елдерді, соның ішінде қытайды да жаулап алды. Сол замандарда қытайлар көшпенді ғұндардан сақтану үшін Ұлы қорған қабырғасын сала бастаған.

### **Чжи-Чжи**

Ғұндардың Ұлы ордасының соңғы шаньюйы (билеуші). Қытайдың Хан империясымен көпжылдық қорғанысқа бағытталған күрес жүргізді. Б.з.д. 36 жылы Чжи-Чжи салған Талас бекінісінде (қазіргі Тараз қаласы) қытай әскерімен Чжи-Чжи әскері арасында шайқас болды. Ұрыс барысында Чжи-Чжи қаза болды.

### **Балаәмір (Баламбер)**

Ғұндардың Батыс ұлысын құрушы (б.з.д. 374 ж.). Алан, остгот және вестготтарды соғыста жеңгеннен кейін Волга мен Оралдан бастап Днепр өзенінен дейінгі кең аумақ Ғұндар ұлысына бағынды.

### **Ругила**

Ғұндардың Батыс ұлысын құрушы. Оның хандық құрған кезеңінде (413-433 ж.ж.) Ғұндар Византия шекарасына дейінгі жерді иелігіне бағындырып, короліне салық төлеттірген. Әйгілі Еділ патша Ругиланың ағасының баласы болған.

### **Еділ (Этцель, Атилла)**

Барша әлемге Ғұндарды танытқан тарихтағы атақты тұлға. 400-453 жылдары өмір сүрген. Ол билік құрған заманда ғұндар империясы көркейіп, қуатты ел болған. Еділ бүкіл Еуропаны өзіне бағындырды, ұлысының шекарасы Волгадан бастап Францияға дейін кеңейді, Ғұндардың әскері Ла-Манш бұғазында шеп құрап тұрды. Билігіне бағынған елдер Еділді батыл, кенпейілді және адал монарх ретінде танығандығы жөнінде көптеген еуропалық әдебиеттер, сондай-ақ оның бейнесі бедерленген, еуропада алты ғасыр бойы шығарылған алтын және күміс монеталар куә.

### **Одоакер**

Еділ патшадан кейінгі Батыс ұлысын билеуші. Одоакер 476 жылы Батыс Рим империясының соңғы билеушісі Ромула Августуланы тақтан тайдырып, 17 жыл империяны басқарған.

### **Бұмын**

Түркі қағанатын құрушы. Оған дейін жүз елу жыл Ұлы далада билік құрған жуань-жуандарды 552 жылы оның әскері шайқаста жеңіп шықты. Осы жеңістен кейін түркілер оны ақ кигізге орап, «Ел қаған» деп жариялады.

### **Мұқан қаған (Дизавул)**

Ол билік құрған заманда (553-572 ж.ж.) Түркі қағанатының қуаты артты, шекарасы кеңейін, күшейтілді. Мұқан қаған өз әкесінің кіші інісінің баласы Естемиді тақ мұрагері деп жариялап, оны «ябғу» мәртебесіне көтерді.

### **Естеми (Естими, Иштеми, Сильзибул, Дизавул, Синджибу)**

Атақты ежелгі түркі әскерінің қолбасшысы. Бұмын қағанның кіші інісі. «Ябғу» мәртебесін иеленді. Естеми немере ағасы Мұқан қағанмен бірге ел билеген жылдары (VI ғасырдың 2 жартысы) Түркі қағанаты қуатты мемлекетке айналды. Естеми ябғудың әскер басқару талантының арқасында шығыста Хинган тауларынан бастап батысында Қара теңіз жағалауларына дейінгі алып аумаққа билік жүргізіп, сонымен алғашқы еуразия империясы құрылды.

### **Таспар қаған (Тобо хан, Табор)**

VI ғасырдың 2 жартысындағы қуатты ежелгі түркі билеушілерінің бірі. Қытайлықтар оған жыл сайын 100000 метр жібек мата түрінде салық төлеп отырған.

### **Құтлұғ**

Шығыс-Түркі қағанатының бірінші билеушісі. Шамамен 650 жылы туып, 691 жылы қайтыс болған. Қытайға және ішкі жауларға қарсы 47 жорық жасады. Соның ішіндегі 20 ірі шайқаста түркі әскері айтулы жеңістерге жетті. Құтлұғ «Елтерші білге қаған», яғни «Елін біріктірген, данышпан билеуші» мәртебесіне ие болды.

### **Қапаған қаған**

Шығыс Түркі қағанатының билеушісі (691-716 ж.ж.), оның патшалығы кезінде Орталық Азияда түркілер орасан зор ықпалдыққа қол жеткізді. Бірнеше табысты соғыс жорықтарын жасады: Тан империясының шекарасын бұзып, кидандарды талқандады, Туваны тізе бүктірді, енисей қырғыздарына ойран салды. Бұрынғы Түркі қағанаты шегіндегі Ашина әулетінің билігін қалпына келтіру мақсатында Жетісудегі Түргеш қағанатына қарсы жойқын соғыс қимылдарын жүргізді. Сырдариядан бастап Қытай мен Корей шекараларына дейінгі кеңістіктегі билігін нықтап бекітті.

### **Түниукөк**

Түркі қағанатының көрнекті мемлекет және қоғамдық қайраткері. VIII ғасырда өмір сүрген. Түниукөк түркі қағанатының кеңесшісі болған. Маңызды мемлекеттік істерді шешіп, жаулап алу жорықтарына жетекшілік ете отырып, Шығыс Түркі қағанатын құруға қайрат жігерін жұмсады. Ойшыл, әскербасы және талантты ақын\* ретінде танымал болған. Түниукөк түркі әскерінің ең жоғарғы «Апа Тар Хан», яғни «Түркі әскерінің саяси жетекшісі» атағын иеленді. Ол жаһанды таңқалдырған, біздің бабаларымыздың батырлық, ерлігін жырлайтын эпос – құдыретті мұраның авторы болып табылады.

### **Күлтегін**

Түркі қағанатының атақты әскер басы. 684 – 731 ж.ж. өмір сүрген. Күлтегін өлімінен кейін әлемдік цивилизация, түркі халықтарының бағалы құндылығы, нышаны болып табылатын ескерткіш орнатылды. Одан ғалымдар тарихты зерттейді, ежелгі түріктердің мәдениеті мен тілін білуге мүмкіншілік береді.

---

\* Ақын, сазгер, импровизатор, сондай-ақ өзінің және түркі тілдес халықтардың эпикалық және лирикалық сипаттағы халық әндерін орындаушы.



### **Білге қаған**

Шығыс Түркі қағанатының билеушісі. Шамамен 685 жылы туған. Қайтыс болған жылы 734. Білге Түркі батыры Күлтегіннің ағайын туысы. Оның хандық құрған кезеңінде Түркі қағанаты өз иелігін мейлінше кеңейте, күшейте отырып, қуатты мемлекетке айналды. Атақты ақын Түниукөкті мемлекет басқару ісі жөніндегі кеңесші, Күлтегінді әскердің бас қолбасшысы етіп тағайындады.

### **Бәйдібек баба (Бәйдібек Қарашаұлы)**

Үйсін тұқымынан. Шамамен VI-VII ғасырларда өмір сүрген. Жетісу, Арыс өзені алқабын, Ташкент және Қаратау жерлерін мекендеген тайпалардың жетекшісі. Оның үшінші жұбайы барша қазаққа есімі мәлім Домалақ ана болған. Тілеуберді (Жарықшақ) Домалақ анадан туған. Тілеубердіден тараған Албан, Суан, Дулат ұрпақтары қазақ халқының өсіп өнуіне себепші болды.

### **Қорқыт ата**

Уақыт өте келе есімі аңызға айналған шынайы тарихи тұлға. Шамамен VII-X ғасырларда өмір сүрген. Түркі халықтарының аса көрнекті ойшылы. Ақын, оратор, сазгер, композитор, кобыз музыка аспабын жасаушы.

### **Әбу Нәсір Әл Фараби (Мұхаммед ибн Узлаг Тархани)**

Ұлы ғалым – энциклопедист, ойшыл, философ, математик, астролог, музыка теоретигі. Оны Аристотельден\* кейінгі «Әлемнің екінші ұстазы», - деп атаған. 70 астам тіл білген. Ғылымның әртүрлі саласы бойынша 150-дей еңбек жазған. 870 жылы Фарабе (қазіргі Отрар) қаласында туған. 950 жылы Шам қаласында (Сирия) жерленген.

### **Әулие ата (Сатық Богра Қарахан)**

Әскер басы, Қараханидтер мемлекетін құрушы (908-955 ж.ж.). Қазақ халқы түркілердің бетін жаңа дінге мұсылмандыққа қаратқан Сатық Богра қағанның есімін әулие санап, оны «Әулие Ата», - деп атаған.

### **Әбу Райхан Әл Бируни (Әбу Райхан Мұхаммед ибн Бахр әл-Джахиз)**

Түркінің ұлы ғалым-энциклопедисі. Әлемнің гелиоцентристік жүйесін (Коперниктен\*\* 500 жыл бұрын) дәлелдеп, денелердің Жерге тартылысын (Галилео\*\*\* және Ньютоннан\*\*\*\* 500 жыл бұрын) айтқан. Қазіргі Қарақалпақстан жерінде 973 жылы туған. 1048/50 жылы Ғазни қаласында (Ауғанстан) жерленген.

### **Махмұд Қашқари**

XI ғасырда түркілерді зерттеген атақты ғалым. Туған жылы мен өлген жылы белгісіз. Кең ауқымды лингвистикалық, тарихи, мәдени және фольклорлық материалдар негізінде, орта ғасырда ғұмыр кешкен түркілер өмірінен мағлұмат беретін энциклопедиялық жинақ ретінде танылған «Диуан лұғат ат-түрік» («Түркі жазуының сөздігі») атты әйгілі еңбегін жазған. Қашқари түркілердің алғашқы әлемдік картасын жасаушы автор болып табылады.

---

\* Аристотель (б.з.д. 384-322) – ежелгі грек философы.

\*\* Коперник Николай (1473-1543)-поляк астрономы, әлемнің гелиоцентристік жүйесін құрушы.

\*\*\* Галилео Галилей (1564-1642)-итальян ғалымы.

\*\*\*\*Ньютон Исаак (1643-1727)-ағылшын математигі, механик, астроном және физик.

### **Баласағұн Жүсіп Хас Хажип**

Атақты ғалым-философ, ақын. 1020 жылы Баласағұн қаласында (Оңтүстік Қазақстанның Шу өзені жағасында) туған. Қайтыс болған жылы белгісіз. Жүсіп теңдесіз тарихи-әдеби шығарма-«Құтадғу білік» («Қайырымды білім») барша түркі халықтары үшін құнды мұра болып табылатын классикалық поэма жазып қалдырды.

### **Түкті баба Шашты Әзиз (Түкті баба, Түклас баба)**

Қазақстанның исламға дейінгі ірі діни қайраткері. Суфи және ханафиттік ағымдағы мұсылман дінін уағыздаушылар кейінірек онын образын жаңа дін талаптарына икемдеді. Бірқатар ғалымдардың айтуы бойынша ол өмірде шын болған адам. Уақыт өте келе оның есімі әрқилы мистикалық, қиял ғажайып әңгімеге арқау болып, қазақ арасында танымал эпикалық, ертегі персонажға, қазақ фольклорындағы дәстүрлер жанрдағы әулиеге, әулиелердің әулиесіне айналып кетті. Ол жауынгер, жолаушының, ерлердің пірі саналған, оған сиынады, моласына түнеп, одан ұрпақ сұраған. Ғалым тарихшы К.Жалайырдың тұқым тарату шежіресі бойынша Түкті баба Шашты Әзиз – Ноғай Ордасының негізін қалаушы атақты Едігенін бабасы, шамамен XII ғасырда ғұмыр кешкен. Оның мазары қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының, Созақ ауданындағы Құмкент ауылы аумағында күні бүгінге дейін сақталған.

### **Арыстан баб\***

Прогрессивтік суфи ілімі жақтастары қоғамының рухани ұстазы, адамзаттың рухани-танымдық жетілуін уағыздады. Арыстан баб алғаш қазақ жеріне Ислам дінін әкелуші болып саналады. Халық оны әулие деп таныды. Ол әйгілі Қожа Ахмет Яссауидің бірінші ұстазы. Арыстан бабтың туған және қайтыс болған жылдары белгісіз. Оңтүстік Қазақстан облысында жерленген.

### **Қожа Ахмет Яссауи (Әзірет Сұлтан)**

Әйгілі философ-ойшыл, құдай сөзін дәріптеуші, түркілер арасында рухани беделге ие тұлға, орта ғасыр ақыны, суфи поэзиясының жарқын өкілі. Түркістан қаласында шамамен 1103 жылы туған. Нақты қайтыс болған жылы белгісіз. Діни уағыздаушы. Тіршілігінде әулие атанған, Орта Азияның барша түпкірінен оған уағыз тыңдау үшін адамдар ағылған. «Дивани хикмат» («Ақылды ойлар жинағы»), «Мират ұл-күлүб» («Жан айнасы») және басқа еңбектерінде исламның негізгі ережелері, адамзатты адамгершілікке, адалдыққа, қайырымдылыққа шақыратын гуманистік ойлар мазмұндалады. Фарси тілінің дәуірі жүріп тұрған шақта, ақын ана тілі-түркі тілінде шығармалар жазып, түркі тілін әдеби тілге енгізді. Тәңіріге бас иіп келген түркі тайпалары, сыйынатын Құдайдың бір-бірінен айырмашылығын түсіне алмай, сенімдердің басын біріктіре білген Әзірет Сұлтан келгенше, ислам дінін қабылдауға асықпады. Оның уағызы бойынша, қазақтар Аллахқа сыйына отырып, бабаларының рухы-аруақтарға бас июінде ешбір қарама-қайшылықтың жоқтығы айтылады. Әйтседе, кейбір ортодоксалды исламтанушылар бұған қарсы. Ғұмырының соңғы 10 жылын ол жер астындағы мешіт-хилуатта өткізді. Темірланның әмірі бойынша әулиенің моласы үстінен кесене тұрғызылды, ол мұсылмандардың қажылық жасайтын «Екінші Меккесіне»

---

\* баб – Орта ғасырлық Шығыс халықтарында ислам дінін уағыздаушыларға берілетін құрметті атақ

айналды. Қазақстанда 1999 жылғы қарашада өткізілген қоғамдық акцияның нәтижесі бойынша Қожа Ахмет Яссауи «Мыңжылдық адамы» болып танылды.

### **Сүлеймен Бақырғани (Хакім ата)**

Әйгілі түркі ғалымы, ақын, дін уағыздаушы. Арал теңізінің бойында дүниеге келген. Туған жылы белгісіз. 1186 жылы қайтыс болған. Қожа Ахмет Яссауидің дарынды шәкірті, ізбасары болған. Сүлеймен қазақ даласындағы ислам дінін уағыздаушы. Оның «Бақырғани кітабы» шығармасының басты идеясы оқырмандарды рухани тазалыққа, қайырымдылыққа, бекзадалыққа шақыру.

### **Бунақ батыр (Буняк)**

Қыпшақтан шыққан әскер басы. Нақты туған жылы анықталмаған. Ол туралы алғашқы мәліметтер 1096 жылғы орыс жазбаларында кездеседі. 1103 жылғы толассыз жорықтардан кейін орыс әскері қыпшақтарды жеңіп, жерлерін тонап кеткен. Сол мезгілден бастап Бунақ батыр барлық қыпшақтың басын біріктіріп, орыс княздерінің әскерлерімен шайқасқан. 1107 жылғы болған ұрыстардың бірінде қаза тапқан.

### **Сары хан (орыс жазбаларында Шарукан)**

Қыпшақ ханы. Туған жылы белгісіз, шамамен XI-XII ғасырларда өмір сүрген. Қыпшақтарды 40 жыл басқарған (1068-1107 ж.ж.), тарау-тарау болған ұсақ тайпалардың бастарын біріктірген. Оның династиясы 150 жыл ел басқарған. 1068 жылы әскерімен Киевті жаулап алды. Киев князі Владимир Мономах әскерімен болған соғыста 1107 жылы қаза тапты.

### **Артық Сарыханұлы**

Қыпшақ ханы, атақты әскер басы, батыр. Орыс жазбаларында «Шарухан» династиясынан шыққан «Отрок-хан», -деп аталады. 1118 жылы грузин патшасы IV Давидтің арнайы шақыруымен Артық хан өзінің 45 мыңдық әскерімен 300 мыңдық парсы әскерін жеңіп, грузиндерге ұлттық тәуелсіздік алуына көмектескен. Кавказда 8 жыл өмір сүріп, Дешті Қыпшақ\* жеріне қайтып оралды. Артық заманынан: «Өзге жерде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», - деген нақыл сөз қалған.

### **Қоншақ**

Қыпшақ ханы. Артық ханның ұлы. Туған жылы мен өлген жылы белгісіз. XII ғасырдың 2-ші жартысында шығыс қыпшақ тайпаларының басын біріктіріп, қуатты әскери мемлекет құрды. 1183 жылы Қоншақ Переяславльге шабуыл жасады. 1185 жылы Калка өзені бойындағы орыс поляктарын жеңіп, Новгород-Северск және Чернигов князы Игорь Святославовичпен оның жақтастарын тұтқынға алды. «Игорь полкы жайында бірер сөз» эпикалық поэмасы осы оқиғаларға арналып жазылған.

### **Шыңғысхан (Теміршын, Темучин, Темуджин)**

Қуатты еуразиялық көшпенділер империясын құрушы. 1155 жылдан 1227 жылдары өмір сүрген. Теміршыннің әкесі ежелгі түркі «қият» руынан шыққан Есугей баһадүр\*\*, ал анасы ежелгі қазақ тайпасы «қоңырат» тайпасынан шыққан Оэлун әже еді. Шыңғысхан байтақ жатқан кеңістікті тоғыстыра білген көрнекті тарихи

---

\*Дешті Қыпшақ- Балқаштан Қырымға дейінгі және Ертіспен Орал өзенінен бастап Хорезм мен Каспийге дейінгі жалпақ дала

\*\*Баһадүр (батыр) (түркі тілінде-баһадүр, күшті, ержүрек)-соғыстағы ерлігі үшін берілетін түркілердің құрметті атағы.



тұлға. Оны «Ғаламды дүр сілкіндіруші»,- деп атаған. ЮНЕСКО тарапынан «Екі мың жылдықтың атақты әскер басы»,-деп танылған. Қазақ хандығы династиясының негізін қалаушылардың бірі Жошы ханның әкесі.

### **Жошы хан (Джучи, Туши, Джочи, Қаржи, Зучи, Иочи)**

Шыңғысханның қоңырат руынан шыққан Бөрте ханым бәйбішесінен\* туған үлкен ұлы. Жаулап алынған жерлерді бөлу барысында Жошыға солтүстігінде Ертістен бастап оңтүстікте Хорезмге дейін, шығысында Алтайдан бастап батыста моңғол аттарының тұяғы жеткен кең аумақ иелігіне берілген. Жошы хандығы Қазақстанның Қарағанды облысындағы Ұлытау тауларында орналасты. Сол жерде оның кесенесі тұрғызылған. Жошы хан 1227 жылы аншылық құрып жүрген кезінде қайтыс болған, алайда, кейбір зерттеушілердің ойынша оның өліміне әкесі Шыңғысханның қатысы бар деп санайды.

Жошы қазақ хандығының негізін салушы. Әртүрлі дерек көздерінде оның ұлдарының саны 14-тен 17-ге дейін келтірілген. Оның үлкен ұлы Орда Еженнен мейлінше атақты ұрпақ қалды.

### **Орда Ежен (Орда Эджен, Орда Ичжен, Орду, Орда хан, Ордана)**

Жошының қоңырат руынан шыққан бәйбішесі Сарқаннан (Сартак) туған үлкен ұлы. Туған жылы белгісіз. Қайтыс болған уақыты шамамен 1246 мен 1251 жылдар аралығы. Әкесінен Орда Еженге мұраға қалған Жошы ұлысының Шығыс бөлігі Ақ Орда болып аталды. Оның аумағы Ертіс өзенінен бастап Сырдарияның төменгі ағысына дейін, Ұлытау тауларынан бастап Арал теңізіне дейін созылып, Қазақстанның 65% аумағын алып жатыр. Ақ Орда халқының басым бөлігі көшпенді тұрмыс құрды, ал олардың ұрпақтары қазақ ұлтының негізіне арқау болды. Орда Ежен қазақ хандығының негізін салушы.

### **Мұқали Ғұн Ғуанұлы (Мұқылай)**

Ежелгі қазақ руы жалайырдан шыққан атақты батыр. Туған жылы 1170. Шыңғысханның ірі қолбасшыларының бірі. 1206 жылы мемлекетінің құрылғаны жайында құрылтайда Шыңғысхан жария етіп, елді 35 мыңға бөлген кезде, Мұқали алғашқы мыңдықтың көшбасшысы болып тағайындалды. 88 мемлекет қайраткері ішінен Мұқали үшінші орында, 9 ірі қолбасшының ішінде ол ең бірінші болды. Тек Мұқали ғана «го Ван», яғни, «ұлыс, ел билеушісі» деген жоғары дәрежесін иеленді. 1223 жылы қайтыс болды.

### **Кетбұға**

Жырау\*\*, күйші\*\*\*. Шамамен 1190 жылы туып, 1260 жылы қайтыс болған. Шыққан тегі Найман. Халық аңыз бойынша Шыңғысханға ұлы Жошының қазасы туралы хабарлауға ешкімнің дәті бармаған. Осынау қайғылы оқиғаны «Ғаламды дүр сілкіндірушіге» Кетбұға күй әуенімен жеткізді, кейіннен күй «Ақсақ құлан – Жошы хан»,-деп аталды.

### **Майқы**

Би\*\*\*\*. XII-XIII ғасырларда ғұмыр кешкен. Халықтың айтуы бойынша ол нақ Шыңғысханның кеңесшісі болған. Сонымен қатар, аңыз әңгімеге сенсек, дәл осы

---

\* Бәйбіше-бірінші жұбайы.

\*\*Жырау-қазақ поэзиясындағы халық ақыны.

\*\*\*Күйші-күй орындаушы, яғни домбыра, қобыз, сыбызғыға арналған шығармалар.

\*\*\*\*Би-әділқазы, көшбасшы, қауым (ру) жетекшісі.

Майқы би қазақ рулары мен тайпаларына таңбалар белгілеген. Үйсіннің таңбасы - жалау, арғындікі - көз, алшындікі – найза болды. өзге түркі халықтары Майқы биді өздерінің ақылды адамы ретінде санаған.

### **Қайыр хан Иналшық (Қайыр хан)**

Барша әлемге танымал орта ғасырлық қала Отрардың билеушісі. Қыпшақ тайпасынан шыққан. Туған жылы белгісіз. 1220 жылы қаза тапқан. 6 ай бойы Шыңғысхан әскерінің жойқын күшіне қарсы ежеттік көрсеткен қала қорғаушыларына жетекшілік етті. «Ғаламды дүр сілкіндірушіге» бұндай қарсылық ешкім көрсете алмаған, алайда қала сатқындықтың құрбаны болды. Қорғанушыларға көмекке келген хорезмдік әскер басы Қараш Хаджиб, түн қараңғысында қамал қақпасын ашып беріп, жау жағына шығып кетті. Ғайыр хан жан түршігерлік азаппен өлтірілді: оның аузымен құлағына балқытылған қорғасын құйылды. Түркі-моңғол әскерін басқарған Шағатай, Қ.Хаджибтің сатқындығы үшін оны 10 мыңдық әскерімен қоса көзін жоюға әмір берді.

### **Сұлтан Бейбарыс (Әл Махик әз-Закир Рухад-Дин Бейбарыс әл Бундук –дари әл Салихли)**

Орта ғасырдағы атақты әскер басы және көрнекті мемлекет қайраткері. 1223 жылы Каспий теңізінің батыс жағалауында туған, қыпшақ руынан. Сирияның Дамаск қаласында 1277 жылы қайтыс болған. Қыпшақ даласына жасалған моңғол шапқыншылығы кезінде жеткіншек Бейбарыс тұтқынға алынып, құлдыққа сатылған. Туа біткен дарынының арқасында XIII ғасырдың ортасында биліктің жоғарғы сатысына көтеріліп, 17 жыл Мысыр (Египет) сұлтаны болды. Бейбарыс ешбір шайқаста жеңіліп көрмеген моңғол әскерін жеңіп, кресшілерді талқандағанда әскер басылық талантымен көзге түсті. Көршілес және шалғай жатқан елдерге жасаған әскери жорықтары табысты болып, Мамлүктер мемлекетін мейлінше қуатты елге айналдырды. Арабияның қасиетті мұсылмандар қалалары оның қорғанында болды.

### **Әз Жәнібек хан (Әзиз Жәнібек)**

1342-1357 жылдардағы Алтын Орданың билеушісі. Оны әулие деп атады. Оның әкесі құлыретті Өзбек ханнан кейін таққа отырды. Беделді зерттеушілердің айтуы бойынша (М.-Ж. Көпей, К.Халид), Шығыс Дешті Қыпшақтардың тағдырын шешкен этносаяси үрдіс барысында Әз Жәнібек хан негізгі роль атқарған. Қол жеткізген жетістігіне, ол хандық құрған кезінде қазақтардың үш жүзге бөлінуін атайды. Осынау тайпалар достастығының «қазақ» термині түрінде аталуын да Әз Жәнібек ханның есімімен байланыстырады. Ол билік құрған кезеңдерде қазақ қауымының аумақтық шекаралары белгілене бастаған.

### **Орыс хан (Мұхаммад Урус, Урыс, Арыс, Ақнияз Ырыс, Орис)**

Қазақ хандығы династиясын қалаушылардың бірі. Жошы ханның 6 буынындағы ұрпағы. Туған жылы белгісіз. 1361 жылы хан тағын мұраға алып, Орыс хан Әз Жәнібек хан өлімінен кейін орын алған күрделі дағдарыс жылдары мемлекеттінің қуатын күшейту шараларын қолға алды. 1374 жылы Алтын Орда билігін қолына алуға мүмкіншілік туды. Алайда, Сарай тағын қалдырып, Ақ Ордаға оралып Шығыс Дешті Қыпшақ тайпаларының мүддесін қорғауға бет бұрды. Сонымен қоса, Орыс хан орта азияның жаулап алушылары: Тамерлан, Тохтамыш, Тоғлұқ Темірге қарсы демі таусылғанша соғысып өтті. 1376 жылы қайтыс болды. Қазақтың тұңғыш хандарының бірі Жәнібек оның немересі болады. Орыс хан хандық құрған кезеңде қазақ халқының этникалық және саяси тұтастығының қалыптасуы шегіне жеткен деп саналады.



### **Мұхаммед Қайдар Дулати (Дуглати)**

Атақты тарихшы, ақын, мемлекеттік қайраткер және қолбасшы. Дулат руынан шыққан. 1499-1551 жылдары өмір сүрген. Кашмир билеушісі болған Үндістанда қайтыс болған. Қазақстан, Орта Азия, Шығыс Түркістан және Үнді төңірегінде болған көптеген оқиғалардың куәгері және қатысушысы ретінде Қайдар Дулати Қазақ хандығы тарихы жөнінен құнды мәлімет қоры болып табылатын «Тарих-и-Рашиди» іргелі еңбегін жазды. Қазақстанда 1999 жылдың қараша айында өткізілген қоғамдық акция нәтижесі бойынша ол «Мыңжылдық адамы» болып танылды.

### **Қотан тайжы (Қотанбай)**

Би, ақын. XIV ғасырдың 70-ші жылдары дүниеге келген. XV ғасырдың 60-шы жылдары қайтыс болған. Қазақ хандығын құрушылардың бірі. Арғын тайпасының қазақтары оны өзінің түпкі бабасы ретінде санайды. Шамамен 1456-1459 жылдары қарақыпшақ Қобланды Қотанның Ақжол би болып аталатын Дайыр қожа деген ұлын өлтірген. Зерттеушілердің пайымдауынша, сол себептен Керей мен Жәнібек сұлтан қол астындағы елмен бірге көшпенді өзбек мемлекетінен Моғолстанға (қазіргі Алматы облысы мен солтүстік Қырғыстан аумағы, кейбір жылдары оның қатарына Ташкент, Сайрам, Талас енген) көшіп кеткен деп саналады.

## ҰЛЫ ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ

### **Керей (Гирей, Кирей) (туған жылы белгісіз-1470)**

Ақ Орданың билеушісі Орыс ханның ұрпағы. Жәнібек сұлтанмен бірге Қазақ хандығының негізін қалаған. 1459 жылы жасының үлкендігіне байланысты халық Керей сұлтанды ақ киізге орап, хан сайлап, жаңа қазақ мемлекетінің бірінші билеушісі етіп хан сайлады, ол 10 жыл шамасында басқарды. Шу өзені алқабының Хантау тауының етегіне жерленген.

### **Жәнібек (Әз Жәнібек, Жәнібек, Кіші Жәнібек, Әбу Саид) (туған жылы белгісіз-1480)**

Орыс ханның неменесі. Туысы Керей сұлтанмен бірігіп 15 ғасырдың 50-ші жылдары Әбілхайыр хан езгісінен тәуелсіздік алу үшін болған қазақ қозғалысын басқарып, Шу өзенінің алқабында жеке мемлекет құрды. Қазақ хандығындағы жоғары билік ресми түрде Жәнібекке Керей ханның өлімінен кейін берілді, ал Керей ханның тұсында Жәнібек сұлтанды халық «кіші хан», -деп атаған. Аталған хандар арасында ешқашан дау болмағаны тарихтан белгілі. Жәнібек халық есінде кемеңгер, ақылды және әділ хан болып қалған. Оны тіпті «Әз Жәнібек», яғни әулие, -деп атаған. Сонымен қатар, Жәнібек хан ұлы династияның негізін қалаушы болып табылады. Қасым, Хақназар, Тәукел, Есім, Салқам, Жәңгір, Әз Тәуке, Абылай, Кенесары хандар, Шоқан Уәлиханов, Әлихан Бөкейханов – Жәнібек ханның тікелей ұрпағы. Жәнібек хан алтын ордалық хандар қорымында, Сарайшық қаласында жерленген. Қазақстанда 1999 жылғы қараша айында өткен қоғамдық акция нәтижесі бойынша «Мың жылдық адамы» болып танылған.

### **Қасым (туған жылы 1445-1520/21)**

Қазақтың атақты ханы. Қазақ хандығын құрушылардың бірі Жәнібектің ұлы. Жастайынан әскер басылық дарынымен көріне бастады. Бұрындық ханның атты әскерін басқарды, кейіннен барша қазақ әскерінің бас қолбасшысы болды. Атасы Әбілхайыр хан айырылған билікті қайтаруға ұмтылған Мұхаммед Шайбанимен болған көп жылға созылған Сырдария жағалауында 1510 жылы болған кескілескен шешуші шайқаста Қасым сұлтанның әскері жеңіске жетті. Қасым хан 1154 жылдан бастап өлгенге дейін Қазақ хандығына билік жасады. Тарихшылардың дерегі бойынша оның құдыреттілігі Жошы ханнан кейін ешбір хан қол жеткізбеген деңгейге көтерілген. Қасым хан Қазақ хандығын күшейтіп, одан әрі шекарасын кеңейтіп, мемлекет аралық істерде де табысқа жете білді. Сонымен қатар, халық арасында «Қасым ханның қасқа жолы», - деп аталып кеткен, алғашқы қазақ жазбаша Ата-заңдық (Коституциялық) ережелері мен ата-салты жиынтығының авторы болып табылады. Сарайшық қаласында Алтынордалықтардың қорымында жерленген.

### **Хақназар (Ақ-Назар) (туған жылы 1510/20-1580)**

Қазақ ханы. Әскербасы. Қасым ханның баласы. 20 жылдық дүрбелең мен өзара қақтығыстардан кейінгі шамамен 1560 жылдан бастап Қазақ хандығына иелік еткен. Хақназар билік құрған кезеңде ол елдің мызғымастығын күшейтіп, шекарасын ұлғайтып, Ноғай Ордасымен бас біріктірді, Түркістан, Сығанақ, Сайрам, Тараз, Сауран қалаларын иелігіне қайтарып алды. Сібір ханы Кучуммен, жоңғарлармен, Монғолстанмен қақтығыстарда табысқа жетті. Шайбанидтермен болған ұрыста қаза тапты.



### **Тәуекел (Тевекел, Текей) (туған жылы белгісіз-1598)**

Қазақ ханы. Жәнібектің неменесі. Әкесі Шигай хан әскерінің бас қолбасшысы бола тұрып, Тәуекел Ташкент уәлаятының Баба сұлтанынан Хақназар ханның қазасы үшін кегін алды. Хан тағына 1583 жылы отырды. Ол қазақ хандығының бұрынғы қуаттылығын қайта жаңғырта алды. Монғолстан және Бұқарамен соғысты. Жерінің көлемін одан сайын ұлғайтты. Ташкент, Самарқанд, Ходженттің шалғай жатқан жерлеріне иелік етті. Сібір хандығын Ресей жаулап алғаннан кейін Кучум ханның қалауымен Тәуекел астанасы Искер қаласынан казактарды атаманы Ермакпен қоса қуып шықты. Кейіннен үш жылдық әскери қақтығыстардан соң орыс әскерлері сібір қалаларын қайтадан жаулап алды. 1598 жылы екінші Сырдария шайқасында Тәуекел ұрыста алған ауыр жарақатынан кейін Ташкент қаласында қайтыс болды.

### **Есім (Ишим сұлтан)**

Атақты қазақ ханы. Тәуекел ханның кіші інісі. Туған жылы белгісіз. Оның есімі Қасым ханның есімімен қатар айтылады. Есім ханның билік құрған кезеңі 1598 жылдан басталады. Келесі жылы (1599ж) Сырдария өзенінің жағасындағы барлық қалалар қазақ хандығының иелігінде болатыны жайында Бұқар хандығымен шартқа отырады. Сол уақыттан бастап Ташкент екі ғасыр бойы қазақ хандығының билігінде болады. Есім хан жоңғарлармен болған шайқаста батылдық пен өжеттік көрсетіп халық арасында «Еңсегей бойлы ер Есім», - деген атқа ие болды. Қазақ хандығы құрамына кірген Тұрсын хан билік еткен қатаған тайпасын өзара қақтығыста жойып жіберді. Есім хан Қасым ханның салт дәстүрлер жинағын одан әрі жетілдіргендіктен, «Есім ханның ескі жолы», - деген ұғым пайда болды. XVII ғасырдың 20 жылының соңында қаза тапты. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі жанында Түркістан қаласында жерленген.

### **Жәңгір (Сылқым Жәңгір, Жәңгір, Янгир, Янгыр-зан, Жиһангер) (шамамен 1608-0652)**

Қазақ ханы. Атақты Есім ханның ұлы. Бойы сұнғақ, алып денелі болғандықтан халық арасында «Сылқым», - деп аталған. Өмір бойы жоңғарлармен шайқасып өтті. Жеті жыл жоңғарларда тұтқында болған. 1628 жылы әкесінің өлімінен кейін хан тағына отырды. 1643 жылы Орбұлақ жерінде (Алматы облысының бүгінгі аумағы) Жәңгір хан жасағы жоңғар билеушісі Батур –хонтайжының 50 мыңдық әскеріне қарсылық көрсетті. Қазақ жасағының ең басты күші білтелі мылтықпен жасақталған 600 атқыш жасағы болды. Тар шатқалға кірген жоңғар әскері жақсы әзірленген тосқауылға ұрынып, мылтықтан атылған оққа ұшты. Жазбалардағы мәліметтерге сүйенсек, осы қақтығыста Батур-хонтайжы 10 мың жауынгерін жоғалтқан. Жәңгірге 20 мың қол әскерімен Бұқара әмірі Жалаңтөс Баһадүр көмекке келді. Орбұлақ шайқасы Жәңгір ханды даңққа бөледі және өжеттік, батыллықтың асқан үлгісіне айналып, қазақ рухын асқақтатты. Леонид бастаған үш жүз спартандық жауынгердің Фермопил түбінде, персияның 20 мың қол әскеріне қарсы шайқасын айтпағанда, бұл шайқас сөзсіз әлемдік жауынгерлік даңқ пен ұрыс жүргізу шеберлігі жазбаларының ішінен орын алуы һақ, өйткені адамзат тарихында осынша атышулы оқиға болып көрген емес және Орбұлақ шайқасы қазақтар үшін Фермопилдегі оқиғаға қарағанда әлде қайда сәтті болды деуге тұрарлық, Әйтседе аталған шайқастарға қатысқандардың күші сан жағынан тең емес еді. Жоңғарлармен болған ұрыста Жәңгір хан қаза тапты, ойраттардың болашақ билеушісі Галданмен болған жекпе жекте мерт болды.

**Тәуке (Әзиз Тәуке, Әз Тәуке хан, Тәукел Мұхаммед Баһадүр, Тявка, Түйке, Тавақул Махмет Баатур, Тевке) (туған жылы белгісіз-1718)**

Атақты қазақ ханы. Есім ханның немересі. Қазақ хандығына 1680 жылдан бастап (басқа дерек көздерінде 1652 жылдан бастап) 1715 жылға дейін билік құрған. Бұл заман мемлекеттің гүлденуінің шарықтау шегіне жеткен кезеңі еді, яғни «Алтын ғасыры». Тәуке мемлекеттің әкімшілік және сот жүйесін қайта құрды. Заң шығарушы, маңызды мемлекеттік мәселелерді талқылайтын билердің «Ханабад» жиынын қалыптастырды. Қасым мен Есім хандардың бекіткен заңдарын өз заманының болмысына жақындастырып, Тәуке жаңадан «Жеті Жарғы» атты ережелер жиынтығын енгізді. Орыстың танымал тарихшысы А.И.Левшин Тәуке ханды даланың «Саяси және заң шығарушы кайраткері (Ликург\*)», - деп атады. Жергілікті жерлердегі халықты басқару үшін ол билер дәрежесін бекітті: Төле – Ұлы жүзде, Қазыбек – Орта жүзде, Әйтеке – Кіші жүзде, Сасық – қарақалпақтарда, Қоқым – қырғыздарда. Әр тайпадан жиналған «Құрама» билер одағының аты тарихта сақталмаған. Мемлекеттік реформалар жүргізумен қатар, Тәуке Бұқар хандығымен және жонғарлармен соғыс жүргізді. Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің қорымында жерленген.

**Абылай (Аблай, Сабалақ, шын есімі - Әбілмансұр) (туған жылы 1711-1781)**

Қазақтың ұлы ханы. Өз заманының әйгілі мемлекеттік кайраткері. Атақты қолбасшы. Көреген саясаткер, шебер дипломат. XVIII ғасырда Қазақ хандығының қайта түлеп, күшейуі оның есімімен тығыз байланысты. Есімі аңызға айналған Жәнібек ханның ұрпағы болып табылады. Ұлы күйзеліс жылдары («Ақтабан Шұбырынды») Әбілмансұр жетім қалып, ауылдарды аралап күн көрді. Адамдар оны «Сабалақ», яғни «жуынбаған, кір кожалық», - деп атады. Жеткіншек шағынан бастап жонғарлармен болған шайқастарға қатысты. Бір жекпе жекте ол жонғардың батыры Шарышты өлтіріп, жауға «Абылайлап», яғни атасының атымен қарсы шапты. Сол кезден бастап халық оны солай атап кетті. 1741 жылдан бастап 1743 жылдары жонғар тұтқынында болды. Халық хан деп таныған, бірақ сұлтан дәрежесінде болған Абылай, жасы үлкен Әбілмамбет ханның жанында 40 жылдай қызмет атқарса да таққа таласпай, оның орнына мемлекеттік іспен айналысты. Тек 1771 жылы Әбілмамбет өлгеннен кейін ғана Абылай, өзін қазақтардың ресми түрде хан деп тануына келісті. Саясаттағы көрегендігінің арқасында Абылай, көрші елдердің билеушілерімен, соның ішінде жонғарлармен байланыс орнатудың дипломатиялық жолдарын шебер пайдалана білді. 1740 жылғы тамыз айында ресей уәкілдігін қабылдады. Сонымен қатар, Цинь империясымен келіссөздер жүргізіп, Ресеймен Қытай арасындағы қарама қайшылықты Қазақ хандығының мүддесі үшін асқан ептілікпен пайдалана білді. 1753 жылы Абылай қазақтың едәуір жерін жонғарлардан тазартып, Іле мен Шу өзені бойын қырғыздардан босатып арадағы шекараны белгіледі. Сонғылары Орта Азия хандарына қарсы 15 жыл бойы күрес жүргізіп келген. 1765/67 жылдары Абылай Қоканд билеушісі Ерденбекті шайқаста жеңіп шығып, Түркістан, Сайрам, Шымкент қалаларын өзіне қаратып, Ташкентті салық төлеуге міндеттеді. Абылай талантты күйші ретінде де танымал. Оның айтқан сөздерінің көпшілігі афоризм мен нақыл сөзге айналған. Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі жанына жерленген. Қазақстанда 1999 жылғы қарашада өткізілген қоғамдық акция нәтижесі бойынша Абылай хан «Мың жылдық адамы», - деп танылған.

\*Ликург (бз.д. 9-8 ғасыр)-ежелгі гректердің саяси және заң шығарушы кайраткері.



## **Кенесары Қасымов (Хан Кене) ( туған жылы 1802-1847)**

Әйгілі тарихи тұлға. Қазақтың соңғы ханы. Абылай ханның немересі. Көкшетаудағы Ханкөлдiң жағасында туған. Халық арасына тараған әңгіме бойынша, жана туған нәрестенiн кiшкентайлығы сондай, дала халқына танымал Шоқай би, шақалақты қолына алып, оны азан шақырып «Кенесары» - деп атаған. Үш жүздiң келiсiмi бойынша 1841 жылы хан тағына отырғызылған. Кенесары орыстың колониялық саясатына қарсы тұрып, қазақ халқының ұлттық мүддесiн қорғай бiлдi. Ол қазақтың соңғы көтерiлiсiне 10 жыл бойы (1837-1847 ж.ж.) жетекшiлiк еттi, күш жағынан басым қарсыласқа қарсы, өз тайпаластарының сатқындығына қарамастан қантөгiс ұлт азаттық күрес жүргiздi. 1843 жылдан бастап ресей үкiметi Кенесарыға қарсы кең ауқымды әскери жорықтар ұйымдастырып, оның басына 3000 рубль сыйақы тағайындады. 1847 жылы генерал Вишневский орыс әскерiн қырғыз манаптарымен басын бiрiктiрiп, Кенесарыны 500 жауынгерiмен қоршауға алды. Осы соңғы ұрыста Кенесары тұтқындалып, жазаланды. Кенесарыны жаулар қоршап алып, найзаның ұшына түйреп көтергенде ол: «Мен бәрiбiр сендерден найза бойы жоғары тұрмын!», - деген екен. Қырғыз манап Қалиғула Әлiбеков Кенесарыны жазалағаны үшін патшалық билiктен күмiс медаль алған. Кенесарының әскер басылық таланты, дипломатиялық өнерi, жекелеген қасиеттерi, кен кезқарасы мен зияткерлiк қабiлеттерi туралы ұзақ жылдар бойы ескерiлмей, атаусыз қалды. Алайда, ол туралы қанша жиеркеiштi тарихи тұлға ретiнде кезқарас қалыптастырғанмен, атақты француз жазушысы Жюль Верн өзiнiң «Патша курьерi» романын арнады. Атақты орыс жазушысы И.Тургенев кiтапты орысшаға аудартып, 1900 жылы Санкт-Петербургте жарыққа шығарды. Соңынан аталған романды италяндықтар экранға шығарса, мәскеулік РТР арна фильмдi дубляждап көрсеттi. Сонымен бiрге, ханның әсерлi образы, оның халқына деген шексiз сүйiспеншiлiк қасиеттерi замандастарының құрмет сезiмiне бөледi, оның харизмасы державаға берiлген тұлғалар мен орыстың оқымыстыларын, мәселен, орыс тарихының өкiлдерi Л.Красовский, И.Завалишин, А.Середаны, сондай-ақ бiршама уақыт қазақ ханының тұтқынында болған барон Усларды таңқалдырды. П.П.Семенов-Тянь-Шанский Кенесарыны «Қазақ даласының Митридатy\*», - деген, ал А.Янушкевич оны француз колонизаторларына қарсы күрескен алжир халқының ұлт азаттық қозғалысының көсемi Абд әл Кадетпен салыстырған. Сондай-ақ 1942 жылғы соғыс уақытында қазақ ұлтының сарбаздары мен офицерлерiнiң жауынгерлiк рухын көтеру үшін Мәскеудiң нұсқауы бойынша Кенесары туралы кiтапша шығарылған.

\*Митридат VI Евпатор (б.з.д.132-63)-Кiшi Азиядағы б.з.д.121-61 ж.ж. Понт патшасы. Рим соғысында жеңiлiп өзiне өзi қол жұмсаған.

## АТАҚТЫ ҚАЗАҚ БИЛЕРІ МЕН ДІНИ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

### **Ақша би (Ақша Сейітқұлұлы) (туған жылы 1573-1659)**

Кіші жүздің әлім тайпасының төртқара руынан шыққан Қоқанд хандығының билеушісі. Атақты Әйтеке бидің атасы. 1622 жылдан 1635 жылға дейін Қоқандты билеген, сосын билікті өзінен кіші інісі – Жалаңтөс Баһадүрге берген. Ақша бидің бейіті Өзбекстандағы Науаи уәлаятының Нұратай ауданында.

### **Әйтеке би (Айтық Байбекұлы) (1644-шамамен 1700)**

Қазақ хандығының көрнекті мемлекет қайраткері, әйгілі шешен, 25 жасынан бастап Кіші жүз алшын руының бас биі болған. Тәуке ханның кеңесшісі, «Жеті Жарғы» заңдар жиынтығын құрастырушылардың бірі. Оқыған дін қызметкерлері отбасында дүниеге келген. Оның атасы-имам Ақша Бұқарада іргелі ислам білімін алған, ал әкесі Байбек Құран мен шарифат заңдарын меңгерген адам ретінде сыйлы болған. Әйтекенің өзі бес жасынан бастап әріп тани бастаған, Самарқанд қаласындағы Ұлықбек, Тіллә Қари – Шир Дор медресесінде білім алған. Арап, неміс, шағатай және өзбек тілінде еркін сөйлеген. Әйтеке тек оратор және әділ би болып қалмай, сонымен қатар, жоңғарлармен болған ұрыста жасақты басқарған жаужүрек сарбаз ретінде де аты шықты. Ол Кіші жүздің Ресейге қосылуына қарсы болды. Халық жадында оның көптеген нақыл сөздері, ойлары, баталары қалды. Нұрата жерінде қайтыс болған (Қазіргі Өзбекстан аумағы). Қазақстанда 1999 жылғы қараша айында өткізілген қоғамдық акция нәтижесі бойынша, Әйтеке би «Мың жылдық адамы» болып танылған.

### **Әнет-баба Кішікұлы (туған жылы 1628-1723)**

Би, Тәуке ханның кеңесшісі. Ғалым ретінде де танымал. Шарифатты танып білген. Қазақтың «Жеті Жарғы» заңының нормаларын жасауға қатысқан. Туған өлкесінің еркіндігі, тәуелсіздігі мен тұтастығы, халқының ынтымағы мен бірлігі үшін қызмет еткен. Осындай асыл қасиеттері үшін халық арасында «Әнет баба» атанған. Жоңғар басқыншыларына қарсы ұлт азаттық шайқаста бес ұлымен бірге қаза тапты.

### **Бекет-Ата (Бекет Мырзағұлұлы) (туған жылы 1750-1813)**

Әулие, суфи ойшылы, Қожа Ахмет Яссауи ілімдерін жалғастырушы. Кіші жүздің адай руынан. Маңғыстауда туып, сол жерде жерленген. Жастайынан білімге құштар болып, халықтың көзін ашуға көп күш жұмсады. Әк тасты шыңдарда қашалып жасалған жер асты ғимараттары құрылысының ежелгі өнерін қайта жаңғыртып, дамытқан шебер, сәулетші. Маңғыстауда, Атырауда және Бекет – Ата Үстіртінде медресе мен мешіт салған. Туған халқының егемендігі үшін күрескен, батыр және қолбасшы болған. Оның ақылды кеңестері адамдарға қиын-қыстау соғыс жылдары демеу болды. Бекеттің тіршілігінде есімі аңызға айналған. Халық оның білімділік, ақылгөйлік пен көріпкелдік қасиеті үшін «ата», -деп атаған. Бекет – Ата есімі адамдарға қиын жағдайларда көмектеседі, деп саналған. Оның сүйегі Үстірттегі Оғланды деген жерде, өзі салған мешіт-медресенің қабырғасында жерленген. Табынушылар ауыр науқастан арылу үшін оның моласына келіп түнейді.

### **Берді-қожа (Берді Саяқыпұлы) (туған жылы 1796-1856)**

XIX ғасырдың басындағы көрнекті діни қайраткер. Медресенің ишан-жетекшісі. Аягөзде туған. Әкесі Әбді-қожа халық арасында танымал болған адам. Берді – Ұлы Абай Құнанбаевтың және атақты Мұқтар Әуезовтың атасы-өзінің ұлы Әуездің ұстазы. Сонымен қатар, ол атақты Шоқан Уәлихановтың әжесі және тәрбиешісі Әйгерімге, Жеті Әулиенің суфи мектебінің бас имамы – ағасы Сырғалдақ жағынан



туысқан болып келеді. Осы есімдер арқылы Берді – қожаның қазақ ұлттық мәдениетіне баға жетпес зор рухани ықпал жасағанын көруге болады.

### **Едіге Айдаболұлы (17 ғасырдың ортасы–18 ғасырдың басы)**

Тәуке хан тұсындағы Билер кеңесінің ықпалды мүшелерінің бірі. Орта жүздің арғын руынан шыққан. «Жеті Жарғы» дала заңдары жиынтығын жасауға қатысқан. Жоңғар басқыншыларына қарсы тойтарыс беруді ұйымдастыру үшін қазақ халқын бір ортаға топтастыруда елеулі роль атқарды. Шебер шешен ретінде көзге түсті.

### **Ескелді Жангелдіұлы (шамамен 1695–1770)**

Би, оратор, әскери қолбасшы. Жетісудағы Қаратал өзені жағасында туған. Ұлы жүздің жалайыр тайпасының шыршы руынан шыққан. Төле бидің немересі. Ұлы Нәубет жылдары жоңғарлармен болған шайқастарда батылдық танытқан. Абылай ханның сенімді серігі және жоңғар билеушісі Қалдан Церенмен келіссөз жүргізген деген аңыз әңгіме бар.

### **Қазыбек би (Қазыбек Келдібекұлы, Қаздаусты Қазыбек) (туған жылы 1667-1764)**

Қазақ хандығының көрнекті мемлекеттік қайраткері, дарынды дипломат, Орта жүздің бас биі, Тәуке ханның кеңесшісі, Жеті Жарғы» дала заңдары жиынтығын жасаушылардың бірі. Сырдария жанында туған. 18 ғасырдың 40-шы жылдары Сарыарқаға қоныс аударып, Қарқаралы жерінде тұрған. Қарқаралы тауларына жақын орналасқан Семізбұға түбегінде қайтыс болған. Орта жүздің арғын тайпасының қаракесек руынан шыққан. Оның әкесі жағынан атасы Шаншар халық арасында «абыз» атанған. Жас күнінен Қазыбек ру арасындағы дауларға қатысып, «бала би» атағынан «дана би» атағына дейін көтерілген. Қазыбек би үш рет Жоңғар хандығына уәкіл ретінде барды. Осындай дипломатиялық амалдардың нәтижесінде жоңғарлармен болған даулар мен қактығыстар бейбіт шешімін тауып, уақытша тыныштық орнайтын. Қазыбек қою қоныр дауысты, оратор болатын, сондықтан оны халық «Қаздауысты», -деп атаған. Оның көптеген нақыл сөздері мен афоризмдері сақталып қалған. Қазыбек бидің сүйегі Түркістанға жеткізіліп, Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерленген. Қазақстанда 1999 жылғы қараша айында өткізілген қоғамдық акция нәтижесі бойынша, ол «Мың жылдық адамы» болып танылған.

### **Марал Ишан Құрманұлы (туған жылы 1769-1841)**

Дини қызметкер, батыр. Солтүстік Қазақстанда туған. Батыс Сібірде бас имам болып қызмет атқарған. 1807 жылы ресей колонизаторларына қарсы қарулы көтеріліс ұйымдастырған. Анасы жағынан Кенесары Қасымұлының туған ағасы. Ресей империясына қарсы Ұлт азаттық күресте оған қолдау көрсетті.

### **Мөңке би (Ноғайлы Мөңке би, Шекті Мөңке би) (туған жылы 1675-өлген жылы белгісіз)**

Қазақ тарихының және қазақ руханиатының жарқын қайраткерлерінің бірі. Атақты дала философ-ойшылы, әділ қазы, 7 жасынан бастап шешен, тауып айтатын жырау, ақылды ұстаз және Кіші жүз Әбілхайырдың кеңесшісі, көріпкел болған. Оны бүкіләлем таныған француздық астролог және көріпкел Нострадамуспен салыстырады. Алайда, Мөңке бидің болжамдары мейлінше туралығымен және алдағы қоғамдық ахуалдың анық бейнесін көрсетумен ерекшеленеді. Сол үшін оны замандастары әулие атап кеткен. Мөңке би халқының болашағын, Қазақстанның әр

алуан этникалық құрамын, электрофикация дамуын, темір жолдарды, көп қабатты үйлерді, жалдамалы еңбекті де, таблетка түріндегі дәріні де, т.с.с. болжаған.

### **Төле би (Төле Әлібекұлы) (туған жылы 1663-1756)**

Қазақ хандығының көрнекті мемлекет қайраткері, танымал шешен, Ұлы жүздің бас биі. Тәуке ханның кеңесшісі. «Жеті Жарғы» дала заңдары жинағын жасаушылардың бірі. Шу өзені алқабының Жайсан түбегінде туған, Ақбұрхан-Орда мекенінде өлген (қазіргі ОҚО Төлеби ауданы). Ұлы жүздің дулат тайпасының жаныс руынан тараған. Жонғар басқыншыларына қарсы ұлт азаттық көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі. Абылай сұлтанды қалмақ тұтқынынан алып шығуға белсенді атсалысқан. Төле бидің көптеген өсиеттері, мақалдары және қанатты сөздері халық жадында қалды. Шымкент және Ташкент қалаларындағы бірегей сәулет ғимараттарын тұрғызу үшін біршама еңбек сіңірді. Өзбекстанның қазіргі астанасында Шайхантауыр бейітінде жерленген. Қазақстанда 1999 жылғы қараша айында өткізілген қоғамдық акция нәтижесі бойынша, Төле би «Мың жылдық адамы» болып танылған.

### **Халифа Алтай (туған жылы 1917-2003)**

Шейх (ұстаз, рухани көшбасшы), Рухани тәрбие беру халықаралық орталығының төрағасы, «Алаш» сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Шығыс Түркістан Алтай өлкесінің Жыңғыл ауданында туған. 1954 жылдан бастап Түркияда өмір сүрген. Құран сөздерінің қазақ тіліне аудармасы өміріндегі басты еңбегі болып саналады.

### **Шоқай Балқанұлы (туған жылы 1775 – өлген жылы белгісіз)**

Қазақ даласындағы атақты адам. Қостанай облысы қазіргі Алтынсарин ауданының Қарағайлы ауылында туған. Орта жүздің арғын тайпасының көсемі. Би, шешен, әулие. Ақылгөйлiгi, әдiл шешiм қабылдап, адалдығы, қайтпас қайратты мiнезi және шешендiгi үшiн халықтың ықыласына және құрметiне бөлендi. Оған мыңдаған шақырым жерлерден келiп, жаңа туған нәрестеге бата алу, әдiлеттiк iздеп келдi. Шоқай би Кенесары ханның есiмiн қойған. Рулар арасындағы дау-жанжалдарды шештi. Қартайған шағында қайтыс болды.



## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЕРКІНДІГІ ҮШІН КҮРЕСКЕНДЕР, ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ КӨСЕМДЕРІ

### **Ағынтай (туған жылы белгісіз-1672)**

Қазақ батыры. 1620 жылдан бастап жоңғарлармен болған барлық ірі шайқастарға қатысқан, соның ішінде Орбұлақ шайқасы (1643ж.). Қарасай батырмен бірге қалмақ тұтқынынан Жәңгір ханды босатқан. Ағынтай батырдың тау қопарарлық тасқын күші жайында халық аңызы ауыздан ауызға тарап кеткен. Қарасай батырдың жанында Көкшетау тауларында жерленген.

### **Айбике (өмір сүрген жылдары белгісіз)**

Ержүрек барлаушы-әйел. Абылай ханның тұсында қызмет еткен. Мәлімет жинау үшін әдейі қалмақтарға тұтқынға түсті, хан ордасында ұзақ жыл бойы қызметші болған. Абылай ханға, Қабанбай, Бөгенбай батырларға дұшпанның жоспары туралы мәлімет беріп отырған. Алғыр ақылымен көзге түскен, қалмақ тілін толық меңгерген.

### **Ақбаев Жақып (туған жылы 1876-1934)**

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының және «Алаш» қозғалысының рухани көсемдерінің бірі. Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында туған. Санкт-Петербург императорлық институтының заң факультетін алтын медальмен бітірді. Оған сонымен қоса ғалымның магистр атағы берілді. Ұлт-азаттық қозғалысқа белсенді қатысушы. Ресей империясының отарлау саясатына қарсы күреске шақырды. Патшаға қарсы үгіт-насихат жүргізгені үшін бірнеше рет Омск, Якутия, Тобольскіге қуғындалды, Қарқаралы, Семей, Павлодар, Омск, Алматы түрмелеріне қамалды. Алғашында ол патша өкіметі тарапынан қуғындалды, содан кейін уақытша өкімет пен ақ гвардияшылардың қыспағына түсті. 1934 жылы «қызыл террордың» құрбаны болып, атылды. 1985 жылы ақталды.

### **Арқалық (18 ғасырдың соны-19 ғасырдың басы)**

Қазақ батыры. Қалмақ билеушісі Ежеханның басқыншылығына қарсы халық көтерілісіне жетекшілік еткен. Орта жүздің абақ-керей руынан шыққан. Шығыс Түркістан өлкесінің Алтай аймағында туып, өскен. Арқалық батыр жайында аңыздар, ертегілер, халық эпостары кең тараған, жыраулар оның ерлігін әнге қосқан\*.

### **Әбділғаппар Жанбосын (туған жылы 1870-1919)**

1916 жылғы Торғай өңіріндегі ұлт-азаттық қозғалысты ұйымдастырушы жетекшілерінің бірі. Көтеріліске шыққан халық оны хан сайлады, одан ол бас тартты. Жанбосынның ұсынысы бойынша көтеріліске шыққан әскери жасақтың сардарбегі болып батыр Амангелді Иманов сайланды. Әбділғаппар қажығыс кезінде қызыл әскерилердің қолынан қаза тапты.

### **Әшекеұлы Бекболат (Әшекеев) (туған жылы 1878-1916)**

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшілерінің бірі. 1916 жылы 7-8 шілдеде Үшқоңыр елді-мекенінде (Алматының батысына қарай 40 ш.) Бекболат патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығына бағынғысы келмеген көтерілісшілердің жиынын ұйымдастырды. Көтерілісті ұйымдастырудағы барлық күнәні өз мойнына алды. Көтерілісті басып жаныпғаннан кейін Верный әскери горнизоны сотының шешімімен дарға асу арқылы өлім жазасына кесілді.

\*Жыр-эпикалық ән, өлең

### **Байзақ Мәмбетұлы (Байзақ-датқа) (туған жылы 1789-1864)**

Қазақ батыры. Ресей империясы мен Қоқанд хандығына қарсы ұлт-азаттық көтерілістің басшысы болған. Қазіргі Тараз қаласының маңайында туған. Ұлы жүздің дулат самбет руынан тараған. 1821 жылы сұлтан Рүстем Асфендиярұлының жетекшілігімен қоқанд хандығына қарсы көтеріліске қатысты. 1841 жылы ол сарбаздарымен Кенесары хан әскеріне қосылды, бірнеше қоқанд бекіністерін басып алып, Созақ өлкесін босатты. 1858 жылы Байзақ қоқанд хандығына қарсы қазақ-қырғыз көтерілісін басқарды. Оның жоғары беделі аталған рудың датқасы (басшысы) болуға мүмкіншілік берді. Қоқанд хандығының билеушісі Әлімқұлдың бұйрығы бойынша жазаланды. Оны зеңбіректің аузына байлап қойып, атып жіберді. Жарылып кеткен денесінен қалған қолының екі саусағы ғана Талас өзенінің жағасындағы Сарыкемер ауылы жанындағы бейітке жерленді.

### **Байғазы (туған жылы 1717-1810)**

Қазақ батыры. Абылай ханның әскербасы. Әкесі Наймантаймен бірге Ташкентті және Түркістанды жоңғар шапқыншылығынан қорғауға қатысты. Сарыарқа аумағынан (Ақтау, Ортау, Қызылтау) шапқыншыларды қуған кезде батыл, ержүректігімен көзге түсті, сол үшін оны халық арасында «Орта жүздің арыстаны» деп атап кетті. Қарағанды облысының Жаңарқа ауданы жерінде жерленген.

### **Баян Қасболатұлы (туған жылы шамамен 1710-1715-1757)**

Қазақ батыры. Жас күнінен ақылдылығымен, тапқырлығымен көзге түсті және Абылай ханның өзі оған құрметпен қараған. Жоңғарлармен болған бір ұрыста қаза тапты. Атақты ақын Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасында оның батырлығын жырға қосқан. 1993 жылы Т.Тәуекелов ол туралы фильм түсірді. Батыр Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында жерленген.

### **Бөгенбай Ақшаұлы (Қанжығалы қарт Бөгенбай) (туған жылы 1680-1775)**

Әйгілі қазақ батыры. Қолбасшы. Ақмола облысы Ерейментау ауданы Бөген өзені алқабында туған. Орта жүз арғыннан тараған қанжығалы руының батырлар ұрпағы отбасынан шыққан. 1708 жылы Тәуке ханның бұйрығы бойынша 30 мыңдық әскерімен Қазақ хандығының тыныштығын бұзған орыс казактарын Волга өзенінен асыра қуды. Бөгенбай батыр жоңғарларға қарсы 100-ден астам, соның ішінде Бұланты-Билеутін (1727) және Аңырақай (1729) шайқастарына қатысқан. 1710 жылы Қарақұмда өткен жалпы қазақ құрылтайында ол қазақ әскерінің қолбасшысы болып тағайындалды. Әйгілі Талқы шайқасында (1736) Бөгенбай батыр Шығыс Түркістанға басып кірген қытай әскерін тас талқан етіп, Үрімшіден асыра қуып тастады. Қартайып, науқастан қайтыс болды. Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде жерленген.

### **Бөкенбай Қараұлы (туған жылы белгісіз-1741)**

Қазақ батыры. Қолбасшы. Кіші жүздің табын руынан шыққан. Жас кезінен бастап жоңғарлармен болған шайқастарға қатысқан. 1710 жылы Қарақұм құрылтайында бөлек-бөлек халық жасақтарының басының бірігуін жақтап сөйлеген. Жоңғарлармен соғыста Бөкенбай қазақ әскерінің үлкен жасағына қолбасшылық етті. Түркімендермен шайқаста қаза тапты.

### **Бөгенбай Қожекеұлы (туған жылы 1700-1759)**

Қазақ батыры. Қолбасшы. Орта жүздің арғынынан тараған қараман руынан. Торғайда туып, өскен. Арғын, қыпшақтан құралған жасақтарға, кейіннен Кіші жүз қазақтарының әскеріне қолбасшылық етті. Жоңғар, ноғай, қарақалпақ, алатау



қырғыздарға тойтарыс беруде батылдықы танытқан. 1759 жылы Маңғыстауды түркімендерден босатуға қатысты. Шайқаста жараланып, жарақаттан қайтыс болды.

### **Бөкейханов Әлихан Нұрмұхаммедұлы (туған жылы 1870-1937)**

XX ғасырдың басындағы қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілерінің бірі. Тұңғыш қазақтың ұлттық интеллигенциясының танымал өкілі. Семей облысы Қарқаралы уезінің №7 ауылында туған (Қазіргі Ақтоғай ауданы Қаратал ауылында). Жоғары білім алған тұңғыш қазақтардың бірі. Санкт-Петербургтің орман техникалық институтын бітірген. Ағартушы және қоғамдық қайраткер, ғалым-экономист, жазушы және ақын, публицист және шешен, қазақтың кәсіби журналистикасының негізін қалаушы, саясаткер және Ресейдің 1-ші және 2-ші Мемлекеттік Думасының депутаты. Ұлттық тарихта «Алаш» саяси партиясын алғашқы құрушылардың бірі. «Алаш Орда» тәуелсіз өкіметін құрып, оған өзі көпшілік дауыспен төрағасы болып сайланған, қазақ жерін «Алаш» аумақтық-ұлттық автономиясы ретінде жария еткен Бүкіл қазақтың (Орынбор қаласы, 1717 жыл, желтоқсан) екінші құрылтайын басты ұйымдастырушылардың бірі. Осы съездің қазіргі Қазақстан үшін тарихи маңызы орасан зор бағаланады. Тұңғыш Қазақ халқының біртұтас ұлт деген ұғымы қалыптасты және Керей мен Жәнібек кезеңінен кейінгі біріккен Қазақ мемлекеті құрылды. Автономияның дамуы азамат соғысына қиліккен большевиктер партиясы диктатурасының орнауына байланысты тоқтатылды. 1938 жылы Бөкейханов қуғын-сүргінге ұшырады. 1988 жылы ақталды. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоғамдық кеңесінің 2000 жылғы шешімі бойынша, оған 9 ұлы қазақтың ішінде «XX ғасыр адамы» атағы берілді.

### **Бопай Қасымқызы (туған жылы 1800-1891)**

Сұлтанша. Ержүрек әйел. Ресей империясының отарлаушылық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалысына белсенді қатысушы. Кенесары ханның қарындасы және қарулас серігі. Онымен бірге барлық жорықтарда ілесе жүріп, қатар соғысты. Жауынгерлік өмірдің барлық қиыншылығын ерлермен қатар көріп, ағасының ісіне қалтқысыз сеніп, оны үлгі тұтты. Жау тылына партизандық жорықтар жасайтын 600 сарбаздан құралған арнаулы жасаққа басшылық етті.

### **Досмұхамедов Жауша (Жаханна) (туған жылы 1886-1938)**

Халқының еркіндігі үшін жан аямай күрескен. Орал облысы Жамбейтін ауданында туған. «Алаш» ұлт-азаттық партиясын құрушы, жетекшілерінің бірі. «Алаш Орда» өкіметінің мүшесі. Оның «Уіл уәлаияты» деп аталатын Батыс бөлімшесін басқарды. 1918 жылы көктемде ол және Досмұхамедов Халел екеуі жүргізген келіссөз барысында В.Ленин мен И.Сталиннің Қазақ Автономиясын тануына көздерін жеткізді. Жаханша – кәсіби заңгер, саясаткер, талантты дипломат және аудармашы. С.Сейфуллиннің естелігі бойынша сыбайластарынан сөз сөйлеу өнерімен, шешендігімен ерекшеленген екен. Ұлттық мәдениетті, отандық ғылым мен білім беруді дамытуға елеулі үлес қосқан. Азаматтық және қылмыстық кодексті қазақ тіліне аударған. 1930-1938 жылдары аралығында қуғын-сүргінге ұшырап, атылған. 1957 жылы ақталды.

### **Дулатов Мыржақып (Мир-Яқуб) (туған жылы 1885-1935)**

Қазақ халқының еркіндігі мен тәуелсіздігі, оның гүлденуі мен мәдениеті үшін талмай күрескендердің бірі. Торғай уезінің Сарыкөпік болысының № 3 ауылында туған. «Алаш» партиясының және Қазақ Автономиясының негізін қалаушылардың бірі. Көрнекті ақын және прозаик. Оның «Оян қазақ!» поэтикалық жинағы – үндеу

манифест, барша қазақ халқына отаршылдық қамытты шешіп, өз даму жолымен жүруге бастайтын үндеу іспетті. Патшалық цензура аталған кітаптың таратылуына тыйым салды, табылған кітаптар алынып, жойылды, жинақ таралымы және автордың өзі тұтқындалды. Осыған қарамастан, ақынның еркіндік сүйгіш және ағартушылық идеялары қазақтардың жүрегінен орын алып, «Оян қазақ!» Құран тәрізді жаттала бастады. «Алаш» партиясының бағдарламасын жазды. 1913 жылы ол Семей қаласында қазақ тарихында тұңғыш аштыққа ұшырағандарға көмек беретіп «Жанар» қорын ұйымдастырды. Дулатовтың прозаикалық шығармаларынан «Бакытсыз Жамал» повесі және «Балқия» пьесасы көпшілікке танымал, онда қазақ әйелінің бас еркі мен теңдігінің мәселесі көтерілген. Білім беру ісіне және қазақ жастарын оқыту үшін көп пайдалы іс жасауға ұмтылып, Дулатов «Арифметика», «Табиғаттану» оқулықтарын жазады, қазақ хрестоматиясын шығарады. 1929 жылы ұлтшылдық жаласымен түрмеге қамалғанда: «Біздің Отанымыз біздің иелігімізде болғанын қалаймын», -деп жауап берген. Ату жазасына кесілген ақын өзінің сенімінен айнымай, соңғы сөзінде де: «Қазақ халқының болашағы үшін мен қолда бар мүмкіншіліктің бәрін пайдалануға міндеттімін. Егер мен адассам халқыммен біргемін. Ерте ме кеш пе шындық бәрібір жеңіп шығады», -деген. Ол кеңес өкіметін сынағаны үшін жіберілген сталиндік лагерьде өлді. 1988 жылы ақталды.

#### **Есет Қоқыұлы (туған жылы 1667-1749)**

Кіші жүздің жетіруынан тараған тама руынан шыққан қазақ батыры. Тәуке хан тұсында жоңғарларға қарсы соғыста аталған жүздің әскеріне қолбасшылық жасаған. Бұланты-Билеутін шайқасында (1727) батылдық көрсетті. Арадағы қарым-қатынасты бекітудегі елеулі үлесі үшін Ресей патшалығы 1743 жылы оны тархан дәрежесіне көтереді.

#### **Есет Көгібарұлы (туған жылы 1807-1888)**

Қазақ батыры. Жем өзенінің жағасында туған. 1847-48 жылдары Хиуа және Қоқанд хандығына қарсы күресті. 1847-58 жылдары Ресей империясының колониялық отаршылдығына қарсы Кіші жүз қазақтарының көтерілісіне жетекшілік етті.

#### **Жалаңтөс Баһадүр (Жалаңтөс Сейітқұлұлы, Ялантуш-Баһадүр) (туған жылы 1576-1656)**

Қазақ батыры, мемлекеттік қайраткер, қолбасшы, би, Самарқанд қаласының әмірі. Кіші жүздің төртқара руынан шыққан. Сырдарияның төменгі ағысы бойында туған. Әйгілі Әйтеке бидің атасы болған. 1643 жылы Жалаңтөс Баһадүр 20 мыңдық әскерін қазақ ханы Жәңгірге, Жетісу жеріне кіріп кеткен жоңғарлармен шайқаста көмекке жібереді. Бұл әскери қолдау шапқыншыларды женуде шешуші рөл атқарды. Жоңғарлармен күрестегі көзсіз батырлығы үшін ол 1625 жылы «аталық» құрметті атағын алады. 1644 жылы Жалаңтөс Баһадүр Ұлы Моңғол империясымен болған шайқаста жеңіске жетті. Оның басшылығымен Самарқанд қаласында кең сарайлар мен медреселер салынды. Осы ғимараттар Шығыстың сәулет ескерткіштері болып қалды.

#### **Жанабай Құдайбергенұлы (туған жылы 1865-1916)**

Би, шешен. Жетісу облысы Жаркент уезі Қырғызтай ауылында туған. 1916 жылы болған ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшілерінің бірі. Руластары қоңырбөріктілерді қаруландырып, Қарқара көтерілісіне қосылғаны үшін түрмеге қамалып, атылған.



### **Жанқожа Нұрмұхаметұлы (туған жылы 1774-1860)**

Есімі аңызға айналған қазақ батыры. Сырдария өзенінің жағасында дүниеге келген. Шекті руының рубасы. Сырдария қазақтарының Қоқанд және Хиуа хандықтарының (XIX ғасырдың 1-ші жартысы) езгісіне қарсы күрестің жетекшісі. Сырдария қазақтарының Ресей империясының отарлаушылық қыспағына қарсы (1856-1857) ұлт-азаттық күресінің басшысы болды. Жанқожа батыр патшаның бодандық қағазын қақ айырды. Шекті руын рудың ақсақалдары басқарды. Ру не ресейлік, не қоқандық, не хиуалық бодандыққа бас имеді. Жанқожа батыр Қызылқұмда қаза тапты.

### **Жәнібек Бердәулетұлы (Ер Жәнібек) (туған жылы белгісіз, 1792 жылы өлген)**

Қазақ батыры. Қолбасшы, шешен. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы Отан соғысына қатысушы. 1760 жылы абақ керей руының қазақтарын, өздерінің ата қонысы қазіргі СУАР Қытай аумағындағы Алтай өлкесіне көшірді. Оның есімі абақ керейлердің ұранына айналды.

### **Жәнібек Қошқарұлы (Шақшақ Жәнібек) (туған жылы 1693-1752)**

Қазақ батыры. Орта жүздің биі. Торғайда туған. Арғынан тараған момын руынан. 1726 жылғы Ордабасыда өткен құрылтайдан кейін құрылған қазақтардың бірлескен құрамасындағы Орта жүздің ең ірі жасағына қолбасшылық етті. Бұлантыдағы Сарысу өзенінің бойындағы шайқаста жоңғарларды ойсырата жеңді. Жәнібек қалмақтармен дипломатиялық, соның ішінде Абылай сұлтанды тұтқынан босатуға, сондай-ақ орыс патшасының өкілдерімен сауда-саттық байланыстары және Ресеймен саяси ара-қатынасты күшейту бойынша келіссөздер жүргізді. 1743 жылы ресей өкіметі Жәнібекті екі халық арасындағы өзара тиімді мәселесін шешкені үшін оған «Тархан» атағын берді. Оның беделінің жоғарылығын, үш жүздің өкілдері Абылай ханды ақ кигізге орап хан көтергенде, нақ осы Жәнібектің бата бергенінен көруге болады. Осыған дейін ол Абылайдың жоңғарларға қарсы екі жорығына бата берді. Қожа Ахмет Яссауидің кесенесінде жерленген.

### **Жасыбай Өмірұлы**

Орта жүз арғыннан шыққан қазақ батыры. XVIII ғасырда өмір сүрген. Олжабай батырдың жиені. Қазақ жерін жоңғарлардан азат етуге қатынасты. Жоңғарлармен болған соңғы шайқаста қаза тапты. Павлодар облысы Баянауыл ауданында Жасыбай көлі және оның бейіті орналасқан асу бар.

### **Жәуке батыр (Түлек Жәуке Назарғұлұлы) (туған жылы 1819-1904)**

Кенесары ханның жетекшілігімен болған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушы. Әскери қолбасшы. Ақмола, Ақтау, Орда бекіністерін алу кезінде көтерілісшілер жасақтарына жетекшілік етті. 1844 жылдың тамыз айында патша сатрапы А.Жантөрин жетекшілік еткен жасақты, сондай-ақ Екатеринбург станциясындағы казак бөлімдерін тас талқан етті.

### **Жоламан Тіленшіұлы (өмір сүрген жылдары белгісіз)**

Қазақ батыры. 19 ғасырдың 30-шы жылының 2-ші жартысында Ресейдің отарлаушылық саясатына қарсы жүргізген қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің жетекшілерінің бірі. Кенесары хан бастаған көтеріліске белсене қатысушы.

### **Зұқа Батыр (туған жылы 1868-1929)**

20 ғасырдың 1-ші жартысында манчжурияға қарсы азаттық қозғалысын басқарған қазақ көшбасшысы. Қытайдың Алтайында туған. Синьцзянды мекен еткен халықтар

арасында құрметке ие болды. Алтайдағы қазақ жерлерін жергілікті әкімшіліктің көмегімен алған қытай мен моңғолдарға қарсы күреске жетекшілік етті. 1929 жылы Синьцзян билеушісінің бұйрығымен өлтірілді.

#### **Иман Дулатұлы (туған жылы 1780–1847)**

Қазақ батыры, қолбасшы, Кенесары ханның сыбайлас серігі болған. Торғай уезінде туған. Орта жүздің қыпшақ руынан шыққан. Ақмола, Көкалажар бекіністерінде, Айдарлы, Байтөк жерлерінде, Ұлытау, Торғай, Ырғыз даласында болған әскери қимылдарда көзге түсті. Кенесарының хан кеңесінің мүшесі болған. Өмірінің соңына дейін оның сенімді серігі болған, Майтөбедегі қырғыз манаптарының әскеріне қарсы Кенесарының соңғы шайқасында да бірге соғысқан. Ханмен бірге тұтқынға түсіп, жазаланды. Иманмен бірге үш ағайыны және ұлы қаза тапты.

#### **Иманов Амангелді Үдербайұлы (туған жылы 1873-1919)**

Халық батыры. Торғай уезінің Қайдауыл болысында туған. Кенесары Қасымұлының майдандас серігі Иман батырдың ұрпағы. Торғай облысындағы 1916 жылғы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісіне жетекшілік еткендердің бірі. Отарлаушылық езгі, алғашқы дүние жүзілік соғыс қарсаңында салықты шектен тыс өсіру, қазақтарды және өзге де Орталық Азияның тұрғылықты халықтарын тыл жұмысына жұмылдыру туралы патшаның жарлығы аталған көтеріліске себепші болды. Амангелді Иманов көтерілісшілерді ұйымдастыру, қаруландыру және бастарын біріктіруде сирек кездесетін қабілет танытты, қазақтардың жазалаушы жасақтарға қарсы қарулы күресін Қазан төңкерісіне дейін жетекшілік етті. 1919 жылы Қазақстанда кеңес үкіметін орнату барысында қаза тапты.

#### **Исатай Тайманұлы (туған жылы 1791-1838)**

Бөкей Ордасындағы хан езгісіне және патшаның отаршылдық саясатына (1833-1838ж.ж.) қарсы қазақтардың халықтық-азаттық қозғалысын басқарды. Жайық өзені жағалауындағы Беріш руының көшбасшысы. Халыққа қарсы жасалып отырған озбырлықты тоқтату туралы айтқан Исатайдың наразылығына Жәңгір хан мен Орынбор облысының генерал – губернаторы Перовский назар аудармады. Махамбетпен бірге басқарған көтеріліс 1837 жылғы қарашада Геке бірлескен жазалаушы жасағының күшімен басып, жаншылды. Исатай патша әскерлерімен қақтығыста қаза тапты. Жау қоршауында қалған Исатайдың басынан жау қылышы соңғы рет көтерілгенде, қаза тапқан ұлының денесі жанында шынайы құлшылық етуші ретінде әкелік борышын өтеген батырдың ерік-жігері халық жадында мәңгілік қалады. Тарихта осыған ұқсаған оқиға Исатайға дейін он ғасыр бұрын болған. Аңыз әңгіме бойынша ежелгі ислам және әмір-әл-мүһминин, заманындағы ұлы, мемлекеттік билеуші, яғни «діни уағыздаушылар жетекшісі» – екінші Халиф Омар (585-644 ж.ж.), өлімін мешітте қарсы алды, басынан асыра көтерілген қылыштан да сескенбеді, өйткені ол бұл кезде намаз оқып тұрған еді. Құдайға сену мен ерік-жігердің асқан үлгісі.

#### **Қабанбай (Ерасыл-шын есімі, Қаракерей Қабанбай, Дарабоз) (туған жылы 1692-1770)**

Даңқты қазақ батыры. Қолбасшы. Алакөл жағасында (қазіргі ШҚО Ұржар ауданы) туған. Орта жүз найманның қаракерей руынан шыққан. 7 жасқа толғанда әкесі жонғардың қолынан қаза тапты. Ал 16-ға толғанда үлкен ағасын өлтірді. Ерасыл жау бекінісіне жасырын барып ағасын өлтірген жонғар батырын бауыздап кетті. Бірде жолында ұшырасқан қабанды ол найзамен түйреп өлтірді. Содан бері адамдар



оны Қабанбай деп атай бастаған. Атақты жауынгер, 40 жылдан астам уақыт бойы ат үстінен түспей, 100-ден астам шайқасқа қатысып, оның алдында жаудың қолбасшысын немесе ең мықты жауынгерін жекпе-жекке шақырған. Тарихта мұндай жекпе-жек 103 рет болған деп жазылған. Осының бәрінде Қабанбай жеңімпаз болып шыққан. 1741 жылғы жоңғарлармен болған Шаған шайқасында ол жауға қарсы жалғыз шапты, осы ерлігі үшін оны «Дарабоз» деп атады. Абылай хан оны ерекше құрметтеп «Батырлар ханы» деген екен. Ол қартайған шағында қайтыс болды. Батыр жерленген қорымды жаулардың қорлауынан сескенген халық оған Ертіс жағалауында, Жетісуде және елдің солтүстігінде бірнеше кесене салды. Олардың қайсысы батырдікі екені белгісіз.

#### **Қазыбек Тауасарұлы. (туған жылы шамамен 1692–1776)**

Қазақ батыры және Ұлы жүздің шапырашты руынан шыққан ғалым. Бұқара медресесінде оқыған. Жоңғар шапқыншылығы кезінде Қазыбек отанын қорғап, көптеген шайқастарға қатысып, қаза тапты.

#### **Қарабалуан Алдиарұлы (шын есімі – Жанұзақ) (туған жылы 1688-1749)**

Қолбасшы. Шақшақ Жәнібек батырмен бірге халық жасақтарын құрды, Қазақстанның солтүстік аумағын жоңғар шапқыншыларынан босатты. 18 ғасырдың 30-шы жылдарының соңында орталық, сонымен бірге бірлескен қазақ әскерінің солтүстік майданындағы қосымша күштеріне басшылық жасады. Жүзінің қараторы болғандығы және Кіші жүздің жауырыны жерге тиін көрмеген «Түйе балуанын» жеңгеннен кейін халық Орта жүз арғын үшін алабөтен «Қарабалуан» деп атап кеткен. Қазіргі Қостанай облысының аумағында туған, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің жанында жерленген. Оның ұлдары да отан қорғауға қатысқан. Олардың ішінде ерекше көзге түскені Барақ батыр – алып, батыр, көріпкел, емші, Абылай ханның үзенгілес серіктесі. Жоңғарларға қарсы соғысты, Е.Пугачев көтерілісіне, содан кейін Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты.

#### **Қарасай Алтынайұлы (туған жылы 1589-1671)**

Атақты қазақ батыры. Қолбасшы. Жетісуда туған. Ұлы жүздің шапыраштыдан тараған есқожа руынан шыққан. Жоңғарлармен шайқаста қазақ жасақтарын басқарды, ержүрек, батылдығымен көзге түсті. Қарасай батыр есімі шапырашты руының жауынгерлік ұраны болды. Көкшетау тауларының етегінде жоңғарлармен болған шайқаста қаза тапты. Көкшетаудың таулы өлкесінің Айыртау сілеміндегі Күлшінбай шоқысында жерленген.

#### **Кейкі батыр Көкембайұлы (шын есімі Нұрмағамбет) (туған жылы 1873-1923)**

Халық қаһарманы. Торғай уезінің Қайдауыл болысының Байтума қопасы мекенінде дүниеге келген. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың басшыларының бірі. Амангелді Имановтың үзенгілес серігі. Торғай қаласын қоршауға қатысқан. Тұтқындалып, сонынан жазаланған. Санкт-Петербургтің антропология және этнография мұражайында батырдың бас сүйегі сақталған.

#### **Көйгелді Сартұлы (туған жылы 1702-1793)**

Атақты қазақ батыры. Ұлы жүздің дулаттан тараған шымыр руынан. Жоңғар шапқыншыларына қарсы Отан соғысында шайқасқан жасақты басқарды. Бұқара медресесінде білім алып, хазірет болған. Төле бидің кеңесшісі болған. Баласы Қара батырмен бірге Аңырақай шайқасына қатысқан. 93 жасқа келгенде қартайып қайтыс болды. Түркістанда жерленген.

### **Көшек Қарасайұлы (туған жылы 1620-шамамен 1652)**

Қазақ батыры. Қолбасшы. Жоңғар шапқыншыларына қарсы жүргізілген Отан соғысына қатысқан. Талас өзенінің жағасында дүниеге келген. Есім және Жәңгірхандардың үзегілес серігі. Жоңғар батырлары Қаражар, Қарадон, Оншанмен жекпе-жекте жеңіп шыққан.

### **Малайсары (туған жылы шамамен 1700-1756)**

Орта жүз арғыннан тараған бәсентиін руынан шыққан қазақ батыры және әділқазысы. Жоңғар шапқыншыларына қарсы ұлт-азаттық шайқастарға қатысқан. Алматы және Талдықорған қалаларының арасында Малайсары тауы бар, онда XVIII ғасырда Малайсары батыр бастаған қазақ және жоңғар жасақтары арасында шайқас болған.

### **Махамбет Өтемісұлы (Мұхамед Өтемісұлы) (туған жылы 1804-1846)**

Қазақ батыры. Суырып салма ақын, күйші. Бөкей Ордасында туған. XIX ғасырдағы ірі саяси қайраткер. 1836-1838 жылдардағы Исатай Тайманұлының жетекшілігімен болған көтерілістің көсемі, әрі идеологы болған. Қазақтың Ресей империясынан тәуелсіз болуын қалаған жалынды қайраткер. Оның еркіндік үшін күреске шақырған өлеңдері ауыздан ауызға тарады. Ресей шені мен мәртебелі дәрежелерін алып, ресей императорының тағына жан-тәнімен қызмет еткен қазақ шонжарларына жиеркенишпен қарады. Ақынның басына 1000 рубль сыйақы тағайындалды. Б.Айшуақов сұлтанның бұйрығы бойынша Махамбет Орал өзенінің сол жағалауында сатқындықпен өлтірілді. Жендеттер сонымен қоса ақынның үйін тонап, басын хан ордасына әкелген. Бір танданарлығы, ақын өлімінен бұрын осы туралы түс көрген.

### **Наурызбай Қасымұлы (туған жылы 1822-1847)**

Қазақ батыры. Абылай ханның немересі. Кенесары ханның кіші інісі. Көкшетау өлкесінде туған. 1837-1847 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі барысында өжеттік танытқан. Кенесары ханның тапсырмасы бойынша Наурызбай сұлтан жергілікті билеушілер арасындағы көтерілісшілердің қарсыластарын басқан. әскерді қарумен азықпен қамтамасыз еткен. Хан кеңесінің мүшесі болды. 1847 жылы Наурызбай Кенесары ағасымен бірге қырғыз манаптары мен орыс жасағының қоршауында қалып, шайқаста батырлықпен қаза тапты.

### **Наурызбай Құтпанбетұлы (Шапырашты Наурызбай) (туған жылы 1706-1781)**

Есімі аңызға айналған қазақ батыры. Қолбасшы. Ұлы жүз шапыраштыдан тараған төлеміс руынан шыққан. Алматы облысы қазіргі Жамбыл ауданының Жалпақтау мекенінде туған. Абылай хан әскерінің ту ұстаушыларының бірі. Одан басқа мұндай мәртебеге ие болғандар Қаракерей Қабанбай мен Қанжығалы Бөгенбай. Наурызбай батырдың бүкіл ғұмыры жоңғарлармен шайқасумен өтті. Шайқаста онымен бірге үш ағайыны қаза тапты. 1729 жылы жекпе-жекте ол жоңғар батырлары – Шамалхан мен Қаскеленді өлтірген.

### **Олжабай (туған жылы 1709-1785)**

Орта жүз арғын руынан шыққан даңқты қазақ батыры. Оның арғы атасы Айдабол атақты би болған, әкесі Толыбай Ұлы нәубет жылдары қаза тапқан. Жат жұрттық шапқыншыларға қарсы қазақ халқының ұлт-азаттық күресіне қатысушы. Баянауыл тауларының сілемдерінде жоңғарлармен болған шайқаста Олжабай батыр өжеттік танытты. Батырдың сарбаздарымен жоңғарларды қырған тау шатқалы,



«Қалмаққырылған» аталды. Олжабай батыр есімі Орта жүздің жауға шапқандағы ұранына айналды. Ол Абылай ханның ту ұстаушыларының бірі болған, оны жоңғар тұтқынынан құтқаруға қатысқан.

### **Оспан Исламұлы (туған жылы 1889-1951)**

Қазақ батыры. Алтай округінің Оңдықара қыстағында туған. Шығыс Түркістан жерлерін қытайдың жаулап алуына қарсы Синьцзянда 20-шы ғасырдың 40-шы жылдары басталған ұлт-азаттық көтеріліске жетекшілік етті. 1944 жылдың қарашасында көтеріліске шыққан қазақтар, қырғыздар, ұйғырлар қозғалысы қамтыған Іле, Алтай және Тарбағатай округтері – Шығыс Түркістан болып жарияланған республика үкіметі қолжаулық болып шықты, ақыр соңында Қытайдың құрамына ену туралы құжатқа қол қойып жіберді. Оспан – батыр деген жоғары атақты толық мәнінде иеленген соңғы қазақ болды. Ол тұтқынға түсіп, атылғанша, ғұмырының соңына дейін Синьцзянның толық тәуелсіздік алуы жолында күресіп өтті.

### **Райымбек Төкеұлы (туған жылы 1705–1785)**

Ұлы жүздің албанынан тараған әлжен руынан шыққан қазақ батыр. Жоңғар шапқыншыларына қарсы күресте аты мәлім болды. Райымбек жоңғарлармен соғысқан Нарынқолдағы (Жетісу) Торайғыр мен Сөгет тауларының арасындағы кең жазықтағы шоқы «Ойрантөбе» аталды. Оның моласымен кесенесі Алматы қаласында.

### **Рысқұлбеков Қайрат Ноғайбайұлы (туған жылы 1966–1987)**

Халық Қаһарманы\* (09.12.1996 жылы өлгеннен кейін берілген). Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Бірлік ауылының тумасы. Алматы сәулет-құрылыс институтының студенті. Одақтық орталықтың саясатына қарсы көтерілген қазақ жастарының 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларына қатысушы. Сол үшін тұтқындалып, заңсыз ату жазасына кесілген, кейіннен жазасы жеңілдетіліп 20 жыл бас бостандығынан айыруға кесілді. Жазасын өтеу барысында қаза болды. 1992 жылы ҚР Жоғарғы соты толық ақтап шықты.

### **Саңырақ Тоқтыбайұлы (туған жылы шамамен 1691-1740)**

Ұлы жүздің ошақты руынан шыққан қазақ батыры. Талас өзені алқабында туған. Садақпен атудың мергені болған. XVIII ғасырда жоңғарлармен болған барлық шайқастарға қатысқан. Садақшылар жасағына жетекшілік еткен. Түркістан қаласында жерленген.

### **Саржан Қасымұлы**

1825-1836 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілістерді басқарған. Абылай ханның немересі, туған жылы белгісіз. Қарқаралы уезі Қарпық болысын басқарған. Тақ мұрагері Ғұбайдолла Уәлиұлымен және әкесі Қасым төремен бірге ресей үкіметінің хандық билікті алып тастағанына наразылық білдіріп, округтерді жоюды талап етті. Ол бастаған Солтүстік және Орталық Қазақстан аумағын қамтыған көтеріліс 10 жылға созылды. Саржан сұлтанның қарулы жасақтары округтік билікке, керуен жолдарына шабуыл жасаған. 1836 жылы Ержан мен Есенгелді ағайындарымен қоса Ташкентте өлтіріледі. Саржан сұлтанның ісін кіші інісі Кенесары жалғастырады.

---

\*Халық Қаһарманы атағы. 01.04.1993 жылы бекітілген. ҚР сінрген қызметі, еркіндік және тәуелсіздік жолындағы азаматтық және жауынгерлік ерлігі үшін беріледі

### **Сәуірік Стамбекұлы (туған жылы 1798-1854)**

Қоқанд хандығы мен қырғыз манаптарының басқыншылық әскеріне қарсы шайқастарда аты шыққан қазақ батыры. Алматы облысының қазіргі Жамбыл ауданында туған. Орта жүз шапыраштыдан тараған ескожа руынан. Қоқандтармен күреске рулардың күш біріктіруіне үндеді. Сарыкемердегі Тойшыбек бекінісіндегі шайқаста жеңіске жетті. Басқыншылық ниетпен келген қырғыз манабы Ормонға тойтарыс берді. Жаулармен болған бір шайқаста қаза тапты.

### **Сыпатаев Ербол Мұқажанұлы (туған жылы 1964-1986)**

1986 жылғы желтоқсанда Қазақ жастарының КСРО-ның командалық-әкімшілік жүйелік басқаруына қарсы толқуына қатысушы. Алматы облысы Панфилов ауданы Еңбекші ауылында туған. Алматы энергетика институтының студенті. Аталған оқиға барысында алған дене жарақаты салдарынан қаза тапты. Осы арада Алматы театралдық-көркем өнері институтының студенттері: Құрманғазы Айтмұрзаев, Бақтыбек Иманғожаев, Үсіпхан Сейтембаев, Аманбай Қанетов, Ертай Көпесбаевтарды атап өтпесе болмайды. Олар 16 желтоқсанда жұмысшылар мен студенттердің жатақханаларын аралап, алаңға шығуға шақырды. Олар бірінші болып ұрандар жазып, жетілдірілмеген болса да әрекет ету жоспарын құрды. Олардың бәрі оқудан шығарылып, тергеу изоляторлары мен түрмелерде жатты. Қазақстандықтар сол күндері қаза болғандар – Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова, жазықсыз сотталған мұғалім – Жансал Сәбитова, ұстаз – Оркен Уаков, студент – Құрманғазы Рахметов, Ақмоланың жас ақыны – Асқар Сағынаев, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты – А.М.Мамбетов, және тағы басқалардың ұзақ тізімі жазылған есімдерін бірі билсе, бірі білмейді.

### **Сырым Датұлы (Бала би, Шынтемір, Сырым Датов Сырлыбай) (туған жылы 1723-1802)**

Қазақ батыры, қолбасшы, би, шешен. 1783-1797 жылғы Кіші жүз руының ұлт-азаттық көтерілісінің көшбасшысы. Ресей империясының қазақ жерлерін отарлауына алғаш қарсылық білдірген. Жайық өзенінің жағасында туған. Кіші жүз байұлының байбақты руынан. Жас кезінен қатарластары арасынан ақыл, парасатымен ерекшеленді, адамдар арасындағы дауды әділ шешті, сол үшін «Бала би» атанды. Жасағымен Пугачев көтерілісіне қатысты. Сырым атаман Чагановтың бейбіт қазақ ауылдарына кезекті тонаушылық жортуыл жасаған жасақтарын тас талқан етті. Осыдан кейін оны орыстар тұтқынға алды. Еркіндікке босап шыққан Сырым қайтадан күресін жалғастыра берді. Ол жетекшілік еткен көтерілісшілер патша бекіністеріне, сұлтандардың ауылдарына інапқыншылық жасады. 1797 жылы көтерілісшілер тобы Есім ханның ауылына шабуыл жасап, оны өлтірді. 1802 жылы Хиуада Сырым батыр уландырылды, өліп бара жатып жауларына: «Менің аяғымды Орынборға қаратып жерлендер, аяғым сол өлкені тіреп жатсын!», - деген екен.

### **Ұзақ Сәуірікұлы (туған жылы 1876-1916)**

Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті бастаушылардың бірі. Алматы облысы Нарынқол ауданы Сарыбастау ауылында туған. Ресей империясының отарлаушылық саясатына қарсы шыққаны үшін азаматтық құқықтарынан шеттетілген. 11.07.1916 жылы Ұзақтың жетекшілігімен Жаркент уезінің Нарынқол-Шарын жерінің 1000-нан астам тұрғындары Қарқара шатқалында патша үкіметінің жарғыларын орындаудан бас тартып, қазақ жастарын зорлықпен әскерге жинаушы жазалаушы жасақтарға қолға қару алып қарсылық көрсетті. Ұзақ тұтқында болды,



түрмеге жабылып, уландырып өлтірілді. Ол М.Әуезовтың «Құйын жылдар» повесінің басты кейіпкері болып табылды.

### **Өтеген Өтегұлұлы (Мүйізді Өтеген) (туған жылы 1699-1773)**

Қазақ батыры. Қолбасшы. Орта жүз дулаттан тараған жаныс руынан шыққан. Хантаудың етегінде туған. 15 жасынан бастап жоңғарлармен болған шайқастарға қатысқан және қазақ хандығының тұтастығын сақтауға орасан зор үлес қосқан. Жетісуды, Шығыс Қазақстан жерлерін жоңғарлардан босатты. Аңырақай шайқасына қатысқан. Жекпе-жектерде жоңғар батырлары Ботішхар мен Сауан Тайшықты жеңген. Іле өзенінің жағасында жерленген, 1973 жылы ол жерленген жерде Қапшағай су қоймасының құрылысын салуына байланысты оны Жамбыл облысының Қордай ауданына қайтадан жерледі.

### **Ханкелді Сырымбет (туған жылы 1688-1763)**

Ұлы жүздің албаннан тараған әлжан руынан шыққан қазақ батыры. Атақты Райымбек батырдың атасы. Жоңғарлармен болған көптеген шайқастарға қатысты, Аягөз, Тесіктас, Аңырақай шайқастарында ерекше көзге түсті.

### **Шоқай Мұстафа (эмиграцияда Чокаев, Чоқай-оғлы) (туған жылы 1889-1941)**

Барлық Орталық Азияның ұлттық мақтанышы. Әлемдік демократиялық қозғалысқа елеулі үлес қосқан тұлға ретінде Батыста және барша түркі әлемінде танымал адам. Халқына жанымен берілген және ғұмырын Түркістанның еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін аямаған мемлекеттік қайраткер. Франция азаматы, қыпшақ руынан шыққан қазақ халқының перзенті. Қызылорда облысы Шиелі ауданы Сұлынтөбе ауылында туған. Санкт-Петербург университетінің заң факультетін үздік бітірген. Алты тілде еркін сөйлеген. Ресейдің мемлекеттік думасында Орталық Азия және Қазақстан халықтарының мүддесін қорғаған. Алаш қозғалысының қайраткері. 62 күн әрекет еткен тәуелсіз Түркістан Республикасының премьер-министрі болған. Большевиктер уақытша үкіметті талқандағанынан кейін, Шоқай эмиграцияда Түркістан үкіметінің қызметін батыста жүріп жалғастырды, онда тәуелсіздікке жетер жолдың күресу стратегиясын жасады. Саясаткер-реалист ретінде ол 20 жылдан астам уақыт бойы әлемге Орталық азияның жергілікті халықтары, кеңес өкіметі әкелген нәубет, деспотизм, қылмыстары, коммунистердің қанды әрекеттері туралы жар салып, олармен аяусыз күресуге шақырды. Ұзақ жылдар бойы кеңес тарихнамасы оны Отанын сатқан сатқын, жау жағына өтіп кетуші ретінде, тіпті гитлерлік Германияның жағында соғысқан аты шулы Түркістан легионын ұйымдастырушы ретінде де көрсеткілері келді. Өтірік жаланың бәрін мұрағат құжаттары теріске шығарды. Шоқай 1941 жылы желтоқсанда неміс тұтқынында (оны уландырды деген де мәлімет бар) өлді. Ресей Ғылым академиясының XX ғасырдың бірінші жартысындағы түркі тілді саяси қайраткерлердің ресейлік саяси ойлары энциклопедиясында Шоқайдың есімі жазылған. Аталған фактіден оның толық ақталғандығын көруге болады.

## ФАШИСТІК ҒЕРМАНИЯҒА ҚАРСЫ СОҒЫСҚАН ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ БАТЫРЛАРЫ – ДАҢҚТЫ ҚАЗАҚТАР

*Фашистік Германияға қарсы Ұлы Отан соғысының (бұдан былай – ҰОС) майдан даласында шамамен миллиондаған қазақтар соғысты. Көбі қайтып оралмады. Оның ішінде тек қазақтардың саны – 350 мың болды. 1939-1945 жылдары соғысқан Англия мемлекеті, қарша бораған бомбаның астында қалып, 200 мыңдай адамынан айырылды. Құрама Штаттар еуропалық майдандарда – 150 мың адамын жоғалтты. Байқасақ, екі алып мемлекеттің құрбандарының жалпы саны қазақ елінің боздақтарының санынан аспай тұр. Майдан даласында көрсеткен ерліктері үшін 96 638 қазақ жауынгерлік орден, медалдармен наградталды, 96-на – Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Соның ішіндегі сегізі – А.Матросовтың\*, екеуі Н.Гастеллоның\*\* ерлігін қайталап өжеттік танытқан.*

### **Әбдіров Нұркен (туған жылы 1919-1942)**

Кеңес Одағының батыры. ҰОС қатысушы. Әскери ұшқыш-штурмовик, сержант. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында туған. 1942 жылы 19 желтоқсанда жауынгерлік тапсырманы орындау барысында ерекше батылдық пен батырлық үлгісін көрсетті. Ол басқарған ұшақ моторына снаряд тиіп, отқа оранды. Әбдіров қызыл жебедей заулаған ИЛ-2 ұшағын жаудың қалың шоғырланған танкілеріне бағыттап, Ростов облысы Боковский ауданы Коньково селосы жанында экипажымен бірге батырға лайық өліммен қаза тапты.

### **Әбдібеков Төлеуғали Насырханұлы (туған жылы 1916-1944)**

ҰОС жылдарындағы атақты мерген. Семей облысының Жарма ауданында туған. Оны әкесі ерте жасынан дәл көздеп атуға баулып, аң атуға үйретті. Қызыл әскер қатарында да нысана көздеп ату жарысынан қаруластары арасында үнемі бірінші орын алған. Калинин майданында атақты Панфилов дивизиясының 1077-ші полкы құрамында аға сержант дәрежесінде соғысты. 397 жау солдаттының көзін жойған. Салыстырмалы түрде алғанда даңқты мергендер В.Зайцев пен И.Сүлейменов жойған жау солдаттының саны, сәйкесінше – 225 және 270. Әбдібеков 1944 жылы 23 ақпанда шайқаста алған жарақатынан қаза тапты. Калинин облысының Ново-Сокольнический ауданы Насва станциясы маңында жерленген. Ұрыста көрсеткен ерлігі үшін Қызыл жұлдыз, Қызыл ту, 1-ші дәрежелі Ұлы Отан соғысы және Ленин ордендерімен наградталған. Қолбасшылық оның өмірбаяндық анықтамасында халық жауы ретінде қуғын-сүргінге ұшыраған ағасы Кемелбай туралы мәліметтің болғандығын ескеріп, Кеңес Одағының батыры атағына ұсынбаған. Мерген Әбдібековтің ерлігі туралы 1943 жылы бүкілодақтық радиодан хабар ұйымдастырылды.

### **Баймағанбетов Сұлтан Біржанұлы (туған жылы 1922-1943)**

Кеңес Одағының батыры. Қостанай облысы Жетікөл ауданының Қоянды Ағаш ауылында туған. ҰОС жылдары пулеметшілер бөлімшесінің командирі, аға

---

\*Матросов Александр-атқыштар полкінің қатардағы жауынгері. 27.02.1943 жылы Псков облысының Чернушки деревнясы үшін болған шайқаста бөлімшенің алға жылжуына кедергі болған жаудың пулемет амбразурасын кеудесімен жапты.

\*\*Гастелло Николай-ұшқыш. 26.06.1941 жылы қаза тапты, жау машинасымен танкілерінің қалың нөпіріне отқа оранған ұшағын бұрды.



сержант, Ленинград майданының 67-ші армиясының 43-ші атқыштар дивизиясының 147-ші атқыштар полкында рота парторгы болған. 1943 жылы 25 шілдеде Ленинград түбіндегі Синявинский биігі үшін болған шайқаста жау дзотының амбразурасын кеудесімен жауып, ұмытылмас ерлік көрсетті. Баймағанбетов ерлігі І.Есенберлиннің «Сұр мерген» поэмасында жырланған.

#### **Балтабанов Иманғали (туған жылы 1925-1945)**

Кеңес Одағының батыры. Ақтөбе облысы Қобда ауданының Қос өткел ауылында туған. ҰОС жылдары пулеметшілер бөлімшесінің командирі болған, сержант, бір өзі 178 жау солдаты мен офицерінің көзін жойды. 1945 жылы қаңтарда Одер өзенінен өткеннен кейін ерлікпен қаза тапты, жау дзотасына ұмтылып, граната лақтырып жарып жіберді.

#### **Бигелдинов Талғат Жақыпбекұлы (Якупбекұлы) (1922 жылы туған)**

Кеңес Одағының батыры. 96 қазақ арасынан жоғары атаққа ҰОС жылдары көрсеткен ерлігі үшін қол жеткізген, ол жоғары атаққа екі мәрте ұсынылған батыр қазақ. Ақмола облысы Майбалық ауылында туған. Ұшқыш-штурмовик, полк командирі, полковник. 144 штурмдық әуе полкі құрамында Калинин, Воронеж, Степной, 1-ші және 2-ші Украин майданында соғысты. Украинаны, Польшаны азат етуге қатысып, Бреслау мен Берлинді алуға қатысып ерлік көрсеткен. Соғыс жылдары барлығы 300-ден артық жауынгерлік тапсырмамен ұшып шығып, 7 жау ұшағын құлатып, ондаған жау танкісімен қаруын басқа да техникасын жойды. Нақ Бигелдинов штурмавик ұшақпен немістің жойғыш ұшағын құлатқан алғаш ұшқыш ретінде соғыс тарихында есімі алтын әріппен жазылып қалды.

#### **Бейсекбаев Бақтыораз Шампекұлы (туған жылы 1902–1941)**

Халық Қаһарманы (1998) Ресей батыры (1996). Алматы облысы Іле ауданының Іле ауылында туған. 1937 жылы Қызыл әскер қатарына шақырылды. 42-ші авиация дивизиясының 207-ші авиация полкінде әуе атқышы болды. 1941 жылы 26 маусымында құрамында Бейсекбаев болған, Гастелло мен А.Масловтың басқарған екі экипажы, Минск облысы Родошкович елді мекені төңірегінде жауға бомба жаудырды. Ұшақтарына зақым келгенін сезген ұшқыштар, көкпен зулаған темір жебедей жау танкілерінің легіне құлап, өмірін қию арқылы жаудың көзін жойды. Осы ерлігі үшін Гастелло Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылды. Маслов экипажының қалдығы 1951 жылы табылды, тек 1990 жылдардың соңында ғана тарихи шындықтың беті ашылды.

#### **Дәулетбеков Амантай (туған жылы 1917-1943)**

Кеңес Одағының батыры. ҰОС жылдары Брянск майданында соғысқан. 13-ші танкіге қарсы дивизияның 1180-ші артиллерия полкінің бөлімше командирі болған. Аға сержант. 1943 жылдың 9 шілдесінде Поньри қаласы маңында Орел мен Курск бағытындағы т/ж станциясы аралығында Дәулетбаев жауынгерлерімен бірге кескілескен шайқаста жаудың 29 танкісін, 13 пулеметін және 200-дей солдат, офицерінің көзін жойып, ерлікпен қаза тапты.

#### **Доспанова Хиуаз (Хиваз) Қайырқызы (туған жылы 1922-2008)**

Халық Қаһарманы. Орал облысы Теңіз ауданы Теңіз ауылының тумасы. ҰОС қатысқан. 46-шы қыздардың бомбалаушы гвардиялық авиалық полкінің ұшқыш-штурманы. Солтүстік Кавказды, Кубанды, Қырымды, Украинаны, Белоруссияны, Польша мен Германияны азат ету үшін 300-ден астам жауынгерлік тапсырмамен ұшып шықты. Бірнеше рет Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылса да,

басшылықтың әділетсіздігінен ұсыныс қабылданбай қалған. Доспанова —соғыс жылдары ұшқыш болған жалғыз қазақ қызы.

#### **Ескалиев Сүндетқали (туған жылы 1924-1944)**

Кеңес Одағының батыры. Батыс Қазақстан облысы Борлы ауданы Сұлукөл ауылында туған. ҰОС жылдары 169-шы Рогачевский атқыштар дивизиясының 556-шы атқыштар полкінің 1-ші ротасының құрамында соғысқан. Қатардағы жауынгер. 1944 жылы 24 маусымда Белоруссиядағы Могилев облысы Быховский ауданы Лудчицы деревнясы үшін болған шайқаста жау дзотының амбразурасын кеудесімен жауып, өшпес ерлік үлгісін көрсетті.

#### **Есболатов Нұрсүтбай ( Нұрсұлтан ) (туған жылы 1913-1941)**

Кеңес Одағының батыры. Жоғары атаққа қазақтар арасында алғашқылардың бірі болып ұсынылған. Талдықорған облысы Ақсу ауданы Дөңгек ауылының тумасы. ҰОС жылдары генерал И.В.Панфиловтың қолбасшылығындағы 316-шы атқыштар дивизиясының 1075-ші атқыштар полкі құрамында Мәскеу түбіндегі шайқасқа қатысқан. 1941 жылғы 16 қарашада қатардағы жауынгер Н.Есболатов қаруластарымен бірге қайтпас ерлік үлгісін көрсеткен, жаудың сансыз танкісіне тойтарыс беріп, Дубосеково жол айрығы жанындағы ұрыс даласында қаза тапты.

#### **Қабылов Түлен (туған жылы 1917-1945)**

Кеңес Одағының батыры. Алматы облысы Шелек ауданы Асы-Саға ауылында туған. ҰОС жылдары Евпаторияның Қызыл жұлдызды 24-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 72-ші гвардиялық атқыштар полкінің атқыштар бөлімшесінің командирі болған. Сержант. Кенигсберг қаласындағы шайқаста гранат орамын жарып жау танкісін өртеп жіберді, сөйтіп фашистердің қарсы шабуылына бөгет болды, 1945 жылғы 10 сәуірде ерлікпен қаза тапты.

#### **Қасым Қайсенов (туған жылы 1918-2006)**

Халық Қаһарманы. Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Асыбұлақ ауылында туған. ҰОС жылдары диверсиялық барлаушылар мектебін аяқтағаннан кейін, Украина, Молдавия, Румыния жерлерінде, Карпатта партизандар қозғалысын ұйымдастырған. Жау тылындағы диверсиялық жарылыстар ұйымдастыру шараларын жүргізуде батылдық пен өжеттік танытты. Партизандардың ерлігі жайындағы көптеген әдеби шығармалардың авторы.

#### **Қарақұлов Жұман (туған жылы 1921-1944)**

Кеңес Одағының батыры. Қарақалпақстанда туған. ҰОС қатысушы. Түркістанның Қызылтулы 128-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының Севастопольдің 327-ші гвардиялық атқыштар полкі ротасының автоматчигі. Қатардағы жауынгер. 1944 жылы 18 қазанда Чехословакия жеріндегі елді-мекен үшін болған ұрыста жау пулеметін гранатамен жарып жіберіп, ротаның алға жылжуы үшін өмірін қиды.

#### **Қосаев Әлмембай (туған жылы 1905-1941)**

Кеңес Одағының батыры. Жоғары атаққа қазақтар арасында алғашқылардың бірі болып ұсынылған. Алматы облысының тумасы. ҰОС жылдары генерал И.В.Панфиловтың қолбасшылығындағы 316-шы атқыштар дивизиясының 1075-ші атқыштар полкі құрамында Мәскеу түбіндегі шайқасқа қатысқан. Қатардағы жауынгер Қосаев Дубосеково жол айрығы жанындағы шайқаста, ауыр жаралы бола тұра, фашист танкісін граната орамымен жарып, ерлікпен қаза тапты.



### **Қошқарбаев Рақымжан (туған жылы 1924-1988)**

Халық Қаһарманы. Ақмола облысы Тельман ауданы «Қырық құдық» ауылында туған. ҰОС жылдары 1-ші Белорус майданының Идрицкий атқыштар дивизиясының 647-ші атқыштар полкінің взводын басқарды, Берлинді алуға қатысты. Ол қатардағы жауынгер Г.Болатовпен бірге 1945 жылдың 30 сәуірінде 14-00 сағатта рейхстагқа бірінші болып қызыл ту тікті. Ол туралы жоғарыдан келіп түскен үкім бойынша атақты майдангер-кинооператор Роман Карменнің «Штурм Берлина» фильмінен кесіліп алынып тастаған мұрағатта сақтаулы кинокадрлар куә. Мәскеудің сценарий бойынша туды бірінші болып Грузин немесе Ресей өкілі тігуі керек болған. Қошқарбаев пен Болатовтың ерлігі ұмыт болып, Кеңес Одағының батыры атағына да ұсынылмай қалды.

### **Мәметова Мәншүк Жиенғалиқызы (шын есімі мен фамилиясы Мамытова Мәнсә) (туған жылы 1922-1943)**

Кеңес Одағының батыры. Шығыс қыздары арасынан бірінші болып жоғары атаққа ұсынылған. Орал облысы Үрді ауданында туған. Өз еркімен ҰОС қатысып, Калинин майданының 3-ші соққы беретін армиясының 21-ші атқыштар дивизиясының 100-ші атқыштар бригадасы құрамында соғысқан. Аға сержант, пулеметшілер бөлімінің командирі. Ержүрек, батылдығымен ерекшеленді. 16.10.1943 жылы Псков облысының Невель қаласы түбіндегі шайқаста пулеметтен оқ жаудырып, фашистердің шабуылын тоқтатып, ерлікпен қаза тапты.

### **Молдағалиев Жанғазы Ақылұлы (туған жылы 1917-1943)**

Кеңес Одағының батыры. Семей облысы Абай ауданы Бестамақ ауылында туған. ҰОС қатысқан. Гвардия лейтенанты. 39-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының 120-шы гвардиялық атқыштар полкі ротасының атқыштар взводының командирі 1943 жылдың 1 карашасында Днепропетровск облысының Чернопарковка селосы жанында болған ұрыста жау дзотын кеудесімен жауып, ерлікпен қаза тапты.

### **Молдағұлова Әлия (інін есімі-Ілия) Нұрмұхамедқызы (туған жылы 1925-1944)**

Кеңес Одағының батыры. Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бесқопа ауылында туған. ҰОС-да 1943 жылдан бастап Прибалтика майданының 22-ші әскерінің 54-ші жекелеген атқыштар бригадасының құрамында соғысқан. Ефрейтор. Мерген. Шайқаста ержүрек, батылдығымен ерекшеленген. Әлия бірінші фашисті өлтірген күні бұйығып, ешкіммен сөйлеспей қойған. Үнсіз ғана орманға кетіп қалған. Кейіннен қаруластарына сырын ашып: «Мен өмірімде тауықты өлтіріп көрмегенмін, мұнда адамдарды ата бастадым», - деген екен. Псков облысындағы бір шайқаста батальонды шабуылға көтеріп, ерлікпен қаза тапты. Тарихта мұндай факт орын алмаған. Молдағұлова мен Мәметова Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылған бірінші Шығыс қыздары болып табылады.

### **Момышұлы Бауыржан (туған жылы 1910-1982)**

Халық Қаһарманы. Жамбыл облысы Жуалы ауданы Көлбастау ауылында туған. ҰОС қатысқан. Полковник. Батальон, полк, дивизия қолбасшысы болған. Мәскеу түбіндегі қиан- кескі шайқастарда оның полкқа қолбасшылық жасау таланты айрықша танылды (1941). Шайқастар барысында бөлек-бөлек кеткен әскери бөлімдерді біртұтас етіп жинақтап, қоршаудан алып шығып алдыңғы шепке шығара алды. Комбат Момышұлы жауынгерлер алдында картаның Мәскеу көрсетілген бөлігін кесіп тастап, «Біз Мәскеуге дейін шайқасуымыз керек, оның арғы бетінде бізге орын жоқ!»,- деген екен. Жас комбатты солдаттар, сонымен бірге ересек жауынгерлер де құрметтеп, Бауке деп атаған. Батылдығы мен ержүректігі үшін ол

бірнеше рет Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылды, алайда, бұған кейбір мәртебесі жоғары басшылар қарсы болды. Олар пендешілікпен қызғаныш сезіміне бой алдырған. Батыр қайтыс болғаннан кейін, тек 1990 жылы ғана оған лайықты атағы берілді. Бауыржан Момышұлы атакты кеңес жазушысы Александр Бектің «Волоколамское шоссе» повестінің басты кейіпкері. Ол заман өзге ұлттан шыққан батырлардың ерлігін кинода, әдебиетте және бейнелеу өнерінде тиісті деңгейде көрсетпейтін уақыт еді. Момышұлының ерлігін Кеңес Одағының маршалы К.К.Рокоссовский де жоғары бағалаған. Соғыстан кейінгі жылдары Баукеңнің әдебиетке құмарлығы артады. Оның «Бір түн оқиғасы», «Біздің отбасы», «Кубадан алған әсерім», «Төлеген Тоқтаров», «Біздің генерал», «Артымызда Мәскеу» кітаптары көпшілік оқырмандарға танымал. Соңғы шығармасы бойынша көркем фильм түсірілді. «Туған ұя» романы үшін оған Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығы берілді. 2000 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қоғамдық кеңесінің шешімімен Б.Момышұлы 9 ұлы қазақ арасында «XX ғасыр адамы» атағына ұсынылды. Баукеңнің адамгершілік құндылықтарға деген сезімінде атап өтпеуге болмайды. Баласына бесік жырын айта алмайтын анадан, немересіне ертегі айта алмайтын әжеден қорқамын депті. Ал бәрінен де бұрын, халқының тарихынан мақұм болып, баға жетпес салт-дәстүрінен нәр алып өспеген жас ұрпақтан қорқамын деген екен.

#### **Нысанбаев Боран (туған жылы 1918-1943)**

Кеңес Одағының батыры. Гурьев облысы Иісбол ауданы Қанбақты елді-мекенінде туған. ҰОС қатысқан. 137-ші атқыштар дивизиясының 771-ші атқыштар полкінің қатардағы минометчигі. 1943 жылы 6 ақпанда Орлов облысындағы шайқаста жау дзотын кеудесімен жауып, ерлікпен қаза тапты.

#### **Оразалинов Сабалақ (туған жылы 1925-1988)**

ҰОС қатысушы. Семей облысы Аягөз ауданы Көксала ауылында туған. Майданға өз еркімен аттанған. 131-ші атқыштар дивизиясының 482-ші атқыштар полкінің құрамында соғысқан. Ефрейтор. 1944 жылы 18 қарашада Сааремаа Моонзун архипелагы аралындағы Каймрин деревнясы маңындағы шайқаста жау дзотының амбразурасын кеудесімен жауып ерлік көрсетті. Ауыр жараланса да, дін-аман қалды. Зор денсаулығы өлімді жеңді. Көрсеткен ерлігі үшін ол Кеңес Одағының батыры немесе Халық Қаһарманы атақтарына лайық еді, алайда, өкінішке орай оның жауынгерлік ерлігі атаусыз қалды.

#### **Рақымов Сабыр Омарқұлұлы (туған жылы 1902-1945)**

Кеңес Одағының батыры. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданында туған. Кеңестік әскери қолбасшы. ҰОС жылдары танк полкі мен дивизиясын басқарған. Смоленск түбінде, Донбаста шайқасқан, Ростов, Беларуссияны жаудан азат етті. Кавказдағы әскери операция барысында Рақымовтың танк дивизиясы жаудың орасан зор күшіне қарсы тұра алды, және жаудың Туапсе қаласын жаулап алу жоспарын талқан етті. Осы ерлігі үшін ол генерал-майор шенін алды. Сонымен қатар, қазақтар арасында оған бірінші болып генерал атағы берілген. Гданск қаласы үшін ұрыста қаза тапты (Польша). Өзбектер де оны өзінің ұлттық батыры ретінде санайды. Оның есімін мәңгілік есте қалдыру үшін бір ауданға, метрполитен станциясына және Ташкенттің көшесіне, мектеп, Өзбек КСР-нің кеңшар, ұжымшарларына есімі берілді. «Өзбекфильм» киностудиясы «Генерал Рақымов» фильмін түсірген. Батырдың анасы-Бахрайымның күйеуі, генералдың әкесі Омарқұл қайтыс болғаннан кейін, батырдың анасы Ташкент жанындағы Пахтакул



ауылына үлкен ағасы Рақымның қасына, төркініше көшіп келген. Сондықтан Сабыр жиен ағасының есімін фамилиясы етіп алып Рақымов болған. Кейіннен Сабыр Рақымовтың жесірі Құралай Натуллаева (1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс батыры атақты Әліби Жангелдиннің қызы), халықаралық сот арқылы күйеуінің этникалық қазақ екенін дәлелдей алды.

#### **Сеңгірбаев Мұсабек (туған жылы 1914-1941)**

Кеңес Одағының батыры. Жоғары атакқа қазақтар арасында бірінші болып ұсынылғандардың бірі. Талдықорған облысының тумасы. ҰОС жылдары 316-шы атқыштар дивизиясының 1075-ші атқыштар полкінің 4-ші ротасы құрамында соғысқан. Мәскеу түбіндегі шайқасқа қатысқан (1941). 1941 жылы 16 қарашада Дубосеково жол айрығы жанындағы ұрыста немістің үш танкісін гранатамен өртеп тоқтатып, ерлікпен қаза тапты.

#### **Спатаев Қарсыбай (туған жылы 1918-1942)**

Кеңес Одағының батыры. Шымкент облысы Шаян ауданы Төрткөл ауылында туған. ҰОС қатысушы. Оңтүстік майданының 4-ші кавалериялық корпусының, 61-ші кавалериялық дивизиясының, 13-ші жеке атты-артиллериялық дивизионының 2-ші батареясының бағыттаушы минометчигі қатардағы жауынгер. Сталинград түбіндегі шайқаста жау танкісінің астына мина төсеп, ерлікпен қаза тапты.

#### **Сүлейменов Ибраһим (туған жылы 1911-1943)**

ҰОС жылдарындағы даңқты мерген. Жамбыл облысы Сарысу ауданында туған. 3-ші сокқы беруші армияның 21-ші гвардия дивизиясының 100-ші атқыштар бригадасы құрамында соғысқан. Командирдің неге мерген болғын келеді деген сұрағына, далада аң атуды жақсы көргенін айтқан, ал фашист те сол тәрізді аң деген екен. Мергендік өнерде дивизияда оған тең келер адам болмаған. Бір атқанда нысанаға дәл тигізген. Сүлейменов әскерде бірінші болып «Мерген» деген арнаулы төс белгісін таққан. Ол фашистерге үрей туғызды. Оның есебі бойынша 270 фрицтің көзін жойған. Жауынгерлік ерлігі үшін Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылған, алайда, тек Қызыл Ту және екі Қызыл Жұлдыз ордендерімен наградталды. 1943 жылы қазанда даңқты Мәншүк Мәметовамен бірге бір шайқаста қаза тапты. Невель қаласында бір жерге жерленген. 1943 жылы қарашада Невель қалалық жұмысшы депутаттары кеңесінің шешімімен олардың есімдерімен қаланың екі көшесі аталды. Сүлейменовтей ерлік ісімен даңқты мерген Кеңес Одағының батыры Зайцев Василий Григорьевич қана теңесе алады. Ресми мәліметтер бойынша Зайцев соғыс уақытында жаудың 225 солдаты мен офицерінің көзін жойған. Басқа дерек көздерінде 300 фашист деген мәліметте бар, алайда оны растау қиын.

#### **Сұқамбаев Ақәділ (туған жылы 1920-1944)**

Кеңес Одағының батыры. Жамбыл облысы Свердлов ауданы «Қарасу» ұжымшарында туған. ҰОС қатысушы. Қызыл тулы Борисов 174-ші атқыштар дивизиясының 628-ші Қызыл тулы Гродненск полкінің 1-ші батальонының атқыштар бөлімінің командирі. Қатардағы жауынгер. 1944 жылы 31 шілдеде Польша жеріндегі шайқаста жау дзотын кеудесімен жауып, ерлікпен қаза тапты.

#### **Тұрмағамбетов Мұқанғали Есенұлы (1920 жылы туған)**

Атақты артиллерист. Батыс Қазақстан облысы Балықшы поселкесінің тумасы. ҰОС жылдары 3-ші Украин майданы 6-шы армиясының 15-ші зенитті-артиллериялық дивизионының қару командирі болған. Харьков, Сталинград, Луганск,

Днепропетровск, Қырым қорғанысына қатысқан. Румынияны, Венгрияны, Австрияны, Чехословакияны азат еткен. Ол қарулас-жауынгерлерімен бірге, соғыс уақытындағы көрсеткіш саны бойынша рекордтық деп саналған—жаудың 16 ұшағын атып құлатқан.

**Тышқанбаев Қожахмет (туған жылы 1918-1943)**

Кеңес Одағының батыры. Талдықорған облысы Панфилов ауданы Айдарлы ауылында туған. ҰОС жылдары 490-шы танкіге қарсы артиллериялық-жойғыш полктің қару бағыттағышы, сержант. Керч түбіндегі шайқаста, жаудың 5 танкісін жойып, ерлікпен қаза тапты.

**Үсенов Әбдолла (туған жылы 1924-1944)**

Кеңес Одағының батыры. Шымкент облысы Түркістан т/ж станциясында туған. ҰОС қатысушы. 1-ші Украин майданының 60-шы армиясының 112-ші Рыльско-Коростен атқыштар дивизиясының 159-шы жекелеген саперлік батальонының сапері болған. Қатардағы жауынгер. 1943 жылы 7 желтоқсанда Житомир облысы Нивки селосы үшін болған шайқаста жау танкісін минамен жарып, ерлікпен қаза тапты.

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТАҚТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ, ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНІҢ КОРИФЕЙЛЕРІ**

### **Асылмұратова Алтынай Абдулахимқызы (1961 жылы туған)**

Ресей балеті өнерінің мақтанышы. Алматы қаласында туып, өскен. Ресей Федерациясының халық әртісі. Әйгілі Маринин театрының прима-балеринасы. Лондон Корольдік театрының, сондай-ақ Марсель балетінің жетекші балеринасы болған. 2000 жылдан бастап А.Ваганов атындағы Академиялық Орыс балетінің көркемдік жетекшісі.

### **Айманов Шәкен Кенжетайұлы (шын есімі Шахкерім туған жылы 1914-1970)**

Қазақ халқынан шыққан атақты қазақ режиссері және актері. КСРО халық артисі. Павлодар облысының Баянауыл ауданының Айман-Бұлақ ауылында туған. 20 жылдан астам уақыт Қазақтың драма театрында қызмет атқарған. Қазақ халқының мақтанышына айналған кейіпкерлердің образдарын сомдаған. 1952 жылы «Абай» спектаклін қойғаны үшін КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығының иегері атанған. Айманов – Қазақ КСР киноматографистері Одағы басқармасын құрушы және оның алғашқы хатшысы. Қазақ киносын дамытуға зор үлес қосқан. Бірнеше киношедеврлер жасаған: «Жамбыл», «Біздің мейірімді доктор», «Тақиялы періште», «Атаманның ақыры». Осы кинотаспалар-нағыз өмір мектебіне айналған біздің ұлттық қазынамыз. «Ән қанатында» кинофильмі үшін Аймановқа Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығы берілген. Мәскеуде автокөлік апатынан қайтыс болды. Оның есімі «Қазақфильм» киностудиясына берілген.

### **Айтқожин Мұрат Әбенұлы (туған жылы 1939-1987)**

Қазақ ғалымы. Қазақстандағы молекулярлық биология мен биотехнологияның негізін қалаушы. Қызылжар қаласы (қазіргі Петропавловск қаласында) дүниеге келген. Биология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақ КСР ҒА президенті (1986-87ж.ж.). Оның зерттеулері әлемдік деңгейде танымал болған.

### **Айтқожина Нағима Әбенқызы (1946 жылы туған)**

Көрнекті ғалым, биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі. Қызылжар қаласы (қазіргі Петропавловск қаласында) дүниеге келген. Қазақстандағы молекулярлық және медицина генетикасының, ғарыштық биология мен биотехнологияның негізін қалаушы.

### **Ақышев Кемал (туған жылы 1924-2003)**

Қазақстанның археология ғылымының негізін қалаушы. Баянауыл жерінің тумасы. Қазақ КСР, Ш.Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты. Тарих ғылымдарының докторы. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Жетісу, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстанның археологиялық экспедициясына жетекшілік еткен. Есік қорғанынан егеменді Қазақстанның ұлттық нышанына айналған «Алтын адамды», сондай-ақ «Бесшатыр» қорғанын, тарих беттерінде әлемдік маңызы зор Отырар ескерткіштерін ашқан. Ақышевтың есімі Қазақ КСР-нің Құрметті азаматтарының алтын кітабына жазылған.

### **Алтынсарин Ыбырай (Ибраһим, Ибрай) (туған жылы 1841-1889)**

Қазақ халқынан шыққан тұңғыш ағартушы-ұстаз, Қазақстанның қазіргі заман педагогикасы ғылымының және жалпы білім беретін мектептер жүйесінің негізін қалаушы, фольклорист, тілтанушы, ақын, жазушы, этнограф, Орыс географиялық



қоғамының қызметкер – мүшесі. Қостанай облысының Тобыл өзені жағалауында дүниеге келген. Ұстаздық қызмет атқарған жылдары маңыздылығы жағынан ауқымды жұмыс жасап үлгерді. 1864 жылы Торғайда қазақ балаларына арнап бірінші бастауыш мектеп-интернатын ашқан. Сондай-ақ сол жылдары тікелей араласуымен қазақ жерінде тағы да жеті мектеп, екі сыныптық төрт оқу орны (біреуі қол өнерлік, келесісі қыздарға арналған) Троицк қаласында мұғалімдер мектебін ашуға мұрындық болған. Мұраға қалдыру мақсатында ағартушы-ұстаз өзінің жеке меншік жерін Қостанай қаласында ашылатын ауыл шаруашылығы оқу орнына берген. Алтынсарин қазақша оқулықтардың, бастауыш сыныптарға білім алуға арналған хрестоматиялардың және поэзия жинақтарын баспадан шығуын жолға қойды. Қазақ педагогикасы тарихындағы бірінші оқу-әдістемелік база қалыптастырып, екі оқулық құралын жазып өз қаражатына баспадан шығарған. Сонымен қатар балаларды оқыту және тәрбиелеу әдістемелерін анықтаған. Орыс графикасы негізінде (кириллица) қазақ әліпбиін жасады. Алтынсарин әртүрлі жанрдағы әдеби шығармаларға қалам тартты. Шығармашылығының басым бөлігін балаларға арналған әңгімелер мен өлеңдер жазуға арнады. Сондықтан оны құрметтеп «қазақтан шыққан балалар әдебиетінің атасы», -деп атайды. Сонымен қатар, Алтынсарин қазақтардың көшпенділік тұрмыстан, мәжбүрлеу шаралары арқылы отырықшылыққа көшіру жобасына үзілді-кесілді қарсы болды. Оның барлық шығармашылығында қазақ халқының салт-дәстүріне жаңашылдықтың асқан үлгілерін сіңіру ойы аңқып тұрды. Алтынсарин патшалық үкіметтің қазақтарды орыстандыру саясатына қарсы шықты.

#### **Асфендияров Санжар Джафарұлы (туған жылы 1898-1938)**

Қазақ халқынан шыққан алғашқы ғалымның бірі. Оған бірінші болып профессор атағы берілген. Кеңес одағы мемлекеттік және қоғам қайраткері. Санкт-Петербургтің әскери-медициналық академиясында оқыған. Түркістан АКСР-нің денсаулық сақтау халық комиссары (1911-1920 ж.ж.). Түркі Республикаларының Мәскеудегі өкілі (1921-1922 ж.ж.). Н.Нариманов атындағы Мәскеудің шығыстану институтының ректоры (1927-1928 ж.ж.). Қазақ педагогикалық институтының ректоры (1928-1931 ж.ж.). Қазақ АКСР-нің денсаулық сақтау халық комиссары (1931-1933 ж.ж.). Қазақстандағы алғашқы медициналық институтты ашып бірінші ректоры болған. Асфендияров – филолог, жазушы, тарих ғылымының профессоры. 20-дан астам шығармалар мен мақалалардың авторы. Оның бірінші «Қазақтар тарихы» ғылыми жұмысында қазақ халқының ешкімге ұқсамас мәдениеті, тарихы, әдебиеті, тіл байлығы оқырманға кеңінен ашылып жазылған. 1938 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, 1958 жылы толық ақталған.

#### **Әбіров Дәурен Тастанбайұлы (1923 жылы туған)**

Қазақтан шыққан бірінші кәсіби биші, балетмейстер. Хореографиялық өнердің және қазақ халқының сахналық биінің негізін қалаушы. Жамбыл облысының Қордай ауданының Қаракемер ауылында туған.

#### **Байтұрсынов Ахмет Шошақұлы (туған жылы 1873-1937)**

Қазақ халқының рухани мұрасына зор үлес қосқан көрнекті қоғам және мемлекеттік қайраткер. Торғай уезінің (қазіргі Қостанай облысының Жангелді ауданы) Тосын болысында дүниеге келген. Данқты Үмбетей батырдың немене ұрпағы. «Алаш» партиясының белсенді көшбасшысының бірі. «Халық ұстазы» атағына ие болған талантты педагог және ағартушы. Ғалым-түркітанушы, ақын, жазушы, орыс поэзиясын қазақ тіліне аударушы. Лингвист, қазақ тілтану және әдебиеттану ісінің

негізін қалаушы. Бірнеше оқу құралының, соның ішінде қазақ әліпбиінің, сондай-ақ қазақ грамматикасының белгілі санатына арналған ғылыми терминологияның авторы. Арап графикасы негізінде қазақ әліпбиін жасаған, қазақ жазуының реформаторы. 1913-1917 жылдары халқының тағдырына қатысты мәселелер көтеріп, Ресей империясының колониялдық саясатын сынап жазған «Қазақ» газетінің редакторы болды. Кеңес үкіметі жылдары Қазақ АКСР-нің білім беру ісінің халық комиссары, БОСК, ҚазОСК мүшесі болды. 1937 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, өткен ғасырдың сексенінші жылдары ақталды. 2000 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қоғамдық кеңесінің шешімі бойынша Байтұрсынов 9-шы болып ұлы қазақтар қатарында «XX ғасыр адамы» атағына ұсынылды.

### **Бекмаханов Ермұқан (туған жылы 1915-1966)**

Қазақтан шыққан ғалым-тарихшы. Павлодар облысының Баянауыл ауданында, Жасыбай көлінің жағасында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры, тарих кафедрасының меңгерушісі, ғылыми кеңестің жетекшісі болған. Ұлы Отан соғысынан кейін Сталин демагогтық жасап, «Еркін республикалардың мызғымас одағын» құрған ұлт санап орыс халқының ролін асыра сілтегенін айта кету керек. Көсем Грозный мен Петрдің тәжін кигендей болып, ал ресейлік самодержавиені шетте қалған ұлттардың жетуге ұмтылатын биігі санады. Ал осы кезеңде Бекмаханов арнаулы қызметтің қарсы әрекеті мен оның ізін аңдығанына қарамастан, өзінің ғылыми жұмыстарында қазақ халқының шынайы тарихын мазмұндады. Оның Кеңесары Қасымұлының көтерілісін ұлт-азаттық- деп берген бағасын, кеңестік билік қателік деп санады. Ол ұлтшыл болып айыпталып, 25 жылға бас еркіндігінен айырылды. 1954 жылы Сталиннің өлімінен кейін ақталды. Бекмаханов-бас еркіндігінен айырылу арқылы, қазақтар туралы тарихи шындықты мойындатқан, ержүрек тұлға.

### **Берсиев Шығанақ (туған жылы 1881-1944)**

Ауыл шаруашылығы өндірісінде алғашқы жаңалық ашқан, тары өсірушісі. 1938 жылдан бастап Ақтөбе облысының Үіл ауданының «Құрман» колхозында звено жетекшісі болған. Жыл сайын тары өсіруден жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізген: 1939 жылы 25,5 ц/га; 1940-155,8; 1941-166; 1942-175; 1943-201 ц/га (әлемдік рекорд ретінде тіркелген). Ленин орденімен наградталған. Ұлы Отан соғысы жылдары қорғаныс қорына ұшақ жасату үшін ақша аударған. Берсиевтің өмірі мен еңбек жолы F.Мұстафиннің «Шығанақ» романында суреттелген кейіпкер.

### **Бозтаев Кешірім (туған жылы 1933-1999)**

Қазақстанның көрнекті мемлекеттік және қоғам қайраткері. Семей облысы Аягөз ауданының Ақшатау ауылында дүниеге келген. Қазақ тау-кен металлургия институтының түлегі. Өскеменнің қорғасын-цинк комбинатының рафинация цехындағы аға балқытушыдан бастап Шығыс Қазақстан облысы партия комитетінің 2 хатшысына дейінгі еңбек жолын өтті. 1987 жылы Семей облысының СОКП комитетінің 1 хатшылығына тағайындалды. Ұлы Абайдың елінде аталған лауазымда 5 жыл атқарған еңбегінің арқасында 69 жалпы білім беретін мектеп, 67 мектепке дейінгі мекеме, 28 мәдениет үйі мен клуб салдырып, іске қосылуына өзіндік үлесін қосты. Сондай-ақ 24 медициналық мекеме жұмысын іске қостырған. Тағы да 34 мектеп, 33 бала бақшаның құрылысын бастауға мұрындық болды. Облыстың өнеркәсіп өндірісінің көлемі 15-ші орыннан 5-ші орынға көтерілді. Жыл сайын 300-дей шақырым жолға асфальт төселді. Шығыннан көз ашпайтын ауыл шаруашылығы табыс әкеле бастады. Сонымен қатар, облыс басшысының

алаңдайтын басты мәселесі ядролық полигон еді. 1989 жылдың ақпан айында ешкімнің ойына келмеген жауапкершілікті мойнына алып, СОКП-нің ОК Бас хатшысы М.Горбачевке, полигонды жабуды талап еткен шифротелеграмма жібереді. Бозтаевтың үндеуі КСРО қорғанысына, қырық жыл әрекет еткен полигонға жасалған алғашқы және жеке дара қарсылық болатын. Дәл сондай мазмұндағы телефонограмма хаттар КСРО Министрлері Кеңесінің төрағасы Н.Рыжковқа, КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы А.Лукияновқа, Кеңестік бейбітшілік сақтау комитетінің төрағасы Г.Боровикке, КСРО Жоғарғы Кеңесінің халық депутаттары З.Пуховаға және О.Сүлейменовке жіберілді. Бұл хаттар Кремлді дүр сілкіндірді. Үкіметтік комиссия құрылды. Бозтаевқа қысым көрсете бастады. Алайда, оны қорғаушыларда табылып жатты: жоғарыда аталған Т.Боровик, КСРО ҒА вице-президенті Е.П.Велихов, кезінде Орта Азия әскерлерінің қолбасшысы болған, 1986 жылғы желтоқсанда қазақ жастарына қарсы жазалаушылық операция жүргізуден бас тартқан, Варшава Келісімі елдерінің Біріккен Қорғаныс Күштерінің Бас штабының бастығы, армия генералы В.Лобовтар бар еді. Бозтаевты Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Назарбаев және кейіннен «Невада-Семей» жалпы халықтық ядролық сынаққа қарсы қозғалысты басқарған О.Сүлейменов те қолдау көрсетті. Атом қаруын сынақтан өткізуден зардап шеккен халықты әлеуметтік қолдау жүйесін құруға Бозтаевтың қосқан үлесі орасан зор. Оның табандылығының арқасында 1989 жылы КСРО Министрлер Кеңесінің «Қазақ КСР Семей облысының экономикалық және әлеуметтік дамуын жеделдету жөніндегі шаралар туралы» қаулысы жарық көрді. Олжас Сүлейменов сол кездерде «Тоталитарлық билікті дәурені жүріп тұрғанда, Қазақстанда ядролық полигонның әрекет ету құқығын қорғаған КСРО-ның әскери өнеркәсібі кешені жанашырларымен болған күрестегі оның батыл қадамын ұмытуға болмайды. Қазақ халқына жанымен берілген ұлдарының бірі Кешірім Бозтаевқа деген ықыласым зор. Оның есімі ұрпақта санасында жатталып қалуы керек». Шын мәнісінде, қазақ жерінің ұлы патриоты Бозтаевтың есімі ұмытылып қала берді, біздің атақты тарихшыларымыз оның есімі тіпті 2004 жылы жарық көрген «Ұлттық энциклопедияға» да енгізбеген, есесінше онда Отан алдында сіңірген еңбегімен көзге түсе қоймаған бүгінгі күнгі саяси элит өкілдерінің есімдері (Әбіқаев Н., Өтемұратов Б. және т.б.) жазылған.

### **Бөкетов Евней Арыстанұлы (туған жылы 1925-1983)**

Химия және металлургия саласын зерттеген қазақ ғалымы, академик, техника ғылымдарының докторы, ақын, жазушы, аудармашы, публицист, КСР Жазушылары одағының мүшесі. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Солтүстік Қазақстан облысының Бағанаты ауылында дүниеге келген. Қазақ химия ғылымының әлемдік деңгейге көтерілуі оның есімімен тығыз байланысты. Ғалымның ғылыми жұмыстары әлемнің көптеген мемлекеттерінің өндірісіне ендірілген. 1972 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің ірге тасын қалаушы және алғашқы ректоры.

### **Досмұхамедов Халел (туған жылы 1883-1939)**

Қазақ ғалымы, дәрігер, фольклорист, публицист, педагог, қоғам қайраткері, Рес ҒА корреспондент мүшесі, профессор. Атырау облысының Қызылқотын ауданын қазіргі Тайсойған деген жерінде дүниеге келген. Ол Алаш қозғалысын көшбасшыларының бірі болған, бірінші Қазақ автономиясын басқарған. Досмұхамедовтың негізгі еңбектері қазақ ғылымының терминологиясын әзірлеу арналған. Ол бірінші болып: «Жаратылыс тану», «Жануарлар», «Адам ағзасы» же



т.б. оқулықтарды жазған. Қазақ фольклорының техникалық мәселелерін дамытуға елеулі үлес қосқан. 1939 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, 1958 жылы ақталған.

### **Ермеков Әлімхан Әбеуұлы (туған жылы 1891-1970)**

Қазақтан шыққан бірінші профессор-математик. Семей облысының Қарқаралы уезі Қонырат болысы қазіргі Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Томск технологиялық институтын оқып бітірген. Ресей империясының колониялық саясатына қарсы ұйымдастырылған ұлт-азаттық қозғалысына белсенді қатысушысы. «Алаш Орда» - үкіметінің вице-премьері, жоспарлау комитетінің бастығы. Кеңестік кезеңде Қазақ АКСР үкіметінде жауапты мемлекеттік лауазымдарда қызмет атқарған. Алматы политехникалық институтының негізін қалаушылардың бірі. Республиканың бірқатар жоғары оқу орындарында жоғарғы математика мен теоретикалық механика пәнінен дәріс берген. Қазақтың математика терминологиясын жасаған. Еліміздің жоғары оқу орындарына арналған қазақ тілінде математика пәніне жазылған бірінші оқу құралының авторы. 1920 жылы Ресейдің Астрахань губерниясы аумағының бір бөлігіне беріле жаздаған Каспий теңізінің солтүстік жағалауы үшін В.И.Лениннің қабылдауына кірін өзінің пікірін білдірген. 1938 жылы қуғын-сүргінге ұшыраған, 1957 жылы ақталып шықты. Қарағанды қаласында дүниеден озды.

### **Есенов Шахмардан (туған жылы 1927-1994)**

Қазақстанның танымал ғылыми және мемлекеттік қайраткері. Ғалым, геолого-минералогиялық ғылымдарының докторы, профессор, академик. Қызылорда облысы Шиелі ауданы Торғатай ауылында туған. Есеновтың көздеген мақсатына жетуге бар күшін жұмсайтындығының арқасында Маңғыстау, Өзен, Жетібай, Қаламқас, Қаражамбас, Бозашы және басқа да көптеген кен орындары ашылып, өндірістік іске қосылды. 1962 жылы Мәскеуде Маңғышлақ түбегін, мұнай өндірісі саласымен бұрыннан айналысып келе жатқандығына байланысты Азербайжан республикасына беру туралы сөз қозғалғанда, геология министрі Есенов Жоғарғы Кеңес Президиумы мен КСРО Министрлер Кеңесінің бірлескен жиналысында Қазақстанның индустриалдық міндеттерді өз күшімен шеше алатындығын дәлелдеп берді. Тендесі жоқ жоғарыда аталған қазыналы Түбек, Н.Хрушевтің тегеуірініне карамастан, әдеттегідей, Қазақстанның иелігінде қалды.

### **Жақаев Ыбырай (туған жылы 1891-1981)**

Қазақ халқының ауыл шаруашылығына өзіндік үлес қосқан күріш атасы «Ақ-маржан» күрішін алғашқы болып сыр өңіріне әкелген. Қызылорда облысының Шиелі ауданында туған. Күріш өсірудің ерекше жаңа әдісін ойлап тапқан. Күріш өнімділігі бойынша әлемдік рекорд жасаған. 1940 жылдан бастап жоғарыда аталған ауданның «Қызыл Ту» колхозының звено жетекшісі болған. 1942 жылдан 1967 жылға дейін оның звеносы күріш өсіруден жалпы көлемі 20 гектар жердің 1 гектарынан 80-92 пайыздан өнім алған. 1949 жылы Жақаев 1 гектар жерден 171 центнерден күріш алды. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері (1949, 1971жж). КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Ленин орденінің төрт мәрте кавалері. Сондай-ақ Еңбек Қызыл Ту орденімен, Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесінің және Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің 11 медалімен, оның ішінде төрт алтын медальмен наградталған. Оның есімі тек Кеңес Одағы көлемінде ғана емес, сонымен бірге, күріш ежелден ұлттық тағам болып танылатын елдерде де танымал болды.

### **Жиенқұлова Шара (Гүлшара) Баймолдақызы (туған жылы 1912-1991)**

Қазақтан шыққан бірінші кәсіби биші. Қазақ КСР-нің Халық әртісі. Алматы қаласында туған. Д.А.Қонаевпен мектептің бір сыныбында бірге оқыған. Өзінен кейін саркылмас би өнерінің мұрасын қалдырды, көптеген шәкірт, ізбасарлар тәрбиеледі. Ұлы Отан соғысы жылдары алғы шепте концерттік бағдарламалар көрсетті. 1962-66 жылдары Қазақ КСР-нің ән-би ансамбліне жетекшілік етті. Жарты әлемде гастрольдік сапарда болды. Оның талантына тәнті болған Үнді басшысы Д.Неру алтыннан жасалған алқа сыйлаған. Жиенқұлова-атақты «Қазақ вальсі» бiнн қоюшы автор.

### **Жұбанов Ахмет Қуанұлы ( туған жылы 1906-1968)**

Қазақ КСР-нің Халық әртісі. Қазақтан шыққан бірінші кәсіби дирижёр. Қазақ музыкасын зерттеуші. Академик, өнертану докторы, профессор. Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрін құрушы. Ақтөбе облысының Темір ауданында дүниеге келген. Алматы консерваториясында халық аспаптары кафедрасын ашты, музыка театрының мемлекеттік филармониясын ашуға септігін тигізді. Қазақ музыкасын шетелде насихаттады. Қазақтың әйімен күйінің шығу тарихы туралы көптеген мақалалар жазды. Осынау ерен еңбектің арқасында барша әлемде қазақ музыкасына деген қызығушылық пайда болды. Ұлы композитор Жұбанов-көптеген әндер, пьесалар мен опералар музыкасының авторы. Қазақ халық әндерінің әуені бойынша сан түрлі күйлер, қобызға, скрипкаға, виолончелиға арналған мелодиялар жазды. Атақты Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбеттің күйлерін оркестрге икемдеп өңдеді. Қазақ тілінде жазылған алғашқы музыкалық әліпбидің авторы. Музыка жөнінде оқулықтар мен оқу құралдарын дайындады. Көптеген өнер адамдарын тәрбиеледі. Ахмет Қуанұлы бастаған «Құрманғазы» операсын қызы Ғазиза Жұбанова аяқтады.

### **Жұбанов Құдайберген Қуанұлы (туған жылы 1899-1938)**

Көрнекті түркітанушы-ғалым, педагог, профессор, қазақ тілтану ғылымының негізін қалаушылардың бірі. Ақтөбе облысының Темір ауданында туған. Атақты өнертанушы Ахмет Жұбановтың ағасы. Санкт-Петербургтің Шығыс тілдері институтын оқып бітірген. Қазақ мектептері және жоғары оқу орындарына арналған қазақ тілі пәнінен оқулықтар, әдістемелік құралдар, бағдарламалар жазған. Оның іргелі ғылыми еңбектері қазақ тілтануын дамыту ісіне елеулі үлес қосты. Қазақ тілі терминологиясы мәселесімен белсенді айналысты. Республиканың мемлекеттік терминология комиссиясының төрағасы болды. 1938 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, атылған. 1957 жылы ақталды.

### **Исмағұлов Оразақ (1930 жылы туған)**

Қазақстанның бірінші антропологы. Қостанай облысының Меңдіқара ауданының Ұялысай ауылында туған. Тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі. ҚР ғылымына және техника ғылымдарына еңбегі сіңген қайраткер. Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты. Жиырмамыншы ғасырдың 70-ші жылдарының соңы 80-ші жылдарының басында жазған Исмағұловтың ғылыми жұмыстарында Қазақстан тарихы бір мың жылдықты ғана қамтымайтыны жөнінде қорытынды жасағанын кеңестік партия органдары қатты сынға алды. Оның алғашқы кітаптарының бірі «Қазақстанның этникалық геногеографиясы», идеялық көзқарас тарапынан қауіпті деп танылып, толықтай жойылды.



**Қадырғали Жалаири (шын есімі–Қадыр Әли–бек ибн Қосым–бек Жалаири) (туған жылы 1555-1607)**

Әйгілі орта ғасырлық тарихшы. Ұлы жүздің жалайырдан тараған тарақ-тамғалы руының атақты биі. Сырдария өзені төңірегінде туған. Қадырғали атабек (тәрбиеші) болған, кейіннен орыс патшасы Ока өзені жағалауында орналасқан Қасым хандығының билеушісі етіп тағайындаған, Ондан сұлтанның ұлы Ораз Мұхаммедтің кеңесшісі болды. Қадырғали Жалаири көпке мәлім Қазақ хандығы және XIII-XVI ғасырлардағы барша Орталық Азия тарихына арналған «Шами-ат-таурих» («Жылнамалар жинағы») кітабының авторы. Аталған кітап арап әрпімен қазақ тілінде жазылған, соңынан Ш. Уәлиханов орыс тіліне аударған.

**Қастеев Әбілхан ( туған жылы 1904-1973)**

Қазақтан шыққан атақты сыршырайшы. Қазақ бейнелеу өнерінің және портреттік сыршырайдың отандық мектебі негізін қалаушылардың бірі. Қазақ КСР-нің Халық суретшісі. КСРО Суретшілер одағының мүшесі. Талдықорған облысының Жаркент ауданында дүниеге келген. Алматы және Мәскеу бейнелеу өнері студияларында білім алған. Бейнелеу өнерінің екі жүздей жылжымалы көрмесіне қатысқан. Қастеев тек портрет қана емес, сонымен бірге, тарихи картиналар, жанрлық суреттемелер, пейзаждар, шынайы табиғат көріністерін кескіндеді. Оның картиналары мен акварельмен салынған суреттері әлемнің көптеген елдерінің мұражайларымен жеке жинақтарда, сонымен бірге, атақты Третьяков галереясы мұражайында ілінген.

**Кемеңгеров Көшмұхамбет (Көшке) Дүйсенбайұлы (туған жылы 1896-1937)**

Қазақтан шыққан ғалым, жазушы, драматург, журналист. Ақмола облысы, Бекей болысының Қаражас ауылында дүниеге келген. 1917 жылы С.Сейфуллинмен бірге (Жас қазақ) қазақ комитетін ұйымдастырды. «Алаш - Орда» үкіметінің Ақмола комитетінің құрылтайшысының бірі болған. 1937 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, Омск қаласында жазаланған. 1957 жылы ақталған.

**Қондыбай Серікбол ( туған жылы 1968-2004)**

Қазақтан шыққан тарихшы, географ, этнограф. 36 жыл ғана ғұмыр кешті, оның тоғыз жылы туған халқы және отандық ғылымға қызмет атқарумен өтті. 1995 жылы болған авто көлік апатынан кейін қимылсыз қалған Қазақ Мемлекеттік университетінің география факультетінің жас түлегі, үнемі жан шыдатпас ауруға төзіп, Манғыстау облысындағы туған ауылы Шетпеде, ғылыми ортаның болмағанына қарамастан, қазақтың гуманитарлық ғылымын жаңа деңгейге көтерген еңбектер жасады. Қондыбай 16 кітаптың және 90-нан астам ғылыми-танымалдық және публицистикалық мақалалардың авторы. Компьютерде жарық көрмей қалған 6 кітабы қалды. Серікболдың зерттеу жүргізген негізгі бағыты қазақ мифологиясы. Қазастандық қоғамның санасындағы белең алып кеткен арсыздық пен бейқамдық, жауапсыздық пен тұтынушылық сезім оның жанына тыныштық бермеді. Осыған байланысты ол мифологияны қайта құру арқылы қазақ ұлтын рухани-интеллектуалды түлетудің механизмін жасау мүмкіншілігін көрді. «О, Тәңірім! Алдымен қайырымдылықты, қазақтардың ар-ұяты сезімін қайтар! Қазақтың ұрпағына және Қазақстанға қайырымды бол!» Қондыбай осы сөздермен өзінің соңғы кітабы, «Алдыңғы қазақтар мифологиясы» төрт томдығын бастаған екен. Оның жасаған мифологиялық материалды зерттеу мен жүйелендіру методологиясы 21 ғасырдағы қазақтың немесе түркінің ғана емес, барлық елдердің гуманитарлық ғылымын дамытуға зор ықпал етеді.



### **Көпей Мәшһүр Жүсіп ( туған жылы 1858-1931)**

Қазақтан шыққан әйгілі энциклопедист ғалым, ағартушы, тарихшы, этнограф, философ, ақын, аудармашы, көреген. Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Оның есімі Жүсіп еді. Ал Мәшһүр, мағынасы «әйгілі», -деп оны бала күнінде, сол заманның ықпалды адамдардың бірі Мұса Шорманов\* атаған екен. Ол баланың ұшқыр ойын, талантын тани біліп, болашағынан зор үміт күттіретінін болжаған. Жоғары мұсылмандық білім алып, Мәшһүр Жүсіп қазақ халқының таусылмас әдеби және фольклорлық мұрасын жинауға ғұмырын арнады. Іргелі ғылыми еңбектермен қоса, ол өзінен кейін өткір де, нәзік сырға толы жырларын қалдырып кетті. Осы күнге дейін құрастырылғандардың ішіндегі ең дәл, ол құрастырған бірегей шежіре әлі күнге дейін ел қызығушылығын арттыруда. Ол арапша, парсыша, орыс және т.б. тілдерді жақсы меңгерген. Ф.Достоевскимен және сол уақыттағы танымал жазушылармен хат алмасып отырды, А.С.Пушкиннің шығармаларын қазақшаға аударды. Кеңес өкіметі заманында Мәшһүр Жүсіп қуғындауға ұшырады, өйткені ол тек ғалым ретінде емес, сондай-ақ көріпкел, әулие ретінде халық арасында зор ықпалға ие болды. Оның шынында көріпкелдік қасиеті бар еді және көптеген оқиғаларды алдын-ала болжаған – 1931 жылғы аштықтан бастап Кеңес өкіметінің құлайтын және өзінің өлетін күніне дейін дәл айтып кеткен. Жоғарыда аталған ауданның Ескелді қорымындағы оның бейіті әулие саналады. Көпшілік тағзым ететін орынға айналған. 1950 жылдардың басында, кезекті кеңестік өкіметке қарсы жасалған компания барысында ғалымның кесенесі қиратылды. Ал қиратуға қатысқан тракторист пен екі жұмыскер кейіннен есінен ауысып кетті. Сол тапсырманы берген партия қызметкерінің де өмірі қайғылы аяқталды.

### **Қуанышпаев Жазылбек (туған жылы 1896–1986)**

Атақты шопан, мал шаруашылығының қызметкері-селекционер. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының Айдарлы ауылында туған. Республикадағы қаракөл жүндес мал шаруашылығын кеңейтудің бастамашысы болған. Қойды қолдан ұрықтандыру әдісін бірінші болып қолданып, қаракөл тектес қойлардың тұқымын селекциялау мен жақсартуға елеулі үлес қосты. Бірінші Алтын Жұлдызын Қуанышбаев 1948 жылы әр қойдан 130 қозыдан өргізгені, оның ішіндегі 86%-і қаракөл тұқымынан болғаны үшін алған. 1958 жылы әр қойдан 145 қозы алғаны, оның ішіндегі 86,5%-і қаракөл тұқымынан болғаны үшін оған екінші Алтын Жұлдыз берілді. Ол өсірген қойдың жүні мен терісінің сорты Делиде, Бухарестте, Познанда, Нью-Йоркте өткен аукциондарда көрсетілді. Қуанышбаевтың есімі Қазақстанның Құрметті азаматының алтын кітабына жазылған(1963 ж.).

### **Қонаев Дінмұхамед (Димаш) Ахмедұлы ( туған жылы 1912-1993)**

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына елеулі үлес қосқан атақты мемлекет және қоғам қайраткері. Алматы қаласында туған. Мәскеудің бағалы металдар және алтын өндіру институтында оқыған. Тау-кен инженері біліктілігін алып, ол бұрғылаушы станок машинистінен Балқаштың жез балқыту комбинатының Қоңырат кеніші директорына дейінгі еңбек жолынан өтті. Ұлы Отан соғысы жылдары тылда еңбек етіп, КСРО-дағы ірі қорғасын-цинк өндірісі кәсіпорындары: Алтайполиметалл, Риддер кенішін, Лениногор кен өндіру

---

\*Шорманов М.-фольклорист, этнограф, ағартушы, меценат, Павлодар уезінің Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны, Ш. Уәлихановтың ағасы, ресей әскерінің полковнигі

басқармасын басқарды. Қонаев 25 жыл бойы «Қазақстан ОК Компартиясының бірінші хатшысы» болған (1960-1962 ж.ж., 1964-1986 ж.ж.). 15 жыл бойы СОКП ОК Саяси бюросы құрамына кірген (1971-1986 ж.ж.). Қазақ КСР Министрлер Кеңесін 7 жыл басқарды (1955-1960 ж.ж., 1962-1964 ж.ж.). Техника ғылымдарының докторы, академик, Қазақ КСР ғылым академиясының президенті (1952-1955 ж.ж.). Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері. Хрущев басқарған жылдары Қазақстанды бөлшектеп алу қаупі тұрды, алайда, Қонаев пен Ташенов республикамыздың тұтастығын сақтап қалды. Қонаев Л.Брежнев арқылы Хрущев Өзбекстанға берген ОҚО жерлерінің жартысын қайтарып алды. Республиканы Юсупов басқарған жылдары Ұйғыр автономиясын құрғысы келді, оған Қонаев қарсы тұрды. Сондай-ақ, ол Целиноград облысында неміс автономиясын құру туралы Мәскеудің бастамасына қарсы болды. Билікке Горбачевтің келуімен Кремлдің Қазақстанға қатысты империялық ұтмылысы жаңаша қарқын ала бастады. Ашықтан ашық еліміздің бес солтүстік облысын «ежелден келе жатқан ресей аумағы» деген, жоқ жерден жік шығарған байбаламын айтудың өзі жетіп жатыр. 1985 жылы Мәскеудің Алматыға Қарашығанақ мұнай газ конденсаты кен орындарын Ресейге «экономикалық тұрғыдан қосу» идеясын жүзеге асырғысы келді. Қонаевқа қатты қысым көрсетілді, алайда, ол алған бетінен қайтпады. Бұл қысым 1986 жылы күшейе түсті, Оренбург қаласы орталығы болып саналатын Гурьев, Орал және Оренбург облыстары құрамына енетін «ұлғайтылған экономикалық аудан» құру туралы мәселе төтесінен қойылды. Оренбургте дайын тұрған мұнай өңдеу зауытын пайдалану ұтымдырақ болады-мыс, Қарашығанақта сондай зауыт салудың қажеті жоқ, және де «қазақтар орасан зор байлықты өз күштерімен игере алмайды», - деген желеу сөзбен Мәскеу ондай ұсынысқа қарсы болды. Бірақ та Қонаев тас қамал болып шағылмады. Ақыр соңында оны «өз еркімен» қызметтен кетуге итермеледі. Ойлағанын жүзеге асыру үшін, республика басшылығына Мәскеуге ыңғайлы өз адамы керек болды. Батыс Қазақстанға қатысты Кремлдің ойлағанын жүзеге асыру басты міндеті болған Колбинді асығыс, шұғыл түрде республика басшылығына тағайындаудың құпия мәні, шамасы осы болар. Бұрынғы КСРО кеңістігінде ұлттық қайта түлеу процесстерінің көрініс беруі жандарына жақпайтын, өкінішке қарай, Ресейде Жириновский, Рагозин, Дугин, Лужков тәрізді саясаткерлердің бір тобы шықты. Олар бұрынғыдай ұлы державалық саясатын көлденең тартпақшы. Сондықтан Мемлекеттік думадағы Затулиннің: «Көршілес мемлекеттерді Ресейдің әріптесі емес, келешектегі әскери олжасы ретінде қарауымыз керек», -деп шамаң құсап арқасының қозуы тегін емес. Кезінде Қонаев, Олжас Сүлейменовті қуғын-сүргін тоқпағынан алып қалған еді. Сондай-ақ І.Есенберлинді де, оның шығармашылығын қызғыштай қорғады. Қонаев Алматы қаласының Кеңсай бейітінде жерленген. ҚР Ұлттық қоғамдық кеңесінің шешімі бойынша 2000 жылы, оған 9 ұлы қазақтардың ішінде «XX ғасыр адамы» атағы берілді.

### **Құртқа Сұлтанқожаұлы (туған жылы 1770-1906)**

Қазақтан ыныққан атакты дәрігер, халық емшісі (тәуіп), шөптен дәрі жасаушы, сынықшы, Санкт-Петербург медициналық университетінің дипломын иеленуші. Арап, парсы, орыс тілдерін меңгерген. Оған Қазақстанның түпкір-түпкірінен және Орталық Азия елдерінен емделуге келген. Оны Ибн Синадан кейінгі екінші дәрігер санаған. Ол әйгілі Аңырақай шайқасындағы басты емші болған. Сонау жылдары, орыс дәрігері Николай Пироговқа дейінгі 100 жыл бұрын, Құртқа тәуіп әскери-дала хирургиясының негізін жасаған. Даланың докторы 136 жыл жасады.

### **Марғұлан Әлкей Хақанұлы (туған жылы 1904-1985)**

Қазақтан шыққан бірінші археолог. Қазақтың археологиялық және этнографиялық мектебінің негізін қалаушы. Ғалым-тарихшы, әдебиет танушы, өнер танушы, политолог, этнограф. Филология ғылымдарының докторы, профессор, академик. Бүкілодақтық географиялық қауымдастықтың тұрақты мүшесі. Баянауыл жерінде туған. Қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетін тынбай зерттеуші. Қола дәуірінің Бегазы-Дәндәбай, Сануыр, Беласар бірегей археологиялық ескерткіштерін ашушы. Қазақ КСР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер. Ш.Уәлиханов атындағы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. Шоқан танушы, Қорқыттанушы, оннан астам кітаптың, үш жүзден астам мақалалармен ғылыми жұмыстардың авторы. Марғұланның жүз жылдық мерей тойы бүкіл әлемдік ұйым ЮНЕСКО-ның қолдауымен қоғам арасында аталып өтті.

### **Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы (1940 жылы туған)**

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті. Мемлекет және қоғам қайраткері. Алматы облысының Қаскелен ауданы Шемалған ауылында туған. Днепродзержинск қаласының техникалық оқу орнын, Қарағанды металлургиялық комбинаты жанындағы Жоғары техникалық оқу орнын, СОКП ОК-нің жоғары партия мектебін бітірген. 1960-1969 жылдары жоғарыда аталған кәсіпорында жұмыс істеген. Кейінгі жылдары партия және мемлекеттік қызметте болған. 1990 жылғы 24 сәуірде Республика Президенті болып сайланды. ҚР Ұлттық қоғамдық Кеңесінің 2000 жылғы шешімі бойынша 9 ұлы қазақ азаматтары ішінде «XX ғасыр адамы» атағына ұсынылған.

### **Нұрмақов Нығмет (туған жылы 1895–1937)**

Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының тумасы. Омск мұғалімдер семинариясының түлегі. Әскери трибунал (1922 ж.), Жоғары сот төрағасы, Әділет ісінің халық комиссары және Республика прокуроры (1923-24 ж.ж.). Қазақ КСР Халық кеңесі комиссариатының төрағасы (1924-1929 ж.ж.). Отанына жанымен берілген патриот. Голощекиннің «Кіші қазан революциясы» идеясына қарсы шықты. Қазақстанның аумақтық тұтастығы үшін үнемі күресті. 1925 жылы Қазақ өлкелік комитетінің бюро отырысында республиканың құрамында болған Оренбург губерниясының Ресей Федерациясына берілуіне қарсы болды. БОСК Мәскеудегі 1928 жылғы қарашадағы III сессиясында жасаған баяндамасында: «Біздің көршілеріміз Қазақстан аумағы көлемі жағынан басым болғанын сөзге тиек етіп, оның жекелеген бөлігіне көз алартады... Алайда, біз жеріміздің сүйем бөлігін ешкім ұстатып қоя алмаймыз», - деген. 1937 жылы 27 қыркүйекте Нұрмақов Ә.Бөкейхановпен бірге КСРО Жоғары сотының Әскери алқасының шешімімен жазаланды. 1956 жылы ақталды.

### **Наурызбаев Хәкімжан Есімханұлы (жылы туған 1925-2009)**

Қазақ КСР Халық суретшісі. Қазақстанның еңбегі сіңген өнер қайраткері. Тұңғыш кәсіби мүсінші-қазақ, республикадағы ұлттық монументалды өнердің негізін қалаушылардың бірі. Қазақстандағы бірінші мүсіншілер студиясын құрушы. Наурызбаевтың шеберлігі «Амангелді портреті», «Жас Жамбыл», «Құрманғазы», «Сәкен» туындыларында көрінді. «Шоқан» мүсіні үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алды. Қостанай облысының Меңдіқара ауданы Ұлықөл ауылында туған.

### **Садвақасов Смағұл (шын фамилиясы Сәдуақасов) (туған жылы 1890–1933)**

Қазақстанның қоғам және мемлекет қайраткері. Жазушы, публицист. Республикалық комсомол ұйымының тұңғыш жетекшісі. Мемлекеттік қызметте



жүріп Қазақстанның аумақтық тұтастығы идеясы үшін күресті. 1921 жылы Қазақ АКСР құрамына енген Сібір революциялық комитетінен ауыстырылып Семей облысына жетекшілік етті. Қазақ ұлты өкілдерінің жоқтығынан Семей губерниялық комитетін және большевиктердің БКП губерниялық атқарушы комитетін, сол себептен 1922 жылы Қостанай губерниялық атқарушы комитетін және Торғай уездік атқарушы комитетін таратып жіберді. Садвакасов Қазақ өлкелік комитетінің большевиктер БКП 1-ші хатшысы Голощекиннің саяси бағытына қарсы оппозицияны басқарды. Қазақ ұлтына жасалған геноцидке, күшпен ұжымдастыруға, Қазақстанды Ресейді шикізат көзіне айналдыруына қарсы тұрды, сол үшін қуғындауға ұшырап. Садвакасов оң күштердің көсемі, компартия қатарындағы ұлтшылдар мен алашордалықтардың көшбасшысы болды, лауазымнан босатылып, республика аумағынан тыс қоныс аударылды. Мәскеуде ауыр науқастан қайтыс болды.

**Сәтпаев Қаныш Имантайұлы (шын есімі Ғабдұлғани) (туған жылы 1899-1964)**  
Қазақтардың ұлттық мақтанышы. Баянауылдың тумасы. Әйгілі қазақ кеңестік ғалым-энциклопедисі. Қазақтың геология ғылымының негізін салушы. Туған жердің шексіз байлығының көзін ашушы, соның ішінде жез кен орындарын және басқа түсті металдар. Геолого-минералогия ғылымының докторы, профессор, академик. КСРО Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш Президенті. КСРО Ленин және Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, төрт мәрте Ленин орденімен наградталған. Туған еліне шексіз берілген азамат. Осыған орай, ғаламның танымал саясаткері, Ұлыбритания премьер-министрі У.Черчиллдің: барлық қазақтар ғалым сияқты ақылды, әрі сұңғақ бітімді ме,-деген сұрағына берген жауабына таң қалмасқа болмайды. Ұлы ғалым зор мақтанышпен, қазақ халқы одан әлде қайда ақылды, әрі биік,- деп жауап берген. Ресейлік музыка танушы және қазақ мелодиясы мен әндерін жинаушы А.Затаевичке әртүрлі авторлардың 15 әнін, нотасын түсіртіп, айтып берген. ҚР Ұлттық қоғамдық Кеңесінің 2000 жылғы шешімі бойынша 9 ұлы қазақ азаматтары ішіндегі «XX ғасыр адамы» атағына ұсынылған.

**Ташенов Жұмабек Ахметұлы (туған жылы 1915-1986)**  
Қазақстанның жаңа тарихындағы, қазақтардың ұлттық рухының ұлылығын паш ететін батыр тұлға. Оны «шынжырланған қазақ барсы»,-деп атаған. Туған халқы мен елі үшін жасаған істеріне баға жетпейді. Қазақстанның көмескілеу тарихының кесірінен оны оқушылар, студенттер, білікті білімді жастар түгілі, кейбір саясаткерлер, жоғары оқу орындарының ұстаздары да білмейді. Бірақ шындықты жасыру мүмкін емес. Ташенов Ақмола облысының Аршалы ауданының Бабатай ауылында туған. Ол тыңайған жерлерді игеру жылдары Жоғары Кеңестің Президиум төрағасы және Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы (1955-1961 ж.ж.) ретінде республиканың тұңғыш басшыларының бірі болды. Осы кезеңде Ташенов қазақ мемлекеттілігінің аумақтық тұтастығын сақтап қалуға елеулі үлес қосты. Манғыстауды Түркіменстанға беруге тойтарыс берді. Тың өлкесіне біріктірілген бес солтүстік облыс - Ресейге, мақта өсіретін Оңтүстік Қазақстанды - Өзбекстанға беруге қарсы тұрды. Еліміздің аумағында ядролық сынақ өткізуге қарсы болды. Шығармашылық бірлестіктердің өкілдерін марапаттап оларға пәтерлер мен үйлердің кілтін бергенде, Алматының орталығында «Қазақ ауылын» құрды деп айыпталды. «Қазақ әдебиеті» газетін жаптырмады, «Казправда» газетінен аударып көшіріп басу үрдісінен «Социалистік Қазақстан» газетін сақтап қалды.

Қазақстан КП ОК 2 хатшысы Н.Журинді қазақша басылымға үстүрт карағаны үшін сөккен. Ташенов одақтық орталықтың адамы – Целинный өлкесі комитетінің хатшысы Соколовқа, егер ол өлкенің Мәскеудің тікелей басшылығына ауысуы туралы тағы да сөз қозғайтын болса, оны 24 сағат ішінде республика аумағынан қоныс аударып жіберетіні жөнінде ескертіп, қорқытқан. Украинаға Қырымды беру туралы құдіретті Н.Хрущевтың шешіміне СОКП ОК Саяси бюросындағы салмақты тұлғалар қарсы тұра алмаған, ал нағыз батылдық танытқан Ташенов оған ашық түрде қарсы келуден тайсалмаған. Қонаев Ташеновтің «көзсіз жаужүректігіне» ықыласымен баға берді. Қазақ тарихында мемлекеттің тәуелсіздігі мен тұтастығын сақтап қалу үшін қантөгіссіз қол жеткізген Ташеновтің сын сағаттағы өжеттілік танытқан ерлігін атамасқа болмайды.

### **Тынышпаев Мұхамеджан (туған жылы 1879-1938)**

Қазақтан шыққан танымал мемлекет және қоғам қайраткері. Жетісу облысының Лепсі ауданының Мақаншы-Садыр болысында туған. 1-ші Александр атындағы Санкт-Петербургтің император институтын бітірген. Қазақтан шыққан тұңғыш темір жол инженері. Оның образы Д.А. Қонаевтың мамандық таңдауына септігін тигізген. Екінші шақырылған Ресей Мемлекеттік думасының депутаты. Түркістан республикасының (Қоқанд Автономиясы) тұңғыш премьер-министрі. Ғалым-тарихшы. Қазақтардың бірінші ру тарату тарихының авторы. «Алаш» партиясы құрылтайшыларының бірі, «Алаш Орда» үкіметінің мүшесі. 1905 жылғы Ресей автономистерінің съезінде Қазақстанның болашақтағы ұлттық мемлекеттігін анықтау идеясын бірінші болып қозғады. 1898 жылы қуғын-сүргінге ұшыраған, кейін ақталды.

### **Уәлиханов Шоқан Шыңғысұлы (туған жылы 1835-1865)**

Атақты тарихи тұлға. Қазақтан шыққан тұңғыш ғалым-ағартушы, шығыстанушы, энциклопедист, тарихшы, географ, аудармашы, публицист, талантты фольклоршы, саяхатшы. Орталық Азияның түркі халықтарының этнографиясының ғылым тұрғысындағы негізін қалаушы. Қостанай облысы жанындағы Құсмұрын бекнісінде дүниеге келген. Атақты Абылай ханның немене ұрпағы. Шын есімі – Мұхаммед-Қанапия. Анасы Шоқан деп атаған. Сол замандағы Ресейдің ең үздік оқу орындарының бірі – Омск кадет корпусында жоғары білім алды. Оқуға түскенде Шоқан орысша тіл білмеген, бірақ тез меңгеріп алды. Қысқа ғұмырында көптеген ғылыми-зерттеу, этнографиялық экспедицияларға барған: Іле Алатауындағы қырғыздарға, Ұлы жүз ауылдарына, Құлжа қаласына, Қашқарияға барған. Ғалым жинаған, жолда жазылған очерктеріндегі мәліметтер еуропа ғылымына үлкен жаңалық болды. Уәлиханов – ғылыми және күнделіктеріне иллюстрация болған, көптеген этнографиялық жанрлы, портреттік және пейзаждық дәлме-дәл суреттер салған, қазақтың тұңғыш суретшісі. Ол «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» халықтық – эпикалық поэмасын халық аузынан жазып алған. 1857 жылы Орыстың географиялық қоғамдастығына мүше болып кіреді. Атақты адамдармен тығыз достық қатынаста болды: ғалым-шығыстанушы Г.Н.Потанин, саяхатшы П.П. Семенов-Тянь-Шанский, жазушы Ф.М. Достоевский және т.б. Уәлиханов шығыстың дәстүрлі ауыз әдебиеті шығармасы-қырғыз эпосы «Манасты» әлем халықтарына бірінші болып таныстырды. Оның жекелеген тарауларын жазып алып, зерттеп, орыс тіліне аударды. 1865 жылы Уәлиханов 30 жыл ғана өмір сүріп, Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан жұбайы Айсараның ауылында ауыр науқастан – туберкулезден қайтыс болады. Оның: «Француздар орыстарды

шабуылдаса, мен орыс жағындамын. Ал орыстар қазақтарға қарсы шықса, мен қазақтар жағындамын», - деген сөзі бар. Қазақстанда 1999 жылғы қарашада өткізілген қоғамдық акция қорытындысы бойынша Уәлиханов «Мың жылдық адамы» болып танылған.

### **Қожықов Сұлтан-Ахмет Қожаұлы (туған жылы 1923-1988)**

Қазақ кинорежиссері. Қазақ КСР-не еңбегі сіңген өнер қайраткері. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Ол түсірген фильм персонаждарының ішкі әлемін тереңдете, қазақ халқының тұрмыс, салт-дәстүрін көркемдік зерттеу арқылы ашып көрсетуімен ерекшеленеді. Соның ішінде: «Біз Жетісуданбыз», «Егер де әрбіріміз», «Айсұлу», «Жартастағы Чинара», «Біздердікін таны» фильмдері. «Қыз Жібек» фильмі үшін 1972 жылы ол Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын иеленді. Атақты қазақ эпосының желісінде қойылған осы тамаша туынды, ұлттық рухтың шынайы буырқанысына айналды, қазақтардың ыныққан тектерін еске алуға итермеледі. Бұл фильмді көрген адамдар өмірге өзгеше қарап, ұмыт болған туған тілін қайта оқып, отандық тарихын тереңдете білуге құштар болды.



## ҚАЗАҚТЫҢ КЕМЕҢГЕР АҚЫН, ЖАЗУШЫЛАРЫ, КОМПОЗИТОРЛАРЫ, МУЗЫКАНТТАРЫ, ӘНШІЛЕРІ

*«Қазақ халқы – дала мен засырлар қойнауында бақыт іздеп көшпенді тірлік кешкен азалы кезбе, бізге құнды көркем сөздің естелігін қалдырды. Әнші, ақын-халық. Ол ежелгі замандардан келе жатқан өзінің поэтикалық дарынының күшімен рухын мәңгілік шығармаларында қалдырған.»*

*Мұқтар Әуезов, қазақ жазушысы.*

### **Аймауытов Жүсіпбек (туған жылы 1889-1931)**

Қазақ ақыны, сан түрлі жанрда шығармалар жазған жазушы. Қазақ романы мен драматургиясының негізін қалаушы. Ғалым, ағартушы, аудармашы, әдебиет танушы, педагог, психолог. Мұғалімдерге арналған оқулықтар құрастырушы. «Алаш» партиясын құруға белсене қатысты. Павлодар облысы Баянауыл ауданының тумасы. 1931 жылы қуғын-сүргінге ұшыраған, 1988 жылы ақталды.

### **Ақан Сері (шын есімі–Ақжігіт Қорамсаұлы) (туған жылы 1843-1913)**

Атақты ақын, композитор және әнші. Орта жүздің арғын тайпасынан тарайды. Сырымбет тауы жаны, Есілдің жоғары жағалауында дүниеге келген. Қайырымдылығы мен жүйрік атқа құмарлығы, сегіз қырлы өнерпаздығы үшін «Сері» атанады. Ол көптеген танымал лирикалық әндердің авторы, әндері небір нәзік сезім иірімдермен, әсем сыршыл сазға толылығымен, серпінділігімен, поэтикалық үннің көлемділігімен, жан жылуын беретін тартымдылығымен ерекшеленеді. Солардың ішіндегі «Құлагер», «Қараторғай», «Кербез сұлу», «Бал Қадіша» сияқты әндері ел көңілінен шығып, шын мәнісінде халықтық әндерге айналды.

### **Ақтамберді жырау (Ақтамберді Сарыұлы) (туған жылы 1675-1768)**

Қазақ батыры, қолбасшы, жырау. Оңтүстік Қазақстанда Қаратау тауының етегінде туған. Шыңғыстаудың Жүрекжоға жерінде қайтыс болған. 12 жасынан бастап қартайғанға дейін туған жерін жаудан қорғады, жонғарлармен болған барлық шайқастарға қатысқан. Өлеңдерінде қазақтың тұрмысын, отбасын және Отанын жырлайды. Оның өлеңдері – батылдыққа, жаужүректікке үндейді.

### **Аманжолов Қасым Рақымжанұлы (туған жылы 1911-1955)**

Қазақ ақыны. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Қазақ поэзиясын өзгеше композициялық нұсқамен толықтырған әскери лириканың негізін қалаушылардың бірі. Оның патриоттық поэмасы «Ақын өлімі туралы толғауы» қоғамда жоғары бағаланып, «поэзия лағылы» ретінде сипатталды. Аманжолов драматург, сыншы, аудармашы және композитор ретінде танымал. Ақынның «Дариға» және «Туған елім» әндері халық арасына кеңінен тараған.

### **Асан Қайғы (Хасан Сәбитұлы) (XIV ғасырдың аяғы-XV ғасырдың ортасы)**

Есімі аңызға айналған қазақ ақыны, ойшыл, ақылшы-кемеңгер. Шоқан Уәлиханов оны «көшпенді ноғай-қазақ ұлысының философы» деп атаған. Еділ-Жайық жағасында туған. Сарыарқада Ұлытаудың басында, басқа дерек көздерінде Ыстық көл жағалауында дүниеден өткен. Тарихшы К.Халидтің айтуы бойынша Асан Қайғы – әйгілі Майқы бидің немене ұрпағы. Ол Алтын Ордадағы ықпалды

адамдардың бірі болған. Орда күйрегеннен кейін Дешті Қыпшақ жеріне қоныстанды. Көшпенді өзбек ханы Әбілхайырдан қазақ рулары мен тайпаларының бөлініп шығуына белсене атсалысып, жаңа құрылған қазақ хандығында, оның бірінші хандары Жәнібек, Керейдің кеңесшісі болды. Дала кемеңгерінің ән-жырлары қайғы-мұңға толы болғандықтан, замандастары оны Асан Қайғы атап кеткен. Толғауларында туған халқының қамын, елінің болашағын ойлап, мұңға батқандықтан оның шығармаларының негізгі мазмұны Қазақ хандығының құрамына енген, барша түркі тектес рулардың бірлігі толғандырады. Қазақ жерін аралап шұрайлы жер іздеп, дүиенің төрт бұрышын кезеді. «Жер ұйық» атты аңызында елінің құтты қонысы мен болашағы туралы арманы айтылады. Асан Қайғыны тек қазақтар ғана емес, сондай-ақ ноғайлар, өзбектер, түркімендер, қырғыздар, қарақалпақтар және т.б. пір тұтады.

### **Әзірбаев Кенен (туған жылы 1884-1976)**

Халық ақыны, әнші, композитор. Қазақстанға еңбегі сінген қайраткер. Жамбыл облысы Қордай ауданында дүниеге келген. 1916 жылы ресейдің колониялдық саясатына қарсы ұйымдастырылған көтерілісіне қатысқан. Ерте жасынан әр түрлі жанрдағы терме, толғау, дастандар шығарған. Күйші, жыршы ретінде де танымал. «Қобланды батыр», «Кероғлы», «Манас» эпостарын жатқа орындаған. Айтыс ақыны ретінде көптеген атақты ақындармен айтысқа түскен. Сөзіне әнін шығарған өзінің өлеңдері оның есімін жұртқа танымал етті. Ондай өлеңдердің саны – 150 шақты. Ертеректе, 11 жасында шығарған өлеңінің бірі – «Бозторғай», халық арасында танымалдығы Абай өлеңдерінен кем емес болар. Сондай-ақ «Көкшолақ», «Он алтыншы жыл», «Қайран елім», «Аттан», «Бұлбұл» және басқа да өлеңдерін атауға болады.

### **Әуезов Мұхтар Омарханұлы (туған жылы 1897-1961)**

Қазақ кеңестік жазушысы, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР ҒА академигі, драматург, қоғамдық қайраткер. Оның балалық шағы Шыңғыстауда, Ұлы Абайдың елінде өткен. Мұхтардың атасы - Әуез ұлы классиктің замандасы болған. Мұхтар Әуезов – «Алаш» қозғалысының мүддесін білдіруші «Жас Азамат» Бүкіл қазақ жастары ұйымының құрылтайшыларының бірі. 1922 жылы Әуезов және Қазақ КСР-і ОАК мүшесі С.Сәдуақасов екеуі большевиктік саясатқа наразылық білдіруші «ұлтшыл-алашордалықтар» деп айыпталды. 20 жасында Әуезов екі жастың қайғылы тағдыры туралы алғашқы «Еңлік-Кебек» пьесасын жазды. Бұл театралдық драманың бірінші режиссері де өзі болды. Пьеса Абайдың сүйікті жұбайы - Әйгерімнің үлкен киіз үйінде сахналады. Әуезовтың 20-дан астам пьесасы бар, олардың көпшілігі әлі күнге дейін қазақ сахнасынан көрсетілуде. 30 жылдан астам уақыт ол педагогикалық қызметте болып, жоғары оқу орындарында дәріс берді. Көптеген әңгіме, повестер, романдар жазды. Оның ғылыми зерттеулері орта мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған қазақ әдебиеті тарихы оқулықтарына арқау болды. Бірақ та Әуезовтың басты арманы қазақтың бетке ұстар ұлдарының бірі - Ұлы Абай Құнанбаевтың образын халыққа жеткізу еді. Осы орайда жазушының әдебиеттегі сөзсіз жасаған ерлігі, 13 жыл бойы жазған басты еңбегі – алғашқы қазақ романы – ХХ ғасыр әдебиеті шығармаларының ең үздігінің бірі деп бүкіл әлем таныған «Абай жолы» эпопеясы. Бұл кітап әлемге қазақ халқын танытты, Еуропаның, Азияның, Африканың ондаған тілдеріне аударылды. Халықта Абайды, Абай өткен Мұхтар, ал Мұхтарды, Мұхтар өткен Абай дейді. Шын мәнісінде де солай. ЮНЕСКО-ның 1997 жылғы шешімі



бойынша бүкіл әлемде жазушының 100 жылдығы тойланды. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоғамдық кеңесінің шешімі бойынша 2000 жылы М.Әуезов 9 ұлы қазақтар ішінде «XX ғасыр адамы» атағына ұсынылған.

#### **Әшімов Асанәлі (1937 жылы туған)**

Қазақ киносының мэтрі, актер, кинорежиссер. Жамбыл облысы Сарысу ауданы Жайылма ауылында туған. 1976 жылдан Қазақстан Халық артисі. 1980 жылдан бастап КСРО Халық артисі. «Атаманның ақыры» кинофильміндегі Шадияров ролін орындағаны үшін 1972 жылы Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығын, «Қан мен тер» кинофильміндегі Еламан ролі үшін 1974 жылы КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығын, «Транссібір экспрессі» кинофильміндегі Қасымханов ролі үшін 1977 жылғы 11-ші Бүкілодақтық кинофестивальдың жүлдесін иеленді. «Қыз Жібек» кинофильміндегі оның Бекежан ролі көрермендерінің есінде мәңгілік образ болып қалады.

#### **Бағланова Роза Тәжібайқызы (1922 жылы туған)**

Атақты қазақ әншісі (сопрано). Қазақ КСР-нің Халық артисі (1955 ж.). КСРО-ның Халық артисі (1967 ж.). Қызылорда облысының Қазалы қаласында туған. Қазақтың ән айту өнерін дамытуға орасан зор үлес қосты. «Халық Қаһарманы» жоғары атағына ие. Бағланованың творчестволық ғұмыры Ұлы Отан соғысы жылдары басталды. Майдандық концерттік бригадалар құрамында ол майдангерлер мен жаралы жауынгерлер алдында ән айтты. Бағланова екі мәрте жауынгерлік награда алған КСРО-дағы жалғыз артист. Минометтен жаудырған жау оғы әншіні жаралаған.

#### **Байсейітова Күләш (шын аты-жөні—Гүлбахрам Жасынқызы Бейісова) (туған жылы 1912-1957)**

Қазақ опера өнерінің негізін қалаушылардың бірі, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында дүниеге келген, әйгілі әнші. 24 жасында қазақтардан бірінші болып КСРО халық әртісі атағын алған. Мәскеудегі қазақ өнерінің онкүндігінде Байсейітованың ерекше лирикалық әуезге толы сопраносын естіген Сталин, әншіні «қазақтың бұлбұлы» деп атаған. «Біржан Сара» операсында басты ролді орындағаны үшін оған, 1946 жылы КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығы лауреаты атағы беріледі. Қазақтың бірінші операсы «Қыз Жібекті» Евгений Брусиловский Күләшқа арнайы жазған. Ұлы Отан соғысы жылдары концерттік бригада құрамында майданның алғы шебіне барып ән салды. КСРО-ның Халық әртісі Валерия Басова ол туралы: «Жас әншінің ерекше келбеті мені таң тамаша қалдырғанын мойындауым керек. Онымен теңдесетін әншіні атау өте қиын, Күләштің өзіндік жоғары, сондай жеңіл, әлі мөлдір дауысы ешкімге ұқсамайды. Оның күміс көмей тембры құстың әнін елестетеді, және «қазақ бұлбұлы» деген атаққа Күләш Байсейітова өте лайық. Ол тек қана қазақтың емес, сонымен бірге біздің кеңестік өнердің шынайы мақтанышы» деп жазады.

#### **Балуан Шолақ (шын есімі—Нұрмағамбет Баймырзақұлы) (туған жылы 1864-1919)**

Даңқты қазақ палуаны, әнші, композитор, ақын. Ақмола облысының Еңбекшілдер ауданында туған. Ерте жасынан бастап домбыра ойнаған. Бала күнінде оң қолының саусағын аязда үсітіп алғандықтан және алып күш иесі болғандықтан «Балуан Шолақ» атанған. Жиырма жігіт отырғызылған бөренені иығына салып тік тұрып, салмағы 51 пұт (816 кг) тасты котерген. Әйгілі Қажымұқанның жақын досы болған, онымен гастрольдік сапарларда және матчтық кездесулерде бірге жүрген. Балуан — Шолақ — Біржан сал, Ақан серіні өзінің ұстаздары ретінде санап, олардың әндерін



орындап, жүрген жерінде насихаттап жүрген. Өзі де ән шығарған, солардың ішіндегі халық аузындағылары: «Ашылы-Айырбек», «Желдірме», «Дікілдек» және басқалары.

### **Біржан Қожағұлов (Біржан сал Тұрлыбайұлы) (туған жылы 1834-1894/97)**

Қазақтан шыққан атақты ақын - әнші, композитор, кәсіби ән мектебінің негізін қалаушы. Көкшетаудың солтүстігі жеріндегі Ербол ауылында туған. Орта жүздің керей руынан шыққан. Алғашқы әнін ол бала жасында шығарған екен. «Сал» сөзі, оның есіміне қосымша айтылатын - жан-жақты өнерпаз адам деген мағынаны білдіреді. Халық сүйіп орындайтын әндердің авторы, соның ішінде: «Жанбота», «Ғапығым», «Қаламқас», «Адасқак», «Ләйлім шырақ», «Жамбас сипар» әндері. Жетісулық Сарамен айтысынан кейін оның есімі дала халқына ерекше танымал бола бастады. Ол айтыс туралы поэмалар, композитор М.Төлеубаев Біржан салдың әнінің әуенін қолданып, опера жазды. Өзінен кейін, Жаяу Мұса, Ақан сері, Балуан Шолақ сияқты, оның әндерін дәріптеген көптеген ізбасарлар қалдырды.

### **Бисенғалиев Марат (1962 жылы туған)**

Әлемге танымал қазақ скрипкашысы және дирижері. Алматы қаласында туған. 9 жасында алғаш сахнаға шыққан. Бүгінгі күні ол әлемнің ең үздік скрипкашыларының бірі болып танылған. Халықаралық конкурстардың жеңімпазы, көптеген атаулы сыйлықтардың лауреаты. Батыс Қазақстан филармониялық оркестрінің жетекшісі. Қазақстанның әлем алдындағы имиджі үшін ол шағын ғана скрипкасымен орасан зор қызмет атқарды.

### **Бұқар жырау (Бұқар Қалқаманұлы) (туған жылы 1668-1781)**

Қазақтан шыққан әйгілі ақын, жырау. Ірі қоғамдық қайраткер және Тәуке, Болат, Әбілмамбет, Абылай хан заманындағы ықпалды билердің бірі болды. Баянауыл өлкесіндегі Далба тауының етегінде туған, сол жерде қартайған шағында 113 жасқа жетіп қайтыс болды. Орта жүздің арғынынан тараған қаржас руынан шыққан. Замандастары оны «көмекей әулие» деп атаған. Абылай ханның кеңесшісі болып, оның әділ, әрі ақылды шешім қабылдауына ықпал жасаған. Бұқар жырау жоңғар шапқыншылығы жылдарын өлең сөздерінде жырлаған философиялық және диалектикалық толғаулары біздің заманымызға дейін жеткен. Жырау поэзиясының халық арасына кеңінен тарап, ғақлия, нақыл, афоризмдерге айналуы, мақал-мәтел болып жетуі де көркемдеу тәсілінің кереметтігінде. Ол түс жоруды, олардың негізінде оқиғаларды болжау қасиеті болған және олар шындыққа жанасып жатқан. Сонымен қатар, ол Ресей империясының жаулап алушылық саясаты мен сұрқия ойларын ақын жыр-толғауларында жария еткен.

### **Дәулеткерей Шығайұлы (туған жылы 1820–1887)**

Қазақтың халық композиторы, төкпе күйдің шебері, аспапты музыканың лирикалық бағытының негізін салушы. Оның әкесі мен туысқан ағасы Орал мен Волга өзендері арасында Бөкей Ордасының негізін қалаушылар болып табылады. Дәулеткерейдің 40 күйі сақталған. Күйлерінің мазмұны жарқын сезіммен лирикаға қанық. Ел арасына кең тараған күйлері: «Жігер», «Бұлбұл», «Керілме» және т.б.

### **Жансүгіров Ілияс (туған жылы 1894-1939)**

Қазақтың атақты кеңестік жазушысы, ақын, драматург, қоғамдық қайраткері. Талдықорған облысының Ақсу ауданында туған. Оның ешкімге ұқсамаған творчестволық мұрасы көп қырлы: өлеңдер, поэмалар, очерктер, әңгімелер, «Жолдастар» әлеуметтік романын, «Исатай мен Махамбет» бір актілі драмасын

жазған. Мектеп үшін әдебиеттен оқулық жазып, А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин» тәржімалаған. «Күй», «Дала», «Күйші», «Құлагер» поэмалары қазақ даласының ұлы жыршысы деген данққа жеткізді. 1939 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, атылған, кейінгі жылдары ақталды. І.Жансүгіров, С.Сейфуллин және Б.Майлин өздерінің азаматтық және қоғамдық қайраткерлігімен қазақ халқының рухын асқақ шыңға көтерген. Сондықтан оларды халық қазақ әдебиетінің «Үш бәйтерегі» деп атайды.

### **Дінішев Әлібек Мұсаұлы (1951 жылы туған)**

Қазақтан шыққан опера әншісі (тенор). Алматы қаласының тумасы. КСРО және Қазақ КСР Халық артисі. Көптеген отандық және халықаралық конкурстар мен сыйлықтардың лауреаты. 1977 жылы Шуман атындағы Халықаралық конкурстың лауреаты атанды. 1978 жылдан бастап қазақ операсы және балет театрында қызмет етеді. Ол сомдаған образдар лирикалы және жан дүниесінің сұлулығымен ерекшеленеді. Оның адам жанын баурап алар әсем дауысы миллиондаған әнші талантына табынушылардың жүрегінде.

### **Доспамбет-жырау (туған жылы 1430-1526)**

Әйгілі ақын – жырау және қолбасшы. Дон өзені жағалауындағы Азов қаласында дүниеге келген. Астрахан түбіндегі шайқастардың бірінде қаза тапқан. Отанды қорғау, туған жерге сүйіспеншілік – оның творчествосының басты тақырыптары. Доспамбет өлеңдерінде түркі әлемінің тұтастығы идеясы жатыр. Оның шығармаларын қазақ поэзиясының түпқазығы деп санауға болады.

### **Дулат Бабатайұлы (туған жылы 1802-1874)**

Қазақ ақыны. Балқаш пен Аягөз арасындағы елді-мекендердің бірінде туған. Қазақтың өлең құрау өнерін жетілдіруге зор үлес қосқан ақын. Өлеңдері типографияда басылып, жеке кітап болып шығарылған тұңғыш қазақ ақыны. Өлеңдерінде ақын Ресейдің колониялық саясатын қатты сынға алды. Оның шығармашылық мұрасын ұлы Абай дәріптеген.

### **Есенберлин Ілияс (туған жылы 1915-1983)**

Әйгілі қазақ жазушысы. Қазақ әдебиетінің классигі, тарихи жанрдың негізін қалаушы. Ақмола облысы Атбасар қаласында туған. Мамандығы бойынша – тау-кен инженері. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Нақ осы Есенберлин творчествосы қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятты. Оның шығармалары кеңестік тоталитарлық жүйенің идеологиялық стандарттарына жат еді. Жазушы-патриот қазақ тарихын ресми жариялаушылардың бұрмалауына ашықтан ашық қарсы шығып, зор жауапкершілік жүктеген. Оның әрбір кітабы оқырман қолына жету үшін ұзақ, қатпарлы жолдардан, ол аз десеніз, Есенберлин: цензураның шырғаланынан, үнсіздік құрсауынан, сансыз сыншылар мен көрсеқызарлардың талан-таражынан өтуі керек болды. Бұл тұрғыдан алғанда Есенберлиннің көп қырлы еңбегін жай ғана ержүректік демей, саяси ерлікке бергісіз өжеттік деп атау керек. Тарихшы М.Қозыбаевтың берген нақты бағасы бойынша «Қазақ әдебиетінің хан Кенесі болды». Ұлы орыс жазушысы Лев Толстой жарты ғасырлық оқиғалар қамтылған, «Война и мир» роман-эпопеясын 20 жыл жазғаны белгілі, ал І.Есенберлин 500 жылды қамтыған «Көшпенділер» трилогиясын 4 жылда жазып шықты. Колумбиялық жазушы Габриэль Гарсиа Маркес Латын Америкасының 100 жылдық тарихын сипаттаған кітабы үшін Нобель сыйлығын алды. Есенберлин болса еуразиялық кеңестіктің 700 жылдық тарихын сипаттады («Көшпенділер», «Алтын Орда» романдары). Ол қазақ оқырмандары кітаптарын сүйіп оқитын

жазушы. Оның 15 романы әлемнің 30 тіліне аударылды, 8 миллионнан астам таралыммен жарық көрді, сондықтан қазақ халқы туралы, оның жері, батырлар тарихы мен өзіндік мәдениеті жөнінде жер жүзінің барша халқы танып, білді. «Кошпенділер» романы көркемдік шығарма ғана емес, оны қазақ халқы тұрмысының энциклопедиясы деуге болады. Бұл кітап 10 жылдан астам уақыт бұрын орын алған оқиғаның өзіндік себепшісі болған, 1986 жылдың аязды желтоқсанында жастардың ақыл – есін идеологиялық батыл қадамдарға бастауға әзірлеген. Сонымен қатар, Есенберлин кітаптарында қазақтың біртуар ұлдары, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Шәкәрім және басқалары сияқты ғұламаларын халық алдында ақтау мәселесін көтерді. Есенберлиннің тағы бір халық игілігі үшін жасаған баға жетпес көзсіз ерлігі, «Жазушы» баспаханасының директоры бола тұра, басын қауіпке тіге отырып, тәуекелге барып, О.Сүлейменовтың атышулы «Аз и Я» кітабын жарыққа шығаруы.

### **Жабаев Жамбыл (туған жылы 1846-1945)**

Қазақтың ауыз-әдебиеті өнерінің асқан шебері. Суырып салма ақын. Оны «Халық поэзиясының алыбы» десе де болады. Ұлы жүздің шапырашты руынан. Жүз жасқа тақау ғұмыр кешті. Қазіргі Жамбыл облысы аумағындағы Жамбыл тауының етегінде дүниеге келген. 1945 жылы 2 маусым күні, ғасырлық мерей тойына төрт ай қалғанда, Жамбыл қайтыс болды. Домбырамен бала жасынан бері айырылып көрмеген. 15 жасында оның поэзияға басқан қадамына атақты Сүйінбайдың өзі бата берген. Кеңес заманында Жамбыл одаққа, кейіннен бүкіл әлемге есімі әйгілі тұлға болады. Оның Отанды, партияны, қазақ жұртын жырлаған патриоттық поэзиясын барша халық жырлады. Жамбылдың блокададағы Ленинград тұрғындарына – «Ленинградтық өрендерім менің!» - үндеуі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы көп ұлтты кеңестік поэзияның ең үздік шығармаларының бірі болды. Өлеңнің мәтіні радио арқылы беріліп, газет беттерінде басылып таралды. Қабырға плакаттарында жазылған Жамбылдың сөзі қоршаудағы Ленинград қорғаушыларының күреске деген жігерін оятып, қолдады. Творчестволық ғұмыры үшін халық ақыны КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды, Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен наградталды. Данышпан Жамбыл қазақтарды бүкіл әлемге танытты. Алматы жанындағы Ұзынағаш ауылында жерленген.

### **Жаяу Мұса Байжанұлы (туған жылы 1835–1929)**

Атақты қазақ әншісі, ақын, композиторы. Павлодар облысы Баянауыл ауданының Жасыбай көлі төңірегінде туған. Домбыра, қобыз, сырнай, скрипкада ойнап, ән салған. Оның «Қыздар-ай», «Ақ сиса», «Баянауыл», «Сұрша қыз», «Шолпан», «Сәлем қыздар», «Гауһар қыз» және басқа да әндері халық арасында кең тараған. Ел билеушілер мен билердің жасап отырған озбырлықтарына, соның ішінде Баянауылдың аға сұлтаны Мұса Шорманов пен оның ағасы Мұстафаның жасаған қиянатына төзбеген ақын, Омбы губернаторына шағымданады. Сол үшін жоғарыда есімдері аталған ағайындылар ақынның атын тартып алып жаяу жібереді, содан бері ақынның есіміне «жаяу» сөзі қоса айтылатын болған.

### **Жиренше–шешен**

Қазақ хандығы қалыптасу кезеңдерінде ғұмыр кешкен (XV-XVI ғғ.) атақты шешен. Жәнібек ханның кеңесшісі. Оның қалдырған мұрасы қазақтың ауыз әдебиеті өнерінде ерекше орын алады. Көптеген аңыз әңгімелері, шешендік сөздері ел аузында жатталып қалды.



**Жұбанова Ғазиза Ахметқызы (туған жылы 1927-1993)**

Көрнекті композитор, Қазақстанның және КСРО-ның халық артисі. 1962-68 жылдары Қазақстан композиторлары одағы басқармасының төрайымы және КСРО композиторлары одағы басқармасының хатшысы болған. 1975-87 жылдары аралығында Алматы консерваториясының ректоры қызметін атқарды. Балет операсының, симфониялық поэмалардың, хормен айтылатын әндердің, романстардың, спектакль мен фильмдерге арналып жазылған музыкалардың авторы. Ақтөбе облысы Темір ауданының Жанақұрылыс ауылында туған.

**Жұмабаев Мағжан (шын есімі—Әбілмағжан Бекенұлы) (туған жылы 1893-1938)**

Қазақ кеңестік әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданында туған. XX ғасырдағы Ресей империясының колониалдық саясатына қарсы ұлт – азаттық қозғалыс жолында күрескен отандық интеллигенциясының жарқын өкілдерінің бірі. «Алаш» Ұлттық партиясын құруға атсалысқан. «Шолпан» поэтикалық жинағы ақын есімін бұқара халыққа танытты. Эпикалық тұрғыдан жазылған шығармаларында ақынның қазақ халқының тарихи тағдыры туралы ойлары сыр шертеді. «Батыр Баян» поэмасында күрделі өмірдің қарама-қайшылықтары суреттеледі, тұрмыс-тіршіліктің шынайы көріністерін бейнелеуге көшкен ақындық позициясы ашыла түсті. 1938 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, атылған. 1960 жылы ақталды.

**Қазтуған–жырау (Қазтуған Сүйіншіұлы) (туған жылы 1420-өлген жылы белгісіз)**

Эпикалық жанрдағы атақты ақын – жырау. Қолбасшы, батыр. Қажы – Тархан (Астрахань) қаласы маңындағы Қызылжар елді мекенінде дүниеге келген. Кейіннен 1480 жылы алшын руымен бірге Қазақ хандығына қосылған. Оның жыраулық дарыны мен шеберлігі, ешкімге ұқсамайтын ақындығын даралайтын жекелеген жырлары ғана бүгінгі күнге жеткен.

**Қалдаяқов Шәмші (шын фамилиясы—Анағияев) (туған жылы 1930–1992)**

Есімі аңызға айналған композитор. Қазақ вальсінің королі Қазақстанның Халық әртісі. ОҚО Отырар ауданының Шәуілдір ауылында туған. Жастардың республикалық сыйлығының лауреаты. Ел аузында жатталып қалған көптеген лирикалық әндердің авторы: «Қайықта», «Ақ мандайлым», «Ақсұңқарым», «Ана туралы жыр», «Сыр Сұлуы», «Арыс Жағасында», «Ақ бантик», «Қуаныш вальсы», «Сағынышым менің». Қалдаяқов қазіргі Мемлекеттік әнұранның әнін жазған. Тіршілігінде бұл ән туралы автордың айтқаны: «Бұл, Ақмоланы Целиноград деп атап, бес облыстың басын біріктіріп Ресейдің құрамына беру туралы шешім қабылдаған уақыт еді. Қазақ жерін бөлшектеп жатқанда, қазақ жерінің ұлылығын дәріптейтін әнұран қажет болды. Бұл ән қазақ жеріне көзін алартқандарға қарсы наразылық болатын. Ақыр соңында, бұл ән менің елімнің әнұранына айналады» деген екен. Оның сөздерінің жаны бар демеске бола ма. Бұл ән сондай-ақ, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы кезінде Алматының Республика алаңында бас көтерген жастар да айтып шықты. Композитордың Қалдаяқов – деген фамилиясы творчестволық жасырын ат (псевдоним), шынында Шәмшінің аяғындағы қал болған екен, содан «қалдаяқ» сөзі оның фамилиясы болып аталып кеткен.

**Қашаубаев Әміре (туған жылы 1888-1934)**

Қазақтан шыққан ұлы әнші. Қазақ ұлттық театрының негізін қалаушылардың бірі. Семей губерниясы Дегелен болысының Атан ауылында туған. Ол драмалық тенор дауысты әнші. Ол ән айта бастағанда жанында тұрған адам қалқаны жарылып кетер

деп қорқып, құлағын жаба бастаған. 1925 жылы Қашаубаев Мәскеудегі орыс этнографиясы аптасында ән айтқан. Сол жылы РКФСР-ның ағарту ісінің халық комиссары А.В.Луначарскийдің шақыруымен Парижде өткен әлемдік музыка көрмесіндегі концертте өлең айтты, бұл қазақ тарихында біздің әншінің тұңғыш рет шетелге шығып ән айтуы еді. Қазақ әндерін орындағаны үшін Әміре күміс медальмен марапатталды. Париж апталығы «Ле мюзикаль» және басқа да баспасөз органдары оның ерекше талантына тәнті болды. атақты этнограф А.В.Затаевич әншінің дарынына бас иіп, оның өнерін жан-жақты насихаттады, оның орындауындағы «Балқадіша», «Дударай», «Бесқарагер», «Көк көбелек» әндерін өзінің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына енгізді. Сорбон университетінің профессоры Перно Әміренің дауысын граммофон таспасына жазып алды. Бұл таспа 1974 жылы Мәскеудің бүкілодақтық мұрағатынан табылды. «Әннің әкесі» аталған Қашаубаев 1934 жылы белгісіз біреудің қолынан қайғылы қазаға ұшыраған.

#### **Кекілбаев Әбіш (1939 жылы туған)**

Халық жазушысы, Қазақстанның мемлекеттік және қоғам қайраткері. Қырғызстанның еңбегі сіңген мәдениет қайраткері. Оның «Плеяда – созвездие надежды» романы ерекше танымал шығармасы үшін Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығын алды. Маңғыстау облысының Оңды ауылында туған. 2009 жылы Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен Қазақстан Республикасының Еңбек ері атағы берілді.

#### **Қожаберген жырау (Толыбайұлы Қожаберген) (шамамен 1663–1772)**

Қазақтың данышпан жырауы, қолбасшы, мемлекеттік қайраткері. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Гүлтөбе деген жерінде туған. Оның тәрбиесі мен білім алуына Кіші жүзден шыққан Жалаңтөс Баһадүр ықпал еткен. Жақсы білім алды. Орта Азия елдеріндегі дипломатиялық қызметті басқарды. «Жеті Жарғы» заңдар жинағының авторларының бірі. 25 жасында ордабасы болып сайланды, яғни Тәуке хан әскерінің бас қолбасшысы болды. Қожаберген жырау – жоңғарлармен болған соғыстың қантөгіс оқиғаларына тікелей қатысушы және куәгері, сол шайқастар барысында екі ұлын және немересін жоғалтқан. Осы кездерде оның бар күш жігері мен бойындағы дарыны отандастарын бөтен жұрттың езгісінен босатуға жұмсалды. Қазақ даласын күңіреткен оның «Елім-ай» поэмасы ауыздан ауызға тарап кетті. Бұл әннің әуенін шығарған, Қожабергенмен барлық сын сағатта бірге болған жұбайы Айша еді.

#### **Көтеш ақын**

Қазақтың қазіргі айтысу түрін бастаған айтыскер ақын. 18 ғасырдың 40-шы жылдары Ертістің жағалауындағы Сексен ауылында туған. Орта жүздің арғыннан тараған сүйіндік руынан. Абылай ханды айыптап, тауып айтқан орақ тілділігімен ел көзіне түсті. Әскерге мыңдаған атты жасақ беретін арғынның мейрам руынан тарағандар, руластарын жазықсыз жазалады деп дау шығарды. Абылай хан бас көтергендерді басып жаншуға әзірленді, дәл осы кезде ешкімге есімі беймәлім 17 жасар Көтеш ортаға шығып сөз алады. Жазықсыз өлтірілген руласының құнын қатаң талап етіп, орын алған жекелеген жағдайды өлең сөзімен, жалпы ұлттық мәселе ретінде қарауға итермелеп, азаматтық соғысының аз-ақ алдында тұрған жағдайды қанды қактығысқа ұрындырмай құдыретті ханның әділ келісіммен шешуіне ой тастады. Көтеш айтыс өнерін өзгеше бағытта жетілдірген суырып салма ақын еді. Өлген күні белгісіз.

### **Құнанбаев Абай (шын есімі—Ибраһим) (туған жылы 1845-1904)**

Қазақтың ұлы ақыны, ойшылы, данышпан философ, композитор, аудармашы, қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы, тұңғыш классигі. Семей облысының Шыңғыс тауларының бауырында туған. Орта жүздің тобықты руынан тарайды. Абай деп, яғни «байқағыш, әр нәрсенің байыбына барғыш» анасы атаған. Медреседе және орыс мектебінде бастапқы білім алғаннан кейін, антикалық, шығыстық, батыс-еуропалық және орыс әдебиетін оқып, біліп, ұзақ уақыт білімін жетілдірумен айналысты. Көркемдік тұрғыдан жоғары шығармалары мен әлемдік классиканың ең үздік үлгілерін аударма жасау арқылы қазақ мәдениеті мен әдебиетін жаңа тарихи деңгейге көтерді. Лирикалық поэзиясы мен философиялық прозасы туған халқының тағдырына жаны ауырып, күйінші пен күмәнға толы болды. Білім алу, әлемдік цивилизацияға ұмтылуды қазақтың соңғы мүмкіндігі деп білді. Абайды тіршілігінде өз тұқымдастары да түсіне бермеген. Оның рухани жан – дүниесі мен адамгершілік көзқарасының кендігі жұртшылықтың сана-сезімінен әлде қайда алда болатын. Кеңестік кезеңде Абайдың 18 жыл бойы Шыңғыс, содан кейін Микұр болысында билеуші, би болғаны жөніндегі мәліметтер айтылмай келген. 3 жұбайынан, 20 баласы болған екен. Қазақстанда 1999 жылдың қараша айында өткен қоғамдық акция нәтижесі бойынша ол «Мың жылдық адамы» деп танылған.

### **Құрманғазы Сағырбайұлы (туған жылы 1823-1889)**

Қазақ музыкасының данышпаны. Ұлы композитор, төкпе күй орындаушылар домбыра мектебін құрушы. Орындаушылық шеберлігі үшін «Күй атасы» деген құрметті атаққа ие болады. Қазақ музыка өнерінің дамуына классиктің қосқан үлесіне баға жетпейді, және оны атап айту кәсіби музыканттарға ғана түсінікті болады. И.Тайманов және М.Өтемісұлы бастаған ресейдің бұғаулау саясатына қарсы жүргізген көтерілісіне қатысып, олардың ерлігі туралы «Кішкентай» және «Жалын» күйін арнады. Құрманғазының күйлері қазақ халқының тау суындай тасыған қуат, күшін, шексіз-шетсіз даласымен, бұлт байланған тау шыңдарының әсемдігін, жарқын болашақ жайын күмбірлеген домбырасымен жүрегіміздің төрінен мәңгі орын алады. Ұлы дауылпаз шығармашылығының шарықтау шегі, Қазақстанның бейресми әнұраны іспетті «Сарыарқа» күйінде, естіген тыңдаушының делебесін қоздырып, күшті рухани сілкініс беріп, көтеріңкі көңіл күй сыйлайды. 1973 жылы Алматыда халықаралық музыкалық симпозиумда аталған күй оркестрмен орындалып, сыйлыққа ұсынылып, авторды әлемдік деңгейде танымал етті. Құрманғазы мұрасы (500 күй) қазақ музыкасы мәдениетінің алтын қоры болып табылады және музыканттардың репертуарынан ылғи орын алатын шығармалар. Орал облысының Жаңақамен ауданы Жиделі түбегінде дүниеге келді. Астрахань жерінде жерленген, оның бейітіне кесене орнатылған. Қазақстанда 1999 жылдың қараша айында өткен қоғамдық акция нәтижесі бойынша Құрманғазы «Мың жылдық адамы» деп танылған.

### **Құрманғалиев Ерік Сәлімұлы (туған жылы 1959-2007)**

Атақты опера әншісі. Қайталанбас, әлемдегі жалғыз дауыс – ерлер альті. Орта ғасырларда мұндай дауыспен балиғат жасқа жетпеген ер балалар ән айтқан (белгілі бір жасқа жеткен ер балаға жасының толмағанына қарамастан экзекуция жасалған). Құрманғалиев табиғи дарын иесі. Оны «Ғасыр әншісі» деп атаған, есімі аңызға айналған опера әншісі Федоро Барбиеримен салыстырды. Музыка әлемінде талант есімінің жарқырай көрінуіне 1992 жылы Р.Виктюттің «Мадам Баттерфляй»



спектакліндегі Сон Лининг ролі себепші болды. Ерекше орындалған партия үшін Құрманғалиев жылдың ең үздік актері болып танылды. Ол көп гастролдік сапарда жүрді, опералар орындады, әлемнің жетекші сахналарында сольдік концерттер берді. Гурьев облысының Құлсары ауылында туған.

**Майлин Бейімбет (шын есімі–Бимұхамед Жармағамбетұлы) (туған жылы 1894-1938)**

Қазақтың кеңестік жазушысы, ақын, драматург, қоғамдық қайраткер. Қазіргі Қостанай облысының Таран ауданында туған. Шығармаларында өзіне тән көркемдік образдар галереясын жасайды. «Письмо Чапая», «Болыс Күлтәй», «Қанды кек», «Ұлбосын» және басқа да шығармалары орыс жазушысы А.П.Чеховтың шығармаларына ұқсас әңгімелері көп. «Шұғаның ескерткіші», «Коммунист Раушан», «Берен», «Азамат Азаматыч» романы, «Біздің жігіттер», «Жалбыр», «Амангелді» пьесалары көпшілікке танымал шығармалар. 1938 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, атылды. Кейіннен ақталды.

**Мәди Бәпиұлы (туған жылы 1860-1924)**

Қазақ ақыны, әнші, композитор. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында дүниеге келген. 1916 жылы ұлт - азаттық көтеріліс кезінде патшалық әкімшіліктің саясатына өлеңдерімен қарсы шықты. Жала жабудың салдарынан айыпталды. Түрмеде «Қарақесек» әнін шығарды.

**Мақатаев Мұқағали (Мұхаметқали) Сүлейменұлы (туған жылы 1931–1976)**

Қазақ ақыны. Алматы облысы Райымбек ауданы Қарасаз ауылында дүниеге келген. Қазақстанның ұлттық алтын қорына енген: «Ақ қайың әні», «Ару ана», «Мавр» және т.б. поэма-толғаулардың авторы. Мақатаев лирикасы қазақ әдебиетінде ерекше із қалдырған мұра. Ол тек поэзия жанрын дамытуға ғана емес, проза, драма, сын жанрларының дамуына елеулі үлес қосты. Оның көптеген өлеңдері Н.Тілендиевтің, Ш.Қалдаяқовтың және басқа композиторлардың әндерінде жарасым тапты. Мақатаев өлгеннен кейін оған ҚР Мемлекеттік сыйлығы (1999 ж.), «Ғасыр ақыны» атағы берілген.

**Мүсірепов Ғабит (шын есімі–Ғабдулғабит) (туған жылы 1902-1985)**

Қазақстанның Халық жазушысы. Қазақ жазушылары арасында тұңғыш және жалғыз Социалистік Еңбек Ері атағын иеленген жазушы. «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы (1934-1936 ж.ж.), «Ара-Шмель» журналының редакторы (1956-1957 ж.ж.). Қазақ КСР жазушылары Одағы Басқармасының бірінші хатшысы (1964-1966 ж.ж.). Академик, драматург. «Қазақстан сарбазы», «Оянған өлке», «Жау қолында» романдары қазақ кеңестік әдебиетіндегі үздік шығармалар болып саналады. Ақын Сәкен Сейфуллиннің образын ашып көрсеткен «Болмаған кездесу» кітабы үшін оған Қазақ КСР-ның Мемлекеттік сыйлығы берілді. 1937 жылы «қызыл террор» кезінде жазушы Бейімбет Майлинді ашықтан ашық қорғап, азаматтық ерлік пен өжеттік көрсетті. Мүсірепов – қазақтың бірінші операсы «Қыз Жібекті» жазған автор либретто. Оның «Амангелді», «Қозы Көрпеш және Баян Сұлу», «Ақан Сері және Ақтоты» пьесалары бүгінгі заманның академиялық театрларында сол қалпында сахналанады. Жазушы Қостанай облысы Пресногорьковсий ауданында туған.

### **Мұстафин Габиден (туған жылы 1902-1985)**

Халық жазушысы, журналист және Қазақстанның қоғам қайраткері. Қазіргі Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданында туып өскен. 1930-48 жылдары Қарағанды шахталарында еңбек еткен. Оның алғашқы романдарының бірі «Өмір мен өлім» қарағандылық шахтерлерге арналуы тегін емес. 1953-56 және 1962-64 жылдары ол Қазақстан жазушылары Одағы басқармасының төрағасы болған. «Шығанақ», «Дауылдан соң», «Куәгер», «Миллионер» шығармалары көпшілікке танымал. «Қарағанды» романы үшін 1953 жылы оған Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы тапсырылды.

### **Нұрпейісов Әбдіжәміл Кәрімұлы (1924 жылы туған)**

Отандық әдебиеттің патриархы, қазақ прозасының хас шебері. Қазақ КСР Халық жазушысы. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Оның кітаптары көптеген елдердегі оқырмандардың сүйіп оқитын авторларының бірі және кітап серелерінен түспейді. 1974 жылы жазған танымал «Қан мен тер» эпопея тарихи-трилогия үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығын иеленді. Аталған романның мазмұндық желісі сарқылып бара жатқан Арал теңізін арқау етеді.

### **Нұрпейісова Дина (туған жылы 1861-1955)**

Қазақтан шыққан тұңғыш композитор-әйел, күйші домбырашы. Құрманғазының дарынды шәкірті. Орал облысы Жаңа қала ауданының Бекетай түбегінде дүниеге келген. Тоғыз жасынан бастап домбыра ойнай бастаған, және соңғы демі қалғанша қолынан тастамаған. Қазақстанның Халық артисі. 75 жасында Мәскеудегі байқау-сайыста жеңімпаз атанып, 83 жасында Орта Азия өнер шеберлерінің конкурсын ұтып алды. 2000 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қоғамдық кеңесінің шешімімен Д.Нұрпейісоваға 9 атақты қазақ ішінен «XX ғасыр адамы» атағы берілді. Оның «Бұлбұл», «Әсемқоныр», «Жігер», «Байжұма», «Қос алқа» және басқа толып жатқан күйлері музыкалық мұраның алтын қорына енген.

### **Рахмадиев Еркеғали ( 1930 жылы туған)**

Көрнекті қазақ композиторы, КСРО Халық артисі. Семей облысы Шұбартау ауданы Мәдениет ауылында туып, өскен. Қазақстан композиторлары Одағының 27 жыл төрағасы болды, 8 жыл Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваторияны басқарды. Қазақ опера өнерінің классигі. Алты опера, көптеген – оркестрлік, вокалды-хор, театрлы-сахналық, камералы-аспаптық, әндер мен романсты шығармалардың авторы. Қазақ музыкасының кең таралған түрлерінің бірі болып табылатын симфониялық күй жанрын қазақ даласына танытқандардың бірі. Музыка өнерін дамытудағы жеткен жетістіктері үшін 2005 жылы Жыл адамы деген атаққа ие болды.

### **Орынбай Бертағыұлы (туған жылы 1813 -1891)**

Ақын, жырау, әнші, композитор, айтыс өнерінің хас шебері. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Егіндіағаш ауылында туып, өскен. Орта жүздің арғын тайпасының атығай қарауыл руынан. Поляк публицисі және этнографы А.Янушкевич Орынбай мен Жанай ақынның айтысын, антикалық шешендер Демосфена мен Цициронның сөз таласымен салыстырған. Орынбай – Абылай ханға және оның батырларына арналған бірқатар ерлік дастандарының авторы. Шоқан Уәлихановтың мезгілсіз қазаға ұшырағанын ата-анасына естірту үшін қазақтар нақ осы Орынбайды таңдап алған.

### **Сара Тастанбекқызы (туған жылы 1853-1907)**

Қазақтан шыққан қыз ақын. Оның «Шырғаланда» автобиографиялық поэмасы, «Жүрек», «Жүрек құпиялары» өлеңдері жинағы көпшілікке таныс. Сараның ақындық шарықтау шегі Біржан салмен айтысы болып табылады.

### **Сейфуллин Сәкен (шын есімі Сәдуақас) (туған жылы 1894-1938)**

Көрнекті қазақ кеңестік жазушы, ақын, драматург, қоғамдық қайраткер. Қазақ КСР Кеңестік халық комиссариатының төрағасы (1922-25 ж.ж.). Ақмола уезінің Нілді болысында (қазіргі Қарағанды облысы Шет ауданы) туған. Жалынды шығармаларымен отандық әдебиетті дамытуға елеулі үлес қосқан. Оның поэмалары мен өлеңдері: «Өткен күндер», «Домбыра», «Экспресс», «Советстан», «Альбатрос», «Қызыл ат» бұқара көпшілікке кеңінен танымал. «Бақыт жолы», «Қызыл сұңқарлар» пьесалары, «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романы қазақ әдебиеті үшін Сейфуллиннің ашқан жаңа сарыны. 1938 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, сол жылы атылған. Кейіннен ақталды.

### **Серкебаев Ермек Бекмұхамедұлы (1926 жылы туған)**

Опера өнерінің мэтрі (лирикалық баритон). КСРО-ның Халық әртісі. Социалистік Еңбек Ері. КСРО және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. 1953 жылы Бухаресте Халықаралық вокалистер сайысында лауреат атанды. «Біздің мейірімді дәрігер», «Ән шақырады», «Тақиялы періште» фильмдерінде ойнаған. Петропавловск қаласының тумасы. 1947 жылдан бастап Қазақ опера және балет театрында қызмет етеді. 1973 жылдан Алматы консерваториясының профессоры.

### **Сүлейменов Олжас Омарұлы (1936 жылы туған)**

Ақын, қоғамдық қайраткер. Қазақстанның Халық жазушысы, ойшылы. Оның тұңғыш адамның ғарышқа ұшқанына арналған «Жер адамға бағын» атты поэмасы атақ данққа бөледі (1964 жыл, Қазақ КСР-і Ленин комсомолының сыйлығы). Кейіннен ол екі мәрте Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды (1967, 1972). Сүлейменов творчествосы қазақ поэзиясының ауыз және жазбаша әдебиеті дәстүрімен байланысты, қазақ халқы тарихының маңызды адамгершілік мәселелеріне тоғысқан. 1957 жылы Алматы қаласында 100-мыңдық таралыммен жарық көрген «Аз и Я» кітабында ақын, көптеген әдебиет зерттеушілерінен ерекшелігі сол, ежелгі орыс әдебиеті ескерткіші «Слово о полку Игореве» екі этникалық әлем – славяндық және түркі әдебиетінің түйіскен шекарасында пайда болғанын, олардың мәдени байланысын айшықтайтынын дәлелдеп береді. Шовинизм позициясымен қаруланған кеңестік партия жүйесінің идеологтары үшін Сүлейменовтың келтірген қорытындылары ақылға сыймайтын ағатық болып көрінді. Тарихтан белгілі болғандай, ресми кеңестік тарихтануда Рустің шығыс көршілеріне деген көзқарасы, әдетте, империялық ой-пиғыл сынығынан қаралатын. Сондықтан автор үшін бірнеше жылға созылған азапты күндер басталады. Кітап тауар айналымынан, кітапханалардан алынып, жаңаша басып шығаруға тыйым салынды. Сол кездегі СОКП ОК хатшысы А.Суслов пен академик Б.Рыбаков бастаған жүйе ақынның өзін де қыспаққа алуға әзірленді. Қазақстан басшысы Д.А.Қонаев сол кезде көмек қолын созды. «Аз и Я» кітабы филологиялық ортаға ғана емес, сондай-ақ кеңестік қоғамның саяси санасына да ықпал етті. 1986 жылы америкалық журнал «Проблема коммунизма» қайта құруға дайындықты бастаған көптеген кітаптың бірі санады. Сүлейменовтің бастамасымен «Невада-Семей» бұқаралық қоғамдық қозғалысы пайда болды, соның нәтижесінде Семей ядролық сынақ полигоны жабылды. Бұл қозғалыс тек Одақты ғана толқытып қоймай, бүкіл



элемендік қауымдастықты дүр сілкіндірген тұңғыш демократиялық, үкіметтік емес қозғалыс болды. Бұл өз халқына қарсы саяси геноцид ұйымдастырған әскери-өнеркәсіптік кешеннің, жоғарғы жақтың позициясымен келіспеген тұңғыш бұқаралық қозғалыс еді. 2000 жылы ҚР Ұлттық қоғамдық кеңесінің шешімі бойынша О.Сүлейменов 9 ұлы қазақтар ішіндегі «XX ғасыр адамы» атағына ұсынылды.

### **Сүйінбай Аронұлы (туған жылы 1815-1898)**

Қазақ ақыны, айтыс өнерінің хас шебері. Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарақастек ауылында туып, өскен. Халық батырлары Өтеген, Қарасай, Сұраншы, Саурық батырларға арналған поэмаларын жазды. М.Әуезов оны «Жетісу ақындарының алтын діңгегі» деп атаған. Ақын Ж.Жабаев оны өзінің пір тұтатын ұстазы санаған.

### **Сыпыра-жырау**

Қазақтың ұлы әнші-жырауы. 14 ғасырда ғұмыр кешкен. Оның «Едіге би», «Тоқтамыс жайындағы аңызы», «Ер Тарғын» және «Қырымның қырық батыры» эпикалық поэмалары циклына енетін т.б. батырлық эпостары бар.

### **Тәттіқара-жырау (туған жылы 1705-1780)**

Қазақ ақыны, жырау. Абылай ханның замандас жолдасы. Тобыл жағасында Солтүстік Қазақстан облысы аумағында дүниеге келген. Олжабай, Бөгембай батырлардың жоңғарларға қарсы әскери жорықтарына қатысқан. Олардың ерлік, батырлық істерін жырға қосып, өлең толғаулар шығарған. Сарбаздарды бас бірлікке шақырған. Тәттіқара есімі цинь жаулаушылары мен Абылай хан әскері арасында болған 1756 жылғы соғыс туралы жырлаған жалынды жырларынан кейін халық арасына кең тарады.

### **Тәттімбет Қазанғапұлы (туған жылы 1815-1862)**

Көрнекті қазақ композиторы. Домбырада күй орындау өнерінің «шертпе күй» мәнерін енгізген дәулескер. Қарқаралы уезінің Мыржық ауылында туған. Орта жүздің арғыннан тараған қаракесек руынан. Нұрбике-Шаншар болысының билеушісі болған. 1855 жылы қазақ делегациясы құрамында Санкт-Петербургте П Александрдың таққа отыру салтанатына қатысқан. Қазақтың ұлттық музыкасын, соның ішінде өз шығармаларын нақышына келтіріп орындау шеберлігі үшін Ресей императорының күміс медалін омырауына тақты. Оның 40-тан астам күйі бар. Олар орындалуына қарай әр қилы: жеңіл, әуезді-«Сылқылдақ», «Былқылдақ» шерлі – «Көкейтесті», «Қосбасар» және қазақ музыка өнерінің алтын қорында тиісті орын алатын тағы басқа көптеген шығармалар.

### **Тілендиев Нұрғиса Атабайұлы (туған жылы 1925-1998)**

Дәстүрлі қазақ музыкасының шебері. КСРО және Қазақстан Республикасының Халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Халық Қаһарманы», профессор, көрнекті композитор, дирижер. Алматы облысы Іле ауданында дүниеге келген. Бес жасынан бастап домбыраға әуес болған, ал 12 жасынан бастап оркестрде ойнаған. Оның өмірлік жолын таңдауға атақты академик Ахмет Жұбанов аз еңбек сіңірген жоқ. Тілендиев көптеген фильмдер мен спектакльдерге музыка, сондай-ақ халық арасына тарап кеткен 400 астам әндермен романстар жазды.

### **Торайғыров Сұлтанмахмұт (туған жылы 1893–1920)**

Қазақ ақыны – демократ, публицист, әдеби сыншы, ағартушы. Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданында туған. Өзінің қысқа ғана ғұмырында ұлттық

мәдениетіміздің тарихында құрметті орын алған қаншама маңызды шығармалар жазды. Өлең сөзімен және прозамен жазылған тұңғыш романның («Қамар сұлу»), тұңғыш философиялық және әлеуметтік поэмалар мен очерктердің авторы. Туған халқының көзін анып, оны рухани, әлеуметтік – саяси езгіден құтқаруды өмірінің мәні деп санады.

### **Төлебаев Мұқан (Мұхамедсәлім) (туған жылы 1913-1960)**

Атақты композитор, КСРО Халық әртісі. Қазақтың композиторлық музыкасының негізін қалаушылардың бірі. Талдықорған облысы Бірлік Төбе ауданының Қарашыған ауылында туған. Қазақстан Композиторлар одағының төрағасы (1953-55, 1959-60 ж.ж.). Абай атындағы Қазақтың академиялық опера және балет театрының директоры (1955-56 ж.ж.). Тамаша вокалдық, оркестрлық және камералық шығармалардың, фильмдерге арнап жазылған музыкалардың, әндердің авторы. Қазақ КСР-інің Мемлекеттік әнұранын жазушылардың бірі. 1949 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығымен марапатталған.

### **Төлегенова Бибігүл Ахметқызы (1929 жылы туған)**

Атақты қазақ әншісі (лирико-колоритті сопрано). Қазақ КСР және КСРО Халық әртісі. Кеңес одағының соңғы Социалистік Еңбек Ері атағына ұсынылғандардың бірі (1991 жыл 21 желтоқсан). Қазақ КСР және КСРО Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. Семей қаласында туған.

### **Ұлбике Жанкелдіқызы (туған жылы мен өлген жылы белгісіз)**

Қазақ ақыны. Айтыс мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Қазіргі Қызылорда облысы Теренөзек ауданында туып, өскен. Ақынның мұрасын атақты фольклористер М.Ж.Көлей, А.Диваевтар зерттеген. Академик В.Радлов өлеңдерін жинақтап, Петербургте кітап шығарды, кейіннен неміс тіліне аударды. Ұлбикенің творчествосына М.Әуезов және С.Мұқанов сияқты атақты әдебиеттанушылар мен сыншылар қызығушылық танытты.

### **Үмбетей-жырау (Үмбетей Тілеуұлы) (туған жылы 1697-1786)**

Қазақтың эпикалық жанрдағы ақыны. Қаратауда туып, Ерейментауда қайтыс болды. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің қалың ортасында жүрді, тарихи оқиғаларды жырлады. Үмбетейдің Бөгенбай батыр жайындағы эпикалық толғауы қазақтың тарихи мұрасының баға жетпес құндылықтарының бірі болып табылады.

### **Шәкәрім Құдайбердіұлы (туған жылы 1858-1931)**

Қазақтың данышпан ақын-жазушысы, ағартушы-демократ, философ-ойшылы, композитор, тарихшы, этнограф, фольклорист, аударманысы. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында дүниеге келген. Бала жасынан жетім қалып, немере ағасы Абай Құнанбаевтың тәрбиесінде болды. Алғашқы өлеңін 7 жасында жазды. Шәкәрімнің творчестволық мұрасына поэтикалық шығармалар ғана емес, сонымен бірге философиялық, тарихи, музыкалық шығармаларда енеді. 30 жыл бойы ол «Үш анық» ғылыми-философиялық трактатын жазу барысында сан түрлі мағлұматтар көзін пайдаланды. Тұңғыш қазақ классикалық драмасы – «Еңлік және Кебек» пьесасын М.Әуезов Шәкәрімнің «Өзін өзі жазалау немесе кездейсоқтық» поэмасының негізінде жазған. «Еркіндік таңы атты» өлеңіне (1919 ж.) музыка жазып, егеменді Қазақстанның әнұраны еткісі келді. Меккеге қажылыққа барып келгеннен кейін Шәкәрім «Түркілер, қырғыздар, қазақтар және хан әулетінің түптамыры» атты кітабын

жарыққа шығарды. Автордың бұл еңбегін бастауға Абай кеңес берген және өмірінің соңына дейін онымен айналысқан. Сондай-ақ атақты ағасының берген ақылымен ол ғашықтар «Қалқаман мен Мамыр» туралы атақты поэмасын жазды. Шәкәрім парсы ақыны Хафиздің газелдерін, азербайжан лирик ақыны Физулидің «Ләйлі мен Мәжнүн» поэмасын, американ жазушысы Бичер Стоудың «Том ағайдың баспанасы» романын аударды. А.С.Пушкиннің «Дубровский» және «Метель» ірі прозаикалық шығармаларын поэтикалық тұрғыдан аударды. Шығармашылық қарым-қатынаста хат алмасып жүрген Лев Толстойдың бірнеше әңгімелерінің аудармасын қазақ оқырмандарының назарына ұсынды. Этнофилософиялық «Қазақтар» кітабын тәмамдап үлгермеді. Үкімет 73 жастағы Шәкәрімді бай-мұжықтармен байланысы бар деген айыппен 1931 жылы ату жазасына кесті.

### **Шал Ақын (шын есімі–Тілеуке Күлекеұлы) (туған жылы 1748-1819)**

Ақын, қазақ өлең құрау өнерінің жаңашылы. Оның творчествосы қазақ поэзиясындағы жаңа бағытқа бет алған кезеңі болып табылады. Ол консервативтік жыраулықтан ауытқып, өлеңдерінде эпикалық образдарға салмақ салмай, ақын тұғасымен әлемге көз тігіп, өзінің басынан кешкен қиыншылықтары, шындықты іздеп шарқ ұрады. Ол Қожа Ахмет Яссауи заманындағы мәңгілік хикметтерден тамырланған суфий поэзиясы дәстүрін қайта жаңғыртты. Шал Ақын ұлы Абай шарықтау шыңына жеткен қазақтың поэтикалық жаңаша жырау мектебін ашушы. Поэтикалық данышпандығымен ол бала жасынан ортасын таң қалдырған, сондықтан халық оны «Шал Ақын» атаған. Туған жері Көкшетаудың төңірегіндегі Азат деген елді-мекен.

### **Шалкиіз–жырау (Шалкиіз Тіленшіұлы) (туған жылы 1465-1560)**

Орта ғасырлық қазақ поэзиясының ұлы жыршыларының бірі. Батыс Қазақстанның тумасы. Исламдық білім алған. Бала жасынан ержүрек жауынгер және дарынды ақын ретінде даңққа бөленген. Толғаулары арқылы көркемдік шеберліктің шарықтау шегіне қол жеткізді. Біздің дәуірімізге дейін оның 600-ден астам өлең жолдары жеткен.

### **Шанин Жұмат Тұрғынбайұлы (туған жылы 1892-1938)**

Қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби режиссер, драматург, ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі. Қазақ КСР-нің Халық әртісі. Қазақтың тұңғыш кәсіби драма театрының директоры және көркемдік жетекшісі. Шанин ұлттық драматургияның қалыптасуына елеулі үлес қосқан.

### **Шақанов Мұқтар (1942 жылы туған)**

Есімі әлемге танымал ақын. Қоғамдық қайраткер. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Қарасу ауылында туған. 1986 жылдан бастап Қазақстан жазушылары одағы басқармасының хатшысы. 2003 жылдан «Жалын» журналының бас редакторы. 1989-1990 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын тексеру бойынша комитеттің төрағасы. Сонымен қатар ол қазақ жастарының аяққа тапталған ар-намысын қорғап СОКП ОК мен қарулы күштерге ашықтан ашық қарсы шықты. Ол осы оқиға туралы барша әлемге тұңғыш жар салған ақын. Шақанов шығармалары, бірінші кезекте «Адасқан цивилизация» және «Естелікті жазалайтын космоформула» («Шыңғысханның құпиясы») – бұл қазіргі заманның әлемдік адамгершілік-этикалық мәселесін поэтикалық тұрғыдан ой елегінен өткізу. Шақановтың бастамашылдығымен Арал маңындағы тұрғындарға көмек көрсету үшін Балқаш және Арал мәселелері жөніндегі комитет ұйымдастырылды. Аталған орган әлемдік қауымдастық пен КСРО Өкіметінің Арал



теңізінің экологиялық апатты жағдайына назарын аудару үшін ауқымды шаруа тындырды.

### **Ықылас Дүкенұлы (туған жылы 1843-1916)**

Көрнекті қазақ күйшісі. Қобызбен музыка орындаудың хас шебері. Қазіргі Қарағанды облысы Жанаарқа ауданы аумағында тама руының ауылында дүниеге келген. Ол есімдері дала жұртына кең танымал қобызшылар әулетінің өкілі болып табылады, оның ішінде әкесі – Дүкен, атасы – Алтынбек, алыс туысқаны – Құтты абыз және Нияз. Ықылас есімі аңызға айналған Қорқыттан кейін қобыз шегін «тірілтіп, дем берген» адам болып саналады. Қазақтардың ойынша, бұл шекті аспап тылсым күшке ие, оның көмегімен емшілер адамдарды емдеп, көз тиюден сақтап, тағдырына көз жүгірткен. Ықылас қобыздың ысқашымен құстар мен аңдардың дауысын салған. «Аққу» күйінде құс қанатының қағысы, ал «Қасқыр» күйінде жыртқыштың ұлығаны құлаққа естіледі.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШЫ

### **Дубәкіров Тоқтар Оңғарбайұлы (1946 жылы туған)**

Қазақтың тұңғыш ғарышкері. Халық Қаһарманы. КСРО еңбегі сіңген ұшқыш-сынақшы, ҚР ұшқыш-ғарышкері, авиация генерал-майоры, техника ғылымдарының докторы, профессор. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Бірінші мамыр ауылында туған. Армавир ұшқыштар даярлайтын оқу орнын «ұшқыш-инженер» мамандығы бойынша тамамдаған. 1988 жылы Кеңес Одағында бірінші болып әуеде жанар май құйдыру арқылы Солтүстік полюске тоқтаусыз ұшып ерлік көрсеткен. 1989 жылы авиация тарихында болмаған жетістікке қол жеткізіп, «Тбилиси» ұшақ тасығыш кемесіне «МИГ-29» реактивті ұшағын қондырып, жылдамдық алу қашықтығын 6 есе қысқартып, қайтадан әуеге ұшып шықты. Осы ерлігі үшін оған КСРО Президенті М.Горбачевтің қарсылығына қарамастан Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Барлығы 50 жаңа ұшақты сынақтан өткізді. Жалпыға мәлім болғандай 1961 жылы дәл осы қазақ даласынан бірінші адам ғарышқа ұшты. 30 жыл өткеннен кейін 1991 жылы қазанда, ғарышқа лайықты ұлдарының бірі – Тоқтар Дубәкіров ұшты. ҚР Ұлттық қоғамдық кеңесінің шешімі бойынша 2000 жылы ол 9 ұлы қазақтың ішінен «XX ғасыр адамы» атағына ұсынылды.

### **Артаев Бақтияр (1983 жылы туған)**

Атақты қазақ спортшысы, боксер. Тараз қаласында туған. 2004 жылы 69 кг салмақ дәрежесінде Афинада өткен жазғы олимпиада ойындарының чемпионы атанды. Сол мезгілде Олимпиаданың ең үздік боксері ретінде Вал Баркер кубогын иеленді. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

### **Жармұхамедов Әлжан Мүсірбекұлы (1944 жылы туған)**

Қазақтан шыққан тұңғыш олимпиада чемпионы. Оңтүстік Қазақстан облысы Бостандық ауданының Табақсай ауылында туған. КСРО еңбегі сіңген спорт шебері. Баскетболшы (бойы 207 см). 1972 жылы Мюнхенде өткен жазғы Олимпиада ойындарының чемпионы, 1976 жылы Монреалда өткен жазғы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері, әлем чемпионатының бірнеше дүркін жүлдегері, үш мәрте Еуропа чемпионы, КСРО он мәрте чемпионы. Оның спорт ғұмырындағы сәттілікке толы кезеңдерінің ең жарқын – Мюнхен Олимпиадасындағы финалдық матч кезеңі, ол команда капитаны болған КСРО құрамасы жарыстың шешуші сәтіне дейін үш секунд қалғанда қарсыластары Америка құрама командасының торына жеңіс добын соққандығы болатын.

### **Жыланбаев Марат (1963 жылы туған)**

Ұзақ қашықтыққа жүгіруден бүкіл әлемге есімі әйгіл қазақ спортшысы. Еңбегі сіңген спорт шебері. Павлодар облысы Баянауыл ауданы Майқайың ауылында туған. 20 ғасырдың 90-шы жылдары «Гинесстің рекордтар кітабында» оның жеткен жетістіктері көрсетілген: 23 күнде 23 марафон (күніне 42 шақырым 195 м), 15 күнде 30 марафон, 12 айда 75 марафон, бір жылда 226 марафон жарысына қатысқан; Эльбрус шыңына 7 күнде көтерілді (5642 м); 20 күнде Қарақұм арқылы жүгіріп өтті (1200 ш.); Сахара арқылы 24 күнде жүгірін өтті; Австралияның Виктория шөл даласы арқылы 24 күнде жүгіріп өтті (1700 ш.); Невада арқылы (1218 ш.) 17 күнде жүгіріп өтті. Жыланбаев әлемнің барлық шөл даласын бағындырған планетадағы жалғыз адам болып табылады.

**Қажымұқан (шын есімі—Мұқан Мұнайтпасов, Қажы Мұқан) (1871-1948 ж.ж.)**  
Француз (классика) күресі бойынша әлем чемпионы атанған бірінші қазақ, ауыр салмақта күресетін әлемдік, өңірлік, ресейлік, бүкілодақтық чемпионаттардың бірнеше дүркен жеңімпазы. Ұлы атлет-палуан (бойы-196 см, салмағы 145-150 кг, кеудесінің аумағы-132 см). Ақмола облысы Қараөткел ауылында туған. Орта жүздің қыпшақ тайпасының алтыбас руынан шыққан. Спорттық ғұмырында Қажымұқан 48 алтын, күміс, қола медальдар жеңіп алған. «Жапондық Ямогата-Муханура, «Муханов-Муханура», «Қара Иван» бұркеніш аттармен жарысқа шығып жүрген. Стамбулда атақты османдық алып Нұрлыны таза жеңді. Түрік сұлтаны содан кейін Қажы Мұқанның Меккеге сапарын ұйымдастырды. Қажылыққа барып келгеннен кейін оның есіміне «Қажы» деген сөз қатар айтылатын болды. 1927 жылы Қазақ Орталық атқару комитетінің шешімі бойынша оған «Қазақ даласының ұлы батыры» құрметті атағы берілді. Ұлы Отан соғысы жылдары Қызыл әскердің әуе күштері Қажымұқанның қаржысына ұшақ сатып алды, оның бір бүйірінде «Амангелді», ал келесі бүйірінде «Қажы Мұқан» сөзі жазылған. Қазақ ұшқышы сол ұшақпен 120 рет жауынгерлік тапсырмамен ұшып шықты. Атақты палуан Оңтүстік Қазақстан жерінде жерленген.

#### **Ыбрайымов Ермұқан (1972 жылы туған)**

Атақты қазақ спортшысы, боксер. Жамбыл облысының Жақсылық ауылында туған. Атлантада өткен (1996 ж.) жазғы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері. 2000 жылы 28 жасында, 69 кг салмақ дәрежесінде Сиднейде өткен жазғы олимпиада ойынының алтын жүлдегері. Халықаралық дәрежедегі бокстан спорт шебері.

#### **Қосанов Ғұсман Сыйтықұлы (туған жылы 1935-1993 ж.ж.)**

Қазақтан шыққан атақты жеңіл атлет. Олимпиадалық ойындарға қатысып жүлдегер атанған алғашқы қазақтардың бірі. Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Изатулла ауылында туған. Енбегі сінген спорт шебері. Мамандандырылған спорт түрі - 4×100 м эстафета жарысы. Молдова, Украина, Қазақ КСР-і чемпионы. Бірнеше дүркін чемпион және 4 мәрте КСРО рекордсмені. 1960 жылы одақ құрамасымен Римде өткен XVII жазғы Олимпиада ойындарына қатысып күміс медаль жеңіп алды. Әйгілі спортшының құрметіне 1991 жылдан бастап Қазақстанда жеңіл атлеттердің «Қосанов мемариалы» атты халықаралық дәстүрлі жарысы өтіп тұрады.

#### **Мұсабаев Талғат Амангелдіұлы (1951 жылы туған)**

Қазақстанның және РФ ұшқыш-ғарышкері. Халық Қаһарманы. Ресей батыры. Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы ауылында туған. 3 рет ғарышқа ұшты, оның 2-де экипаж командирі ретінде. 7 рет ашық ғарыш кеністігіне шығып, онда 41 сағаттан артық болды (адамның ашық ғарышта ең ұзақ болған көрсеткіші). Гимнастикадан және командалық есептегі жоғарғы пилотаж бойынша КСРО спорт шебері. Мұсабаев алғашқы ғарыштық саяхатшы Деннис Титоны ғарышқа алып ұшқан әлемдегі тұңғыш «ғарышты таныстырушы ғарышкер».

#### **Мұстафа Өзтүрік Кабел Әбдірахман (1954-1995 ж.ж.)**

Көрнекті қазақ спортшысы, қоғам қайраткері. Түркия мемлекетінде туған. Көптеген елдердің аренасында даңққа бөленген спортшы. Таэквондодан (1982-88) әлемнің алты мәрте чемпионы. Гонконгте, Мюнхенде, Стамбулда, Қазақстанда жеке спорт мектептерін ашты. Еуропада және мұсылман әлемінде таэквондодан 6-шы дан иемденуші алғашқы және жалғыз қазақ.



### **Сәрсекбаев Бақыт (1981 жылы туған)**

Бокстан 69 кг салмақ дәрежесіндегі 2008 жылғы Бейжинде өткен жазғы олимпиада ойындарының чемпионы. Павлодар қаласының тумасы. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

### **Саттарханов Бекзат Сейілханұлы (1980-2000)**

Бокстан олимпиада чемпионы атанған тұңғыш қазақтың бірі. Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы Балтакөл ауылында туған. 2000 жылы Сиднейде өткен 27 жазғы олимпиада ойындарында 75 кг салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп олимпиада алтынын жеңіп алды. Ол жиырма жаста ғана еді, сол жылы авто-көлік апатынан қаза тапты. Саттарханов өз жеңісін Түркістанның 1500 жылдығына арнаған.

### **Серіков Шамиль Кәрімұлы (1956-1989)**

Классикалық күрестен еңбегі сіңген спорт шебері. Алматы қаласында туған. КСРО чемпионы, Еуропа чемпионы, әлемнің екі дүркін чемпионы, Мәскеуде өткен 22-ші жазғы Олимпиада ойындарының чемпионы (1980). 57 кг салмақ дәрежесі бойынша өнер көрсеткен.

### **Үшкөмпіров Жақсылық (1951 жылы туған)**

Грек-рим күресі бойынша еңбегі сіңген спорт шебері. Жамбыл облысында дүниеге келген. 1980 жылғы Мәскеу қаласында өткен жазғы Олимпиада ойындарына қатысуға Үшкөмпіровтің кандидатурасы жоғарғы деңгейде талқыланып, соңғы мезетке дейін белгісіз болды. Құрамадағы орын үшін талас өте күшті болды, әсіресе 48 кг салмақ дәрежесіндегілер арасында. Спортшы Одақ чемпионы және КСРО Халықтары спартакиадасының жеңімпазы болып, Олимпиада қарсаңына жақсы дайындықпен келуі керек болған. Жақсылық осы талаптарға сай болып шықты. Алайда Спорт комитеті және Күрес федерациясы, КСРО атынан грузин Г.Казарашвили күреседі деп шешім қабылдаған екен. Осы кезде Қазақстанның жоғарғы басшылығының жағдайға араласуына тура келді. Д.Қонаевтың Л.Брежневпен кездесуінен кейін Үшкөмпіров пен Казарашвили арасында белдесу спарринг өткізу керек деп шешті, біздің спортшы мықты болып шықты. Олимпиадада Жақсылық Румыния спортшысы Александруды, Болгар спортшысы Христовты және Венгр спортшысы Шерешаны таза ұтты. Сонымен біздің атлеттің алған олимпиадалық алтыны спорттық функционерлермен күресе жүріп алғандағы шын бағасы болды. 1981 жылы Үшкөмпіров әлем чемпионы атанады. Қазіргі уақытта ол Қазақстанға еңбегі сіңген жаттықтырушы.

## ҚАЗАҚ ЖЕРІН, ҚАЗАҚТАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІН ЗЕРТТЕГЕН АТАҚТЫЛАР

*Қазақстанның кең байтақ даласына, оның халқына және мәдениетіне деген қызығушылық әрқашан зор болған. Атақты ғалымдар, жазушылар, тарихшылар, саяхатшылар, музыканттар қазақ жерінің әсемдігіне, қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің өзгешелігіне сүйсініп, халық ауыз әдебиетінің, әуенінің бай мұрасына бас иген. Осы адамдардың көпшілігі қазақ менталитетіне жақын болып, қазақ мәдениетінің танымалдығын асқақтатуға атсалысты. Ғылыми зерттеулерді де ресейдің мемлекеттік иштенеуіктері, әскерилері жүзеге асырып, Қазақстан тарихы, этнографиясы, флорасы мен фаунасы, географиясымен танысуды қызметтік міндеттерімен қатар алып жүрді. Осынау Қазақстанның кең ауқымды байтақ даласын зерттеулер, отарлаушылық пиғыл ұстанған Ресей империясының жымысқы саясатымен ұштасып жатты: бекініс орындарын құру, Ресейдің ішкі губерниясындағы әсерсіз шаруаны қоныстандыру, қазақ халқын ықпалында ұстау, т.с.с. қажеттіліктер.*

### **Абрамов Николай Алексеевич (туған жылы 1812-1870)**

Ресейлік этнограф. Қазақ қалаларын зерттеген алғашқы тарихшылардың бірі. Негізінен Шығыс Қазақстанға арналған 100-ден астам баспа жұмыстарын жариялаған. Оның тарихи-географиялық еңбегі «Облыстық қала Семей» (1862) ғылыми ортада асқан қызығушылық тудырып, Лондонның «Географиялық қоғам королдігі» журналында жарық көрді. 1858-59 жылдары ол Баян сұлу мен Қозы Көрпеш құрметіне тұрғызылған тастан қаланған ескерткіш – кесенені зерттейді, олар туралы халық аузындағы аңыз-әңгімелерді көпшілік талқысына ұсынады. 1860 жылы Абрамов Верный қаласында болып, Қазақ даласының таңқаларлық табиғатының сөз жетпес сұлулығына тәнті болып, 1867 жылы «Алматы немесе Верный бекінісінің төңірегі» мақаласын жарыққа шығарады.

### **Айтматов Шыңғыс Төрөқұлұлы (туған жылы 1928-2008)**

Халық жазушысы, Қырғызстанның қоғамдық және мемлекеттік қайраткері. Қазақстан елімен, оның мәдениетімен тығыз қарым-қатынаста болған. Алғашқы білім жолын Жамбыл ветеринарлық техникумынан алған. Оның творчестволық тағдырына қазақтың ұлы жазушысы Мұқтар Әуезов қолдау көрсеткен. Ол Айтматовтың асқан дарынына бірінші болып назар аударып, «Сәт сапар» мақаласында (1958) «Жәмилә» повесіне жоғары баға берген. Нақ осы Мұқтар Әуезов, бүкіл елге Шыңғыс Төрөқұлұлын Лениндік сыйлыққа лайық деп танып, жар салған. Айтматов сондай-ақ Қазақстанның Халық жазушысы болып табылады, Алматы қаласының Құрметті азаматы. 1993 жылы біздің республикамызда оған Президенттік Бейбітшілік және рухани келісім сыйлығы тапсырылды. Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» әйгілі романдарының бірі – бастан аяқ, толықтай қазақ даласын суреттейді. Әдебиетте нақ осы шығармада Байқоңыр космодромы жайында кеңінен ой толғаған.

### **Алекторов Александр Ефимович (туған жылы 1861-1918)**

Орыс миссионері, ғалым-ориенталист, библиограф, этнограф және ағартушы. 1882-1908 жылдары – халық ағарту ісінің инспекторы, Бөкей Ордасындағы, Торғай, Ақмола және Семей облыстарындағы оқу орындарының басшысы (директоры) болған. Қазақ халқының дарынды тұлғаларын, дәстүрін, мәдениетін, өнері мен фольклорын жоғары бағалаған. Қазақтардың мал шаруашылығы, жермен айналысуы, жоралғы, салты, халық медицинасы, ойындары, әндері мен ақындық

өнері жөнінде мәліметтер жинап, оларды жариялаумен айналысты. Қазақтың эпостық жыры «Қобландыны» жазып алды. 1906 жылы оның редакторлығымен Қазақстан туралы бірінші іргелі библиографиялық жұмыс жарыққа шығарылды «Кітап нұсқаулығы, журнал және газет мақалалары, қырғыздар жайында жарияланымдар». Сонымен қатар, ол «Инородцы России» кітабында (1906) шовинистік позициямен көзқарасын білдіріп, Құран мазмұнына кереғар түсінік берді. Сонымен өзге дінге сенушілерге қарсылық пиғылын көрсетіп, осының негізінде «мұсылмандардың орыс халқымен шынайы достық қатынаста болуына» еш мүмкіншіліктің жоқтығы туралы ой түйеді. Қазақтар арасында христиан дінін таратуға құлшыныстық білдірген.

#### **Алмаши Дьордь (туған жылы 1867-1933)**

Венгер шығыстанушысы, географ, орнитолог. Ол басқарған экспедиция Қазақстанның бірқатар жерлерінде болып қайтты. Оның «Орта Азиядағы саяхатым» (1903) кітабында Жетісу, Алатау, Тянь-Шанның табиғаты және географиялық орналасуы, тіл, дін, қазақ пен қырғыздың салт-дәстүрі, олардың орыстармен өзара қарым – қатынасы туралы мәліметтер келтірілген.

#### **Алябьев Александр Александрович (туған жылы 1787-1851)**

Орыс композиторы. Романс орындаудың хас шебері. Қуғында жүргенде (1834-35) «Азияттардың әні» вокалдық циклын жазды, онда қазақ, татар, башқұрт және түркімен халықтарының әуендерін қолданды. Этнографиялық материалдар жинады, Орынбор өлкесіндегі қазақ, башқұрттың ән айту мәдениеті мен күйлерін зерттеумен айналысты. Оның аяқталмай қалған «Аммалат-бек» операсында қазақ әнінің екі нұсқасы келтірілген.

#### **Андреев Иван Григорьевич (туған жылы 1744-1824)**

Ресейдің әскери инженер-топографы. Оңтүстік Сібір шекарасында және Қазақстан даласында 50 жылдан астам уақыт қызмет етті, кәсіби қызметіне орай, қазақтармен тығыз байланыста болды. 1796 жылдан өмірінің соңғы күніне дейін Андреев Семей қаласында тұрды. Қазақ тілінде еркін сөйледі, қазақ халқының өмір салтын, үй құрмысын және мәдениетін жақсы меңгерді. Қазақтар оған сеніммен қарады, 18 ғасырдың екінші жартысында болған зерттеушілерге қарағанда, ол қазақтармен тығыз қарым-қатынаста болды. Андреев қазақтардың әртүрлі көшпенді рулар мен жасуіектер әулетінен таралуы туралы тұқым сабақтастығын асқан талғамдылықпен зерделеді. Ол «Описание Средней орды киргиз-кайсаков, с касающимися до сего народа, так же и прилегающих к российской границе по части Колыванской и Тобольской губерний крепостей дополнениями» атты қазақ халқына арналған ғылымдағы шын мәнісінде алғашқы арнаулы бірегей еңбегін жарыққа шығарды.

#### **Аничков Иван Васильевич (1863 жылы туған -өлген жылы белгісіз)**

Орыс ғалымы, археолог, этнограф. Түркістанның және Орынбордың ғылыми мекемелерінде жұмыс істеген. Қазақстанның тас мүсіндері, қорғандары, және басқа да сәулет ескерткіштері туралы бірқатар мақалалар жариялады. Оның: «Забывтый край», «Памятники киргизского народного творчества», «Очерки о жизни народов Туркестана» және т.б. еңбектерінде тарихи және этнографиялық мәліметтер келтіріледі.

#### **Анкинович Екатерина Александровна (туған жылы 1911-1991)**

Ғалым-геолог, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, геолого-минералогиялық ғылымының докторы, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер. 12 жаңа минералдар



түрін ашты, оның ішінде 8-і ғылымға таныс емес түрлері. Минералдар Халықаралық минералогия қауымдастығымен бекітіліп, қазақстандық геологтардың құрметіне Қ.Сәтбаев, И.Бока, В.Гуцевичтің және т.б. есімдерімен аталды.

### **Араб зерттеушілері (8-15 ғасыр аралығында өмір сүрген)**

Араб ғалымдары және саяхатшылары: әл-Беларузи, ат-Табари, әл-Джахиз, ибн Хордадбега, әл-Якуби, Кудама ибн Джафар, әл-Хамадани, әл-Джейхани, әл-Истархи, ибн Хаукал, ибн Фадлан, Әбу Дулаф, әл-Масуди, Исхак ибн әл-Хусайн, Гардизи, әл-Марвази, Закария әл-Казвини, әл-Неса-ви, әл-Омари, ибн Баттут, ибн Халдун, әл-Карши, әл-Басри, Әбу-л-Хасан Нур ад-Дин ибн Са-ид, ибн Русте, Әбу-л-Фида ибн Әл-Асир, ибн Әл-Факих, ибн Мисквавейх, әл-Идриси ортағасырларда бүгінгі Қазақстан жерін мекен еткен халықтар мен тайпалардың өміріне тарихи-географиялық және этнографиялық кең ауқымды зерттеулер жүргізді. Ортағасырлық араб тарихнамасындағы Қазақстанның ерекше орын алу себебін, арабтардың азиаттарды жаулап алған жерлерінде ықпал жүргізуге талпынғандарымен түсіндіруге болады.

### **Аравин Петр Васильевич (туған жылы 1908-1979)**

Музыкатанушы. Қазақ музыкасын зерттеуге бар ғұмырын арнаған, өзінен кейін келешек ұрпаққа бай мұра қалдырды. 1948-79 жылдары Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясында ұстаздық қызмет етті.

### **Арагон Луи (туған жылы 1887-1982)**

Француз жазушысы. Абайдың, М.Әуезовтың және басқа да қазақ акындары мен жазушыларының творчествосын жоғары бағалады. Әуезовтың «Абай жолы» романын 20 ғасырдың ең үздік шығармасы деп таныды.

### **Аристов Николай Александрович (туған жылы 1847-өлген жылы белгісіз)**

Ресей этнографы. 1899-1909 жылдары Жетісу облысында қызмет атқарған. Қазақ шежіресін зерделеуге елеулі үлес қосты.

### **Аткинсон Томас Уитлам (туған жылы 1799-1861)**

Ағылшын саяхатшысы, суретші. 1848-52 жылдары қазақ даласында болған. Өз еңбектерінде қазақтардың өмірін, салтын, тұрмысын, шаруашылығын, қалаларымен бекіністерін, қорғандары мен қорымдарын тәптіштеп суреттеген. Әсіресе қазақ акындарының шеберлігін ерекше атап өткен. Қазақ даласының топонимдері туралы аңыз әңгімелерді жарыққа шығарған. «Штурм ночного аула», «Бой киргизских всадников» және басқа суреттер бейнелеген.

### **Балаш Бела (туған жылы 1884-1949)**

Венгер жазушысы және қоғам қайраткері. 1943-45 жылдары Қазақстанда болған. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтап, жазып алған, оларды зерттеп неміс тіліне аударған. Оның «Золотая юрта» жинағы 1956 жылы ГДР-да жарық көрген.

### **Бараев Александр Иванович (1908-1985 ж.ж.)**

Қазақстандағы ауыл шаруашылығы ғылымының негізін қалаушы, ұйымдастырушылардың бірі. Академик. Қазақ КСР-нің тыңайған және тың жерлерін игеруге орасан зор үлес қосты. Оны тыңдағы бас агроном деп атады. 1956 жылы Қақтың дәнді-дақыл шаруашылығының ғылыми-зерттеу институтын құрып, оны 27 жыл басқарды. ҒЗИ-да академиктің тікелей жетекшілігімен топырақты жел эрозиясынан қорғауды қамтамасыз ететін жер өңдеудің жаңа жүйесі жасалып, ауыл шаруашылығы ғылымында жаңа бағыт пайда болды. Бараевтың

топырақ қорғайтын жер өңдеу әдісі енгізілгеннен кейін Қазақстанда бидай өсіру өндірісі жыл сайын артып, 25-27 млн.тоннаға дейін жетті. Бұл жүйе тек КСРО республикаларында ғана емес, сондай-ақ Венгрия, Болгария, Моңғолияда қолданылды.

#### **Бартольд Василий Владимирович (туған жылы 1869-1930)**

Ресейдің шығыстанушы-ғалымы. КСРО ҒА академигі. Орыстың шығыстану мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Оның ортағасырлық Қазақстан тарихына арналған еңбектері ғылыми құндылыққа ие болды. Қазақ жазуын латын қарпіне көшіру жөніндегі комиссияның мүшесі болды.

#### **Белослюдов Виктор Николаевич (туған жылы 1882-1916)**

Орыс суретшісі, этнограф. Оның творчествосы қазақтардың өмір салты-дәстүрі мен тұрмысына, Шығыс Қазақстан облысының табиғатына арналған көптеген суреттермен, акварельдермен, этюдтермен айшықталды. Оның «Юрта», «Қазашка», «Қазақское семейство», «Қазахи с кумысом», «Қазақская арба», «Семипалатинск», «За чаем», «Табун лошадей» картиналары көпшілікке танымал.

#### **Бельгер Герольд Карлович (1934 жылы туған)**

Аудармашы, прозаик, публицист, әдеби сыншы. Қазақстан өнеріне еңбегі сіңген қайраткер. Ресейде Волга өзенінің бойын мекендеген неміс отбасында туған, балалық шағынан бастап, осы күнге дейін Қазақстанда тұрып, еңбек етуде. Ол қазақ ауылында өсті, қазақ орта мектебін бітірді, қазақтың, немістің және орыстың мәдениетін тең меңгеріп қазақ менталитетіне етене араласып кетті. Оның творчествосында қазақ иісі аңқып тұрады. Кейде оны замандастары «Соңғы қазақ» деп те атайды. Ал ол өзі: «Мен өлгенде, мені соңғы сапарға аттандыруға жиналғандар: «Өмірден тағы да бір қазақ өтті, десін»,- деген екен.

#### **Бенедикт Поляк (13 ғасырда өмір сүрген)**

Поляк франкоиспан-монахы. Атақты Марко Полоның саяхатынан бұрын, ол 1245-47 жылдары еуропалықтардың арасынан бірінші болып Қасиетті тәждің дипломатиялық миссиясы құрамында, қазіргі заманғы Қазақ даласынан өтіп, Азия тұңғышына саяхат жасады. Оның осынау ел аралап жазған еңбектерінің арқасында Еуропа алғаш Ұлы Даланы танып білген.

#### **Берг Лев Семенович (туған жылы 1876-1950)**

Ғалым, географ, биолог, КСРО ҒА академигі. «Арал теңізі» монографиясының авторы, сол үшін оған ғылым докторы дәрежесі беріліп, П.П.Семенов-Тянь-Шанский атындағы медаль тапсырылды. Қазақстан табиғатын танып, білуге орасан зор үлес қосты.

#### **Березин Илья Николаевич (туған жылы 1818-1896)**

Орыстың шығыстанушы-ғалымы. Оның «Түрік хрестоматиясы» атты үш томдығына «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Едігей», «Қамбар батыр» және басқа қазақ эпостары енді. Березиннің жәрдемдесуімен қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың қолжазбалары Петербургтегі орыстың географиялық қоғамдастығына берілді.

#### **Бернштам Александр Натанович (туған жылы 1910-1956)**

Кенестік археолог. Орта Азия және Қазақстанның археологиялық ескерткіштерін зерттеу жөніндегі экспедицияға жетекшілік етті. Оның еңбектерінде ежелгі

көшпенді халықтың мәдениеті мен өнерінің тарихы, этногенезі, қоғамдық құрылымы, шаруашылығы жарық көрді.

### **Бимбоэс Альвин Эрнестович (туған жылы 1878 – 1942)**

Қазақ халық музыкасы шығармаларын жинаушы неміс зерттеушісі. 1911 жылдан бастап Ресейде тұрған. 1919-22 жылдары Ақмола қаласында мекендеген. Қызметтік іссапарларда 100-ден астам қазақ әндерін жазып алған. Ақмолада балаларға арналған бірінші музыка мектебін ашты. Атақты музыкатанушы А.В.Затаевичке қазақ әндерінің өңделген, аударылған мәтіндерін, өзі салған акварель суреттерін өз қолымен табыс еткен. 1926 жылы Ленинградта шығарылған «Музыкальная этнография» жинақталған мақаласына, Бимбоэс жазып алған 25 қазақ халық әндері енді.

### **Бичурин Илья Яковлевич (туған жылы 1777-1853)**

Орыстың шығыстанушы-ғалымы. Қытайдың жазба көздерін негізге алып, ол түркі тектес, оның ішінде қазақ халқының тарихы мен этнографиясына іргелі зерттеу жүргізді. Оның «Собрание сведений о народах, населявших Среднюю Азию в древние времена» (1851) еңбегі әлемге біздің бабаларымыз жайындағы тарих беттерін ашады.

### **Бородин Александр Порфирьевич (туған жылы 1833-1887)**

Орыс композиторы, ғалым-химик. Оның «Князь Игорь» операсы музыкадағы ұлттық батырлық эпос үлгісі болып табылады. Оған ол хорды және қазақтың «Ой, айнама» және «Ғазиз-ай» әндерімен үндес половцы жауынгерлерінің биш қосты.

### **Брем Альфред Эдмунд (туған жылы 1829-1884)**

Неміс зоологы, ағартушы. Оның Сібір, Түркістан, Семей жерлеріне жасаған саяхаттарында байқаған көріністері «Быть и семья киргизов», «Кочевники степи-скотоводы» еңбектеріне негізгі арқау болды. Онда Қазақ даласының бай табиғаты, қазақтардың өмір салты, дәстүрі суреттелген. Сондай-ақ далалықтардың қонақжайлылығы, ерекше музыкалық дарындылығы, тіл байлығы аталып өткен.

### **Брусиловский Евгений Григорьевич (туған жылы 1905-1981)**

Композитор. Қазақстан Халық әртісі. Кәсіби қазақ музыкасы өнерінің қалыптасуына елеулі үлес қосты. Ол 250-ден астам қазақтың халық әндері мен күйлерін жазып алған. Брусиловский-қазақтың бірінші «Қыз Жібек» операсының авторы. М.Төлебаев және Л.Хамидимен бірігіп Қазақ КСР-нің әнұранын жазған.

### **Бутаков Андрей Иванович (туған жылы 1816-1869)**

Орыс теңізшісі, контр-адмирал. 1848-49 жылдары Арал теңізін зерттеу және картографиялау жөніндегі теңіз экспедициясына жетекшілік етті. 1858-59 жылдары Амудария өзенін зерттеген. 1853-55 және 1862-63 жылдары Сырдария өзенінің төменгі және орталық ағысын зерттеп, картасын сызды.

### **Вамбери Армений (туған жылы 1832-1913)**

Венгердің шығыстанушы-ғалымы. «Путешествие по Средней Азии» (1865) кітабында ол қазақ халқының музыка мен поэзияға, еркіндікке құштарлығына, қонақжайлылығына таңданыс білдіреді.

### **Васильев Павел Николаевич (туған жылы 1910-1937)**

Кеңес ақыны. Оның творчествосына қазақ фольклорының образдары, әуездері, интонациялары етене араласты. Павлодар, Қызылорда және т.б. жерлердің қазақтарынан жазып алған халық творчествосының үлгілері, қазақ әндері мен



аныздарының әуезі бойынша жазылған бірегей шығармалары оның «Песни киргиз-казахов» (1932) атты жыр жинағына енді.

### **Верещагин Василий Васильевич (туған жылы 1842-1904)**

Орыс суретшісі-баталист. Қазақстанда 19-шы ғасырдың 60 жылдарының соңында, 70-ші жылдарының басында болған. Сапар барысында қазақ халқының тұрмысы мен танымын, табиғатын бейнелеген: «Голова казаха в войлочной шляпе», «Мечеть в Туркестане», «Казахские кибитки» (1867), «Богатый киргизский охотник с соколом» (1871) және т.б. картиналар жазған.

### **Вельяминов-Зернов Владимир Владимирович (туған жылы 1830-1904)**

Ресейдің шығыстанушы-тарихшысы, лингвист, нумизмат, академик. Поволжья, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихын зерттеуші. Қазақ хандығының тарихын ғылыми зерделеудің негізін қалаушы. «Исторические известия о киргиз-кайсаках», «Исследования о касимовских царях и царевичах» кітаптарының авторы.

### **Верн Жюль (туған жылы 1828-1905)**

Ғылыми-фантастикалық және оқиғалық жанрда жазатын әйгілі француз классик-жазушысы. Қазақтың көрнекті ханы Кенесары туралы жазылған «Курьер царя» романының авторы. Оның басқа «Клодиус Бомбарнак» романы оқырмандарды Ресейдің Азия құрылығын мекендеген халықтардың тіршілік, тұрмысымен таныстырады. Бұл шығармада жазушы ертеңгі күнге көз тігіп, көпұлтты алып елдегі ғылым мен техниканың даму мүмкіншілігін сезінгісі келеді. Сонымен қатар, ол Қазақстанның темір жол торабының дамуына қатысты қызғылықты ұсыныс жасады. Бұл кітабында Жюль Верн, қазақтар мұсылман дініне сенуші, жерлері үш орда бөлнетін көппенді халық деп жазады, олардың мекен-жайын көрсетіп, «теріскен» және басқа ергежейлі өсімдіктер туралы әңгімелейді.

### **Веселовский Николай Иванович (туған жылы 1848-1918)**

Ресей шығыстанушысы, тарихшы, этнограф, археолог. Оның ғылыми қызметі Орта Азия, Жетісу, Сынцзян халықтарының тарихына, этникалық құрамына және Қазақ хандығының құрылған тарихына арналған. Қазақ ғалымы Ш.Уәлихановтың бір томдық шығармалары жинағын (1904) алғаш жарыққа шығарушы редактор.

### **Галузо Петр Григорьевич (туған жылы 1897-1980)**

Кеңестік тарихшы. Патшалық үкіметтің қоныс аударту саясатының колониялық сипатын және Қазақстан мен Ресейдің 19-шы ғасырдың соңы, 20-шы ғасырдың басындағы сауда-экономикалық байланысын зерттеуші. Статистикалық мәліметтер негізінде орыс қоныс аударушыларына қазақ жерін бөліп берудің етек алуының соңы қазақ ауылы экономикасы үшін орны толмас шығын екенін көрсетіп берді. Сол үшін саяси қуғын-сүргінге ұшырады.

### **Гапеев Александр Александрович (туған жылы 1881-1958)**

Геолог-ғалым. 1917-20 жылдары Қазақстандағы көмір кен орындарын зерттеді. Екібастұз, Ертіс жанындағы, сондай-ақ Сарыадыр, Түменсор, Құсмұрын, Ақжар, Борлы, Майкөбе көмір кен орындарын сипаттады. Гапеев Қарағанды көмір бассейнін республикадағы ірі кен орны деп алғашқылардың бірі болып бағалады.

### **Гедин Свен Андерс (туған жылы 1865-1952)**

Швед саяхатшысы, этнограф. 1893-97 жылдары қазақ даласына келген. Содан кейін жазған кітабында қазақ жерінің географиялық сипаттамасын, қазақтардың өмірінен келтірілген суреттер, олардың салт-дәстүрлері, ұлттық ойындары, мал шаруашылығы мен сауда-саттығын көрсеткен.

### **Георги Иван Иванович (Иоганн Готлиб) (туған жылы 1729-1802)**

Неміс ұлтынан шыққан ресейлік саяхатшы, этнограф, Ресей халқы, соның ішінде қазақтар туралы алғаш жалпылама еңбек жазған натуралист. Георги есімімен «георгин» гүлін атайды.

### **Герберштейн Зигмунд фон (туған жылы 1486-1566)**

Неміс дипломаты, саяхатшы. 1517-26 жылдары Ресейде болған. Сол саяхаттан алған әсерлері «Записки о Моковских делах» шығармасына негіз болды. Кітабында ол Еуропаны тұңғыш Қасым хан үстемдік құрған кезеңдегі Қазақ хандығымен таныстырады. Қазақтар табынымен жылқы ұстап, ет-сүт өнімдерімен тамактанып, асқа тұзды аз қосып, көбінесе емдік өсімдіктерді пайдаланатынын жазған. Қазақтардың астрономиялық ұстанымдары туралы айта келе, автор олардың өміріндегі Полярлық жұлдыздың алар орнының ерекшелігін атап өткен, өйткені ол бойынша қазақтар уақытты, сондай-ақ түн мезгілінде бағыт-бағдарын біліп отырғандығын көрсеткен.

### **Геродот (б.з.д. 490 және 480 аралығы -шамамен 425)**

Цицерон (тарих атасы) атанған ежелгі грек ғалымы. 9 кітаптық алғашқы тарихи шығарманың авторы. 4 кітабында алғашқы антикалық әдебиетте Қазақстандағы ерте замандағы көшпенділердің тұрмыс-салтын сипаттап береді. Сондай-ақ кітабында Ұлытау тауларын атап өткен.

### **Григорьев Василий Васильевич (туған жылы 1816-1881)**

Орыс шығыстанушы-ғалымы. Қазақ халқының тарихын, мәдениетін, этнографиясын, шаруашылығын танып, білуге орасан зор үлес қосқан. Осы тектес тақырыптарға бірқатар еңбек жазған. Ш.Уәлихановпен Ы.Алтынсаринмен тығыз қарым-қатынаста болған. 1861 жылы оның жобасы бойынша Троицкіде қазақ балалары үшін мектеп ашылды. Сондай-ақ Григорьевтің жетекшілігімен Орталық Азия тарихы жайында құнды мәліметтер жинақталған үлкен Орынбор кітапханасы құрылды.

### **Гросс Северин (туған жылы 1852-1893)**

Қоныс аударылған поляк. Абаймен дос болған. Қазақтың дәстүрлі дала заңы бойынша құнды болып табылатын «Материалы для изучения юридических обычаев киргизов» атты еңбегін жазды.

### **Грум-Гжимайло Григорий Ефимович (туған жылы 1860-1936)**

Ресей ғалымы, географ, Орталық Азияны зерттеуші. Аталған өңірде көп саяхаттады. Оның еңбегінде маңызды орын Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тарихына баса назар аударылған. Ш.Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығына арналған бірнеше мақаласы бар.

### **Гумбольд Александр (туған жылы 1769-1859)**

Атақты неміс ғалымы. 1829 жылы қазақ даласында саяхат құрған. Шығыс Қазақстан, Ертіс маңы, Семей, Петропавл, Омск, Орынбор, Орал қалалары, Каспий теңізінің жағалауында болған. Қазақтардың музыкалық дарынына таңқалып өткен.

### **Гумилев Лев Николаевич (туған жылы 1912-1992)**

Атақты орыс ғалымы, этнограф, тарихшы, географ. Орталық Азияның ежелгі және ортағасырлық көшпенділер тарихын танып, білуге орасан зор үлес қосқан. Өз еңбектерінде ол көшпенділерді жермен айналысатын – отырықшы цивилизацияға жауыз деп қарау үрдісіне қарсы уәж келтіруге тырысты. Оның есімі Астана қаласындағы Еуразиялық университеттің атына берілді. Гумилев қазақ этносын

танып, блу үшін байыпты негіз қалады. Өзге ғалымдардың сөзіне құлақ ассақ, ол қазақ халқына асқан жылылықпен қараған. Қазақ ұлтын ол асқақтата мақтағандай, қазақ өзін ешқашан ондай биікке көтермес еді. Гумилев Ленинградтың Мемлекеттік университетінде түркітану мен қазақ тілінен ұстаздық қызметпен айналысып жүріп, үйінде жұбайының Ресейдің солтүстік астанасының тұрғыны болғанына қарамастан, қазақша киінуге және шашын өруге мәжбүрлеген. Ғалымның «История казахского этноса» қолжазбасы аталған оқу орнының мұражайында сақтаулы. Алайда, ол әлі күнге дейін баспадан жарық көрмеген.

#### **Гутковский Карл Казимирович (1815-1867)**

Ресейдің әскери қайраткері, Қазақстанды зерттеуші, Ш.Уәлихановтың жақын достарының бірі болған. Оның еңбектерін баспадан шығару үшін әзірлеуге қатысқан. Орыс географиялық қоғамдастығының қазақ ғалымы еңбегінің толық жинағын шығаруына жәрдемдескен.

#### **Даль Владимир Иванович (жасырын есімі Казак Луганский) (туған жылы 1801-1872)**

Орыс жазушысы, лексикограф, этнограф. Оралда, Орынборда дәрігер болып қызмет атқарған. Оның бастамасымен 1831 жылы Неплюев әскери оқу орнында алғашқы қазақ мұражайы ашылған. Даль «Майна», «Бикей и Мауляна» (1836-37) повестерінде қазақ ауылының тұрмысын сипаттады. Қазақ тұрмысын, тілін және фольклорын білуі «Письмах из похода в Хиву» (1839-40) шығармасында да көрініс тапты. Даль А.С.Пушкиннің қазақ даласындағы сапарында ілесіп жүрді.

#### **Дефо Даниэль (туған жылы 1660-1731)**

Көрнекті ағылшын жазушысы. Өзінің әлемге танымал «Робинзон Крузо» романының екінші бөлігінің бірнеше бетінде қазақ даласы, оны мекендеушілер туралы жазған.

#### **Дженкинсон Антони (Энтони) (туған жылы белгісіз – 1611)**

Ағылшын саудагері және дипломаты. 1558-59 жылдары қазақ даласына келген бірінші ағылшын және осы сапары туралы «Повествование о хане Хакназаре, занятиях и обычаях казахов» атты жазбаша із қалдырған. Ол қазақтар туралы алғаш картографиялық ақпарат жасаған. Дженкинсон картасы 1562 жылы Лондонда шығарылған, онда «Қассак» (Cassak) деген жазу болған.

#### **Диваев Абубекир Ахмеджанович (туған жылы 1855-1933)**

Танымал башқұрт этнографы, Ташкент, Қазан, Мәскеу ғылыми қоғамының мүшесі. Қазақ этнографиясының әрқилы тараптарымен айналысқан. «Алпамыс», «Қобланды», «Қамбар» батырлық эпостарының, сондай-ақ оншақты өлеңдер, жүздеген мақалдар, шамамен 180 ертегі қолжазбаларын жинаған.

#### **Добротыслов Александр Иванович (туған жылы 1854-1945)**

Орыс тарихшысы, этнограф, Поволжье, Орталық Азия және Қазақстан халықтарын зерттеген. Негізгі ғылыми еңбектері қазақ халқының мал шаруашылығына, рулық құрылымына, өмірі мен тұрмысына, салт-дәстүріне арналған.

#### **Достоевский Федор Михайлович (туған жылы 1821-1881)**

Орыс жазушысы. 1854-59 жылдары Қазақстанға жер аударылған. Омскіде және Семейде тұрып қазақ ауылдарын көп аралаған, қазақтар арасында таныстары болған. Ш.Уәлихановтың досы. Қазақ жерінде жүріп «Дядюшкин сон», «Село Степанчиково и его обитатели», «Записки из мертвого дома» мәңгілік өнер



туындыларын жазған. Оның соңғысында Ертістің арғы жағында орналасқан қазақ ауылдары суреттеледі.

#### **Дюма-Александр экесі ( туған жылы 1802-1870)**

Француз жазушысы. Дүние жүзілік саяхатының бірінде қазақ даласында болғанда алған әсерін «Из Парижа в Астрахань» (1858) очеркінде мазмұндаған.

#### **Ерзакович Борис Григорьевич (Гиршевич) (туған жылы 1908-1997)**

Композитор және Қазақстанның музыкатанушысы. Ақмола қаласының тумасы. Жеткіншек жасынан қазақтың музыка мәдениетімен әуестенген. Өнертану докторы, профессор, академик, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Қазақтың музыкалық мұрасын жинаушы атақты А.В.Затаевичтің ісін жалғастырушы. Ол «Музыкальное творчество Абая», «Народные песни Казахстана», «Казахское музыкальное наследие» және көптеген монографиялармен мақалалардың авторы. Көпжылдық еңбегінің жемісіндей толықтығы мен тереңдігі жағынан кездесе бермейтін жан-жақты зерттелген «Песенная культура казахского народа» еңбегі жарық көрді. Ерзаковичтің республиканың музыкалық өнеріне қосқан елеулі үлесі оның композиторлық опус-увертюралары, квартеттері, көптеген қазақ халық әндеріне жасаған фортепианолық нұсқалары, романстары, хорға арналған шығармалары және т.б. болып табылады.

#### **Зайн-Ад-Дин Махмуд Бен Әбд Әл-Джалил Васифи (туған жылы шамамен 1485-1551-56)**

Орта Азиялық жазушы. Қазақ жерлері – оның «Бадаи ал-Вакаи» («Таңқаларлық оқиғалар») мемуарларында алғаш рет Қазақстан деп аталған.

#### **Залесский Бронислав (туған жылы 1820-1880)**

Поляк суретшісі. Орынбор, Манғышлаққа жер аударылған. 1865 жылы Парижде оның қазақ даласында болған жылдарында естіген аңыз, ертегілер туралы, қазақтардың тұрмыс салты жайында ауқымды этнографиялық очерктер мен акварельмен салынған 22 суреті енген «Жизнь киргизской степи» атты альбомы жарық көрді.

#### **Затаевич Александр Викторович (туған жылы 1869-1936)**

Музыкатанушы-фольклорист, этнограф, композитор. 1920 жылдан бастап Қазақстанның бұрынғы астанасы Орынборда тұрған, онда алғаш қазақ музыкасын естіген. Музыка «өзіндік поэтикалық ерекшелігімен, әуезге бай әсемдігімен» таң қалдырды. 1922 жылы ол мыңнан астам қазақ әні мен күйін жинақтады. Осы жазбалар Затаевичке данқты атақ әперген «Қазақ халқының 1000 әні мен күйі» бірінші жинағына енді. Республика өкіметінің алғашқы тағайындаған «ҚАКСР Халық әртісі» атағын алған (1923). 1931 жылы екінші «Қазақтың 500 ән мен күйі» жинағы жарық көрді. Затаевич творчествосы қазақ өнерінің көптеген таланттарының шебер болып қалыптасуына зор ықпал етті. Оның ұсынысы бойынша Парижде өткен әлем халықтарының этнографиялық концертіне қазақтың ән айту өнерін әлемге танытқан Әміре Қашаубаев жіберілді. Затаевичті «Қазақ әнінің атасы» деп атауға толық негіз бар.

#### **Зелинский Густав (туған жылы 1809-1881)**

Поляк ақыны. 1834-1842 жылдары қуғында жүріп, Қазақстанда бірнеше жыл мекендеген. Өлкенің табиғатына таңданған Зелинский әлемдік әдебиеттегі әйгілі поэма «Степь» және «Киргиз» поэмаларын жазды, онда қазақ халқының өмір салты мен тұрмысын, ұлттық дәстүрлерін сипаттаған.

### **Ильминский Николай Иванович (туған жылы 1822-1892)**

Орыстың шығыстанушысы, миссионер-ағартушы. Ресей империясының құрамына енген халықтарды сауаттандыру ісіне орасан зор үлес қосқан. Ы.Алтынсаринмен тығыз әріптестік қатынаста болған, оның педагогикалық қызметіне практикалық көмек көрсеткен. Алтынсариннің көмегімен қазақ тілін меңгеріп, алғашқы қазақ тілі грамматикасын жазды, қазақ сөздерінің сөздігін құрады. Қазақтар үшін орыс тілін өздiгiнен үйренуге арналған оқу құралын жазды. Сонымен қатар, халық ағарту ісін Ресей империясының түркі халықтарын орыстандыру үшін қолдану идеясын жақтады.

### **Иштван Коныр Мандоки (туған жылы 1944-1992)**

Венгер ғалымы-түркітанушы. Түркі халықтарының ынтымақтастығы ісіне орасан зор үлес қосты. Олардың сан ғасырлық тарихы мен мәдениеті бойынша құнды мәліметтер жинады. 1977 жылы тұңғыш рет Қазақстанда болған, сол мезгілден бастап Қазақстан оның тағы да бір отанына айналады. Қазақ және өзге де түркі тілдерін еркін меңгерген. «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының негізін қалаушылардың бірі. Венгер және ежелгі көшпенді түркі халықтарының қандық жақындығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп берді. Қазақ қызы Айшаға үйленген. Ғалымның өсиеті бойынша Алматы қаласының Кеңсай зиратында жерленген.

### **Кабай (Хабай, Ха Хуанджи) (1926 жылы туған)**

Қытай ғалымы, ақын, аудармашы. Абай Құнанбаев және Мұқтар Әуезовтың творчествосын зерттеген. Олардың шығармаларын қытай тіліне аударған. Абай творчествосына ғылыми мақалалар мен монографиялық бірқатар еңбектер дайындады.

### **Карпини Иоани де Пано (Джованни Пиано де Карпини, Жан дю План Карпан) (шамамен 1182-1200-1248-1252)**

Италян саяхатшысы, монах-францискандық. 1245 жылы рим папасы оны моңғолдармен дипломатиялық қарым-қатынас жасау үшін олар жаулап алған аудандарға жібереді. 1246 жылы Карпини миссиясы моңғол хандары Батудың және Ғұйықтың ордасында болды. Монахтың саяхат жайындағы «Либеллус хисторикус» (Тарихи шолу) есебі сол замандағы Шығыс әлемімен таныстырды. Онда ортағасырлық Қазақстан тарихы бойынша маңызды мәліметтер бар, Сырдария маңындағы қалаларды тәптіштеп сипаттаған.

### **Кассин Николай Григорьевич (туған жылы 1896-1949)**

Ғалым-геолог, геолого-минералогиялық ғылымдардың докторы. Қазақ КСР-нің ғылымына еңбегі сіңген қайраткер. ҚР ҰҒА академигі. Қазақстан аумағының геологиялық құрылымын танып, білуге, оның толып жатқан шикізат ресурстарын игеруге және геология ғылымының дамуына орасан зор үлес қосты.

### **Катаринский Василий Владимирович (туған жылы 1846-1902)**

Орыс ғалымы-ориенталист, қазақ тілін зерттеуші. Қазақ халқын сауаттандыру және қазақ мәдениетін дамыту ісіне елеулі еңбек сіңірді. 25 жылдан астам уақыт Орынбор облысының татар, башқұрт және қазақ мектептері бойынша инспектор болып қызмет атқарды. Қазақ мектептерінің оқушыларына арналған оқулықтар жасауға қатысты. «Букваря для киргиз» авторы. Оның редакторлығымен «Грамматика киргизского языка» баспадан жарық көрді. Шамамен 10 мыңнан астам сөзді қамтыған «Киргизско-русский словарь», тұңғыш қазақтың «Календарь для киргиз» шығарды.

### **Кеннан Джордж (туған жылы 1845-1924)**

Американ жазушысы және публицист. Қазақ халқының атақты ақыны – Абай Құнанбаевтың есімі оның «Сибирь и ссылка» (1891) кітабының арқасында американ оқырманына танымал болды. Онда Кеннан біздің классиктің жоғары білімдарлығына таң қалып, Семей кітапханасы, оның өлке өміріндегі алатын маңызы туралы айтып берген.

### **Клементи Дмитрий Александрович (туған жылы 1848-1914)**

Орыс этнографы, археолог, халықшыл-революционер. Қазақ даласында бірнеше рет болған. Жалпы тақырыбы «Киргизы» мақаласында қазақ халқының тарихы, этнографиясы, әдебиеті мен өнері туралы әртүрлі мәліметтер бар.

### **Комаров Владимир Леонтьевич (туған жылы 1896-1945)**

Кеңестік ғалым-ботаник, географ. КСРО ҒА президенті. Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстан, Орал және Батыс Сібір ресурстарын ел қорғанысы мұқтажына жұмылдыру жөніндегі комиссияға басшылық жасаған. Қазақстанның табиғи ресурстарын зерттеу және практикаға енгізу бойынша орасан зор ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізген. Оның жетекшілігіндегі комиссия Қарағанды қаласында металлургиялық зауыт салу кұрылысының көкейтесті мәселелерін қарастырды, Орталық Қазақстанда көмір өндіруді, түсті металды балқытуды арттыру, коксты химия өндірісінің дамуы бойынша кешенді шаралар әзірледі. Республиканың табиғи байлығын анықтау және игеру ісіне қосқан елеулі үлесі үшін оған Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер атағы берілді.

### **Костылецкий Николай Федорович (туған жылы 1813-1869)**

Орыс ғалымы-шығыстанушы, қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы. Ш.Уәлихановтың ұстазы, досы. Омск кадет корпусында ұстаздық қызмет атқарған. Қазақ ұлттық ойындары туралы мәліметтер жинаған.

### **Котвич Владислав Людвигович (туған жылы 1872-1944)**

Поляк шығыстанушысы. Бөкей Ордасы қазақтарының өмірі және тұрмысын зерттеумен айналысты. «Киргизы» атты жалпылама шолу мақаласын жазып, онда қазақтар тарихы, саны, сондай-ақ олардың өмірінен алынған әртүрлі антропологиялық және этнографиялық мәліметтер келтірілген.

### **Краснов Андрей Николаевич (туған жылы 1862-1914)**

Орыс ботанигі, географы және саяхатшысы. 19 ғасырдың 80-ші жылдары Қазақстанның өсімдік әлемін кеңінен жан-жақты зерттеу жөніндегі экспедицияға жетекшілік етті.

### **Крашеников Ипполит Михайлович (туған жылы 1884-1947)**

Ресейлік геоботаник, физик-географ. 1908 жылы Қазақстан ботаникалық және географиялық тұрғыдан зерттеулер жүргізді, өсімдік белдеуінің картасын жасады, аталған тақырып бойынша ғылыми жұмыстың авторы болып табылады.

### **Курдаков Евгений Васильевич (туған жылы 1940-2002)**

Орыс ақыны, ғалым. Орал жағасында Орынбор қаласында туған. Ертіс өзенінің жағалауында Өскемен тауларында ақындық, суретшілік қырынан ашылды. Жасаған еңбектерінің ішінен өзі ең үздік деп санаған алғашқы «Мой берег вечный» кітабы жарық көрді. Тіл ілімін дамытуға қатысты іргелі еңбегі үшін Петровскийге ғылым және өнер академиясының академигі атағы берілді. Өскемен қаласынан 38 шақырым жерде орналасқан «Ақ бауыр» үңгірінде охрамен салынған жартаc суреттері табылды. Ғалымның пайымдауынша, олар әлемдегі ежелгі жазбаның



үлгілері болып табылады. Курдаков қазақтың кемеңгер ақыны Абайдың өлендерін ең үздік аударған орыс ақыны. «Өзге ақынның әлемі тартып әкетеді, ал Абай әлемі – мүлдем жұтып алатынын аудармаға құмар әрбір ақын біледі. Абай менін шығармашылығымдағы және жеке өмірімдегі орасан зор эталон», - деді Курдаков.

#### **Кэстл Джон**

Ағылшын суретшісі. XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген. 1734-37 жылдары Ресейде қызмет ете жүріп, И.Кирилловтың Орынбор экспедициясына қатысты, оның барысында Арал теңізінің жағалауын, Жайық өзенін зерттеді. Самара және Симбирск қалаларында болды. Кэстленің «О путешествии в 1736 г. к хану Младшего жуза Абулхайру» шығармасы тарихта маңызды орынға ие, онда қазақтардың өмірі, салты, билік жүйесі, жерінің табиғи байлығы туралы құнды мәліметтер жазылған. Олар XVIII ғасырдың ортасындағы Отанымыздың тарихын тереңірек білуге мүмкіндік береді.

#### **Левшин Алексей Ираклиевич (туған жылы 1797-1879)**

Орыс ғалымы. Қазақстан және қазақ халқының тарихын, этнографиясы мен географиясын зерттеуші. Көптеген ғылыми мақалалардың және 3 томдық «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких Орд и степей» кітабының авторы. Аталған шығарма қазақ халқы туралы алғашқы арнаулы зерттеу жұмысы болды. Ш.Уәлиханов Левшинді «Қазақ халқының Геродоты» деп атады.

#### **Мариковский Павел Иустинович (туған жылы 1912-2008)**

Зоология профессоры, әлемдік даңқы бар энтомолог-ғалым, жазушы-натуралист, ҚР Жазушылары одағының мүшесі, Ұлы Отан соғысының ардагері. Мариковский өмірінің басым бөлігі Қазақстанмен тығыз байланыста болды, оның табиғатымен, географиясымен, тарихымен және мәдениетімен. Ол қазақ даласын талмай зерттеді. Бүкіл әлемдік география қоғамының алтын медалімен наградталған кеңестік мемлекеттер арасындағы алғашқы ғалым атағына лайық. Петроглифтардың, яғни жартас суреттері көшірмелерін әлемде бірінші болып жинады.

#### **Марко Поло (туған жылы 1254-1324)**

Италян саяхатшысы. Азия даласындағы көп жылдық (1271-1295ж.ж.) саяхат барысында қазіргі заманғы Қазақстан және оны ертеде мекендегендер туралы бай тарихи, географиялық және этнографиялық материалдар жинады.

#### **Марков Сергей Николаевич (туған жылы 1906-1979)**

Кеңестік ақын, жазушы. КСРО географиялық қоғамының мүшесі. Саяхат тарихы және географиялық жаңалықтар бойынша көптеген мақалалар мен кітаптардың авторы. Жас күнінде Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар қазіргі (Петропавловск) қаласында өмір сүріп, қызмет еткен, осында алғашқы творчестволық қадам жасаған. Д.А.Қонаевтың айтуы бойынша Марков қазақ халқының үлкен досы, оның әдебиетшілерімен және ғалымдарымен тығыз байланыста болған. Ш.Уәлихановтың есімін мәңгілік есте қалдыру үшін орасан күш жұмсады. Оның қазақ ғалымы жайында жазған «Идущие к вершинам» (1963 ж.) тарихи-өмірбаяндық романы «Қазақстан ғылымының 19 ғасырдағы поэтикалы энциклопедиясы» деп аталып, көпшілік оқырмандарға таныс.

#### **Мелиоранский Платон Михайлович (туған жылы 1868-1906)**

Орыстан шыққан шығыстанушы. Қазақ тілін танып, біліп, Орынбор губерниясы мен Торғай облысында қазақ фольклорының үлгілерін жинады. «Краткой грамматики

казах-киргизского языка» авторы. «Киргизские пословицы и загадки» жинағын шығарды.

**Мариям Жағорқызы (шын аты-жөні-Мария Егоровна Рыкина) (туған жылы 1887-1950)**

Қазақ өнеріне еңбегі сіңген қайраткер. Қазақ тілінде еркін сөйлеген. Қазақ халық әндерінің, оның ішінде халық арасына кең тараған танымал орыс қызының қазақ жігіті Дүйсенге деген махаббаты, ұлттық және діни ырым-жырымдармен санаспайтын сезім жайындағы «Дударай» әнінің авторы және орындаушы. Ақмола облысының Қорғалжын ауданында туған. Сол жерде жерленген.

**Михаэлис Евгений Петрович (туған жылы 1841-1913)**

Ресейден қоныс аударылған революционер-демократ. Ұзақ жылдар Абай Құнанбаевпен дос болған. Абайдың ұсынысы бойынша Михаэлис Семей облыстық статистика жөніндегі комитетінің толық мүшесі болып қабылданды. Ғылыми қызметтен басқа, қайраткер Михаэлис өлкені көркейтуге, оның мәдениетін дамытуға қатысты. Оның бастамасы бойынша XIX ғасырдың 70-ші жылдары Семей қаласында тұңғыш өлкетану мұражайы, Өскеменде кітапхана, әйелдер гимназиясы, екі оқу орны, бастауыш мектеп, Халық үйі және т.б. ашылды.

**Мозер Генри (туған жылы 1844 - өлген жылы белгісіз)**

Швед саяхатшысы. Қазақ даласында, Бұқарада, Хиуа, түркімен және Парсы елдерінде болғаннан кейін қазақ халқының өмір салты мен тұрмысын көрсететін 170 суретімен шығарған «В странах Центральной Азии» кітабы 1887 жылы Люцерн қаласында (Швейцария) көрмеде таныстырылды.

**Мусоргский Модест Петрович (туған жылы 1839-1881)**

Орыс композиторы. Қазақ музыкасы оның творчестволық мұрасында өшпес із қалдырды. Ол кейбір қазақ әуендерін өзінің «Пугачевщина» операсына өндеп қолданды.

**Мушкетов Иван Васильевич (туған жылы 1850-1902)**

Ресей ғалымы, геолог, Қазақстанды, Орталық Азияны, Оралды, Кавказды зерттеуші. Түркістанның алғашқы геологиялық картасын құрастыру оны бүкіләлемге танымал етті. Мушкетов-ежелгі кезеңнен бері қарайғы Қазақстан мен Орталық Азияны географиялық зерттеу тарихы бойынша жазылған іргелі еңбектің бірі «Туркестан» (1886ж.) кітабының авторы.

**Никольский Александр Михайлович (туған жылы 1858 - өлген жылы белгісіз)**

Ресей зоологы. Балқаш көлі және оның төңірегін табиғаты туралы (1888) алғашқы очерктің авторы.

**Олкотт Марта Брилл (1949 жылы туған)**

Американ зерттеушісі. Қазақстан тарихы жөніндегі монографиялардың және көптеген мақалалардың авторы. Негізгі еңбегінің бірі «Казахи»(1987,1995) кітабында ол біздің отандық тарихымызды 15 ғасырдан бастап 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларына дейінгі аралықты қамтыған.

**Паллас Петр Симон (туған жылы 1741-1811)**

Неміс профессоры, медицина ғылымының докторы, академик-натуралистер мен саяхатшылар арасындағы ірі ғалымдардың бірі. Петербург ғылым академиясының (1768-74 ж.ж.) Төменгі Поволжье, Оңтүстік Сібір, Батыс және Солтүстік Қазақстан аудандарында жасаған экспедициясының жетекшісі болған. Қазақстан географиясы

бойынша алғашқы ғылыми мәліметтердің авторы. Сонымен бірге аталған экспедицияда шведтің ғалымы-табиғат зерттеушісі И.П.Фальк, атақты этнограф-натуралист И.И.Георги және Н.П.Рычков қатысқан.

#### **Панкратова Анна Михайловна (туған жылы 1897-1957)**

Тарихшы. Ресей және Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер. Ұлы Отан соғысы жылдары Алматы қаласында тұрған. Алғашқы жалпылама «История Казахской ССР» (1943) еңбегін дайындап, жазуға қатысты. Соғыстан кейін Е.Бекмаханова қуғындауға ұшырағанда оны қолдап сөз сөйледі. Оны тіпті «екінші анасы» деп атаған.

#### **Пантусов Николай Николаевич (туған жылы 1849-1909)**

Орыс шығыстанушысы, этнограф. Түркістан өлкесінде қызмет атқарған. Қазақ тілін меңгерген. Қазақ тарихымен, археологиясымен, нумизматикасымен, этнографиясымен айналысқан. Ежелгі қолжазбаларды, ескерткіштерді, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаған. Қазақ тілі мен фольклорының дамуына елеулі үлес қосқан. «Материалы к изучению казах-киргизского наречия» (1899-1904ж.ж.) және «Образцы киргизской литературы» (1909ж.) жинақтарын шығарған.

#### **Парсы зерттеушілері**

Парсы ғалымдары және саяхатшылары: Әбу Сайд Әбд әл-Хайя Гардази, Хамдаллах ибн Әбу Бакр Мустауфи Казуни, Әбу-л-Хайр Фаздаллах ибн Рузбихан. Рашид әд-Дин-Фазлаллах ибн Әбу-л-Хайр Хамадани, Муин әд-Дин Натанзи, Мұқими Ескендір Мунши, Бадр әд-Дин әл-Кашмири Мұхаммад ибн Ховенд-шах Мирхонд қазіргі заманғы Қазақстанда орта ғасырларда мекендеген халықтар мен тайпаларды іргелі тарихи-географиялық және этникалық тұрғыдан зерттеген.

#### **Плотников Владимир Николаевич (туған жылы 1832-1875)**

Ресей этнограф-суретшісі. Қазақтардың тұрмысы жайында мақалалар жазып, суреттер салған. КСРО ҒА этнографиялық мұражайында сақталған альбомы аса құнды экспонат. Онда ұлттық киімдер, зергерлік бұйымдар, музыка аспаптары, сондай-ақ қазақ халқының күнделікті тұрмысында пайдаланылатын заттар туралы 258-дей суреттер салынған.

#### **Потанин Григорий Николаевич (туған жылы 1835-1920)**

Орталық Азия мен Сібірде болған атақты зерттеуші, жалпы және қазақ халқының тарихы, этнографиясы, әдебиеті және түркілердің діні жайындағы еңбектердің авторы. Павлодар қаласына жақын орналасқан Ямышево елді-мекенінде туған. Балалық шағы (қазіргі СҚО) Пресновка станциясында өтті. Өз заманының атақты ғалымдарының бірі атанып, туған өлкесіне деген ыстық ықыласы өзгермеген. Ш.Уәлихановпен 10 жасынан бастап дос болған, онымен Омск кадеттер корпусында бірге оқыған. Қазақ тілінде еркін сөйлеген, көп уақытын қазақтардың ұлттық мәдениетін зерттеуге жұмсаған. Қазақтардың ертегі, аңыздарын, поэзияларын, оның ішінде Бұқаржыраудың өлеңдерін жазып алған. Потанин Ресей империясының Сібір бөлімшесінің идеологы болып табылады. 1865-74 жылдары «Общество независимости Сибири» қоғамына қатысы болғаны үшін тұтқындалған, қаторгада болып, қоныс аударылған.

#### **Пришвин Михаил Михайлович (туған жылы 1873-1954)**

Орыс жазушысы. Қазақстанда бірнеше рет болған. 1909 жылы Қазақ даласында Семейден бастап Қарқаралыға дейінгі болған кезекті сапарынан кейін қазақ-малшылық образын ашық көрсеткен «Черный араб» очеркін жазды. Қазақ тілінен



жаттап алған бір сөз тіркесін Пришвин өмір бойы есте сақтап алды. Жақын достарын «Хабар бар!»-деп қарсы алған. Қандай да бір құпия және маңызды істі достарымен талқылау керек болса, «Хабар бар!»-деген. Ең бастысы жазушының Қазақстан бойынша жүріп өткен саяхаты барысында оның бойында қайталанбас стиль мен жазу мәнері, және осы саяхаттан кейін Пришвин нағыз тәжірибелі жазушы болып қалыптасты деуге болады. Пришвин творчествосымен танысқан барлық жетекші әдебиет танушылар бұл пікірмен келіседі.

### **Прокофьев Сергей Сергеевич (туған жылы 1891-1953)**

Атақты кеңес композиторы, пианист және дирижер. Кеңестік музыка мәдениетінің негізін салушылардың бірі. Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанда жиі болған, қазақ халық ертегілері негізінде «Рогатый шах» операсын жазғысы келген («Бозай хан» эскиздік нұсқада қалды). Сол мақсатпен ол халық аспаптары оркестрінің орындауындағы қазақ музыкасымен танысты, А.Затаевичтің халық әндері жинағын, музыкалық фольклорын, қазақ халқының салтын, «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Жалбыр» спектакльдерін зерттеді.

### **Пушкин Александр Сергеевич (туған жылы 1799-1837)**

Орыстың ұлы ақыны. Орынборда болған сапарында 1833 жылы Оралда қазақтың әлеуметтік-тұрмыстық «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу» эпосын жазып алды. Оның «Пугачевское восстание», «Капитанская дочка» повестерінде қазақ тұрмысы көрініс тапқан. Пугачев көтерілісінің тарихы материалдар жинай жүріп, ақын қазақ халқының тұрмысымен, әндерімен, аңыздарымен танысты. Қазақтардың тұрмысымен, мәдениетімен түбегейлі танысуға қазақтар туралы білуге болатынның бәрінен хабардар В.Даль ақынға көмектесті. Қазақстанның шексіз-шетсіз даласында Пушкиннің творчествосына тұңғыш қызығушылық танытқан ұлы Абай болды. Ол Пушкиннің 50 поэтикалық шығармасын, оның ішінде «Евгений Онегиннен» 7 үзінді аударды. Содан кейін ол өлеңдерді музыкаға салып көрді. «Письмо Татьяны» және басқа да пушкиндік жолдар қазақ домбырасының нәзік үніне қосылып, әсерлі бола түсті. Осылайша орыс ақыны қазақ халқы мәдениетінің бір бөлігі болып қалды.

### **Радлов Василий Васильевич (Фридрих Вильгельм) (туған жылы 1837-1918)**

Ғалым-шығыстанушы, тилтанушы, этнограф, аудармашы, академик. Ежелгі түркі жазуларының бірнеше нұсқасын ғылыми сипаттамасымен қоса жарыққа шығарған. «Опыт словаря тюркских наречий», «Образцы народной литературы тюркских племен» еңбектерінің авторы. Өзінің он томдық шығармалар жинағының үшінші томын қазақ фольклорына арнады. Қазақтардың шешендік өнерге бейімдігін, табиғи дарындылығын, сондықтан ауыз екі әңгімелескеннің өзінде де сөз ырғағы мен ұйқасына маңыз бөлетіндіктерін ерекше атап өткен. Радлов қазақтың ақындық мәдениетінің және қазақ тілінің поэзиядағы дамуының жоғарылығын айтқан.

### **Ремезов Семён Ульянович (туған жылы 1642 – 1720)**

Тұңғыш сібірлік тарихшы, картограф, географ, сәулетші, этнограф, Орал және Сібір инженерлік графикасының негізін қалаушы. Алғашқылардың бірі болып қазақ өлкесімен танысып, қазақ аумағының картасын жасады. Оның «Описание о сибирских народах и грянях их земель» еңбегі көпшілікке танымал.

### **Роллан Ромен (туған жылы 1866-1944)**

Француз жазушысы, қоғамдық қайраткер, музыкатанушы-ғалым, Нобель сыйлығының лауреаты. Қазақ ән өнерінің әуесқой табынушысы. Әміре Қашаубаев 1925 жылы Парижде концерт қойғанда Қазақ әншісінің ән айтысына таң қалған.

Өмірінің дауысын естіп, Ролан: «Шығыста әншілерді бұлбұл құсқа неліктен теңейтінін мен енді түсіндім»-деген екен. Сондай-ақ жазушы Жамбыл Жабаевты да жоғары бағалаған.

#### **Рубрук Виллем (туған жылы шамамен 1215-1220-1293)**

Фламанд саяхатшысы, монах. 1253-55 жылдары дипломатиялық миссияның жетекшісі болып Моңғолияға сапар шеккен. Сапар барысында қазіргі Орталық Азия мен Қазақстан аумағынан өткен. Оның еңбектері ол басып өткен елдердің тарихы, этнографиясы мен географиясы жөніндегі материалдармен мазмұндалған.

#### **Русаков Михаил Петрович (туған жылы 1892-1963)**

Инженер-геолог, геология-минералогикалық ғылымдардың докторы, профессор, Қазақ КСР ҒА академигі. Республика ғылымына және техникасына еңбегі сіңген қайраткер. Қонырат (жез), Қарағайлы (қорғасын, барит), Семізбұға (корунд, андалузит), Қайрақты (асбест, полиметаллдар) және т.б. ашылған пайдалы қазбалар кен орындары оның есімімен байланысты. Русаковтың құрметіне русаковит-минералы аталған.

#### **Рычков Петр Иванович (туған жылы 1712-1777)**

Орыс ғалымы, тарихшы, географ, экономист. Оның «Топография Оренбургская» (1762ж.) кітабы – Қазақстан географиясы бойынша жазылған тұңғыш ғылыми еңбек.

#### **Рычков Николай Петрович (туған жылы 1746-1784)**

Орыс саяхатшысы және географы, Батыс және Орталық Қазақстанды зерттеуші. 1771 жылы Жезқазған өңірінің Ұлытау аумағымен танысты. «Дневные записки» жазбаларында бірінші болып Жезқазған жерінде жез қорының басым байлығы барлығын нық сеніммен атап көрсеткен.

#### **Сац Наталья Ильинична (туған жылы 1903-1993)**

Атақты кенес режиссері, КСРО халық артисі, Социалистік Еңбек Ері. Әлемдегі бірінші балалардың музыка театрын ашқан. Қазақстанда балалардың көркемдік тұрғыдағы тәрбиесін дамытуға орасан зор үлес қосты. Ол табандылығымен 1945 жылы Алматыда тұңғыш жас көрермендер театрын ашып, оны 13 жыл басқарды.

#### **Северцев Николай Алексеевич (туған жылы 1827-1885)**

Ресей зоологы, зоогеографы, саяхатшысы. Қазақстанды, Орталық Азияны, Памирді зерттеуші. Оңтүстік Қазақстан облысында Ащысай қорғасын-мырыш кен орнын ашты.

#### **Семенов-Тянь-Шанский Петр Петрович (туған жылы 1827-1914)**

Ресей географы, Азияны зерттеуші. Еуропалықтар арасынан бірінші болып Тянь-Шань, Алтай, Тарбағатай, Жетісу мен Іле Алатауына, Ыстық көл мен Хан Тәңірі тау сілемдеріне сапар шекті. Оның «Казахский (киргизкой) край» және «Туркестанский край» еңбектері Қазақстан мен Орталық Азияның географиялық орналасуын сипаттауға, оның табиғи байлығына, тарихы мен халқының тұрмысына арналған.

#### **Симашко Морис Давыдович (шын фамилиясы Шамис) (туған жылы 1924-2000)**

Қазақстанның халық жазушысы. Ортаазиялық және ресейлік тарих тақырыптарына жазылған көптеген шығармалардың авторы. Оның ішіндегілері: Повестер «Красные и Чёрные пески», «Гу-га», романдар «Маздак», «Искушение дабира», «Комиссар Жангельдин», «Колокол», «Семирамида». Оның кітаптары әлемнің 40 тіліне

аударылған. Оның өзі І.Есенберлиннің «Көшпенділер» қазақтың бестселлер – трилогиясын орыс тіліне аударғаны үшін 1986 жылы Абай атындағы әдебиеттік сыйлыққа ұсынылды. «Емшан» повесті бойынша Нұрмұхан Жантөрин басты рөлде ойнаған атақты «Сұлтан Бейбарыс» фильмі түсірілді.

#### **Скайлер Юджин (туған жылы 1840-1890)**

Американ дипломаты, тарихшы. 1873 жылы сегіз ай бойы Қазақстан мен Орталық Азияда саяхат жасады. 1876 жылы жарық көрген екі томдық кітабында 19 ғасырдың 60-70-ші жылдардан бастап құрыла бастаған Қазақ хандығының тарихы туралы мәліметтер бар.

#### **Снегин Дмитрий Федорович (шын фамилиясы Понелуев) (туған жылы 1912-2001)**

Қазақ КСР-нің халық жазушысы, кинодраматург. Қазақ тақырыбына жазатын орыс прозаиктерінің алғашқыларының бірі. Оның «В городе Верном» роман-трилогиясы, «На дальних подступах», «В наступлении» повестері танымал шығармалар. Қазақстан жеріне ықыласы «Голубые пироги» жинағынан көрінеді. Снегиннің сценарийі бойынша «Мы из Семиречья» көркем фильмі және бірқатар деректі фильмдер түсірілген.

#### **Стейн Марк Аурель (туған жылы 1862-1943)**

Шығыс Түркістанды зерттеуге орасан зор үлес қосқан венгер саяхатшысы және этнографы. Оның тапқан «Книга гаданий» («Ырк битич») ежелгі түркі кітабы қазақтың алғаш қағазға түскен жазбасы болып саналады. Оның түпнұсқасы Британ мұражайында сақталған.

#### **Тилло Алексей Андреевич (туған жылы 1839- 1899)**

Орыс географы, картографы, геодезисті, демографы, өлкетанушысы. 1881 жылы тұңғыш қазақ тұрғындарының халық санағын жүргізді.

#### **Ушаков Василий Аполлонович (туған жылы 1789-1838)**

Орыс жазушысы. Қазақ жеткіншегінің қиын тағдыры туралы жазылған «Киргиз-кайсақ» (1830) повесінің авторы. Атақты әдебиет сыншысы В.Белинскийдің ұйғарымы бойынша аталған кітап шынайы көркемдік шығарма болып табылады және терең сезімділігімен басқа да құндылықтарымен ынтықтырады.

#### **Фальк Иоганн Петер (туған жылы 1727-1774)**

Швед дәрігері, табиғат зерттеуші, натуралист, топограф, тарихшы. Батыс Қазақстан аумағында мекендейтін халықтар мен рулардың өмірі, дәстүрі, салты туралы материалдар жинақтаған, жергілікті флора мен фаунасын танып, білді. Оның еңбектерінде Кіші жүздің қазақтары туралы құнды мәліметтер мазмұндалған.

#### **Фукс Савелий Львович (туған жылы 1900-1976)**

Украин ғалымы. 1941-1945 жылдары Қазақстанда тұрған. «Очерки истории государства и права казахов в 18 – первой половине 19 века» іргелі еңбектің авторы болып табылады. Ұзақ уақыт бойы аталған еңбек ғылыми ортадан шығарылып, құпияландырылған, өйткені онда мазмұндалған көшпенді мемлекеттілік туралы ғалымның теориялық көзқарастары ресми кенестік доктринаға сәйкес келмеді.

#### **Хамиди Латиф Абдулхаевич (туған жылы 1906-1983)**

Қазақ композиторлық музыкасының негізін қалаушылардың бірі, Қазақ КСР-нің халық әртісі. Қазақ халық әндерін жинаушы-этнограф, оқулықтар мен музыка тану шығармаларының авторы. Хамиди әндерді көптеген хорлық өңдеу, әндер,



романстар, вальстар жазған, соның бірі «Казахский вальс» және «Бұл-бұл» композиторды даңқ шыңына жеткізді. Қазақ КСР-нің Әнұранын жазушылардың бірі.

### **Хлудов Николай Гаврилович (туған жылы 1850-1935)**

Орыс суретшісі, кәсіби қазақ мектебінің негізін қалаушы. Қазақстандағы тұңғыш көркем сурет студиясына жетекшілік етті. Боялған қазақұлттық колоритімен жанрлы суреттер, портреттер, пейзаждар жазды. Оның «За чашкой чая» (1896), «Портрет казашки» (1897), «Портрет молодой казашки» (1901), «В юрте» (1891), «Доение кобылиц» (1908) және т.б. картиналары шынайы, қазақ халқына деген жүрек жылылығымен жазылған.

### **Челеби Сайфи (16 ғасырда өмір сүрген)**

Түрік саяхатшысы, Осман империясының қаржы ведомствосының шенеунігі. Өзінің «Таварих» еңбегінің үшінші тарауын қазақтарды, олардың тарихи саясатын, санын, сауда-саттығын, шаруашылығын, үй қолөнерін, «қазақ» этнонимінің шығу тегін сипаттауға арнаған.

### **Чулошников Александр Петрович (туған жылы 1894-1941)**

Ресей ғалымы-тарихшы. 1919-21 жылдары Орынбордың Қазақ университетінде ұстаздық еткен. 1920 жылы Қырғыз өңірін тану қоғамының алғашқы төрағасы болып тағайындалады. Қазақстан тарихының ежелгі заманнан бастап Ресей империясының құрамына енген мезгіліне дейінгі кезең бойынша «Очерки по истории казах- киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен» (1924) алғашқы жалпылама еңбегін жазды. Аталған еңбек жоғары бағаланды, біздің заманымызда да тарихи танудағы маңызын жоғалтқан емес.

### **Шамсутдинова Майра (шын есімі Магира) (туған жылы 1890-1927)**

Атақты әнші, композитор. Павлодар қаласында татар мен қазақ отбасында дүниеге келген. Оның творчествосы Қазақстанның музыкалық мәдениетінде құрметті орынға ие. Ол өнерін Баянауыл және Қоянды жәрмеңкелерінде көрсете алды. Тамаша вокалдық қабілеті, зор дауыс диапазоны күрделі, ерлер дауысына лайықты әндерді орындауға мүмкіншілік берді. Шамсутдинованың композиторлық дарыны Қазақстаннан тыс жерлерде әйгілі болды, оның «Майра» әні қазақ музыка өнерінің ең үздік шығармасы саналады.

### **Шангин Иван Петрович (туған жері 1783-1822)**

Ресейлік тау-кен инженері, офицер. 1816 жылы Батыс Сібір тау-кен геологиялық экспедициясы құрамында Есіл жағалауы жазығын зерттеген. Оның есебінде және атласында Орта жүз қазақтарының геология, география, гидрология, метеорология, палеонтология, археология, флора, фауна, тарих және этнографиясы бойынша кең ауқымды мәліметтер қамтылған. Ғылымға Шангиннің еңбегінің арқасында көптеген ежелгі материалдық мәдениеттің ескерткіштері: Жақсы-Қон, Жаман-Қон, Нұра және т.б. өзендері аңғарында орналасқан кесенелер мен қорымдар белгілі болды.

### **Шевченко Тарас Григорьевич (туған жылы 1814-1861)**

Украин ақыны және суретшісі. Қазақстанда қуғында болып (Маңғышлақ аралы) 10 жыл (1847-57 ж.ж.) мекендеген. Осы аралықта ол 450 картина, оның 350-і қазақ табиғаты мен қазақтарға арналып жазылған. Барлық картиналарын Шевченко қазақ жеріне сыйға қалдырды. Өнерімен барша әлемге беймәлім өлке өмірі мен тұрмысы жайында әңгімелеп берді. Қазақтар ұлы Кобзарды «Біздің Тарази» деп атайды.

Сонымен қатар, ол қазақ халқының өміріне арналған «Сатрап и дервиш», «Топор был за дверью у господ бога», «Думы мои, думы, самые родные» шығармаларының авторы болып табылады.

**Шолохов Михаил Александрович (туған жылы 1905-1984)**

Ұлы жазушы, кеңес әдебиетінің кеменгер классигі. Қазақ жерімен тығыз байланыста болды, отыз жылдай үздіксіз Оралға келіп тұрған және мекендеген, демалып, аңшылық құрған, өзінің мәңгілік туындысын жазған. Шолохов осы жылдар шінде танып, біліп, жанына жақын тартып үлгерген қазақ халқының тарихымен, салт-дәстүрімен танысты. Осы тұрғыда О.Сүлейменов: «Шолоховпен әңгімелескенде оның Қазақстанға, қазақтарға деген ерекше, қайырымды ықыласын танып, түсіндім деген. Осынау құрмет сезімі мен Донда жүргенде жанымды жылытты, - деді.

**Эверсманн Эдуард Александрович (Эдуард Фридрих) (туған жылы 1794-1860)**

Ресейлік натуралист, зоолог, энтомолог. Үстүрт жонының бет-бедерін тұңғыш сипаттаған. 1823 жылы неміс тілінде жарық көрген балаларға арналған Қазақстан табиғаты туралы кітабының авторы.

**Ядринцев Николай Михайлович (туған жылы 1842-1894)**

Орыс этнографы, археолог, публицист. «Кочевой быт и степные исследования», «Исследования народов Западной Сибири» шығармаларында қазақ халқының антропологиясын, этнографиясын жан-жақты танып, білуге шақырды. Ш.Уәлихановпен жақын таныс болған.

**Янушкевич Адольф (туған жылы 1803-1857)**

Поляктың қуғындалған революционері, публицист, этнограф. 30 жылдай Қазақстанда мекендеген. Оның «Дневники и письма из путешествия по казахским степям» (1861ж.) кітабы қазақ өмірінің өзіндік энциклопедиясы іспетті. Автор Кенесары Қасымұлы басқарған ұлт-азаттық көтерілісті егжей-тегжей сипаттайды. Күнделігінің жекелеген беттері Абайдың әкесі – Құнанбай Өскенбайұлына, Орынбай, Шөже ақындарға, Ақан серіге, композитор Тәттімбетке, Абылай ханға, Сырым Датұлына және т.б. арналған. Кітапта қазақтардың шығу тегі туралы бірқатар аңыздар, қарапайым заңдары туралы жазылған.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ СОРЫНА БІТКЕН «ҚАС ДҰШПАНДАР»

*Қадірменді оқырман, әділ тарих көрнекті қайраткерлермен қатар, халықтың «қас дұшпандары» мен оның маңдайына біткен сор боп жабысқан ақтаңдақтарын да көрсете білген. Батыр мен пайғамбар, рахымсыз бен қаскүнем бәрі де адамзат жадында. Сондықтан көп жапа шеккен қазақ халқының жазба тарихының беттерінде қара дақ қалдырғандар жайында атап өтпеу азаттық болар.*

### **Айшуақов Баймұхамед (Айшуақов Баймағамбет) (туған жылы 1790-1847)**

Әбілқайырдың немересі. Кіші жүз сұлтаны. Ресей империясының отарлау саясатын жақтаушы. Орыс әскерінің генерал-майоры. Кіші жүздің батыс бөлігінің билеушісі ретінде патша өкіметінде қызметте болған. 1825 жылы Жоламан Тіленшұлы, сондай-ақ 1837 жылы И.Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысты басуға қатысқан. 1834 жылы Кенесары ханның жасағына қарсы соғысқан. Империяға сіңірген қызметі үшін атаулы күміс мөрмен; мауыт шекпенмен; алтын жүзікпен; алтынмен қапталған қылышпен; эмальдандырылған алтын жүзікпен; Александр таспасына қадалған алтын медальмен; 3-ші дәрежелі Қасиетті Станислав орденімен; 3-ші дәрежелі Қасиетті Анна орденімен; алмазбен көмкерілген 2-ші дәрежелі Қасиетті Анна орденімен наградталған.

### **Анна Иоанновна (туған жылы 1693-1742)**

Ресейдің әйел-императоры, 1 Петрдің жиен-қарындасы. Ол билік жүргізген кезеңде Кіші жүз ханы Әбілқайыр Ресей бодандығын қабылдады (бірінші рет 1731 жылы, екінші рет 1738 жылы). Ресей бодандығын қабылдаған Кіші жүз қазақтарын бағындыру және жерін игеру үшін 1734 жылы Анна Иоанновнаның жарлығы бойынша Орынбор экспедициясы ұйымдастырылды, кейіннен комиссия болып атауы өзгертіліп, губернияға айналды.

### **Анненков Борис Владимирович (туған жылы 1889-1927)**

Казак атаманы. Казактардың басын қосып «партизандар дивизиясын» құрып, ол дивизия 1918 жылдың күзінен бастап алғашында Батыс Сібірде және Қазақстанда, сонынан 1919 жылдың қаңтарынан бастап Жетісу жерінде әрекет ете бастады. Басып алған аумақтарында қанды террор тәртібін орнатып, жергілікті халықты асқан қатгездікпен қанады. Анненковтың бөлімшелерінде офицерлердің қарсы барлау қызметі қаһарлы зәрін төгіп тұрды, оның артынан қамаудағы тұтқындарды мейірімсіздікпен қырғынға ұшыратқан өлім тізбегі ілесіп отырды. Одан тірі қалғандар некен саяқ. 1919 жылдың соңында Анненков Жекелеген Жетісу әскерінің Колчагы\* болып тағайындалды, ал 1920 жылдың көктемінде оны Қызыл әскер жауынгерлері тас-талқан етті. Соңынан 1927 жылы Анненков КСРО-ның Жоғарғы сотының үкімі бойынша Семей қаласында ату жазасына кесілді.

### **Аюка (туған жылы 1646-1724)**

Қалмақ хандығының билеушісі. Билікке әкесі Мөнчактан кейін 1690 жылы келген. Орыс патшасының үлкен сеніміне ие болған. Ресейдің әскери қимылдарына қалмақтың қарулы жасақтарын жіберін отырған. 1697 жылы 1 Петр империяның оңтүстік-шығыс шекарасын қорғауды Аюкаға ресми түрде сеніп тапсырды. Дәрежелі биік жағдайын қалмақ ханы жеке басының мүддесі үшін де тиімді

\*Колчак Александр Васильевич-өткен ғасырдағы Азамат соғысы жылдары ресейлік революцияға қарсы әрекет етуді ұйымдастырушылардың бірі, адмирал.



пайдалана алды, қазақ, башқұрт, түркімен және қарақалпақтардың жерлеріне жиі шабуылдап тұрды.

### **Баймұхамедов (Баймағамбетов) Мұхамеджан (туған жылы 1811-1896)**

Әбілқайырдың шөбересі. Кіші жүздің орталық бөлігінің сұлтан-билеушісі. Ресей империясының отарлау саясатын жақтаушы. Орыс әскерінің генерал-майоры (1869). И.Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысты басуға қатысқан. Орынбор генерал-губернаторы Перовскийдің экспедициялық корпусының құрамында Ақ Мешіт бекінісін басып алуға қатысқан. Сондай-ақ Е.Көтібаров басқарған ұлт-азаттық қозғалысты басуға, орыс әскерлерінің Ташкент пен Хиуаны басып алуына жәрдемдескен. Империяға 50 жылдық сіңірген қызметі үшін ресейдің жоғарғы наградалары, Владимир таспасына қадалған қара-қола медальмен; 1-2-ші дәрежелі Касиетті Станислав орденімен; 2-3-ші дәрежелі Касиетті Анна орденімен марапатталған.

### **Балғожа Жаңбыршыұлы (туған жылы белгісіз-1860)**

Кенесары Қасымұлы басшылығымен болған ұлт-азаттық қозғалысты басуға белсене қатысқан. Қазақтың атақты ағартушысы Ы.Алтынсариннің атасы. Қызметі үшін Ресейлік шен, атақтар берілген.

### **Батыр-хонтайжы (Эрдени Батур) (туған жылы белгісіз-1653/60)**

Жоңғар (Ойрат) хандығының негізін салушы және оның тұңғыш билеушісі. 1635 жылы Қазақ хандығына жорыққа шығып, ауылдарды басып алып, Жәңгір сұлтанды тұтқынға алды. 1643 жылы 50 мың әскерімен Жетісу жеріне басып кірді, алайда, Орбұлақ шайқасында 600-дей ғана сарбазы бар қазақ жасағы оның орасан күші басым әскерін тас-талқан етіп жеңді.

### **Броневский Семен Богданович (туған жылы 1786-1858)**

Қазақстанда Ресейлік империяның отаршылдық саясатын жүргізуші. 1822 жылы тобықты руына қарсы жіберілген жазалаушы экспедицияға басшылық жасаған. 1824 жылы «Сібір қырғыздары туралы Жарғымен» бекітілген Орта жүз аумағында «сыртқы округтер» құруға басшылық жасаған. Сонымен қатар, Броневский 1825 жылы Қозы Көрпеш – Баян Сұлу ескерткішін сипаттап, суретін салып, олар туралы аңыз, әңгімелер жинаған.

### **Гагарин Матвей Петрович (туған жылы белгісіз-1721)**

Қазақстанда Ресейлік империяның отаршылдық саясатын жүргізуші. 1711-1719 жылдары аралығындағы Батыс Сібірдің бірінші генерал-губернаторы.

### **Қалдан-Бошоқту (туған, олған жылдары белгісіз)**

Жоңғар ханы (хонтайжы), ол басқарған кезеңде (1670-97) жоңғарлар бірнеше жылға созылған өзара қақтығыстарды тоқтатып, Оңтүстік Қазақстан, Орталық Азия және Шығыс Түркістанға шапқыншылық жорықтарға шыға бастады.

### **Қалдан Церен (Капран Серен) (1693-1745)**

Жоңғар ханы, қолбасшы. Цеван Рабданның ұлы. Ол хан тағына отырғаннан кейін Қазақ жеріне шапқыншылықтар үдей түсті. Жоңғарлар Сібірдің жартысын және Іле Алатауынан бастап Балқашқа дейінгі жерлерді басып алды. Қалдан Церен билік құрған жылдары атақты Анырақай және Бұланты-Билеутін шайқастары болған.

**Гасфорд(Гасфорт,Гасфордт) Густав Христианович (Густав-Кристоф фон)**  
(туған жылы 1794-1874)

Қазақстанда Ресейлік империяның отаршылдық саясатын жүргізуші. 1851 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторының ісін атқарушы болып және жекелеген Сібір корпусының қолбасшылығына тағайындалған. 1853 жылы инфентариден генералдыққа өтіп, генерал-губернатор лауазымына бекітілген. Батыс Сібірді басқарған 10 жыл ішінде өңірге көптеген әкімшілік жаңалықтар енгізіп, маңызы зор құнарлы: Іле алқабын, Шу өзенінің жоғарғы ағысы төңірегін және Тянь-Шань тауының солтүстік етегі жерлерін империя құрамына қосты. Олардан округтер құрылып, бекіністер бой көтеріп, казак мекендері тұрақтады. Гасфорд Талғар тауы атауын Софьино, Ыстық тауы атауын Надеждино деп қыздарының есімдерімен атап, Алматыны Верино деп атағысы келген, алайда император Николай 1 оның берген атауын «Верный» деп өзгертті.

**Гейнс Александр Константинович (туған жылы 1834-1892)**

Орталық Азияда және Қазақстанда Ресейлік империяның отаршылдық саясатын жүргізуші. 1865 жылы Қазақ даласына келген, Атбасар, Ақмола бекіністерін зерттеу және осы өңірлерді басқару бойынша заңдар әзірлеу үшін құрылған патша өкіметінің комиссиясы құрамында болған. 1867-69 жылдары Түркістан генерал-губернаторлығының кеңсе бастығы, 1877-78 жылдары – Торғай облысының әскери губернаторы. Антропология және этнография мұражайында («Кунсткамера», Санкт Петербург) Гейнс сыйға берген қазақ ұлттық киімінің және қолданбалы қол өнерінің қайталанбас үлгілері сақталуда.

**Геке А.Ф. (өзге мәліметтер табылмаған)**

Қазақстанда Ресейлік империяның отаршылдық саясатын жүргізуші. Полковник. Орынбор генерал-губернаторы Перовскийдің ерекше маңызды істері жөніндегі офицері. И.Тайманұлы және М.Өтемісұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысын басу жөніндегі жазалаушы жасаққа басшылық жасаған.

**Голощекин Филипп Исаевич (Шая Ицкович) (туған жылы 1876-1941)**

Кеңестік мемлекеттік және партия қайраткері, сталинист. Патша отбасын атуды ұйымдастырушылардың бірі. Күшке сеніп, адамгершілік құндылықтарға қарсы саясат ұстанған. Қазақ өлкелік комитетінің ВКП (б) 1925 жылы басшылық етіп, ол Сталиннің қолдауымен республикада «кіші революция», халық арасында «Кіші қазан төңкерісі» деп аталып кеткен нәубетті жүргізді. Сонымен бірге ол «Ауылды кеңестендіру» ұранымен таптық күресті ушықтыру, байларды жою, күштеп ұйымдастыру мен көшпенді елді отырықшылыққа ұрындыру бағытын ұстанды. Астық даярлау барысында төтенше шаралар қолданып, мал басын күрт төмендетіп жіберуге дейін барған. Оның нұсқауымен 3,1 млн. орта шаруа қуғынға ұшырады. «Әлеуметтік және идеологиялық ортаға жат элементтерден» тазару деп жар салып өткізген науқаны нәтижесінде ұлттық зиялы қауымның көзі толықтай жойылды. Голощекин басшылық жасаған сегіз жыл ішінде жүргізген «Кіші қазан төңкерісі» нәтижесінде Қазақстанда жергілікті халықтың 40%-дан астамы жойылды. 30-шы жылдардың басындағы аштықтың салдарынан республикада жалпы саны 5,8 млн. халықтың шамамен 1,8 млн. қырылды. Тірі қалған миллиондаған елдің кеткені-кетіп тынды. Голощекиннің күштеп жүргізген төңкерісін, халық жоңғардың шапқыншылығынан кем санамады. Сонымен қоса Голощекин Қазақ Орталық атқарушы комитетінің Қазақстанға Ресейдің орталық аудандарынан қоныс аударушылардың көшпін уақытша тоқтата тұруды қарастыратын 1926 жылы

кабылдаған шешімінің күшін жоюға бар күшін салды. Яғни, Голощекин патша заманынан басталған қазақ жерлерін отарлау саясатын одан әрі жалғастыруды қолдаушы. Сонымен қатар, Голощекиннің араласуымен Қазақстан Одақтың өзге өңірлерінен дүние-мүлкі тәркіленген көпестерді жер аудару орнына айналып, қазақ даласы ЛАГББ\*-ның қалыптаса бастаған империяның филиалдарының біріне айнала бастады. Замандастары естеліктерінде Голощекиннің ұятсыз, қатал, сүйкімсіз адам болғанын айтады. Ол өзі қызмет еткен жүйенің тетігі болды, және ақыр соңында сол жүйенің құрбанына айналды. Қуғын-сүргінге ұшырап, 1941 жылы атылды.

### **Горбачев Михаил Сергеевич (1931 жылы туған)**

1985 жылдан 1991 жылдары аралығында КОКП ОК бас хатшысы болған. КСРО-ның тұңғыш және соңғы Президенті. Көрнекті реформатор. 1980 жылдардың ортасынан бастап ел өмірінде, қайта құру деп аталған, едәуір өзгерістер әкелген бағыт ұстанды. Алайда, оны іске асыру барысындағы қарама-қайшылықтар мен тиянақсыздықтар елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыстың шиеленісуіне әкеліп соқты. Оның алғашқы айқын көрінісі Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасында орын алды. Д.А.Қонаевтың куәлік етуі бойынша, нақ осы Горбачев аталған желтоқсан шеруіне қатысушыларға қарсы кең ауқымды жазалау шараларын жүргізуге «рұқсат» беріп, оқиға барысында ішкі әскерлер, саперлік күректер, қызметтік иттер, су атқыштар пайдаланылды, әскери техника дайындық сапында тұрды. Одан кейін Горбачевтің келісімі және мақұлдауымен жоғары оқу орындары мен техникумдарынан студенттерді, жас қазақ жігіттерін жұмыс орындарынан тегістей шығарып, қудалау басталды. Заңның қарапайым талаптары сақталмаған, кадр саясатындағы «проценттік көрсеткіш» және «қазақ ұлттылығы» деп аталатын жаппай сот процесстері басталды.

Оқиғадан кейін едәуір жылдар өткен соң, Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін желтоқсандықтар ақталып, қазақ ұлтының жастарына жасаған күнәларын көпшілігі мойындай бастады. Орталыққа дұрыс мәлімет берілмей, өрескел кателікке бой алдырылды деп, Горбачев ақталған болды. Түптің түбінде ол шарасыздықтан болса да, төрешілік танытып, бірақ бәрібір елдің алдында өкініш білдіріп, енді ғана орнатылған Кеңесары ескерткішіне келіп басын иді. Қазақтарға, Қазақстанға қатысты жасаған орыстың сансыз қылмыстары үшін қазақ халқынан кешірім сұраған, тек Горбачев екенін атап өткен жөн.

### **Горчаков Петр Дмитриевич (туған жылы 1785-1868)**

Қазақстанда Ресейлік империяның отаршылдық саясатын жүргізуші. Жекелеген Сібір корпусының бастығы және 1836 жылдан 1851 жылдары аралығындағы Батыс Сібірдің генерал-губернаторы. Кеңесары хан бастаған ұлт-азаттық қозғалысты басып, жаншуға жетекшілік еткен.

### **Горячев Андриан Дмитриевич (туған жылы 1890-өлген жылы белгісіз)**

КСРО-ның 1936-1938 жылдардағы Жоғарғы соты әскери алқасының көшпелі сессиясының төрағасы. Шымкент, Ақтөбе, Алматы қалаларында сот мәжілістерін өткізіп, онда орта есеппен тәулігіне 34-тен 42-ге дейін «халық жауы», «жапон шпионы» және т.б. бірінен бірі өзгешелігі шамалы үкіммен өлім жазасын белгіледі. Олар көшпелі қағаз арқылы жазылғандай ұқсас еді, және іле-шала орындалатын,

---

\*ЛАГББ (КСРО-да 1934-56 жылдардағы еңбекпен түзеу лагерлері, жер аударып қоныстану және тұтқындау орындарының бас басқармасы) – ІІХК (ішкі істер халық комиссариаты) бөлімшесі. Оның құрамына 53 лагерь кірді, оның 20-ы Қазақстан аумағында орналасқан.



яғни, бүгін – үкім шығарылса, ертеңіне – үкім орындалатын. 1938 жылы 25 ақпанда Горячев 39 адамды ең ауыр жазаға кесті (оның ішінде-С.Сейфуллин, С.Асфендияров), 26 ақпанда-37 адам, (оның ішінде-І.Жансүгіров); 27 ақпанда-41 адам, 28 ақпанда-40 адам. Осылайша 13 наурызға дейін қазақ ұлтының зиялы қауымының бетке ұстарлары ондап қырыла берді. Шындығында қанішер жендет емес пе!

### **Гродеков Николай Иванович (туған жылы 1843-1913)**

Орыс генералы. Қазақстанда және Орталық Азияда Ресейлік империяның отаршылдық саясатын жүргізуші. 1883-93 жылдардағы Сырдария облысының әскери губернаторы, Түркістанның генерал-губернаторы. 1903-08 жылдары Түркістан әскери округының қолбасшысы болған. Гродеков Орталық Азияның және Қазақстанның тарихы мен этнографиясын зерттеумен айналысқан, «Киргизы и кара-киргизы Сырдарьинской области» (1889) еңбегін жазған.

### **Дутов Александр Ильич (туған жылы 1879-1921)**

Орынбор казактарының атаманы. 1918-19 жылдары Колчак әскеріндегі Орынбор әскеріне қолбасшылық еткен. Ол ақ казактармен Торғай даласы арқылы өткенде жасақтың жолында кездескен қазақ ауылдарын өртеп, адамдарын өлтірін, әйелдерін зорлап, малдарын айдап әкетіп отырған. Жергілікті тұрғын-қазақ ақсақалы Жұбан Тақырдың бассыздықты тоқтату туралы талабына, ол ақсақалды келемеждеп теріс бұрылып кеткен. Ержүрек шалдың қолынан Дутовтың бетіне түкіруден басқа еш шарасы қалмаған.

### **Ежов Николай Иванович (туған жылы 1895-1940)**

1936-38 жылдардағы КСРО ішкі істерінің халық комиссары болған. 1922 жылдан бастап партиялық қызметте, оның ішінде Қазақ өлкелік комитетінің ұйымдық-нұсқаулық бөлімнің меңгерушісі. Голощекин мен Ежовтың катерлі дуэті Қазақстанның көптеген беделді мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлерінің көзін жоюға барын салды. Орталыққа жіберген бір құпия хабарында Ежов, «барлық ұлттық кадрлар, қазақ коммунистері ауытқымалы-ұлттық және топтық күрес ауруына шалдыққан, олардың арасында дені сау партиялық күш жоқ» деген. Ежовтың және сол сияқтылардың осындай қызметі нәтижесінде үнемі «ұлтшылдар», «байлар», «революцияға қарсы ұйымдар» ашылып, жаппай қуғын-сүргін амалдары басталды. 66 мың қазақ «халық жауы» атанып, көпшілігі ату жазасына кесілді.

### **Ермак (шын аты-жөні-Василий Тимофеевич Аленкин) (туған жылы 1532-42-1585)**

1582 жылы Сібір хандығына қарақшылық жорыққа шығу үшін орыс көпестер Строгановтар жалдаған казак атаманы. 1585 жылға дейін соғысқан, бір шайқаста өлтірілген. Сібір жорығына дейін Ермак 20 жыл бойы далада керуендерді тонаған қарақшы болған. 1580 жылы оның жасағы Қазақ хандығының тұңғыш астанасының бірі Сарайшықты талқандаған. Даланың бұрынғы жеті билеушісінің, соның ішінде Қасым ханның жерленген орнын білін алып, бейіттерді ашқызып, олардағы адам сүйектерін жинатып, аруақты қорлаудың көрінісінен шошынған халықтың алдында отқа жаққызған. «Мен азияттық рухтарыңды сындырып, жоқ етемін»,-деген екен. Кеңес заманында Павлодар облысындағы қалаға табытты қорлаушы мен қанішердің есімін беріп, 23 метрлік сынтасын орнатудан асқан қорлық болмаған шығар. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, ұзынқұлақтың мәліметі бойынша ескерткішті Ресейге алып кеткен.

### **Жәңгір (Жиһангер Бөкейұлы) (туған жылы 1801-1845)**

Бөкей Ордасының ханы. Патшалық Ресейдің қуыршақ билеушісі. Қазақтар арасында тұңғыш жоғары әскери генерал-майор шеніне ие болған. И.Тайманов бастаған ұлт-азаттық көтерілісті басып, жаншұға жетекшілік еткен, ресейдің тұрақты әскерімен бүлікшілерді аяусыз жазалаған. Жәңгір ханның өлімін естіген Николай I: «Өкініпті-ақ, ол таққа өте берілген адам еді», - деген екен. Қызметтегі ынтасы үшін 2 мәрте алтын медальмен, 1-ші дәрежелі Қасиетті Аннаның 2 орденімен наградталған, бұлғын ішкі пен алтын қылыш сыйлыққа алған. Сонымен қатар, Жәңгір хан қазақ халқының тұрмысы мен мәдени тарихы заттарының мұражайлық жинағын тұңғыш құрушылардың бірі. Ол билік құрған кезеңде сауда жәрмеңкесі ұйымдастырылды, дәрігерлік бөлімше, дәріхана, мұрағат пайда болды, хандықтың картасы сызылды. 1841 жылы Жәңгір хан өз қаражатына тұңғыш қазақ балалары үшін мектеп ашты. Мектеп мұқтажы үшін хан жылына 1404 рубль бөлді. Сонымен бірге ол, асыл тұқымды жылқы өсірумен, қазақтардың шежіре кітаптарын жинаумен айналысты.

### **Жантөрин Арыстан (туған жылы белгісіз-1855)**

Кіші жүз сұлтаны. Ресейдің отарлаушылық саясатына белсенді көмек көрсетті. М.Өтемісұлы 1841 жылы оның бақылауында болды. 1853-55 жылдары жазалаушы жасақтарға басшылық жасады. Есет Көтібаров басқарған көтерілісшілердің қолынан қаза тапты.

### **Игельстром Осип Андреевич (барон Отто Генрих фон Ингельстром) (туған жылы 1737-1812)**

Қазақстанда жүргізген Ресейдің отарлаушылық саясатына белсенді көмек көрсетті. 1784-1792 жылдары Сібірдің генерал-губернаторы болған. 1796-1798 жылдары Орынбордың әскери губернаторы. Өлкенің және Кіші жүз қазақтарын басқару жөніндегі реформаның авторы. Сырым Датұлы жетекшілік еткен ұлт-азаттық көтерілісті басуға қатысқан. Кіші жүздегі хандық билікті жою саясатын жүргізді. алайда, кейіннен соның өзі Бөкей Ордасы ханы Нұралының қызы Тайқара сұлудың ұсынысы бойынша билікті қайтадан қалпына келтірді. Айтпақшы, барон сұлуға бір көргеннен ғашық болып, оның ықыласын алу үшін ақылға сыймайтын қылық көрсеткен.

### **Қазақтар**

Ресей империясының әскери қоғамы. XVI ғасырдың басында дон, волга, Днепр (Черкес), Гребень, Яицк казактары құрыла бастады. Аталған жүзжылдық ортасына қарай Запорожье және Терек казактары пайда болды. Ресей империясы оларды қалаларды қорғап, шекара күзеті үшін жалға алды. XVIII ғасырдан бастап казактар Ресейдің ерекше құрылымдарына айналды: олар соғыс уақытында шайқастарға қатысса, бейбіт күндері полиция қызметін атқарды. Оларды империя шетіндегі ұлт-азаттық қозғалыстарды басу үшін де қолданды. XVII-XVIII ғасырларда казак жерлерін басып алуда маңызды рөл атқарып, көптеген бекіністер салды. 1591 жылы Қазақстанда Яицк (Орал), 1734 жылы Орынборда, 1808 жылы Сібірде, 1867 жылы Жетісуда казак әскері құрылды. Патша өкіметі казактарға 10 млн. казактардың шұрайлы жерлерін бөліп берді. Казак әскерлері Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Кенесары Қасымұлы және т.б. жетекшілік еткен көтерілістерді, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысты басуға қатысты. 1920 жылдың 25 наурызында кеңес үкіметі казактарға әскери құрылымдар құруға тыйым салды. 1991 жылғы қыркүйек оқиғасы, Орал казактарының патша-ағзамға қызмет етуінің 400 жылдық мерей

тойын тәуелсіз қазақ жерінде атап өтуде отаршылдық мысқылдау әрекеттері көпшіліктің есінде болар. Бұл оқиғаны «Орал казактарына империяның бір замандарда сыйға берген жерлеріне құқығын қалпына келтіруге бағытталған сепаратистік әрекеті» ретінде қарастыруға толық негіз бар. Осының бәрі ауқымды ұлттаралық және мемлекетаралық араздық өртіні өршітуге әкеле жаздады. Қазақстанның ұлттық демократиялық күштері қауіпті қантөгістің бетін қайтаруға батыл, әрі шебер әрекет етін қарсы бас көтермеген жағдайда казактардың озбыр демаршының немен тынарын кім біледі. Қазіргі уақытта Қазақстанда 400 мыңға тарта казак ұрпағы мекендейді. Қазақстан казактары одағы қызмет етеді. Биыл Жетісу казактары әскерінің құрылғанына 140 жыл толуын атап өтті. Қазақ халқына олардың аталары әкелген қайғы-қасіретке өкініш білдірудің орнына, қазіргі қазақстандық казак өкілдері Ресей империясын қайта түлетуді көксеген ұлыдержавалық иновинистік идеяларын алға тартады. Бұл туралы республикадағы казак қоғамдық бірлестігі одағының жоғарғы атаманы, казак полковнигі Ю.Захаровтың сөйлеген сөзінде: «Казактар, христос әскері ретінде қазіргі Ресейдің қайта түлеуінде маңызды рөл атқарады. Ол үшін біздің қолымызда барлық мүмкіншіліктер бар: батыстан, не шығыстан келетін қандай да болмасын орданы тоқтата алатын ядролық қару бар. Келешекке асыл міндеттер жүктеген-казак атаманы Ресей Президенті бар, бейбітшілік кілті Америкада, Еуропада, Қытайда, мұсылмандық Шығыста да емес, ол Ресей Президентінің қолында екендігіне сену және осынау шындықты мойындау өзге халықтардың еркінде, олар Ресейдің әдеттегі күш-қуатын көріп, оның құдыретті қол астына міндетті түрде қайта оралады...», -деген. Жан түршігерлік ностальгия! Казак қылышы кескіленген ата-бабамыздың рухы алдында, әрине ұят. Ресейдің «Новая газета» басылымының хабарлауы бойынша Жетісу казактары биылғы жылы Ресейдің және шетел казактары әскери одағының құрамына кірді. Бұл Қазақстан тәуелсіздігін тікелей мойындамау, өйткені біздің Конституция бойынша Республика аумағында заңдылықтарда қарастырылмаған әскери құрамалар құруға тыйым салынған.

#### **Қамалиденов Зақаш (туған жылы 1936)**

Қазақстан Компартиясы ОК-ның идеология жөніндегі 1986-1989 жылдардағы хатшысы. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін Қазақстанда «жаңа ұлттық саясатты» белсенді қалыптастырушы. ҚКП ОК-ның 1-ші хатшысы Г.Колбинмен бірігіп алып, сондай-ақ ҚКП ОК-ның үгіт насихат бөлімінің меңгерушісінің А.Устиновтың және ҚКП ОК мәдениет бөлімінің меңгерушісі К.Смайловтың көмегімен адамдарды ұлттық ерекшеліктеріне қарай, процентке бөлу теориясын өмірге енгізе бастады. Аталған функционерлер адал, ойшыл, патриоттарды құдалауды ұйымдастырды. Барлығынан «казак ұлтшылдығы» белгілерін көріп, таныды, мәдениет саласынан қазақтың ұлттық дәстүрлерін ығыстырып, алып тастауға тырысты. Қазақ салты, қазақ әдебиеті мен өнерінің ұлттық өзіне тән ерекшеліктері ұлтшылдық, саясатқа зиянды деп танылды. Сонымен қатар, қазақ тарихына қатысты мәселелерді жарыққа шығаруға тыйым салынды. Қазақ жазушыларының шығармаларында орыс персонажының басты кейіпкер болмағандығынан да ұлтшылдық белгілерін көріп, жазушыларды айыптады. Ешқашан, ешбір мемлекет жазушысына мұндай міндет жүктемеген. Идеолог Қамалиденов ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне Социалистік Еңбек Ері атағын беруден де ұлтшылдық белгілерін көрді. Батыр атағына ұсынылған малшылар арасында казактардың проценттік саны оған артық көрінген. Ол республикада қой бағатын шопандар қазақ екеніне өзін сендіре алмаған. Қамалиденов және оның қол



астындағылар желтоқсан оқиғасына қатысушыларды қатал жазалауды, тіпті ату жазасына кесуді талап еткен. Қамалиденов сотталғандар, жазаланғандар, қатардан шығарылғандар санын айтып мақтанған. Әрбір жиналыста осының бәрін қол жеткізген жетістігі екенін айтудан жалықпаған. Жоғары оқу орындарында жергілікті ұлт өкілдері студенттері санының басымдығы үшін оқу орындарының басшыларын сынға алып, қудалаған. Жазушылар арасында: «Голошекин өліктерден жол салса, Колбин Қамалиденовпен бірге адамдар тағдырын тәлкек етті»-деген сөз тарады. Қамалиденовтың тапсырысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдары ИСЛАМҒА қарсы шықты, қазақ кесенелерінің көз тартарлық сән-салтанатын сынға алды. Соңынан вандализм актілері жалғасты: табыттың тас тақтайшалары киратылды, ескерткіш тақталарын бұзып, «Кеңсай» қазақ бейіті тас талқан етілді.

### **Қаратай Нұралыұлы (туған жылы 1772-1826)**

Әбілқайыр ханның немересі. 1816 жылға дейін Кіші жүз хандығының билігін басып алып, қазақтарды ресейдің ықпалынан шығарып алғысы келді. Кейіннен қарсыласуды қойып, ресей өкіметіне қызмет етуге келісіп, Кіші жүздің батыс бөлігін басқаруға тағайындалды. Жоламан Тіленшұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті басуға белсене қатысқаны үшін 1825 жылдың күзінде ресей өкіметі оны алтын медальмен наградтады.

### **Кауфман Константин Петрович (туған жылы 1818-1882)**

Қазақстанда жүргізген Ресейдің отарлаушылық саясатына белсенді көмек көрсетті. 1865-1875 жылдары Түркістанның генерал-губернаторы болған.

### **Кириллов Иван Кириллович (туған жылы 1689-1737)**

Қазақстанда жүргізген Ресейдің отарлаушылық саясатына белсенді көмек көрсетті. 1734-1737 жылдары Орынбор экспедициясының жетекшісі болған, Орынбор қаласының қабырғасын қалауға қатысқан.

### **Колбин Геннадий Васильевич (туған жылы 1927-1998)**

1986-1989 жылдары аралығында Қазақстан КП ОК-нің қасіретті 1-ші хатшысы болған\*. Қазақстанда ешкімге белгісіз келімсек партиялық функционердің республиканың бірінші басшылығына тағайындалуы, қазақ халқының ұлттық құқығын тыс жерде емес, өзі Отанында жазықсыз қыспаққа алу жөніндегі ұзақсонар мемлекеттік және саяси шараларға шыдаудың соңғы тамшысы, көтеріліске себепші, итермелеген күш болып табылды. Жастардың ашу-ызасын тудырып, 1986 жылдың 16-17 желтоқсанында олар Алматы қаласының көшелеріне шығып, республикадағы билік институтын бөтен келімсек емес, өзіміздің адам басқарсын деген талап қойды. Бұл батыл қадамның нәтижесі, қазір көпшілікке мәлім. Колбин кабинетінің есігін бекітіп алып, Мәскеу басшылығының рұқсатымен бейбіт шеруді «Метель» жоспарына сәйкес ІІМ әскери бөлімшелері, оның ішінде арнаулы бөлімшенің қатысуымен қуып, тарату туралы шешім қабылданды. Көтерілісшілер қыс бойы іздестірілді. Нәтижесінде 99-ы сотталып, оның екеуі өлім жазасына кесілді, 83-і 1,5 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығына айыру орындарына жіберілді. Осылайша халықтың пікірімен санаспаған Колбин Мәскеудің ұршығы ретінде жаңа орында бекітілді. Қызметке кіріскен күннен бастап республиканың партиялық және мемлекеттік органдарында жаппай тазарту шаралары басталды. Колбиннің ағаттық жіберген тұсы ұлттық саясат болды. Қоғам алдында Қазақ тілін қысқа мерзімде

\* Қазақстан Компартиясын басқарған 19 бірінші хатшының төртеуі ғана қазақ болған: М.Мырзағалиев, Ж.Шаяхметов, Д.Қонаев, Н.Назарбаев.

үйренуге уәде берген, ол іс жүзінде қазақ жастарын жоғары оқу орындарына қабылдауға қатаң шектеу қойды. Интернационализмді насихаттау деген желеумен қатар, ұлттық кадрларға қатысты қатал саяси қысым көрсетті. Оның Қазақстанды басқарған екі жарым жылында ешбір істің нәтижесінің болмағаны заңды құбылыс. Ешбір жоспары іске аспады, тіпті мақсатқа жетерлік ниеттеріне өзінің валютаристік әрекеттерімен сенімсіздік билдіріп республикаға танымал көшбасшыға да айнала алмады. Мәселен, азық-түлік бағдарламасын іске асыру үшін ол жабайы аң мен құсты жаппай қыруды ұсынды, кезекті жиналыстың бірінде аспазшыға сөз беріп, ол активті сүйектен көже пісіруді үйрете бастады. Қазақ халқының есінде Колбин кезекті генацид жасаған жендет ретінде қалды.

### **Колпаковский Герасим Алексеевич (туған жылы 1819-1896)**

Қазақстанда және Орталық Азияда жүргізген Ресейдің отарлаушылық саясатына белсенді көмек көрсетті. 1852 жылы Сібір корпусы командирінің адъютанты, 1858 жылы Алтай округінің бастығы, сондай-ақ Ұлы жүздің батыс-сібір губернаторының жасаушы болған. 1860 жылы Алматы түбінде қоқанд әскерімен болған Ұзынағаш шайқасында жеңіске жетті. 1862 жылы Пішпек (Бишкек) қаласын басып алды. 1865 жылы Семей облысының әскери губернаторы, Жетісу казактары әскерінің атаманы болып тағайындалды. 1882 жылы Дала округінің генерал-губернаторы, Омск әскери округінің қолбасшысы және Сібір казактары әскерінің атаманы болып бекітілді. Алматының бақша қалаға айналуына Колпаковскийдің де сіңірген еңбегі орасан. Қала тұрғындарының әрбір отырғызған көшеті үшін ол он тиындық күміс ақша төледі, ал ағашты көрсетілген жерде отырғызбаса немесе киратса елдің козінше сабаған. Генерал-губернатормен ілесіп жүрген казактар табан астында айыпталушыны жазалаған.

### **Қоңырқұлжа Құдаймендіұлы (18 ғасырдың соңы-19 ғасырдың басы)**

Қазақстанда жүргізген Ресейдің отарлаушылық саясатына белсенді көмек көрсетті. Орыс әскерінің подполковнигі. 1832 жылы Ақмола округінің тұңғыш аға сұлтаны болып сайланды. 1837-1847 жылдары Саржан мен Кенесары Қасымұлы жетекшілік еткен ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушыларға қарсы шыққан.

### **Куропаткин Алексей Николаевич (туған жылы 1848-1925)**

Қазақстанда және Орталық Азияда жүргізген Ресейдің отарлаушылық саясатына белсенді көмек көрсетті. 1916-1917 жылдардағы Түркістан генерал-губернаторы. 1916 жылы болған ұлт-азаттық көтерілісті басуға жетекшілік еткен.

### **Милютин Дмитрий Алексеевич (туған жылы 1876-1912)**

Ресей империясының мемлекеттік және әскери қайраткері. 1861-81 жылдары әскери министр болған. Қазақ жерлерін одан әрі отарлауға бағытталған әкімшілік-саяси реформаларды бастаушы.

### **Мұхаммед Шайбани (Әбіл-Фатх Мұхаммед Шайбани-хан, Шахибек-хан, Шахбахт-хан) (1451-1510)**

Орталық Азиядағы шайбанидтер әулетінің негізін салушы. Жошының бесінші ұлы-Шайбанидің ұрпағы. Әбілқайыр ханның немересі-көшпенді өзбек мемлекетінің билеушісі. Атасы Мұхаммед Шайбани қайтыс болғаннан кейін Дешті Қыпшақта билікті сақтап қалуға ұмтылды. Қазақ хандығының билеушілері Бұрындық хан мен Қасым хан оның басты қарсыластары болды. Отыз жыл бойғы жауластық оны сәтсіздікке ұрындырды, сол себептен, бір топ өзбек тайпаларымен Оңтүстік Түркістанға қоныс аударуға мәжбүр болды. XVI ғасырдың басында Мұхамед

Шайбани Орталық Азияда жеке мемлекет құрды. Билігін күшейтіп, Қазақ хандығына қарсы күресін одан әрі жалғастырды. 1508-10 жылдары алты рет қазақ даласына әскери жорыққа шығып, Қасым хан әскерінің тұтқиылдан соққан шабуылдарынан тас-талқан болып жеңіліс тапты. 1510 жылдың соңында Мұхаммед Шайбани иран билеушісі Исмаил І-ге қарсы соғыс ашты. Осы шайқаста да оның әскері жеңілді, өзі қаза тапты.

#### **Неплюев Иван Иванович (туған жылы 1693-1773)**

Қазақ жерлерін игеру мен бағындыру саясатын іске асыру үшін бар күш-қуатын жұмсаған Ресей империясының мемлекеттік қайраткері. 1742-1760 жылдары Орынбор өлкесін басқарды. Орынбор қаласының негізін қалаушы. «Әскер саласы» құрамында 70-ке дейін бекініс салған кәдімгі отарлаушы. Тарихшылар оны «Орынбор өлкесінің Ұлы Петрі» деп атаған.

#### **Николай I (Николай Павлович Романов) (туған жылы 1796-1855)**

Ресей императоры (1825-55). Орталық Азияда және Қазақстанда белсенді аумақтық экспансия саясатын жүргізді. Ұлт-азаттық қозғалысты қатыгездікпен басты, өзге халықтарды орыстандыру мен өз дінін уағыздауға күш салды.

#### **Николай II (Николай Александрович Романов) (туған жылы 1868-1918)**

Бүкілресей императоры. Оның 1916 жылғы 25 маусымдағы қазақтарды тыл жұмысына жегу туралы жарлығы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліске себепші болды.

#### **Обручев Владимир Афанасьевич (туған жылы 1795-1866)**

Қазақстанда жүргізген Ресейдің отарлаушылық саясатына белсенді көмек көрсетті. 1842-1861 жылдардағы Орынбор корпусының командирі және Орынбор генерал-губернаторы.

#### **Ормон Ниязбек (туған жылы 1789-1854)**

Қызғыздардың әскербасшысы. Қырғыздың сырыбағыш тайпасынан тараған ата-бабасынан келе жатқан манап. 1842 жылы өткен құрылтайда қырғыздардың ханы болып сайланған. 1847 жылы қазақ ханы Кенесары әскерінің шабуылына тойтарыс берді. Қырғыздар үшін бұл соғыс қорғаныс сипатында болғанмен, жеңіліс тапқан қазақтарды жазалауда қырғыздар жантүршігерлік қатыгездік көрсетті. Жазалауды Ормон, Жантай және Жангарачу манаптарға сеніп тапсырды. Алғашында 32 қазақ сұлтанын өлтірді, тірідей қазанға салып өртеді. Соңынан Кенесары ханды өлтірді, жендеттер оның денесін кескілеп жүрегін суырып алды, басын орыс отарлаушыларына берді. Ханның туыстары мен энтузиасттар оның бас сүйегін тауып алып, Қазақстанға жерлеуге тырысуда. Атақты зерттеуші А.Добромысловтың пайымдауынша: «Кенесарыны азаптап өлтірмес бұрын қырғыздар, батылдығымен кем түспейтін ер жүрек ұрпақ алып қалуға үміттеніп, 40 түн бойы онымен түнеп шығуға сұлу қыздарын салған. Кенесары ешбір қызға жоламаған деседі». Ормонның жеңісі орыс жасақтарының Іле өлкесіне және Солтүстік Қырғызияға қарай одан әрі жылжуы үшін жол ашып, бұл жерлердің Ресей империясының құрамына кіруін жеңілдетті.

#### **Перовский Василий Алексеевич (туған жылы 1794-1857)**

Қазақстанда жүргізген Ресейдің отарлаушылық саясатына белсенді көмек көрсетті. Орынбордың әскери губернаторы және 1833-1842 жылдары жекелеген Орынбор корпусының командирі, 1851-1856 жылдары Орынбордың генерал-губернаторы болған. Ол басқарған жасақ 1853 жылы Ақ Мешіт бекінісін тас – талқан етті. Қазақ



сұлтандары Елекей (Ермұхамед) мен Мұхамеджан Баймұхамедовтың жасақтары бекіністі талқандауға көмек көрсетті. Ақ Мешіттің күйреуі Ресей империясының Орталық Азияны одан әрі жаулап алуына жол ашты. Генерал-губернатордың құрметіне бекініс форт Перовский болып аталды. 1922 жылы қаланың бұрынғы атауы қайтарылып берілді, 1925 жылы бірақ Қызылорда болып өзгертілді.

### **Петр I (туған жылы 1672-1725)**

Ресей императоры. Ресей мемлекеті ол билік жүргізген кезеңде сыртқы саясаттағы стратегиялық жоспарды іске асыруға кірісті-Қазақ хандығының жерлері арқылы Орталық Азияға, Иранға, Ауғанстанға, Қытай мен Үндістанға шығуды көздеді. Қазақ даласын отарлау мақсатында I Петр 1714 жылы құрамында 70 зеңбірекпен қаруланған 3000 сарбаз бар лейб-гвардия подполковнигі И.Д.Бухгольц басқарған арнаулы әскери экспедицияны жорыққа шығарды; 1718 жылы-Б.Брянцев басқарған өкілдікті жіберді. 1716 жылы Ертіс жағалауында Омск, Ямышев бекіністерінің іргетасы қаланды, 1717 жылы Коряков (Павлодар), Өскемен қалалары салына бастады. Содан кейін Үлбі, Түйежүн, Қараөзен, Осморож, Жетіжар және т.б. форт-бекіністер салына бастады. Қазақтар жоңғарлармен соғыса жүріп, Ресейдің агрессиялық әрекетіне қарсылық көрсетуге дәрмені жетпеді. Бұл камал-бекіністер кейіннен Есіл, Кузнецк, Сібір, Горький және басқа әскери қорғаныс шегінің тірек орны болып, Ресейдің Сарыарқаны, Ертіс төңірегін және Алтайды жаулап алуға арналған плацдармы қызметін атқарды. 1722 жылы I Петр Каспий теңізі жағалауын Ресейдің құрамына енгізді.

### **Скобелев Михаил Дмитриевич (туған жылы 1843-1882)**

Ресей империясының Орталық Азиядағы және Қазақстандағы отарлаушылық саясатын жүргізуде белсенділік танытқан. 1873 жылғы Хиуа жорығына, 1873-76 жылдары Қоқанд көтерілісін басуға, 1880-81 жылдары Ахалтеке экспедициясына қатысқан.

### **Солженицын Александр Исаевич (туған жылы 1918-2008)**

Орыс жазушысы. Жазушының творчестволық бағытын анықтап берген (1950-1953) бірнеше жылдарын ол Павлодар облысының Екібастұз лагерлерінде тұтқында өткізді. Нақ сол жерлер оның әйгілі-«Архипелаг ГУЛАГ» және «Один день Ивана Денисовича» шығармаларын жазуға себепші болған. Екібастұздықтарды ол тіпті «бұрынғы жерлестерім» деп те атады. 1953-1956 жылдары Солженицын Жамбыл облысына жер аударылды. Аудан орталығы Көктеректегі мектепте математика, физика және астрономия пәндерінен дәріс оқыды. Жергілікті халық оған зор құрметпен қарады, тіпті қалыңдық та алып бермекші болды. Қазақстанның оның өмірінде маңызды рөл атқарғанына қарамастан, жылдар өткен сайын оның ойында ұлы державалық пиғыл оянды. 1990 жылдың қыркүйек айында 27 миллиондық таралыммен оның шовинистік және империялық есекке толы, бұрынғы КСРО-ның көптеген халықтарына тіл тигізу ниетімен жазылған «Как нам обустроить Россию» мақаласы жарық көрді. Манифестінде Солженицын Қазақстанды «он жылдан артық уақыты өткен, Ресейдің былқылдақ құрсағы», -деп атады. Оның ойынша Қазақстан шекарасы тарихи алғышарттардан құрылмаған, «коммунистердің ойсыз, қалай болса, солай сызып берген жері; көшпенді малшының көшін қонған жерін Қазақ жері деп атаған», «Бүгінде Қазақстан деген жерде қазақтар өте аз,-деп түсіндірді өз позициясын Солженицын, - Олардың шоғырланған жері, орныққан отандары-қазақтардың басым бөлігі мекендейтін оңтүстік облыстар. Қазақтар осы жерлерін бөліп алғысы келсе, алсын»-деген екен. Жазушының ойынша Қазақстанның солтүстік

облыстары Ресейге қосылуы керек. Екінші Хрущевтен кем емес. Мақала авторының айтпақ ойы-ол жерлерде Столыпин заманында көшіп қонған және Сталин заманында жер аударылған тұтқын орыстар құрылыс салып, тіршілікке жан бітірген. Ежелгі көшпенділердің жерлерін Солженицын есепке де алмаған. Қазақстанға идеологиялық соққы болып тиген оның ресейдің «Комсомольская правда» газетінде жарияланған 1995 жылғы сұқбаты болды, онда республикамыздың солтүстік облыстарын Ресейдің құрамына беру туралы идеясын тағы бір мәрте қайталады. Қазақстан Республикасының бас прокуратурасы әділетті және заңды түрде бұл мақалаларды тәуелсіз мелекеттің ішкі істеріне араласу, Қазақстанда қалыптасқан мемлекеттік құрылымды күштеп өзгертуге және аумақтық тұтастығын бұзуға үндеу деп бағалады. Солженицынның «Известия» басылымында жарық көрген кейінгі «Поссорить родные народы» атты мақаласында, 1932-33 жылдары қазақ және украин халқына қарсы жасалған геноцид фактісін жоққа шығарғанын естен шығармау керек. Міне Солженицынның жартылай шолақ ақиқаты, орыс халқына жасалған сталиндік қуғын-сүргінді мойындап, қорланады, алайда, сонымен бірге бұрынғы Кеңестер одағының өзге халықтарына қарсы жасалған даусыз қантөгіс қызыл террор мен геноцидті жоққа шығарады.

### **Соломенцев Михаил Сергеевич (туған жылы 1913-2008)**

Кеңестік мемлекеттік және партия қайраткері. КОКП ОК саяси бюросының мүшесі. Қарағанды облыстық комитетінің бірінші хатшысы және Қазақстан компартиясының екінші хатшысы болса да ел экономикасын, мәдениетін дамытуға, кадрлық өсуіне қол ұшын да тигізбеген, адамгершілікке жат қылықтар жасағаны (азғындық, құмар ойындар ойнау, валюталық операциялар және т.б.) үшін лауазымнан босатылған. 1983-1988 жылдары КОКП ОК жанындағы партиялық қадағалау комитетін басқарған. 1986 жылы желтоқсан оқиғасының себеп-салдарларын зерттеу үшін Қазақстанға келіп, жазалау шараларын жүргізді. Бүкіл қазақ халқын ұлтшылдар деп айыптап, қазақтарға қарсы жаппай қуғын-сүргін амалдарын ұйымдастырды. Сонымен қатар, желтоқсан көтерілісін қатыгездікпен басуға белсенділік танытып қатысқандар мен жазалауды ұйымдастырушыларды атап өткенді жөн көрдім. Міне ол қаншерлердің есімдері: Разумов Е.З.-КОКП ОК ұйымдық-партиялық жұмыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары; Мищенко Н.Ф.-КОКП ОК ұйымдық-партиялық жұмыс бөлімінің Қазақстан секторының меңгерушісі; Чебриков В.М.-КСРО МҚК төрағасы; Бобков Ф.Д.-оның орынбасары; Власов А.В.-КСРО ІІ Министрі; Елисов Б.К.-оның бірінші орынбасары; Паридуха А.М.-КСРО ІІМ ішкі әскерлері басқармасының бастығы; Дубиняк В.С.-оның бірінші орынбасары; Сорока О.В.-КСРО Бас прокурорының орынбасары; Стрельников В.К.- КСРО Бас прокурорының көмекшісі; Мұқашев С.М.-Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі президиумының төрағасы; Мирошхин О.С.-Қазақстан коммунистік партиясы ОК екінші хатшысы; Қамалиденов З.К.-ҚКП ОК хатшысы; Ефимов В.И.-ҚКП ОК әкімшілік органдарының бөлім меңгерушісі; Князев Г.Н.-Қазақ КСР ІІ Министрі (Жауынгерлік Қызыл жұлдыз орденімен наградталған); Басаров Э.О., Сериков С.Д., Коряковцев Б.А.-оның бірінші орынбасары және орынбасарлары; Мусин К.Т.-Алматы қалалық атқару комитетінің ІІБ бастығының орынбасары; Есебаев С.М.-Алматы қалалық атқару комитетінің ІІБ бастығы; Куликов Н.Т.-транспорттағы Ішкі істер Шығыс басқармасы бастығының орынбасары; Әбділманов М.А.- Алматы қалалық атқару комитетінің ІІБ өрттен қорғау басқармасының бастығы; Мирошник В.М.-Қазақ КСР МҚК төрағасы; Карпов-КСРО МҚК Алматы

жоғары командалық шекара оқу орынын бастығы; Елемісов Г.Б.-Қазақ КСР Прокуроры; Мызников А.Д.-оның орынбасары; Волтунов В.С.-Қазақ КСР Прокуратурасының тергеу бөлімінің бастығы; Досполов Д.-Қазақ КСР Әділет министрі; Тетеркин М.-оның орынбасары; Айтмұхамбетов Т.К.-Қазақ КСР Жоғарғы сотының төрағасы; Пушечников және Ямалутдинов-оның орынбасарлары; Башаримова Л.Н., Грабарник Е.Л., Оспанова Е.Г., Пономорев В., Петрова, Райымбаев С.М., Төлегенов М.Т.-Қазақ КСР Жоғарғы сотының мүшелері; Ыдырысова Р.С., Мамыров М.К., Ақынова Н.А.-Алматы қалалық сотының мүшелері; Меңдібаев М.С.-Қазақстан компартиясының Алматы облысы комитетінің бірінші хатшысы; Шулико Т.В.- Қазақстан компартиясының Алматы облысы комитетінің бірінші хатшысы.

### **Сперанский Михаил Михайлович (туған жылы 1772-1839)**

Ресей империясының Қазақстандағы отарлаушылық саясатын жүргізуде белсенділік танытқан. 1819-1821 жылдардағы Сібірдің генерал-губернаторы. 1822 жылы Орта жүздегі хандық билікті жоюға және басқарудың жана жүйесін құруға бағытталған «Сібір қазақтарының жарғысы» деп аталатын әкімшілік реформаны әзірледі.

### **Сталин (шын фамилиясы Джугашвили) Иосиф Виссарионович (туған жылы 1898-1953)**

Коммунистік партияны, кеңес мемлекетін басқарушы қайраткерлердің бірі. 1922 жылы сәуірде ВКП (б) ОК бас хатшысы болып сайланды және осы лауазымда 30 жылдан астам уақыт болды. Сталин және оның жақын ортасы ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыруға, жаппай қуғын-сүргін мен озбырлыққа, миллиондаған адамдардың опат болуына, оның ішінде қазақтардың да, ішкі және сыртқы саясаттағы қателіктері мен жаңсақтықтарға жауапты. Сталин басқарған жылдары Қазақстан бұрын болып көрмеген әлеуметтік эксперимент жүргізуге арналған алып полигонға айнала бастаған. Нақ осы далада алғаш рет ешқандай қисынға келмейтін, капитализмді айналып өтіп, тікелей феодализмнен социализмге өту идеясын жүзеге асыруға тырысқан. Сталиннің мақұлдауымен, оның тікелей санкциясымен Голощекин Қазақстанда қазақ халқына сансыз қайғы-қасірет әкелген «Кіші Қазан» өткізді. Сталиннің жалған халық жауларымен күресі концлагерлердің (Қарлаг, Дала лагері, Отанын сатқандардың әйелдеріне арналған Ақмола лагері) қалың жүйесін құруға мүмкіндік берді, республиканың көптеген аудандары тікенек сыммен қоршалып тасталды.

### **Столыпин Петр Аркадьевич (туған жылы 1862-1911)**

Ресей империясының мемлекеттік қайраткері. 1906 жылы Министрлер кеңесінің төрағасы бола жүріп, түп мәні қоныс аудару саясатын күшейтуге негізделген аграрлық реформа жүргізе бастады, яғни, Ресейдің орталық аудандарынан шаруаларды адам аз қоныстанған жерлерге, оның ішінде ішкі отарлаудың құралы болған Қазақстанға көшіріп, ол жерлерді қоныс аударушылардың тұрақты мекен жайына айналдыру. Осы кезеңдерде Қазақстан мен Қырғызиядан алынған 28,9 млн. жерлер осы мақсатқа пайдаланылды.

### **Татищев Василий Никитич (туған жылы 1686-1750)**

Ресей империясының Қазақстандағы отарлаушылық саясатын жүргізуде белсенділік танытқан. Ғалым-тарихшы. 1737-1739 жылдардағы Орынбор экспедициясының бастығы.



### **Таукин Мұхаметқали (туған жылы 1814-өлген жылы белгісіз)**

Кіші жүздің батыс бөлігін билеуші сұлтан. Нұралы ханның немересі. Ресей империясының Қазақстандағы отарлаушылық саясатын жүргізуде белсенділік танытқан. 1837-39 жылдары қазақтардың, соның ішінде И.Тайманов бастаған ұлт-азаттық көтерілістерді басуға қатысқан. Ресей әскерінің полковнигі. Алтын жүзікпен, Анна таспасымен көмкерілген алтын медальмен наградталған.

### **Тевкелев Алексей Иванович (христиан салтымен шоқынғанға дейін-Мәмет, Мұртаза, Құтлы Мұхаммед Мамаинов)**

Ресей империясының Қазақстандағы отарлаушылық саясатын жүргізуде белсенділік танытқан. Ресейдің сыртқы істер алқасының құпия істері жөніндегі аудармашысы. І Петрдің құпия істер бойынша аға аудармашысы лауазымын атқарған. Дипломат. 1731 жылы Кіші жүз қазақтарын Ресейге берілгендігі жөнінде ант қабылдату үшін Әбілқайыр ордасына келген өкілдікке басшылық жасаған.

### **Урусов Василий Алексеевич (туған жылы шамамен 1690-1741)**

Ресей империясының Қазақстандағы отарлаушылық саясатын жүргізуде белсенділік танытқан. 1739 жылы құпия кеңесші В.Татищевтің орнына Орынбор комиссиясының бас қолбасшысы болып тағайындалған.

### **Хрущев Никита Сергеевич (туған жылы 1894-1971)**

Саяси қайраткер. 1953-1964 жылдары КОКП ОК бірінші хатшысы болған. Осы уақыт аралығында Қазақстанды аумақтық бөлуге едәуір күш жұмсады. Мәселен, республиканың солтүстік облыстарын Ресейге, Маңғышлақты Түркіменияға беруді ұсынды. Қазақ КСР басшылары Д.Қонаев пен Ж.Тәшеновтың табандылық танытуының нәтижесінде оның басқа да сандырақ ойлары іске аспай қалды. 1963 жылы Хрущевтың бастамасымен Оңтүстік Қазақстанның мақта шаруашылығымен айналысатын аудандары Өзбекістанның құрамына енді. Жалпы алаңы 95,9 мың га Киров және Пахта арал аудандары, Қызылқұм ауданының Қызылқұм және Шымқорған селолық кеңестері, сондай-ақ Шымкент облысының 1554000-га және Қызылорда облысының 1150000-га жайылымдық жерлері берілді. Осылайша Қазақстан, алаңы 3500000-га жерінен айырылды. Кеңес Одағы республикалары арасындағы шекараларды алып тастау туралы тезисін жүзеге асыра отырып Хрущев, құрамына Өзбекістан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Қазақстанның Шымкент облысы енетін Орталық Азия бюросын құруды қолға алды. Хрущевтың бұндай әрекеттері КСРО тұсында сақталып қалған мемлекет құрушы ұлтты жоюға итермеледі. Ол басқарған жылдары Қазақстанда орыстандыру саясаты қоса жүргізілді. 700 қазақ мектебі жабылды. Алматыда төрт мектептен бір ғана мектеп-интернат қалды. Хрущевтің КСРО-ның өзге республикаларына менсінбеушілікпен қарауы күлкілі жағдайларға дейін барып жататын. Қазақстанға келіп ұшақ батқышынан: «Өзбек халқына жалынды сәлем!»-деген екен.

### **Цеван Рабдан (Сыбан Раптан, Цон Араптан, Шаган Рабдан) (туған жылы 1663-1727)**

Жоңғар ханы, мемлекеттік қайраткер, қолбасшы. Ол билік құрғын жылдары жоңғарлар қазақ даласына жиі шабуыл жасап, адамдарды тұтқындап, малдарды айдап әкетіп отырған, жайылымдар мен мүліктерді тартып алып, тұтас бір ауылды немесе руды бауыздап кетіп отырған. 1716 жылы Цеван Рабдан әскерінің негізгі бөлігін қазақтарға қарсы жіберді. 1718 жылғы көктемде жоңғарлар Түркістанға дейін кіріп келді. Қазақ хандығының алауыздығын пайдаланып, алдағы соғысқа

тияқты әзірленіп, 1723 жылғы көктемде Цеван Рабдан қазақ жеріне жеті бағыттан жорыққа шықты. Бұл шапқыншылық қазақ халқына нәубет әкеліп, ол заман «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама» деп аталды.

#### **Черняев Михаил Григорьевич (туған жылы 1828-1898)**

Ресей империясының Қазақстандағы және Орталық Азиядағы отарлаушылық саясатын жүргізуде белсенділік танытқан. 1864-65 жылдары батыс сібірдің ерекше жасағын басқарып, Әулие Атаны, Шымкентті, Ташкентті жаулап алды. 1865-66 жылдары Түркістан облысының әскери губернаторы, 1882-84 жылдары Түркістанның генерал-губернаторы болған.

#### **Шона-Даба (туған, өлген жылдары белгісіз)**

Жоңғар ханы Цеван Рабданның ағасы. 1723 жылы жоңғардың 70 мыңдық әскері қазақ жеріне басып кірді. Әскерге Шона-Даба жалпы жетекшілік етті. Оның сарбаздары қазақ ауылдарын қан қақсатты. Олар 5 мың қазақ отбасын тұтқынға алды.

#### **Эссен Петр Кириллович (туған жылы 1772-1844)**

Орынбордың генерал-губернаторы. «Орынбор қазақтарының жарғысын» (1822-1824) әзірледі. Бұл нормативтік актіні енгізіп, орыс өкіметі Кіші жүздегі хандық билікті жойып, билікті метрополиялық басқару жүйесіне жақындатты.

#### **Юсупов Исмаил Абдрасулович (1914 жылы туған)**

Қазақстан КП ОК 1962-1964 жылдардағы бірінші хатшысы. Ол басқарған уақыт Хрущев дәуірінің соңғы екі жылына тұспа-тұс келді. Юсупов тәрізділердің қолымен, Хрущев Кеңестер Одағы республикалары арасындағы шекараларды жою туралы тезисін іске асырғысы келген, одақтық республика басшыларының бірі болды. Юсупов Оңтүстік Қазақстан өлкелік комитеті партиясының бірінші хатшысы болған жылдары, Қазақстанның мақта өсіруші оңтүстік аудандарын Өзбекістанға беруді ұсынған. Хрущев идеяны қолдап, Қонаевтың наразылығын қабылдамай тастады. Осылайша Қазақстан 1963 жылы алаңы 3500000 га астам аумағынан айырылып қалды. Сондай-ақ Юсупов Қазақстанда ұйғыр автономиясын құру шараларын іске асыруға тырысты.

## ЕРЕКШЕ АТАП ӨТУГЕ ТҰРАРЛЫҚ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

### Әбілқайыр (Мұхаммед–Қазы баһадүр–хан)

Қазақ хандары әулетінің кіші тармағының ұрпағы. 1693 жылы туған. Таққа мұрагерлік құқығы бойынша емес, өзінің атақ беделі, алғырлығы мен ұйымдастырушылық қабілеті арқылы 1718 жылы Кіші жүздің ханы атанды. Жалпы Әбілқайыр, қазақ тарихында айрықша із қалдырған біртекті және қарама-қайшы тарихи тұлға ретінде сипатталады. Ондағы ерлік, өжеттілік сезіммен қатар шектен шыққан өркөкіректік, кемелді ақыл, біліммен қатар шексіз билікке ұмтылу, көреген саясаткерлікпен бірге, бір жақты көзқарас қатар ұштасқан тұлға болды. 1726 жылы Әбілқайыр жоңғар шапқыншыларына қарсы тұратын қазақ жасақтарының қолбасшысы болып сайланды. Оның жаужүректігі мен қолбасшылық қабілеті 1727 жылы Бұланты өзені жағасында жоңғарлармен болған шайқаста, қазақтар шешуші шайқаста жауды ойсырата қырған 1729 жылғы Аңырақай қырғынында көзге түсті. Нәтижесінде 1730 жылы Әбілқайыр орыс қаруының көмегімен қазақтың үш жүзіне және Орта Азияға өз ықпалын жүргізу мақсатын ұстанып, Ресей империясы бодандығын қабылдау шараларын қабылдауға бастама көтереді. 1731 жылы қазақтың Кіші жүзінің Ресейге өз еркімен қосылуы туралы заң күші бар актіге қол қойды. Орта жүздің сұлтаны Барақ 1748 жылы, ұлттық мүддеге сатқындық жасады деп айыптап Әбілқайырды өлтірді.

### Ағыбай (Шұбыртпалы Ағыбай, Ақжолтай – батыр) (1802-1885)

Қазақ батыры. Қолбасшы. Ұлытауда туған, Балқаш көлі жағасындағы Тасарал бекнісінде қаза тапты. Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің қолбасшыларының бірі болған. Ержүректілігімен танымал болғандықтан, халық «Ақжолтай батыр» атап кеткен. 1824-1849 жылдары Ағыбайдың сарбаздары Ресей империясының тұрақты әскеріне қарсы шайқастарда жеңіспен шығып жүрді. Кенесары хан өлгеннен кейін Ағыбай Сыздық төренің қолбасшылығында ресей басқыншыларына қарсы соғысуды жалғастыра берді. Кенесары ханның соңғы шайқаста қырғыздардан жеңілген себебін, бірқатар дулат Сыпатай мен Рустам бастаған қазақ жасақтарының, сондай-ақ Ағыбай батырдың әскери міндетінен қашқандығы болды. Батыр өмірінің соңына дейін Наурызбайдың одан бөлек кетпеуін өтінгендігін ұмыта алмаған өкініші батырдың жақындарына мәлім болған. 83 жыл жасаған Ағыбай батыр қартайған шағында: «Алла маған жүз жасауды бұйырғанын білгенде, атымның басын кері бұрар едім», - деп жаны қайысады екен.

### Әлімжанов Әнуар Тұрлыбекұлы (1930–1993)

Қазақтан шыққан жазушы, журналист. Алматы облысы Сарқант ауданының Қарлығаш ауылында туған. Қазақ КСР-і Жазушылары одағының 1-ші хатшысы болған. «Керуен күнге бет алды» повесі үшін Қазақ КСР-нің Ленин комсомолының сыйлығын (1965 ж.), «Көк таулар» повесі үшін Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығын (1967 ж.) алса, ал «Отрардан базарлық» повесі үшін Д.Неру атындағы Халықаралық сыйлыққа (1969 ж.) ие болды. М.Өтемісұлы сарбаз-ақын жайындағы «Махамбет жebesі», 18 ғасырдағы жоңғар шапқыншыларына қарсы жүргізген қазақ халқының күресі туралы «Қуғыншы», ғалым Әл Фараби туралы жазған «Ұстаздың оралуы» романдары енген, «Дала жаңғырығы» тарихи трилогиясы оқырман қауымның ыстық ықыласына бөленді. 1953 жылғы сәуір айында қуғын көрген М.Әуезовке Әлімжанов көмек қолын созды. Сол оқиға жөнінде классиктің айтқаны:



«Мен үшін өз басын тағдыр тәлкегіне салған Әнуардың ержүректік әрекеті үшін мені өлгенде жататын қара жер ризашылық білдіреді. Егер де ол мені жасырын қашуға көмектеспегенде, Мәскеудің орталығында емес, Алматының бір түрмесінде болар едім»-деген екен. Осындай ірілік жасаған Әлімжановтың Қазақстанда орын алған 1986 жылғы оқиғаны қатаң сын тезіне алған оның азаматтық көзқарасы таң қалдырмай қоймайды. 1987 жылғы 1 қаңтарда жарық көрген «Литературная газетіндегі» оның «Алматыда не болды?» деген мақаласының желісі бойынша, Мәскеудің империялық саясатына қарсы шыққан қазақ жастарының бас көтеруін, ол бұзақылық қылық деп бағалаған. Жазушының даналығы мен патриоттық көзқарасы еріксіз күмән тудырады.

### **Қобыланды**

Батыр, қолбасшы. XV ғасырда ғұмыр кеңкен. Қаракыпшақ тармағынан тараған кыпшақ руынан. Аңыздар мен толғауларда ол «Қаракыпшақ Қобланды» деп аталады. Оған қазақ халқының «Қобыланды батыр» батырлық эпосы арналған. Жас күнінде ол көшпенді өзбек мемлекетінің билеушісі Әбілхайыр ханның жақын адамы болған. Қобыланды Ақжол би аталған Дайырқожаны өлтіргенде арғын тайпасының ақсақалдары Әбілхайырдан қанішерді беруін өтінген де, ол қарсы болған. Осы оқиға Керей, Жәнібек сұлтандардың Моңғолияға қоныс аударып Қазақ хандығын құруға басты себеп болған деседі. Қобыланды батыр Ноғай ордасының саяси өмірне белсене араласты. Ол Қазанға жорыққа шықты, Едіге бидің ұрпағы Алшағырмен соғысты. Алшағырдың ұлы Орақ батыр Қобландыны өлтірді. Батыр Ақтөбе облысының аумағында жерленген.

### **Ленин Владимир Ильич (шын фамилиясы – Ульянов) (1870-1924)**

Ресейдің көрнекті саяси және мемлекет қайраткері. Тұңғыш кеңес өкіметі – Халық комиссарлары кеңесінің (ХКК) бірінші төрағасы. Жиырмамыншы жүз жылдықта біздің планетада орын алған ауқымды әлеуметтік өзгертулер Владимир Ильичтің есімімен, оның ілімімен тығыз байланысты. Революцияның көрнекті стратегі, әрі тактигі болған ол, адамзат тіршілігінің әр қырын асқан қырағылықпен тануға талпынды. Оның еңбектерінен әлем жүзін мекендеген миллиондаған тіршілік иесін толғандыратын маңызды әлеуметтік-экономикалық, саяси және өзге де қажетті мәселелерге ғылыми түсінік ала аламыз. Ленин шығармаларының жарық көрген толық жинағының ішінде 400-і Қазақстанға арналған. Патшалық ресей тартып алған жерлерді қазақ еңбекшілеріне қайтарып беру, алғашқы ұжымшарлар, мектептер, оқу орындары және өзге де тұрмыстық маңызға ие әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешілуін ұйымдастыру оның жеке басшылығымен жүзеге асырылды. Қазақстан, көптеген өзге де республикалар сияқты автономиясын Лениннің тікелей араласуымен алғанын атап өту керек, ол болашақ Қазақ республикасының шекарасын белгілеуде туған аумақтық дауда қазақ халқының, оның өкілдерін жақтап, солардың жағына шыққан. 1920 жылғы ақпан, 1922 жылғы қаңтар, ақпан, мамыр айларында өткен Орталық атқарушы және большевиктер Коммунистік партиясының орталық комитетінің комиссия отырысында қазіргі шекарада Қазақстан Республикасын құру ұсынысын қорғап қалған. ҚАКСР алғаш Кіші жүз аумағында құрылды. 1922 жылдың күзінде оның құрамына, Лениннің бастама көтеруімен Ақмола, Семей облыстары, Торғай облысының бір бөлігі және Орал, Орынбор және Сібір казактарының барлық жерлері енгізілді. Шекараны анықтау жөніндегі қорытынды жиналыста Ильич, Қазақстан құрамына Ақмола және Семей облыстарының қосылуына қарсы сөйлеуші басшыларға: «Біздің жобаларымызға

барлығы қарсы? Неліктен осындай жақсы елді ренжіткілерің келеді?». Қазақстан үшін бұл мәселенің қаншалықты маңызды болғанын сол уақытта Ақмола облысының құрамында болып, кейіннен құрылған Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Целиноград облыстары, Торғай облысының шығыс бөлігі, Жезқазған облысының орталық бөлігі, Шымкент облысының солтүстік бөлігі және Қарағанды облысының батыс бөлігінің енуін есепке алып қорытынды жасауға болады. Семей облысының құрамына қазіргі Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарының аумақтары, Қарағанды облысының шығыс бөлігі және Алматы облысының солтүстік бөлігі жатқан. Біз өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары «Алаш» партиясы мүшелері сызған шекарадағы мемлекетте тұрып жатқанымызды біріміз білсек, біріміз білмейміз. Әлем картасының бетінде қазіргі заманғы Қазақстан мемлекеттінің пайда болуына Лениннің де себепші болғанын атап өтпегеніміз ағаттық болар. Олай болмағанда бізде, башқұрт, татардың тағдырын, болмаса, ненец пен қарақалпақтың күнін кешер ме едік кім біледі. Нақ осы Владимир Ильич уақыт өте келе одақтық республика мәртебесін алып, кең аумақты жайлаған, экономикасы дамыған (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, байланыс, білім беру, денсаулық сақтау және т.б.), табиғи ресурсқа бай, қандай жауға да болсын соққы бере алатын әскері, оның ішінде қуатты ядролық арсеналы, әлемдегі ең ірі космодромы бар мемлекеттің жолын ашты. Қанша шындыққа жанасатыны белгісіз, бірақ батыстық зерттеуші Роберт Сервис, Лениннің әкесі жағынан тарайтын ата-бабалары қалмақтар немесе волга жағалауының қазақтары, болмаса орал даласының қазақтары болуы мүмкін деген тұжырым жасаған.

#### **Мирзоян Левон Исаевич (1897-1938)**

Кеңестік партия және мемлекеттік қайраткері. 1933 жылдан бастап 1937 жылға дейін қазақстанның республикалық партия ұйымын басқарған. Оған – аштықтан қырылған және адам мүрдесіне толған Қазақстан, толықтай күйреген шаруашылық мұраға қалған. Ол зорлықпен ұжымдастыру бағытының соңын жеңілдетте алды. Қаншер Голощёкиннен кейін халық оны құтқарушыдай қабылдады. Оның нұсқауы бойынша адамдарға мал таратылып, халықты аштықтан, жаппай қырылудан сақтап қалуға мүмкіншілік туды. Жұмыс берілш, нан карточкасы жойылды. Адамдардың тұрмысы түзеле бастады. Мирзоян республикаға ауыл шаруашылығы техникасының көптеп берілуіне қол жеткізіш. дәнді-дақыл шаруашылығының қалыптасуына зор ықпалдық жасады. Осыған риза болған халық оны «Мырзажан» деп атай бастады. Сонымен қатар, бірқатар зерттеушілер, нақ осы Мирзоян басқарған кезеңде жаппай аштықтан қырылудан кейін жаппай тұтқындап ату келгенін және сол қаралы істе бірінші басшының рөлі әлі күнге белгісіз деп пайымдайды. Алайда, оның өзі де қуғын-сүргін құрбаны болды.

#### **Мұқанов Сәбит (1900-1973)**

Қазақ кеңес жазушысы, ақын, қоғамдық қайраткер, ғалым-педагог. Кейбір жылдары Қазақстан жазушылары ұйымын басқарған. Мұқановтың жазушы ретінде жеткен жетістігі «Ботакөз» романы. Ол жоғары оқу орындарына арналған әдебиеттер бойынша бірқатар оқулықтардың авторы. Қазақстанда оны қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі ретінде танып, құрметтейді. Сонымен бірге, осы Мұқановтың көрсетуімен ұлттық творчестволық элитаға қатысты қуғын-сүргін сериясесінің іске қосылғаны жөніндегі фактіні ешкім еске алмайды. Дәл осы Мұқанов Сталинге М.Жұмабаев, М.Дулатов, А.Байтұрсыновқа қатысты баянхат жіберген. Аталған хат оның «Өмір мектебі» естелік кітабында толықтай келтірілген.

Ұжымдастыруды күштеп жүргізу үшін де Мұқанов барын аямады. Коммунистік режимді мақтап, Мұқанов социалистік реализм доктринасына жанкештілікпен сенді және бөгде көзқарасты місе тұтпайтын, қуғынға ұшыратып, біреудің атына арыз жазу тәрізді оның аспабы мен принциптерін кеңінен қолданды. Айтылғанға оқырманның көзін жеткізу үшін, башқұрт ақыны Сайфи Құдашаның Мұқановпен арасында болған кездесудегі әңгіменің «Қазақ әдебиетінің» 1989 жылғы алғашқы таралымында жарық көрген үзіндіні келтіруді жөн көрдім. «Ей, Сайфи, Мағжан Жұмабаевтың талантына бас иген бір қазақты маған аташы, содан кейін мен үнімді өшіремін», - деген Мұқановтың фразасы, сол тоталитарлық мезгілдің және жазушы сөзінің мағынасын мейлінше ашып көрсетін түр емес пе.

### **Шаяхметов Жұмабай (1902-1966)**

Саяси қайраткер. 1946 жылдан 1954 жылға дейін Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы. Голошөкиннен кейінгі жағдайды түзетуге тырысты. Шаяхметовты Сталин «Шығыстың сұңқары» деп атаған. Хрущёвке қарсы келудің қауіпті екенін біле тұра, оның еш дайындықсыз, ауыл шаруашылығы ерекшеліктерін, топырақ жағдайын, ең бастысы – басқа республикалардан адам ресурстарын тартудың салдарынан жергілікті тұрғындардың үлес салмағының әжептәуір азайуын ескермей тынайған жерлерді жедел түрде кең ауқымды игеру жоспарын қолдамады. Шаяхметовтың бастамасымен 1944 жылы Алматы қаласында Кеңес одағында толық мемлекеттік қамтамасыз етуімен тұнғыш қыздар педагогикалық институты ашылды, кейіннен педагогтарға мұқтаж ауыл мектептері білімді мұғалімдермен толықтырылды. Сонымен қатар, ол ұлттық интеллигенцияның үздік өкілдеріне қатысты қателік жасады. Идеология жөніндегі Қазақстан КП ОК хатшысы М.Сужиковпен бірге көрнекті мәдениет және ғылым қайраткерлеріне қарсы еш негізсіз қуғын-сүргін амалдарын жүргізді. Тарихшылар Е.Бекмаханов пен Б.Сүлейменов, филолог ғалымдар Е.Исмаилов пен Қ.Мұқамеджанов тұтқындалып, ұзақ мерзімге сотталды. М.Әуезовтың Абай туралы романдары тәрізді көркем әдебиеттің үздік туындылары талан-таражға ұшырады. Жағдайдың шиеленіскені соншалық, М.Әуезов, сондай-ақ А.Жұбанов және т.б. республикадан кетуге мәжбүр болды. Ұлы Қ.И.Сәтбаев та қуғынға ұшырады.



## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЕРКІНДІК ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН ЖҮРГІЗГЕН ШАЙҚАСТАРЫ

*«Қазақ-батыр халық. Шығыс пен Батыстың арасы түіскен жерде орналасқан осынау дала елнің тағдыры ащы, әрі күрделі болды. Өткерген қайғы-қасіреті ұшан теңіз еді. Жерінің сүйем бөлігін де жатқа ұстатпай, басына түскен сынақты абыроймен өткерді. Шапқыншылармен жеті жүз жыл толассыз аиқасты. Шапқыншылық жасаған солардың көпшілігі жойылды, жоғалды, тіпті кейбірі тарих тұңғызына сіңіп кетті, ал біз сақталып қалдық».*

*Ілияс Есенберлин, қазақ жазушысы.*

**1. Ұлытау шайқасы.** 1509/10 жылы қыста Ұлытау тауының етегінде қазақ сұлтаны Қасым мен Мұхаммед Шайбани әскері арасында шайқас болды. Мұхаммед Шайбанидің әскері тас-талқан болып бұл шайқаста жеңіліс тапты. Қолбасшы қашып құтылды. Аталған шайқас атасының қолынан сусып кеткен билікті қалпына келтіру және Шығыс Дешті Қыпшақ жерін қайтадан бағындыру үшін, көшпенді өзбек мемлекеті билеушісінің немересі – Мұхаммед Шайбани Қазақ хандығына қарсы 30 жылдан астам уақыт жүргізіп келген қырғынды тоқтатты. Керей, Жәнібек, Бұрындық, Қасым хандардың қолбасшылығымен қазақтар аталған соғыста М.Шайбанидің әскерін Мәуринахрға\* дейін ығыстырып, қазақ хандығына Сырдария маңын, Сарысу, Сырдария өзендері, Арал теңізі қамтыған жерлерді, Қаратау тауы етегінің басым бөлігін, сондай-ақ ірі экономикалық және мәдени орталықтар – Созақ, Сауран, Сығанақ, Отырар жерлерін бағындырды.

**2. Сан Ташты шайқасы.** 1537 жылы 27 шілдеде Ыстық көлдің шығыс жағалауындағы Сан-Таш елді-мекенінде біріккен қазақ-қырғыз әскерімен, өзбек ханы Ұбайдолла және моңғол ханы Рашидтің біріккен әскері арасында шайқас болды. Аталған шайқас Қазақ хандығы тарихындағы қаралы оқиғалардың бірі. Онда қазақ-қырғыз әскері толығымен жойылып, қазақ ханы Тоғым өзінің тоғыз ұлымен және 37 сұлтанымен бірге қаза тапты. Кейіннен қазақ ханы Есім Сан-Таш түбегінде ерлікпен қаза тапқан қазақ – қырғыздарға, қырғында қаза болғандарға арнап ас беріп, қорған орнатты.

**3. Сырдария жағалауындағы қалалар үшін болған шайқас.** 1598 жылы қазақ ханы Тәукел өзінің 90 мыңдай әскерімен, Мәуринахр билеушісі – шайбанид Абдоллах ханның 100 мыңдық әскеріне Ташкент пен Самарқанд арасында соққы берді. Мәуринахр билеушісі және Сібір ханы Құшым одақ құрып, 1582 жылдан бастап Тәукел ханға қарсы соғыс салды. Қол жеткен жеңістің арқасында Түркістан, Сауран, Отырар, Сайрам қалалары Қазақ хандығының иелігіне көшті.

**4. Қарақамыс шайқасы.** 1605 жылы көктемде Ташкенттің маңындағы Қарақамыс елді-мекенінде Түркістан, Сайрам, Ташкент, Ахсикент, Андижан қалалары үшін Есім ханның әскерімен қарақалпақ ханы Әбд әл-Ғафар әскері арасында орын алған шайқас. Бұл шайқаста Әбд әл-Ғафар әскері жеңілді, өзі қаза тапты. Оның жерлерін жеңгендер бөліп алды.

\* Мәуринахр - қазіргі Өзбекстан мен Тәжікстан аумағы

**5. Орбұлақ шайқасы.** Қазақ халқының жоңғар шапқыншыларына қарсы жүргізген Отан қорғау соғысында орын алған елеулі оқиға. Жәңгір сұлтанның саны жағынан аз қазақ жасағымен ұйымдастырған тосқауылдан соққы беріп, 1643 жылы Батур-контайшының 50 мыңдай сарбазын тас талқан етті. Осы жеңілістен кейін жоңғар шапқыншылығынан Қазақ хандығына төнген қауіп бірнеше жылға шегерілді (бұл шайқас туралы егжей-тегжейі жоғарыда айтылды).

**6. Аягөз шайқасы.** 1717 жылы Аягөз өзенінің жағасында Қайып хан бастаған қазақ жасақтары мен жоңғарлар арасында болған. Саны жағынан басым болғанымен қазақ әскері жеңіліс тапты.

**7. Шұбаркөл шайқасы.** 1725 жылы Шұбаркөл көлінің Қорғалжын жағы жағасында болды. Шақшақұлы Жәнібек батыры бастаған орта жүздің қазақтары жоңғарларды ойсырата жеңді.

**8. Бұланты-Биленті шайқасы.** Ұлытау тауларының сілемдерінде Бұланты-Биленті өзендері жағасындағы алқапта 1727 жылы болған шайқас. Онда қазақтар жеңіп, жоңғарлардың Ұлытауға жылжуын тоқтатты. Ұрыс болған алқап «Қалмакқырылған» деп аталды. Осы шайқас жоңғарлар басып алған қазақ жерлерінің тағдырын шешті.

**9. Аңырақай шайқасы.** Қазақ әскерінің жоңғарларға қарсы жүргізген Отан соғысында жеткен ірі жеңісі, шешуші шайқасы. Шайқас Шу-Іле тауларының етегінде, Балқаш көлінің солтүстігінде, Отар жазығының оңтүстігінде, Шу алқабының батысында, Құрты алқабының шығысында (қазіргі Жамбыл облысының Шу және Қордай аудандары) 1729 жылы мамыр-маусым айларында болды (басқа мәлімет көздерінде 1730 жыл). Қазақтың үш жүзі саяси және әскери келісімге келіп, жоңғарға қарсы күш біріктірді. Итшпес –Алакөл көлінің жағалауындағы шешуші шайқастан кейін қазақ жері ені 20 шақырымға дейін болғанда 30-35 шақырымға созылды. Болжам бойынша шайқасқа 30-35 мың қазақ сарбазы және 35-40 мың жоңғар сарбазы қатысқан. Осы шайқастағы жеңіс қазақ халқының рухын көтеріп, болашаққа сенімін арттырып, көршілес жатқан елдердің Қазақ хандығының әскери қуатына көздерін жеткізді. Аңырақай шайқасы қазақ халқының тәуелсіздігін сақтап қалуға көрсеткен жоғары рухын асқақтатты.

**10. Талқын шайқасы.** 1736 жылы болған шайқаста даңқты Бөгенбай батыр бастаған қазақ әскері Шығыс Түркістанға кіріп келген қытай әскерін тас талқан етіп, Үрімшіден асырып қуып тастады.

**11. Қандыағаш шайқасы.** Қазіргі Ақтөбе облысының аумағында 1738 жылы болған. Шайқас болған жер «Қандыағаш» атанған. Шақшақ Жәнібек және Есет Көкішұлы бастаған қазақ әскері, Жем және Сағыз өзені жағалауындағы ауылдарға шапқыншылық жасаған қалмақ-торғауыттарды тас талқан етті.

**12. Шідерті шайқасы.** 1756 жылы Шідерті өзенінің жоғарғы ағысында Баянауылдан батысқа қарай ораласқан жерде болған шайқас. Қабанбай, Қожаберген, Бөгенбай батырлар бастаған қазақ әскері генералдар Дардан мен Хадах бастаған әскерді жеңді. Ұрыс болған жер «Шүршіт қырылған» деп аталады.

**13. Жайлы қырғыны.** Бұл қырғынның бұлай аталу себебі, барлық Жетісуді жаулап алған қоканд билеушілерімен сол кезде одақтас болған қырғыздың әскерін 1770 жылы Абылай ханның әскерін тас талқан етіп жеңген. Шайқастан кейін тұтқындалған қырғыздар Көкшетау жеріне қоныс аударылды, ал қайтарылған

жерлер Қазақстан мен Қырғызстанның қазіргі иекаралары бойынша бөлінген, яғни, өз жерлерін қайтарып алған. Тарихтан белгілі болғандай қырғыздар қазақтың Тахир, Хақназар, Тәукел, Есім хандарының билігіне бағынған.

**14. Ақ Мешіт бекінісін қорғау (қазіргі Қызылорда қаласы).** 1853 жылы ініде айында орынбор генерал-губернаторы В.Перовскийдің қолбасшылығымен зеңбіректермен қаруланған, әскер саны 2850 жауынгер бекініске інабуыл жасады. Перовскийге қазақ сұлтандары Елекей мен Мұхамеджан Баймұхамедов жасақтары қосылды. Ақ Мешітті 400-дей ғана жауынгері бар гарнизон қорғап тұрды. Бекініс қорғанын қазақ Бекбай, Құлтай, Қанлыбай және қарақалпақ Лепсі жетекшілік етті. Адам санының және қару күшінің басымдығының арқасында шабуылдаушылар қорғанушылардың бекінісін бұзып өтті. Ақ Мешіт қорғанысындағы жауынгерлердің 230-ы қаза тапса, 77-і тұтқынға алынды. Ақ Мешітті бағындыру Ресей империясына Орталық Азияны одан әрі жаулап алуға жол ашты.

**15. Доғал-Үрпек шайқасы.** Қазақтың Ресей империясының жазалаушы жасақтарына қарсы ұйымдастырған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы кезінде орын алған шайқастың бірі. 1917 жылғы 22-23 ақпанда Торғай даласының Доғал түбегімен Үрпек елді-мекені арасында болған. Қазақтардың 20 мың адамы бар жасақтары Тургенев қолбасшылық жасаған 13-ші Орынбор қазақ полкіне қарсылық көрсетті. Жаудың сан жағынан күші басым әскеріне ерекше соғыс қимылын қолдана білген Амангелді Иманов қолбасшылық дарынын көрсете білді. Тургеневтің полкі қаза тапқандары мен жаралыларын 45 шанаға тиеп алып, Торғайға қарай шегінуге мәжбүр болды.

Құрметті оқырман, Сіздің назарыңызды, кейбір адамдардың санасында – қазақтар тым момын, бейбіт халық болғандықтан оларды көлденең көк атты келіп жерінен ығыстырып, басына әнгіртаяқ ойнатқан екен деген тәрізді ой қалыптасып қалған. Қазақстанның орта ғасырлық тарихымен танысып отырсақ керісінше бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара білген, әрі жаужүрек халық болғаны жайында қарама – қайшы пікір алдынды кескестейді. Өзіңіз ойлап қараңыз, 15 ғасырдың ортасындағы кішігірім көшпенді мемлекет, Әбілхайыр ханнан бөлек көш түзегеннен кейін 20 жылдың ішінде, Орталық Азияның сан мыңдаған тұрғыны және кең алқапты қамтыған жері бар ірі мемлекетке айналады. 16 ғасырда Сырдария төңірегін иелігіне қайтарып алып, башқұрт, орыстармен қақтығысады, Сібір хандығына қыр көрсетеді, келесі жүзжылдықта Манғыстаудан түрікпенді ығыстырады. Сонымен 17 ғасырдың ортасында Оңтүстік Сібірдің қалың орманынан бастап Ташкентке дейінгі, Волганың төменгі ағысынан Алтай тауларының бергі етегіне дейінгі барлық аумақ қазақтардың ықпалына енеді.

Қантөгіске толы, әрі ең ұзаққа 250 жылға созылған текетірес, жоңғарлармен болған. Тарих беттері әлі толық қатталып біткен жоқ. Алайда, екі халықтың осыншама уақыт жаугершілік заманды басынан кешкеніндей нәубет жылдар адамзат тарихында болмаған. Соғыстың өзінен гөрі, оның алып келер кесапаты бәрiнен де жан түршігерлік. Қарсыласқан екі жақ, тұтқынға тек жас балалар мен әйелдерді ғана алған, қалған елді жаппай қырған. Алыс, жақын елдермен арадағы сауда тоқтатылды, керуен жолдары қауіпті. Соғыс жағдайында балаларды оқытуға ешқандай мүмкіншіліктің болмауына байланысты, осыған дейін қолданып келген жазба мәдениеті жойылды. Мәдениет күйреді, көптеген қолөнер түрлері ұмытылды. Халық тек мал асыраумен ғана айналысты. Ежелден келе жатқан қазақ қалаларынан тек Отырар, Сауран және Сығанақ қалған. Жоңғар еліне де оңай болған жоқ, олар



қазақтарды жеңеміз деген арман, ойларымен бірге жер бетінен тұқымымен жоғалып кетті. Алайда, жекелеген бөлігі жаңа жерде орынға жайғасып, одан арғы тіршілігі тарихтан белгілі ғой. Жоңғарлар орыс әскері жағында ұзақ уақыт бойына Наполеонға қарсы, Кавказды азат ету үшін соғысқан. Бір сөзбен айтқанда, саны кеміп біткеніне соғыс соқпағынан түсіп көрмеген. Ал осы кезде 250 жыл жаулап алушыларға қарсы соғыстан қалжырап, сол заманда күш алып келе жатқан Ресей империясына қарсылық көрсетуге қауқарсыз қазақтар үшін тарихтың жаңа отарлаушылық кезеңі басталды. Қуат-күш айырмашылығы, адамзаттық, цивилизациялық, әскери, ғылыми әлеуетінің кешеуілдеуі ықпал етті. Ресейдің от қарумен және зеңбірекпен жарақталған әскеріне қарсы қарапайым суық қарумен жарақталған бас көтерушілері, қазақ халқының қаншама ұлт-азаттық көтерілістері аяусыз жаншылып, жеңіліске ұшырады. Өзге халықтар, соның ішінде орыстар даму мүмкіншілігіне қол жеткізіп жатқанда, қазақтар жер бетінде сақталып қалу үшін жоңғарлармен, қытайлықтармен, бұқарлықтармен, қоқандықтармен, хиуалықтармен сан ғасырлық текетірес соғыстарын бастан кешуге мәжбүр болды. Солардың ішінде менің де тікелей ата-бабаларым – батыр Аралбай мен Сармантай Әлібекұлдары болды. Қазақтың басынан соғыс, аштық пен киюы қашқан тіршілік кешкен ұзақ уақытқа созылған заман өтті. Жазушы Ілияс Есенберлин қазақ халқының өткен тарихын көркем, әрі драматизм мен ынтызарлық сезімге толы поэмамен бекерден бекер салыстырмаған екен. Жер шарында Қазақ ұлтын өз жерінен ығыстырар күштің жоқтығына сенім білдірген Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың сөзі шындыққа жанасады.

## ОЛАР БІРІНШІ БОЛҒАНДАР

Қазақтардың тұңғыш ата-тегі – **Алаша хан**

Қазақтың тұңғыш ханы – **Керей**

Тұңғыш қазақ заң шығарушы, қазақтың тұңғыш жазбаша Атазаңының (Конституциясының) авторы – **Қасым хан**

Қазақ хандығының тарихын тұңғыш қағазға түсіруші – **Мұхаммед Қайдар Дулати**

Қазақтың тұңғыш ғалым-ағартушысы – **Шоқан Уәлиханов**

Қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы, оның тұңғыш классигі – **Абай Құнанбаев**

Қазақ романының және драматургиясының негізін қалаушы – **Жүсіпбек Аймауытов**

Қазақтың тарихи жанрдағы әдебиетінің негізін қалаушысы, классигі – **Лияс Есенберлин**

Қазақтың жанаша поэтикалық мектебінің негізін қалаушы, қазақтың өлең құрау өнерінің жаңашылы – **Шал Ақын**

Қазақтан шыққан тұңғыш ақын қыз, айтыстың поэтикалық мектебінің негізін қалаушы – **Ұлбике Жанкелдіқызы**

Қазақтың кәсіби әншілік мектебінің негізін қалаушы – **Біржан сал**

«Төкпе» күй орындаушы домбырашылар мектебінің негізін қалаушы – **Құрманғазы Сағырбайұлы**

«Шертпе» күй орындаушы домбырашылар мектебінің негізін қалаушы – **Тәттімбет Қазанғапұлы**

Қазақтың лирикалық бағыттағы аспапты музыкасының негізін қалаушы – **Дәулеткерей Шығайұлы**

Шетел сахнасында концерт қойған тұңғыш қазақ әртісі - **Әміре Қашаубаев**

Қазақтан шыққан кәсіби музыкалық білім берудің, музыкалық творчествоның және музыкалық ғылымның негізін қалаушы және ұйымдастырушы, өнер танушы доктор, кәсіби дирижер – **Ахмет Жұбанов**

Қазақтан шыққан тұңғыш әйел-композитор – **Дина Нүрпейісова**

«КСРО Халық әртісі» атағын алған қазақтың тұңғыш опера әншісі – **Күләш Байсейітова**

Лениндік және КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болған тұңғыш қазақ – **Мұқтар Әуезов**

Қазақтан шыққан тұңғыш жаңашыл-педагог, Қазақстанның жалпы білім беру мектебі жүйесін және қазіргі заманғы педагогика ғылымының негізін қалаушы – **Ыбырай Алтынсарин**

Қазақтан шыққан тұңғыш профессор, Қазақстандағы тұңғыш медицина институтының негізін қалаушы – **Санжар Асфендияров**

Ғалым дәрежесіне көтерілген тұңғыш қазақ – **Бақтыгерей Құлманов**

Қазақтан шыққан тұңғыш геолог – **Қосым Пішенбаев**

Қазақстанның геология ғылымының негізін қалаушы, Қазақ КСР-і ғылым Академиясының тұңғыш Президенті – **Қаныш Сәтбаев**

Қазақстандағы молекулярлық биология және биотехнологияның негізін қалаушы – **Мұрат Айтқожин**

Қазақстандағы молекулярлық және медициналық генетика, ғарыштық биология және биотехнологияның негізін қалаушы – **Нағима Айтқожина**

Қазақтан шыққан тұңғыш теміржол инженері – **Мұхамеджан Тынышпаев**

Қазақтан шыққан тұңғыш паровоз машинисі – **Ақбай Кошкінбаев**

Қазақтан шыққан тұңғыш әйел-инженер – **Мәдина Бегалиева**

Қазақтан шыққан тұңғыш дәрігер – **Мұхаметжан Қарабаев**

Қазақтан шыққан тұңғыш әйел-дәрігер – **Гүлсім (Үмітгүлсім) Жафарқызы**

Тұңғыш қазақ-Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымы атқару комитетінің мүшесі – **Мақсұт Құлжанов**

Қазақтан шыққан тұңғыш КСРО медициналық ғылым академиясының мүшесі – **Төрегелді Шорманов**

Қазақтан шыққан тұңғыш Ауыл шаруашылығы ғылымының докторы – **Кәрім Мынтаев**

Қазақтан шыққан тұңғыш техника ғылымдарының докторы – **Әбікен Бектұров**

Қазақтан шыққан тұңғыш химия ғылымдарының докторы – **Ирдан Әзербай**

Қазақтан шыққан тұңғыш физик, физика-математика ғылымдарының докторы – **Жабағы Тәкібаев**

Қазақтан шыққан тұңғыш математик, физика-математика ғылымдарының докторы – **Асан Тайманов**

Қазақтан шыққан тұңғыш заң ғылымдарының докторы – **Салық Зиманов**

Қазақтан шыққан тұңғыш педагогика ғылымдарының докторы – **Төлеген Тәжібаев**

